

А. ҚАЮМОВ, И. САФАРОВ, М. ТІЛЛӘБАЕВА, В. ФЕДОРКО

# ГЕОГРАФИЯ

## ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯСЫ



Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі  
жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сынып  
оқушыларына арналған оқулық ретінде баспаға ұсынған

*Қайта өңделген және толықтырылған бесінші басылымы*

ТАШКЕНТ – «О‘ЗБЕКИСТОН» – 2019

УЎК 33.91(100) (075)

КБК 65.04я721

Қ 33

### Пікір жазғандар:

География ғылымдарының кандидаты, доцент **П. Ғұламов**,  
Өзбекстан Халық оқытушысы **Х. Инагамов**,  
Әндіжан мемлекеттік университеті география кафедрасының меңгерушісі,  
география ғылымдарының кандидаты, доцент **Р. Қодиров**,  
Ташкент қаласы Мирабад ауданындағы №213 мектептің оқытушысы **С. Бердиева**,  
Ташкент қаласы Алмазар ауданындағы №278 мектептің оқытушысы **М. Әуезов**,  
Өзбекстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты  
мамандандырылған мектеп-интернаттың география оқытушысы,  
Халыққа білім беру ісінің үздігі **Ж. Исматов**.

### Шартты белгілер:



– Тірек ұғым және географиялық атаулар



– Сұрақтар мен тапсырмалар

Қ 33

**А. Қаюмов және басқ.** «География» (Дүние жүзінің экономикалық-әлеуметтік географиясы). Жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық (А. Қаюмов, **И. Сафаров**, М. Тілләбаева, В. Федорко). –Т.: «O‘zbekiston» БПШҮ, 2019.–176 б.

1.2 Авторлар

ISBN 978-9943-01-587-6

УЎК 33.91(100)(075)

КБК 65.04я 721

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары  
есебінен жалға беру үшін басылды.**

ISBN 978-9943-01-587-6

© А. Қаюмов және басқ., 2002, 2005, 2010, 2014, 2019.  
© «O‘ZBEKISTON» БПШҮ, 2002, 2005, 2010, 2014, 2019.

## КІРІСПЕ

Сен төменгі сыныптарда «Табиғи географияның бастауыш курсы», «Материктер мен мұхиттардың табиғи географиясы», «Орта Азия мен Өзбекстанның табиғи географиясы», «Өзбекстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» курстарында география пәнінің негізгі заңдылықтарымен түбегейлі танысып шықтың. 9-сыныпта оқытылатын «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» курсының экономикаға, саясатқа, мәдениет пен руханиятқа, қысқаша айтқанда, өмірдің барлық салаларына дерлік белгілі дәрежеде қатысы бар. Аталмыш пән оқушыларға дүние жүзіне және оның кейбір бөліктеріне тән қайталанбас географиялық ерекшеліктерді көрсететіндігімен, экономикалық-әлеуметтік даму үдерісі мен заңдылықтары туралы толық мәлімет беретіндігімен маңызды.

Оқулықтың негізгі мақсаты – Сендерге, қадірлі оқушыларға дүние жүзінің және оның ірі мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік географиясына орай заманалық білім беруден, өз бетімен білім алуға және оны іс жүзінде қолдана білуге үйретуден тұрады.

Оқулық екі бөлімнен – «Дүние жүзінің жалпы сипаттамасы» және «Дүние жүзінің аймақтық сипаттамасы» бөлімдерінен құралған. Жалпы бөлімнің негізгі міндеттері дүние жүзінің саяси картасы, табиғи ресурстары, халқы және шаруашылығы жөнінде жалпы ғылыми түсінікті қалыптастыру болып табылады. Оқулықтың дерлік 2/3 бөлігін қамтитын аймақтық бөлімінде дүние жүзінің ірі аймақтары – Еуропа, Азия, Африка, Америка және Аустралия құрлықтарының саяси картасы, табиғи ресурстары, халқы және экономикасы бойынша өзіне тән ерекшеліктері ашып берілген. Сонымен қатар барлық құрлықтардағы тірек мемлекеттердің, яғни жан-жақты назар аударуға тұрарлық елдердің географиялық сипаттамасына арналған тақырыптар да осы бөлімнен орын алған. Ең басты назар өз республикамыз орналасқан Азия құрлығындағы мемлекеттерге бағытталған. Кейбір мемлекеттердің экономикалық-географиялық сипаттамасы осы пәнде қабылданған және сыннан өткен әдістемелік жанасу негізінде орындалды. Бұнда мемлекеттердің географиялық орны, табиғи жағдайы, ресурстары және халқы шаруашылықтық маңызы тұрғысынан бағаланады.

Авторлар оқулықты жазу барысында Біріккен Ұлттар Ұйымының, Әлемдік Банктің, шет мемлекеттердің статистикалық басқармаларының ресми мәліметтерін, Ресей Федерациясында, АҚШ-та, Еуропа мемлекеттерінде жарық көрген ақпараттарды, статистикалық жинақтарды, географиялық атластар мен басқа да ғылыми-әдістемелік материалдарды пайдаланды.

# I БӨЛІМ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ



## 1-ТАРАУ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ САЯСИ КАРТАСЫ

### § 1. Дүние жүзінің саяси картасы



*Саяси карта, мемлекет, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), ең ірі және ең «ұсақ» мемлекеттер, арал-мемлекеттер, жартылай арал мемлекеттер, ішкі континенттік мемлекеттер, тәуелсіз мемлекеттер.*

2018 жылғы жағдаймен алғанда, дүние жүзінің саяси картасында 240-тан астам мемлекет бар, соның 194-і – әлемдік қауымдастық тарапынан тәуелсіздігі ресми түрде танылған егеменді мемлекеттер. Бұлардың 193-і БҰҰ-ның қызметіне мүше елдер ретінде, ал 1-і (Ватикан) бақылаушы-мемлекет ретінде қатысуда.

Мемлекеттер бір-бірінен сан түрлі ерекшеліктерімен дараланып тұрады. Бұндай маңызды ерекшеліктердің бірі – иелеген аумағының үлкендігі. Әлемдегі 29 тәуелсіз мемлекеттің аумағының көлемі 1 млн. шаршы км-ден үлкен, солардың арасынан 12-сінің аумағы 2 млн. шаршы км-ден, тағы 6-ының алаңы 5 млн. шаршы км-ден асады. Сонымен қатар әлемдегі ең үлкен мемлекеттер арасынан бір тобы аумақтық жағынан өте шағын, яғни «ұсақ» мемлекеттер де өзгелердің назарын өзіне тарта алады (1-кестеге қара). Дүние жүзінің саяси картасында алаңы 1 мың шаршы км<sup>2</sup>-ге жетпейтін 24 тәуелсіз мемлекет бар. Олар әр түрлі құрлықтарда, атап айтқанда, Еуропада (Ватикан, Монако, Сан-Марино, Лихтенштейн және басқалар), Азияда (Мальдив Республикасы, Сингапур, Бахрейн), Америкада (Сент-Китз және Нэвис, Гренада, Барбадос және басқалар), Океанияда (Науру, Тувалу, Маршалл аралдары және басқалар) орналасқан.

Мемлекеттер географиялық орны тұрғысынан, бірінші кезекте, теңізге шығуға мүмкіндіктері бар және бұндай мүмкіндіктері жоқ елдерге бөлінеді. Теңізге шығуға мүмкіндіктері бар мемлекеттер арал-мемлекеттер, жартылай арал-мемлекеттер және теңіз бойындағы континенттік мемлекеттер болып бөлінеді.

Арал-мемлекеттер қатарына Индонезия, Филиппин, Жапония, Шри-Ланка секілді Азия мемлекеттері, Ұлыбритания, Ирландия, Исландия сынды Еуропа, Мадагаскар, Кабо-Верде, Комор аралдары тақылеттес Африка, Куба, Гаити, Ямайка сынды Америка мемлекеттері және Океаниядағы Папуа-Жаңа Гвинея, Жаңа Зеландия, Фиджи т.б. мемлекеттер енеді. Ал Сауд Арабиясы, Испания, Италия, Норвегия, Корея Республикасы және Вьетнам мемлекеттерін жартылай арал-мемлекеттерге мысал етіп көрсетуге болады. Теңіз бойындағы континенттік мемлекеттер материктердің негізгі бөлігіне орналасқандықтан, олардың теңізге шығуға мүмкіндіктері мол. Әлемде бұндай мемлекеттер көп (Франция, Германия, Польша, Қытай, Египет, АҚШ және тағы басқалар).

1-кесте

### Әлемнің 10 ең ірі және 10 ең шағын мемлекеттері

№	Мемлекеттер	Аумағы (млн.км <sup>2</sup> )	№	Мемлекеттер	Аумағы (км <sup>2</sup> )
1	Ресей	17075	185	Мальта	0,32
2	Канада	9976	186	Мальдив Республикасы	0,3
3	Қытай	9599	187	Сент-Китз және Невис	0,26
4	АҚШ	9519,4	188	Маршалл аралдары	0,18
5	Бразилия	8515,7	189	Лихтенштейн	0,16
6	Аустралия	7692,0	190	Сан-Марино	0,06
7	Үндістан	3287,2	191	Тувалу	0,02
8	Аргентина	2780,4	192	Науру	0,02
9	Қазақстан	2724,9	193	Монако	0,002
10	Алжир	2381,7	194	Ватикан	0,0004

Дүниежүзілік мұхит пен оның теңіздеріне тікелей тұтаспайтын мемлекеттер ішкі континенттік мемлекеттер тобын құрайды. Дүние жүзінің саяси картасында географиялық тұрғыдан осылай орналасқан мемлекеттердің саны 44. Өзбекстан Республикасы да ішкі континенттік мемлекетке жатады.

Дүние жүзінің саяси картасы сан түрлі тарихи үдерістердің ықпалымен қалыптасқан. Әсіресе Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, отарлық жүйе мен социалистік құрылыстың күйреуі се-

кілді үдерістер айрықша назар аударуға лайықты. Аталмыш тарихи оқиғалардың ықпалымен ХХ және ХХІ ғасырлар барысында әлемдегі тәуелсіз мемлекеттердің саны тоқтаусыз көбейіп келді (2-кесте).

2-кесте

**Дүние жүзіндегі және құрлықтардағы тәуелсіз мемлекеттер санының өзгеруі**

Аумақтар	Тәуелсіз мемлекеттер саны				
	1900 ж.	1945 ж.	1990 ж.	2000 ж.	2018 ж.
Еуропа	24	31	33	43	44
Азия	9	18	40	47	48
Африка	4	3	52	53	54
Америка	20	22	35	35	35
Аустралия мен Океания	0	2	12	13	13
Дүние жүзі	57	76	172	191	194

Дүние жүзінің саяси картасына ең үлкен өзгерістер енгізген соңғы тарихи оқиға – 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауы болды. Соның нәтижесінде 15 жаңа тәуелсіз мемлекет: Ресей, Украина, Беларусь, Молдова, Литва, Латвия, Эстония, Грузия, Армения, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан дүниеге келді.

Еуропада 1991-1992 жылдарда Югославияның ыдырауы нәтижесінде Словения, Хорватия, Босния мен Герцеговина және Македония (2019 жылдан бастап Солтүстік Македония деп аталады) тәуелсіздік алды. Сол кезде Югославияның құрамында тек Сербия мен Черногория ғана қалған болатын. Ал 2006 жылы Черногория Сербиядан бөлініп шығып, тәуелсіз мемлекетке айналды.

1993 жылы 1 январьдан бастап Чехословакия мемлекетінің орнында Чехия және Словакия тәуелсіз мемлекеттері құрылды.

Дүние жүзінің саяси картасындағы бұл өзгерістер халықаралық социалистік жүйенің ыдырауына тікелей байланысты болды. Сондай-ақ осы үдеріспен тікелей байланысты түрде 1990 жылы Еуропада екі неміс мемлекетінің (Германия Федеративтік Республикасы мен Германия Демократиялық Республикасы) қосылуы нәтижесінде біртұтас Германия Федеративтік Республикасы, ал Азияда Йемен Араб Республикасы мен Йемен Халық Демократиялық Республикасының бірігуі нәтижесінде біртұтас Йемен Республикасы құрылды.



Басқа да саяси үдерістердің ықпалымен дүние жүзінің саяси картасында жаңа егеменді мемлекеттердің пайда болуы өз жалғасын тапты. 1993 жылы Африкада көп жылдық соғыстың нәтижесінде Эритрея Эфиопияның құрамынан бөлініп, егеменді мемлекет мәртебесіне ие болды. 1994 жылы Океанияда АҚШ-тың отары болған Палау мемлекеті тәуелсіз мемлекетке айналды. 2002 жылы Оңтүстік-шығыс Азияда Шығыс Тимор тәуелсіз мемлекеттер қатарын толықтырды. Ал 2011 жылы 9 шілдеде Африка құрлығында референдум нәтижелеріне орай Суданның құрамынан Оңтүстік Судан мемлекеті бөлініп шықты.



1. XX және XXI ғасырлар барысында дүние жүзінің саяси картасында орын алған өзгерістер негізінен қандай тарихи оқиғалар мен үдерістерге байланысты болды?
2. Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде қайсы мемлекеттер өз тәуелсіздігіне ие болды?
3. Атластағы дүние жүзінің саяси картасының көмегімен бір ірі аралда және ірі аралдар тобында орналасқан мемлекеттерді анықта.

## § 2. Дүние жүзі мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық даму бойынша сипаттамасы



*Әлеуметтік-экономикалық даму, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), дамыған мемлекеттер, дамып келе жатқан мемлекеттер, «Үлкен жетілік» тобы.*

Дүние жүзі мемлекеттерінің ең маңызды белгілерінің бірі – олардың әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі. Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамығандығын бағалаудың бірқатар өлшемдері бар. Бұл өлшемдердің ең бастылары мыналар:

- жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) жалпы және жан басына шаққандағы көлемі;
  - ұлттық экономика тармақтарының құрамы;
  - экспорттың тауар құрамы және мемлекеттің халықаралық мамандануы;
  - халықтың түрлі көрсеткіштер бойынша белгіленетін тұрмыс дәрежесі.
- БҰҰ дүние жүзі мемлекеттері осы өлшемдер негізінде 3 ірі блокқа бөлінеді: *дамыған, дамып келе жатқан және өтпелі экономика жағдайындағы* мемлекеттер.

Дамыған мемлекеттер қатарына Еуропадағы көптеген мемлекеттер (Шығыс Еуропадан тыс), АҚШ, Канада, Жапония, Аустралия, Жаңа Зеландия, Израиль және Оңтүстік Африка Республикасы секілді елдер жатады. Сонымен қатар соңғы жылдарда Корея Республикасы мен Сингапур да дамыған мемлекеттер қатарында тілге алынып келеді. Дамыған мемлекеттер ЖІӨ көлемінің халықтың жан басына шаққанда 25 000 АҚШ долларынан асқандығымен, заманалық технологияларға негізделген қайта өңдеу өнеркәсібінің жоғары деңгейде дамығандығымен, экспорт құрамында дайын өнімдердің жетекшілік етуімен, халықтың денсаулығы мен білімділік дәрежесінің жоғарылығымен ерекшеленіп тұрады.

Дамыған мемлекеттер арасында экономикалық әлеуетінің қуаттылығымен және өндіріс көлемінің үлкендігімен «*Үлкен жетілік*» тобын құрайтын мемлекеттер жеке-дара ерекшеленіп тұрады. Бұл топқа АҚШ, Канада, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания және Италия енеді. Аталмыш мемлекеттер халықаралық экономикалық және саяси қарым-қатынастар жүйесінде маңызды орын иелейді.

Еуропадағы Австрия, Бельгия, Люксембург, Нидерландия, Норвегия, Швеция, Финляндия, Швейцария және басқа бірқатар «*Үлкен жетілікке*» енбейтін мемлекеттер *дамып келе жатқан шағын мемлекеттер* тобын құрайды.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесі түрлі кезеңдерде Еуропадан көшіп барған тұрғындар тарапынан қалыптастырылған және бүгінгі таңда дамудың жоғары көрсеткіштерімен сипатталатын Аустралия, Жаңа Зеландия, Израиль, ОАР секілді мемлекеттер «*көшірілген*» *капитализм мемлекеттері* тобы ретінде қарастырылады.

Азия, Африка, Америка және Океания құрлықтарындағы мемлекеттердің басым көпшілігі дамып келе жатқан мемлекеттер блогына енгізіледі. Дүние жүзі халқының ең үлкен бөлігі (2018 жылғы мәліметтерге орай 6 млрд адам) жасайтын бұл мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі және ерекшеліктері бойынша бір-бірінен айтарлықтай айырмасы бар. Сондықтан да дамып келе жатқан мемлекеттер бірнеше топтарға бөлінеді. Мәселен, үлкен табиғи-ресурстық, демографиялық және экономикалық әлеуеті бар Қытай, Үндістан, Бразилия және Мексика *дамып келе жатқан тірек мемлекеттер* тобын құрайды.



Сауд Арабиясы, БАӘ, Кувейт, Бахрейн, Оман және Бруней мемлекеттері – *мұнайды экспорттайтын мемлекеттер* тобы болып саналады. Катар – табиғи газ өндіретін және оны экспорттайтын мемлекет. Аталмыш мемлекеттерде ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққанда тура келетін көлемі едәуір жоғары (мәселен, 2017 жылғы жағдай бойынша Катар бұл көрсеткіштен әлемде бірінші орынды иелеген – 124 740 АҚШ долларына тең), бірақ олардың экономикасы шикізат ресурстарына негізделгендіктен, бұл мемлекеттер дамыған мемлекеттер қатарына енгізілмейді.

Табиғи ресурстардың алуан түрлі әрі ірі қорларына, үлкен халық және еңбек ресурстары әлеуетіне, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп отырған Түркия, Иран, Пакистан, Индонезия, Аргентина және басқа мемлекеттерден құралған *ірі индустриалдық-аграрлық мемлекеттер* тобы қалыптасып келеді.

Кариб теңізі мен Океаниядағы кейбір арал-мемлекеттер *халықаралық туризмге* маманданған, халқының тұрмыстық әл-ауқатының жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленетін *дамып келе жатқан мемлекеттердің* жеке тобын құрайды.

Дамып келе жатқан мемлекеттер арасында ең ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай *ең төмен дамыған мемлекеттер* тобына тән. Бүгінгі таңда бұл топтың құрамына БҰҰ тарапынан 48 мемлекет енгізілген, олардың 34-і Африкада, 9-ы Азияда, 4-і Океанияда, 1-і Америкада орналасқан.

Бұрынғы Одақ республикалары, 1990 жылға дейін социалистік жүйе негізінде дамыған, ал кейінірек одан бас тартқан Шығыс Еуропа мемлекеттері (Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Болгария т.б.) мен Монғолия БҰҰ тарапынан дербес *өтпелі экономика жағдайындағы мемлекеттер* блогына енгізілді. Өзбекстан да өтпелі экономикадағы мемлекеттер қатарына жатады.



1. Дүние жүзіндегі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамығандығы қандай өлшемдер негізінде бағаланады?
2. Экономикалық дамыған мемлекеттер қандай топтарға бөлінеді?
3. «Үлкен жетілік» мемлекеттерін, «көшірілген» капитализм мемлекеттерін және дамып келе жатқан тірек мемлекеттер мен олардың астаналарын жазусыз картадан көрсетіп, белгілеңдер.

### § 3. Мемлекеттердің басқару түрлері және мемлекеттік құрылысы



*Басқару түрі, республика, президенттік республика, парламенттік республика, монархия, конституциялық монархия, абсолютті монархия, мемлекеттік құрылыс, унитарлық мемлекет, федеративтік мемлекет.*

Саяси басқару негізгі екі түрге – республикалық және монархиялық басқаруға бөлінеді. Басқарудың бұл түрлері бір-бірінен бірінші кезекте жоғары мемлекеттік билікті қалыптастыру және оны сатылы түрде ұзату әдістерімен ерекшеленеді.

Басқарудың республикалық формасы Ертедегі Рим заманынан бері белгілі болғанмен, оның кеңінен таралуы ХХ ғасырдың екінші жартысына тура келеді. 2018 жылғы жағдай бойынша дүние жүзінің саяси картасында 150 республикалық мемлекет бар. Республикалар негізінен үш түрге бөлінеді: *президенттік, парламенттік және аралас*. Президенттік республикаларда биліктің негізгі өкілеттігі президенттің қолында болады. Үкіметтің (министрлер кабинеті) құрамын мемлекет басшысы қалыптастырады. Кейбір мемлекеттерде президент бір мезгілдің өзінде әрі мемлекеттің, әрі үкіметтің басшысы лауазымдарын қатар иелейді. Президенттік республикаларға АҚШ, Мексика, Бразилия, Аргентина, Индонезия, Ауғанстан, Беларусь, Қазақстан және Өзбекстан сияқты мемлекеттер мысал бола алады. Басқарудың президенттік республика түрінің ең көп тараған жері – Африка және Америка құрлықтары.

Парламенттік республикаларда үкіметтің құрамы парламент сайлауының нәтижелері негізінде саяси партиялар тарапынан қалыптастырылады, ал президенттің міндеттері (функциялары) едәуір шектелген болады. Германия, Австрия, Италия, Болгария, Латвия, Эстония, Греция, Израиль, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы және басқалар осындай мемлекеттердің қатарына жатады (қосымшаға қара). Парламенттік республикалар Еуропада көбірек орналасқан.

Ал аралас республикаларда үкіметтің құрамын президент пен парламент бірігіп қалыптастырады және оның қызметін бақылап отырады. Бұндай республикалардың қатарына Ресей, Португалия, Украина, Хорватия, Франция, Алжир, Египет және басқа мемлекеттер жатады.

Бүгінгі таңда дүние жүзінде 44 монархия бар, олар *конституциялық және абсолютті монархияларға* бөлінеді (1-сурет). Конституциялық монархияларда мемлекет басшысының (король, әмір, князь және т.б.) сая-



**1-сурет.** Кейбір мемлекеттердің монархтары (солдан оңға қарай): Дания королевасы Маргрете II, Лесото королі Лецие III, Уммон сұлтаны Қобус.

си өкілеттіктері белгілі бір деңгейде шектеліп, мемлекеттік басқаруда парламент пен үкіметтің рөлі маңызды болып табылады. Ал абсолютті монархиялық басқару түріне ие болған мемлекеттерде монархтың өкілеттігі шектелмейді.

Бүгінгі таңда монархиялық мемлекеттердің басым көпшілігі (39-ы) конституциялық монархиялар болып саналады. Бұндай мемлекеттердің 11-і Еуропада, 9-ы Азияда, 3-і Африкада, 10-ы Америкада, 6-ы Аустралия мен Океанияда орналасқан. Конституциялық монархиялардың 15-і – *Британия Достастығының корольдіктері*, оларда Ұлыбритания монархы (король яки королева) ресми түрде үкімет басшысы болып саналады. Ал іс жүзінде бұл мемлекеттердің саяси жүйесінде негізгі рөлді премьер-министр ойнайды. Бұл топтағы мемлекеттерге Канада, Аустралия, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея және басқалар жатады.

Абсолютті монархиялардың жалпы саны 5-еу, олардың 4-еуі Азияда (Сауд Арабиясы, Оман, Катар, Бруней), 1-і Еуропада (Ватикан) орналасқан. Сауд Арабиясы және Ватикан мемлекеттері *абсолютті теократиялық монархиялар* болып саналады, өйткені бұл екі мемлекетте де монарх әрі діни басшы міндетін де атқарады.

Дүние жүзіндегі мемлекеттер әкімшілік-аумақтық жүйесі (мемлекеттік құрылыс түрі) тұрғысынан екі түрге, яғни *унитарлық* және *федеративтік* мемлекеттерге бөлінеді. Унитарлық мемлекеттерде бүкіл ел аумағында бірыңғай заңдылық жүйесі жұмыс істейді, ал саяси басқару орталықтанған күйде жүзеге асырылады. Дүниедегі мемлекеттердің басым көпшілігі (166-сы) унитарлық мемлекеттер болып саналады.

Мемлекеттік құрылымның анағұрлым күрделі түрі – федерация. Бұндай мемлекеттерде заң шығару, атқару және сот биліктері орталық

(федералдық) және аумақтық (штаттар, провинциялар, республикалар және басқалар шеңберінде) дәрежелерден құралады. 2018 жылғы жағдай бойынша дүние жүзіндегі федеративтік мемлекеттердің саны 28 болған, солардың 6-ы Еуропада, 7-і Азияда, 6-ы Африкада, 7-і Америкада және 2-і Аустралия мен Океанияда орналасқан.

Федеративтік мемлекеттерді құру кезінде олардың тарихи даму ерекшеліктері (АҚШ, Германия, Австрия, БАӘ және т.б.), аумағының шексіз үлкендігі (Канада, Аустралия, Бразилия) немесе шашырай жайылып кеткендігі (Микронезия Федеративтік штаттары, Комор аралдары және т.б.) халқының көп ұлттылығы (Үндістан, Нигерия, Босния және Герцеговина сияқты), сондай-ақ басқа да себептер ескеріледі.

Қазіргі кезеңде де кейбір елдерде басқару және мемлекеттік құрылыс түрін өзгерту жағдайлары кездесіп тұр. Мысалы, 2008 жылы Непалда монархияға шек қойылып, республикалық басқару түрі енгізілді. Ал Түркия парламенттік республикадан президенттік республикаға айналды. Сондай-ақ соңғы жылдарда Ирак, Непал, Судан және Оңтүстік Судан елдерінің есебінен федеративтік мемлекеттер саны тағы көбейді.



1. Президенттік және парламенттік республикалардың негізгі айырмасын сипатта. Республикалардың түрлі типтері қайсы құрлықтарда жиірек тараған?
2. Федеративтік мемлекеттің құрылысы қандай себепшарттардың ықпалымен қалыптасады?
3. Қосымшадағы мәліметтерді пайдалана отырып, дәптеріңе Еуропа мен Азиядағы монархиялық мемлекеттердің тізімін жаз.



## 2-ТАРАУ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫ

### § 4. Дүние жүзінің табиғи ресурстары



*Табиғи ресурстар, таусылмайтын және таусылатын табиғи ресурстар, қалпына келетін және қалпына келмейтін табиғи ресурстар, табиғи ресурстардың аумақтық қоспалары, ресурстармен қамтамасыз етілгендік.*

Адамзат бүкіл өмір бойы және өзінің әлеуметтік қызметі барысында сан алуан табиғи ресурстарды (байлықтарды) пайдаланады.

*Табиғи ресурстар* деп адам өз өмірі мен қызметі барысында тікелей пайдаланатын барлық табиғи игіліктер айтылады. Жер шары өте көп әрі алуан түрлі табиғи ресурстарға бай. Табиғи ресурстардың арасында *минерал, топырақ, су, биологиялық және климаттық* ресурстардың экономикалық маңызы жоғары.

Табиғи ресурстар *таусылатын және таусылмайтын* топтарға бөлінеді. Топырақ, су, минерал және биологиялық ресурстар таусылатын табиғи байлықтарға жатады. Олар да өз кезегінде *қалпына келетін және қалпына келмейтін* топтарға бөлінеді. Қайта қалпына келетін табиғи ресурстарға топырақ, су және биологиялық ресурстар жатады. Минерал ресурстар, яғни пайдалы қазбалар қайта қалпына келмейтін табиғи байлық болып саналады.

Таусылмайтын табиғи ресурстар Күн энергиясы (гелиоресурстар), жел, теңіздердің көтерілуі, қайтуы және ағыстарының энергиясы, Жер қойнауының (геотермалдық ресурстар) энергиясы мен агроклиматтық ресурстардан тұрады.

Кейде бір аумақтың өзінде бірнеше түрлі табиғи ресурстар да кездеседі. Бұл жағдай өндірісті дамыту үшін өте қолайлы болып саналады. Салыстырмалы түрде шағын аумақ шеңберінде алуан түрлі табиғи ресурстардың болуы *табиғи ресурстардың аумақтық қоспасы* деп аталады. Мысалы, темір рудасы мен тас көмірдің аумақтық қоспаларының экономика үшін аса маңызды рөл атқарады. Солардың арқасында қара және түсті металлургияға маманданған өнеркәсіп аудандарының қалыптасуына қолайлы мүмкіндіктер туындайды.

Табиғи ресурстар мен олардың аумақтық қоспаларының жер бетінде таралуы біркелкі емес. Бұның негізгі себебі жер қыртысының геологиялық құрылысы мен даму тарихы, климаттық және биологиялық жағдайының алуан түрлілігі болып табылады.

Сондықтан да материктер, мемлекеттер және аумақтар табиғи ресурстармен әр түрлі қамтамасыз етілген. Осы жағдайға байланысты *ресурстармен қамтамасыз етілгендік* деген ұғым қолданылады. Табиғи ресурстармен қамтамасыз етілгендік дегенде, табиғи ресурстардың жалпы қор көрсеткіштері мен оларды пайдалану мөлшері ортасындағы қатынасты түсінеміз. Ол табиғи ресурстың қанша жылға жететіндігімен немесе ресурс қорының халықтың жан басына шаққанда қаншадан тура келетін көрсеткіштерімен бейнеленеді.

Табиғи ресурстармен қамтамасыз етілгендік дәрежесіне орай, әлемдегі мемлекеттер үш топқа бөлінеді:

1) табиғи ресурстардың көптеген түрлерімен жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттер;

2) табиғи ресурстардың кейбір түрлерімен жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттер;

3) табиғи ресурстармен қамтамасыз етілмеген мемлекеттер.

Бірінші топқа аумағының үлкендігі жағынан әлемдегі ең ірі мемлекеттер – Ресей, Қытай, АҚШ, Канада, Бразилия, Аустралия, Үндістан, ОАР және Қазақстан енеді.

Әлемдегі көптеген мемлекеттер екінші топқа жатады. Мәселен, Парсы шығанағы мемлекеттері мұнай мен табиғи газға, Оңтүстік Америкадағы таулы мемлекеттер мыс пен полиметалл рудаларға, Финляндия су және орман ресурстарына әжептәуір бай.

Ал үшінші топқа табиғи байлықтармен, әсіресе минерал байлықтармен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмеген «ергежейлі» мемлекеттер (Ватикан, Андорра, Сан-Марино, Сингапур, Сент-Люция, Тувалу және т.б.) енеді.

Көптеген табиғи ресурстар, ең алдымен, өнеркәсіп өндірісінің салалары үшін бағалы шикізат болып саналады. Сондықтан да өнеркәсіп шикізатымен қамтамасыз етілу проблемасы көптеген мемлекеттер үшін аса өзекті болып тұр.



1. Табиғи ресурстар қандай топтарға бөлінеді және олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?

2. Қайсы мемлекеттер әр түрлі табиғи ресурстармен өте жақсы қамтамасыз етілген?

3. Төмендегі кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып, табиғи ресурстармен қамтамасыз етілгендік көрсеткіштерін есепте.

№	Табиғи ресурс түрі	Ресурс қаты, млн.т.	Жылдық қазып алынуы млн. т.	Халық саны млн. адам	Ресурспен қамтамасыз етілгендік	
					Жылдар есебінен	Жан басына шаққанда, т
1	Нефть	36 000	500	120		
2	Көмір	27 000	900	54		
3	Мыс	800	20	25		



## § 5. Минерал ресурстар географиясы



*Минерал ресурстар, отын ресурстары, рудалы ресурстар, руда емес ресурстар, қор, кен, алап*

Табиғатта минерал күйде кездесетін табиғи байлықтар *минерал ресурстар (пайдалы қазбалар)* деп аталады. Адам өте ежелгі замандардан бері бар ресурстарды тиімді пайдаланып келеді. Уақыт өткен сайын пайдаланылатын минерал ресурстардың түрі де, көлемі де артып барады. Бүгінгі таңда минерал ресурстардың 200-ге жуық түрі шаруашылық қажеттеріне пайдаланылып келеді. Олар 3 топқа, яғни отын-энергетика, руда және руда емес минерал ресурстарға бөлінеді.

Таусылатын және таусылмайтын табиғи ресурстар болып саналатын жерасты қазба байлықтарын пайдалану көлемі де жылдан-жылға көбейіп барады. Минерал ресурстардың аса ірі көлемде пайдаланылатындары: мұнай, табиғи газ, көмір, темір рудалары және құрылыс материалдары (3-кесте).

Минерал отын-энергетика ресурстарына көмір, мұнай, табиғи газ, торф, жанғыш сланец және уран жатады. Минерал отын қорларының ең үлкен бөлігі көмірге (70–75%-ға дейін) тура келеді. Отын минерал ресурстарының кендері ежелгі платформалардың шеткі ойыс бөліктерінде көбірек кездеседі.

Бүгінгі таңда әлемде 3600-ден астам көмір бассейндері мен кендері бар. Олар жалпы құрлықтың 15%-ын алып жатыр. Ірі көмір алаптары көбірек Солтүстік жартышарда орналасқан. Көмірдің ең ірі қорлары АҚШ, Ресей, Қытай, Аустралия, Үндістан, Германия, Украина, Қазақстан, ОАР және Индонезия мемлекеттеріне тура келеді.

3- кесте

**Ең маңызды пайдалы қазбалардың дүние жүзі бойынша анықталған қорлары және қазып алынуы (2016 ж.)**

Пайдалы қазбалардың түрлері	Өлшем бірлігі	Анықталған қорлары	Жылдық қазып алынуы
Көмір	млрд.т	861,5	7,3
Мұнай	млрд.т	191,3	4,3
Табиғи газ	трлн. м3	180	3,6
Темір рудасы	млрд.т	160	2,1

Дүние жүзі бойынша 600-ден астам мұнай мен газ кендері анықталған. Мұнай және табиғи газ кендерінің де ең негізгі бөлігі ғаламшарымыздың Солтүстік жартышарында орналасқан. Ең ірі мұнай-газ қорлары Парсы шығанағы мемлекеттерінде, Венесуэла, Солтүстік Америка (АҚШ, Канада, Мексика), Ресей (негізінен Батыс Сібір), Каспийбойы мемлекеттерінде, Солтүстік Африка (әсіресе Ливия мен Алжир), Гвинея шығанағы мемлекеттерінде (әсіресе Нигерияда), сондай-ақ Қытайда орын тепкен.

Дүние жүзінің экономикасында рудалы (металл) қазба ресурстарының маңызы өте зор. Әлемде рудалы минерал ресурстарға бай аумақтар, мәселен, Альпі-Гималай, Тынық мұхит жағалауы аймақтары бар. Мұндай аймақтар тау-кен өнеркәсібі үшін үлкен шикізат базасы ретінде қызмет етеді және кейбір елдердің экономикалық дамуын белгілейді. Қытай, Ресей, АҚШ, Канада, Аустралия, Бразилия, ОАР, Қазақстан, Үндістан, Чили және Перу сияқты елдер дүние жүзіндегі қара және түсті металл шикізаттарына ең бай мемлекеттер болып саналады.

Руда емес минерал байлықтардың ең маңыздылары болып ас тұзы, калий тұзы, фосфорит, күкірт, алмаз және құрылыс материалдары саналады. Олардың кендері ежелгі платформаларда, қатпарлы тауларда, тұзды көлдердің ойыстарында көп кездеседі. Түрлі минерал тұздардың қорлары бойынша әлемде Ресей, АҚШ, Қытай, Үндістан, Боливия, Беларусь, Аустралия секілді елдер жетекшілік етеді. Ал алмаздың ірі қорлары бойынша Ресей, Аустралия, Ботсвана, ОАР, Конго Демократиялық Республикасы, Канада, Ангола және басқалар әлемдік мемлекеттер көшін бастап келеді.

Осы күнге дейін табиғи минерал ресурстардың, негізінен, экономикалық-техникалық тұрғыдан орналасуы мен жағдай-шарттары қолайлы кендері ғана игеріліп келді. Жаңа минерал кендерін барлау жұмыстары соңғы жылдарда, негізінен, Ресейдің солтүстік және шығыс аумақтарында, АҚШ-тың батыстағы таулы бөлігі мен Аляскада, Канаданың солтүстігінде, Оңтүстік Американың, Аустралия мен Африканың аз игерілген шөлді, таулы және орманды өлкелерінде белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бірақ жетіп баруы қиын аумақтардан қазып алынатын минерал шикізаттардың өзіндік құны айтарлықтай қымбатқа түсетіні сөзсіз. Сол себепті табиғи минерал ресурстарды игеру бойынша адамзаттың алдында тұрған ең басты мәселелердің бірі – оларды үнемдеп әрі ысырапсыз қолданудың жолдарын табу болып саналады.



1. Минерал ресурстардың ең көп қолданылатыны қайсы?
2. Мұнай және табиғи газ қорларының негізгі бөлігі қайсы аумақтарға тура келеді?
3. Минерал ресурстардың отын-энергетика, рудалы және руда емес түрлеріне бай мемлекеттерді анықта.

## § 6. Таусылмайтын және қалпына келетін табиғи ресурстар географиясы



*Агроклиматтық ресурстар, жер ресурстары, су ресурстары, биологиялық ресурстар, геотермалдық ресурстар.*

**Агроклиматтық ресурстар.** Аумақтардың түрлі егіндер егу мүмкіндіктері көбінесе климатқа байланысты. Ауыл шаруашылығы салаларының дамуына ықпал жасайтын климаттық мүмкіндіктер *агроклиматтық ресурстар* деп аталады. Ауа райының тиімді температуралары (+10°C-ден жоғары) ең маңызды агроклиматтық көрсеткіштер болып саналады.

Ауаның температурасы экватордан полюстік ендіктерге қарай төмендей беретіні баршаға аян. Экватор төңірегіндегі тиімді температураның жылдық жиындысы 8000°C-ден жоғары болса, арктикалық және субарктикалық климат аймақтарында ол 400°C-ге де жетпейді. Сондықтан да тропиктік, субэкваториалдық және экваториалдық климат аймақтарында түрлі жылусүйгіш егіндерді егіп, олардан жыл барысында екі-үш рет өнім жинап алу мүмкіндігі бар.

Егіншілік үшін табиғи ылғалдылық себепшартының да үлкен маңызы бар. Жылдың ыстық кезінде де жауын-шашын жеткілікті жауатын аумақтарда егіншілікті қолдан суарусыз-ақ дамытуға болады және бұл жағдай ауыл шаруашылығында көлемді қаржылардың үнемделуіне көмектеседі. Ал климаты ыстық, бірақ құрғақшылығы көп болатын ішкі континенттік өлкелер үшін табиғи ылғалдылықтың аздығынан суармалы егіншілік тиімдірек. Ыстық муссондық климатты аумақтарда жасанды суару негізінен қыстың жылы әрі құрғақ күндерінде қолданылады.

**Жер ресурстары.** Жер адам үшін жан-жақты ең маңызды табиғи ресурс болып табылады, өйткені халықтың күнделікті өміріне қажетті сұраныстарының дерлік барлығы жерден өндіріп алынады.

Қазіргі уақытта дүние жүзі жер қорының жалпы аумағы 13,4 млрд. гектарға тең. Адамзат үшін аса үлкен экономикалық маңызы бар ауыл

шаруашылығында пайдаланылатын жерлер әлемдік жалпы жер қорының 34%-ын құрайды. Бұлар негізінен өңделетін (11%) және шабындық әрі жайылым (23%) жерлер. Өңделетін жерлер адамзат үшін қажетті азық-түліктердің 88%-ын, ал шалғындықтар мен жайылымдар 10%-ын жеткізіп беруде. Демек, жер ресурстарының ең қымбатты бөлігі – өңделетін (егін егілетін) алқаптар. Сонымен қатар жер қорының құрамына ормандар (30%), елді мекендер мен инженерлік құрылыстар иелеген техногенді жерлер (3%) және аз пайдаланылатын немесе өнімсіз жерлер (33%) де енеді.

Егіншілікке пайдаланылатын жерлердің ең үлкен алқаптары АҚШ, Үндістан, Ресей, Қытай, Канада, Бразилия, Қазақстан және Украина мемлекеттеріне тура келеді. XX ғасыр барысында өңделетін алқаптар көлемі жер жүзі бойынша екі есеге кеңейді. Тың жерлерді игеру, батпақтарды құрғату, шөлейтті жерлерге су шығару арқылы егістіктерді кеңейту жұмыстары әсіресе АҚШ, Канада, Аустралия, Ресей, Қазақстан, Қытай, Бразилия сияқты елдерде кең көлемде жүргізілді.

Бірақ асқан қиыншылықтармен игерілген осындай жерлер бірте-бірте түкке жарамсыз болып қалуда. Ең алдымен, адамның немқұрайдылығы арқылы пайда болатын эрозия үдерісі әр жылы 6–7 млн. гектар ауыл шаруашылығына пайдалы жерлерді жарамсыз күйге келтіріп отыр. Ал жерлердің батпақтарға айналуы әрі тұздануы салдарынан тағы 1–1,5 млн. гектар егіс алқаптары айналымнан шығуда. Қалалар мен ауылдардың ұлғаюы, өнеркәсіп пен көлік құрылыстарының жылдан-жылға арта түсуі де егіс алқаптарының қысқаруына соқтыруда.

**Су ресурстары.** Жер шарындағы бүкіл судың негізгі бөлігі Дүниежүзілік мұхит пен теңіздерге жинақталған. Ал тұщы су ресурстары гидросфераның жалпы көлемінің бар-жоғы 2,5%-ын ғана құрайды.



**2-сурет.** Дүниедегі ең ірі су қоймаларының бірі – Каруна өзеніндегі Гури су қоймасы (Венесуэла).

Дегенмен оның негізгі бөлігі Жер шарының шалғайдағы, пайдалануы қиын Антарктида мен Арктикадағы және биік таулардағы қарлар мен мұздықтарға шоғырланған.

Адамзаттың тұщы суға деген сұранысын қанағаттандыратын негізгі қайнарқоз – өзендер. Олардағы судың жалпы көлемі бар болғаны 47 мың км<sup>3</sup>. Экваторлық және қоңыржай климатты аумақтар тұщы су ресурстарына әжептәуір бай. Тұщы сумен ең

жақсы қамтамасыз етілген елдердің қатарына Бразилия, Ресей, Канада, АҚШ, Индонезия, Венесуэла, Перу, Мьянма, Тәжікстан және басқалар жатады. Құрлықтың ірі бөлігін құрайтын құрғақ шөлді белдеулерде табиғи су ресурстарының көлемі өте аз. Бұл жерлерде егіншілік жұмыстары негізінен қолдан суару арқылы жүргізіледі.

Өзендердің суын тиімдірек пайдалану үшін көптеген су қоймалары құрылған (2-сурет). Қазір дүние жүзінде құрылған су қоймаларының саны 40 мыңнан асып кетті. Ірі су қоймаларының саны бойынша АҚШ пен Ресей өзге елдерден ерекше бөлініп тұрады.

**Биологиялық ресурстар.** Жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар байлықтары биологиялық ресурстар деп аталады. Әсіресе орман ресурстарының шаруашылық және экологиялық маңызы орасан зор. Әлемде ормандар 40 млн. км<sup>2</sup>-ді (4 млрд. гектар), анығырақ айтқанда, бүкіл құрлықтың 30%-ға жуығын құрайды. Әйтсе де ормандардың ағаш материалдар дайындау мақсатымен кесілуі, жаңа жерлерді игеру, түрлі өнеркәсіп құрылыстарының көбеюі орман алқаптарының азая түсуіне соқтырып отыр.



**3-сурет.** Қылқан жапырақты тайга ормандары (сол жақта) және жалпақ жапырақты тропиктік ормандар (оң жақта).

Әлемде ендік сызықтары бойымен үлкен қашықтыққа созылған екі белдеу – Солтүстік және Оңтүстік орман белдеулері бар. Солтүстік орман белдеуі қоңыржай және ішінара субтропиктік климат аумақтарын бойлап орналасқан. Бұл белдеудегі ормандардың маңызды қасиеті сол, олар негізінен тік өсетін сапалы қылқан жапырақты ағаштардан тұрады. Мұндай ормандарға Ресей, Канада, АҚШ, Финляндия мемлекеттері аса бай.

Оңтүстік орман белдеуі негізінен, климаты тропиктік және экваторлық белдеулер бойына орналасқан. Тропиктік ормандарда, негізінен, жалпақ





**4-сурет.** Исландиядағы геотермалдық электр станцияларының бірі.

жапырақты ағаштар қалың, аралас және көп ярусты болып өседі. Сонымен қатар бұл ормандар сүрегінің сапасы жоғары, бағалы ағаштарға бай. Оңтүстік орман белдеуінде Бразилия, Перу, Колумбия, Венесуэла, Конго Демократиялық Республикасы, Үндістан, Мьянма, Индонезия секілді елдер ең үлкен орманды алқаптарды алып жатыр.

**Геотермалды ресурстар.** Маңызды дәстүрлі емес энергия көздері Жердің

ішкі энергиясы, яғни геотермалды ресурстар болып саналады. Геотермалды энергияға жер қойнауынан шығатын ыстық табиғи булар, жерасты суларының тектоникалық жарықтар арқылы жер бетіне шығып жататын аумақтар өте бай болып табылады. Бұндай аумақтар тектоникалық қозғалыстар белсенді жүріп жатқан, климаты өте ылғалды аймақтарды бойлай орналасады. Мәселен, Исландия, Жапония, Жаңа Зеландия, Филиппин, Папуа-Жаңа Гвинея, Италия, Мексика, АҚШ-тың батыс штаттары, Ресейдің шығыс аумақтары осындай геотермалды ресурстарға бай (4-сурет).



1. Агроклиматтық ресурстар негізінен қандай көрсеткіштері бойынша белгіленеді?
2. Су ресурстарымен қамтамасыз етілгендік қандай себепшарттарға байланысты?
3. Жер ресурстарының көбеюі мен азаюына соқтыратын үдерістерді сипатта.

## § 7. Заманалық экологиялық күрделі мәселелер



*Табиғатты пайдалану, жаһандық, аймақтық және жергілікті экологиялық мәселелер, «жылыжай тиімділігі», «озон жыртықтары», шөлдену, ормансыздану, тұщы су ресурстары, экологиялық саясат.*

Қоғам өзінің бүкіл тарихы барысында табиғи ортамен тығыз байланысты түрде дамып отырған. Табиғи ресурстарды пайдалану, оларды қорғау және қайта қалпына келтіру істерімен байланысты қызмет саласы *табиғатты пайдалану* деп аталады. Табиғатты пайдалану *ұқыпты* және *ұқыпсыз* түрде жүргізілуі мүмкін. Табиғатты ұқыпты пайдаланғанда табиғи байлықтар орынды түрде, белгілі бір мөлшермен тұтынылады әрі оларды қорғау мен қайта қалпына келтіруге, айналамызды қоршаған




табиғи ортаның бастапқы қалпын сақтауға ерекше мән беріледі. Егер қоғамның шаруашылық қызметі салдарынан табиғи орта мен оның ресурстарының жағдайы кері қарай құлдырап бара жатса, табиғатты пайдалану ұқыпсыз жүргізілген болып саналады. Табиғатты ұқыпсыз пайдаланғанда ландшафтардағы сәйкестілік бұзылады да, түрлі көлем мен көріністегі экологиялық проблемалар туындайды.

**Экологиялық проблема** – табиғатты ұқыпсыз пайдалану салдарынан табиғи орта сапасының күрт нашарлауы болып табылады. Экологиялық проблемалар аумақтық көлемі тұрғысынан 3 сатыға бөлінеді:

- жаһандық (ғаламшарлық);
- аймақтық (аумақтық);
- локалдық (жергілікті).

*Жаһандық* экологиялық проблемалар бүкіл географиялық қабықтың жағдайына әсерін тигізеді және оларды шешу бойынша әлемдегі барлық мемлекеттердің іс-әрекеттерін біріктіру керек болады. *Аймақтық* экологиялық проблемалардың салдары бір немесе бірнеше көрші мемлекеттер аумағында сезіледі. Ал *локалдық*, яғни жергілікті экологиялық мәселелер шағын көлемдегі аумақтар шеңберінде орын алады. Төменде бүгінгі заманның ең көкейкесті жаһандық экологиялық проблемаларының кейбіреулері жөнінде мәліметтер келтіріледі.

«*Жылыжай эффекті*» *проблемасы*. Жер атмосферасы электр энергетикасы, металлургия, химия және басқа өнеркәсіп салаларының, көлік құралдарының, ғарыш кемелерінің және әр түрлі өрттердің салдарынан күшті дәрежеде ластанып барады. Жыл сайын миллиардтаған тонна қатты, газ тәрізді, аэрозоль шығындылар атмосфераға шығарылып жатыр. Атмосфераның құрамында әсіресе улы газ (CO), көмір қышқыл газ (CO<sub>2</sub>) күкірт оксидтері (SO<sub>2</sub>, SO<sub>3</sub>), азот диоксиді (NO) сияқтылардың үлес салмағының арта түсуі үлкен экологиялық проблемаларды туындатып отыр. Атмосферадағы аталмыш газдар мөлшерінің көбеюі себепті Күннің жылыту режимі бұзыла бастады. Жоғарыда тілге алынған газ тәрізді заттардың атмосферадағы бөлшектері Жердің бетіне түсіп жатқан Күн сәулесін өткізе тұрып, одан шағылып қайтқан жылу радиациясын атмосфераның төменгі қабаттарынан жоғарыға жақсы өткізбейді. Бұл үдеріс атмосфераның төменгі қабатының орташа жылдық температурасының бірте-бірте көтерілуіне, яғни жаһандық климат жағдайының өзгеруіне соқтырып отыр. Өз кезегінде бұл жағдай ғаламшарымыздың полюстері



**5-сурет.** Антарктиданың үстіндегі озон қабаты жұқаруының сызбалық көрінісі.

мен биік таулардағы көп жылдық мұздықтар алаңының қысқаруына себеп болуда.

Бұл проблеманы жою үшін әлемдегі барлық мемлекеттер «жылыжай» газдарының атмосфераға шығарылуын азайтуға міндетті. 1997 жылы Жапонияның Киото қаласында бірнеше дамыған және өтпелі экономика жағдайындағы мемлекеттер арнайы келісімге («Киото мазмұндамасы») қол қойып, бұл салада нақты міндеттемелер қабылдады.

*Озон қабатының жұқаруы проблемасы.* Атмосфераның ластануы адамзаттың алдына

тағы бір күрделі проблеманы көлденең тартты. Соңғы жылдарда ауаға фторхлорлы қоспалардың (фреондар) көп шығарылуы салдарынан Жер бетіндегі тіршіліктің қалқаны болып саналатын озон қабатының барған сайын жұқара түсуі байқалып отыр. «Озон тесігі» деп аталатын осынау жағдай алғашында Американың Антарктидаға тұтасатын аумақтарында, ал соңғы жылдарда Еуразияның солтүстік ендіктері үстінде де байқала бастады (5-сурет).

1987 жылы Канаданың Монреаль қаласында бірнеше мемлекет фреон газын өндіру және оларды пайдалануды шектеу бойынша халықаралық мазмұндамаға қол қойды. Бүгінгі таңда бұл мазмұндамаға әлемдегі мемлекеттердің басым көпшілігі қосылған. Мамандардың пікірлеріне қарағанда, егер Монреаль мазмұндамасы қатаң орындалатын болса, 2050 жылға қарай озон қабатының мөлшерлі қалыңдығы өз қалпына келеді.

*Шөлдену проблемасы.* Шөлге тән ерекшеліктері бар аумақтар көлемінің ұлғая түсуі *шөлдену* деп аталады. Оның негізгі себептеріне ағаштар мен бұталардың шектен тыс көп кесілуі, мал атаулының тәртіп-ретсіз бағылуы, су ресурстарының ұқыпсыз пайдалануы жатады. Шөлдену құбылысы дүниенің ондаған мемлекеттеріндегі ең өнімді жерлерді жайлап барады. Шөлдену құбылысы әсіресе Африкадағы, Оңтүстік-батыс, Орталық және Оңтүстік Азиядағы мемлекеттерге елеулі қауіп төндіріп отыр. Құрлықтың жалпы көлемінің 40%-дан астам бөлігінде шөлдену белгілері байқалады. Жер жүзінің тиісті бөлігінде 2 миллиардтан астам халық өмір сүреді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1994 жылы шөлденуге қарсы күрес жүргізу туралы Халықаралық конвенция қабылдады. 1995 жылдан бері әр жылы

17 маусым – Бүкіләлемдік шөлдену мен құрғақшылыққа қарсы күрес күні ретінде аталып өтеді. БҰҰ 2010–2020 жылдар аралығын «Шөлдер мен шөлейттенуге қарсы күрестің он жылдығы» деп жариялаған.

*Ормансыздану проблемасы.* Адамзат өзінің бүкіл тарихы барысында ормандарды кесіп, олардың көлемінің қысқаруына себепші болып келген. Бұл жағдай көптеген аумақтардың, әсіресе Орталық Азияның табиғи жағдайын айтарлықтай деңгейде өзгертіп жіберді. Дегенмен ормансыздану үдерісі соңғы 100 жылдың барысында шұғыл күшейіп кетті. Әсіресе экваторлық аймақтағы ормандар мен қуаң климатты таулы аумақтардағы ормандар алаңының қысқаруы географиялық қабықтағы табиғи тепе-теңдікке елеулі қауіп төндіріп отыр. Бұл проблемаға қарсы күресудің негізгі жолдары ормандардың кесілуін шектеу және оларды жасанды жолмен көбейтуге тікелей байланысты болып табылады. Дүние жүзінде бұл салада бірқатар ұнамды мысалдар да бар. Мәселен, Ұлыбританияда соңғы 50–60 жылдың ішінде ормандар алаңы 3 есеге көбейген. Жапонияда ормандардың кесілуі қатаң шектелгендіктен, мемлекет аумағының 2/3 бөлігін әлі де орманды ландшафтар алып жатыр. Біріккен Араб Әмірліктерінде соңғы жылдардың өзінде шөлді аумақтарға бірнеше миллион түп ағаш көшеттері отырғызылған. Өзбекстанда да Арал теңізінің суы тартылған түбін орман алқаптарына айналдыру жұмыстарының таяу жылдарға арналған кең ауқымды жоспарлары жасалып, сатылы түрде жүзеге асырылып жатыр.

*Тұщы су тапшылығы проблемасы.* Адамзаттың тұщы суға деген сұранысын қанағаттандыратын негізгі қайнаркөз – өзендер. Олардың үлкен бөлігі халқы анағұрлым сирек қоныстанған суық және экваториалдық климатты аумақтарды бойлап ағады.

Құрлықтың 1/3 бөлігінен астамын иелейтін қуаң климатты аумақтарда су тапшылығы бар. Солтүстік және Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Оңтүстік-батыс Азия елдерінде, сондай-ақ Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан секілді Орталық Азия мемлекеттерінде бұл проблема айтарлықтай көкейкесті болып саналады.

Бүгінгі таңда Парсы шығанағы мен Жерорта теңізі бойындағы мемлекеттерінде, Қазақстан, АҚШ, Жапония және Кариб теңізі арал-мемлекеттерінде теңіз суын тұщыландыру жұмыстары кеңінен қолға алынған.

**Экологиялық саясат** – ғылыми ұсыныстарды ескере отырып, табиғи ортаны қорғау мен оны сауықтыруға, табиғи ресурстарды

ұқыпты пайдалануға және оларды байытуға арналған іс-қимылдар кешені. Әдетте мұндай саясат мемлекеттік, аймақтық немесе ғаламдық шеңберде жүргізіледі де, табиғатты қорғаудың құқықтық негіздерін жауап мен оларды іс жүзіне асыруды қамтиды.

Соңғы жылдарда АҚШ, Жапония, Еуропа мен ТМД мемлекеттері, сондай-ақ кейбір дамып келе жатқан елдер күрделі экологиялық жағдайды сауықтыруға бағытталған қажетті құқықтық құжаттар дайындап, заңдар қабылдады және оларды іс жүзінде қолдана бастады.

Көптеген мемлекеттерде экологиялық жағдайды сауықтыру жолында жүйелі түрде күресіп жатқан саяси қозғалыстар мен партиялар белсенді жұмыстар жүргізуде.

Ең маңыздысы, қоршаған ортаны қорғау және экологияны жақсарту мәселелерін шешуге БҰҰ мен оның көптеген бөлімдері белсене қатысуда. Мысалы, БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (IUNEP) бар. Бұл халықаралық ұйымның бас кеңсесі Найроби (Кения) қаласында орналасқан.



1. Экологиялық проблемалар дегеніміз не? Оларды туындататын негізгі себептер неден тұрады?
2. Жаһандық экологиялық проблемалардың аймақтық және жергілікті сатылардағы экологиялық проблемалардан айырмашылығын түсіндір.
3. «Жылыжай эффекті» экологиялық проблемасының мәні мен себептерін сипатта.
4. Экологиялық саясат дегенде нені түсінуге болады?



## 3-ТАРАУ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ХАЛҚЫ

### § 8. Дүние жүзі халқының саны, өсуі және орналасуы




*Халық саны, халық санының өсуі, халықтың қайта құрылуы, табиғи өсім, халықтың аумақтық орналасуы, халықтың тығыздығы.*

2018 жылғы мәліметтерге қарағанда, дүние жүзі халқының саны 7 млрд. 620 млн. адамнан асқан. Ғаламшарымыз халқы санының бұндай межеге жетуінің өзіндік тарихы бар.

Ғылыми қайнарлардың мәліметтері бойынша адамзаттың ең ертедегі саналы өкілдері – *Хомо сапиенс* – осыдан шамамен 50 мың жылдай бұрын пайда болған. Солтүстік-шығыс және Шығыс Африка, Оңтүстік Еуропа және Алдыңғы Азия алғашқы адамдар пайда болған және олар тарапынан алғаш рет игерілген аумақтар болып саналады. Бертін келе ежелгі адамдардың түрлі аймақтарға сапар шегуі – алғашқы миграциялар, яғни көші-қондар нәтижесінде ол жерлер де адам қолымен игеріле бастаған. Адамзаттың негізгі бөлігі ұзақ жылдар бойы Еуропа, Азия және Африка құрлықтарында жасаған еді. Ұлы географиялық ашулар көп санды халықтың жаңадан табылған жерлерге көшіп өтуіне себеп болды және соның нәтижесінде құрлықтар арасында халық санының қайта бөлінісі орын алды.

Материалдық және санитарлық-гигиеналық жағдайлардың ауырлығы, жиі-жиі қайталанып тұрған ашаршылық, жұқпалы аурулар эпидемиялары секілді себепшарттардың ықпалымен дүние жүзі халқының өлім дәрежесі жоғары, ал табиғи көбею дәрежесі төмен болған.

XIX ғасырда Еуропа мен Америкада орын алған өнеркәсіп төңкерісі, медициналық қызметтің дамуы нәтижесінде бұл құрлықтардағы халықтың орташа өмір сүру деңгейі мен табиғи көбею деңгейі өсті.



**6-сурет.** Дүние жүзі аймақтарындағы халық санының динамикасы.

XX ғасырдың барысында дүние жүзі халқының саны 1,6 млрд. адамнан 6,1 млрд. адамға жетті, оның ең жоғары қарқыны 1960 жылдан кейінгі кезеңдерге тура келеді. Бұл жағдай Екінші дүниежүзілік соғыстан

кейінгі кезеңдерде Азия, Африка және Океания мемлекеттерінің саяси тәуелсіздікке қол жеткізуіне, оларға БҰҰ тарапынан гуманитарлық көмектердің берілуі нәтижесінде халық ортасында өлім дәрежесінің төмендеуіне, сондай-ақ халық санының жедел қарқынмен өсуіне байланысты орын алды. Сондықтан да 1960–1980 жылдарда әлемде «демографиялық жарылыс» (өлім дәрежесінің төмендеуі себепті халық санының жедел қарқынмен көбеюі) үдерісі етек жайды (6-сурет).

Соңғы жылдарда демограф ғалымдар «демографиялық жарылысты» аяқталып бара жатқан үдеріс ретінде бағалап отырса да, Африка мен Азияның бірқатар елдерінде халықтың жылдық табиғи өсу деңгейі әлі де жоғары күйде екендігі байқалады. Сонымен қатар дүниенің дамыған мемлекеттерінде табиғи өсімнің кері жағдайы – **демографиялық дағдарыс** немесе **депопуляция** (туылудың өлімге қарағанда төмендігі) орын алып келеді. Бүгінгі таңда ондай жағдайды Еуропаның түрлі елдерінен (мәселен, Германия, Украина, Сербия және т.б.) көруге болады.

4-кесте

**Туылу, өлім және табиғи көбею коэффициенттері  
(1000 адамға шаққанда, 2018 жылғы мәліметтер)**

Аумақ	Туылу коэффициенті	Өлім коэффициенті	Табиғи өсу коэффициенті	Нәрестелер өлімі коэффициенті (әр 1000 сәбиге шаққанда)	Орташа өмір ұзақтығы	
					ерлер	әйелдер
Дүние жүзі	19	7	12	31	70	74
Африка	35	9	26	50	61	64
Америка	15	7	8	13	74	80
Азия	17	7	10	26	71	74
Еуропа	10	11	-1	4	75	82
Аустралия мен Океания	17	7	10	21	76	80


Аймақтар халқы санының кезеңдік өзгерісі алғашқы кезекте онда орын алған туылу және өлім көрсеткіштерінің қатынасы негізінде қалыптасатын табиғи көбею дәрежесіне байланысты. 4-кестедегі мәліметтерден түрлі құрылыстардағы халықтың қайта құрылуының мөл-



шерлік көрсеткіштері әр түрлі екендігі көрініп тұр. Африкада халықтың табиғи өсу коэффициенті әлемдік орташа көрсеткіштен жоғары, ал қалған құрлықтарда бұл көрсеткіш анағұрлым төмен.

Мемлекеттерде халықтың табиғи өсуі жоғары деңгейде сақталуына әлеуметтік-экономикалық және мәдени себепшарттар үлкен ықпалын тигізеді. Урбанизация (қалалану) үдерісі, әйелдердің білімділік және әлеуметтік еңбекпен қамтылу деңгейінің жоғарылығы, тұрмыс дәрежесінің кемелденуі және адамдардың материалдық сұраныстарының ұлғаюы әлемнің бірқатар мемлекеттерінде туылу мен халықтың табиғи өсу коэффициентінің төмен болуына әсерін тигізіп келеді (7-сурет).

Бір жасқа дейінгі нәрестелер өлімі мен орташа өмір сүру дәрежесінің көрсеткіштері де мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне, медициналық қызметтің алға басуына және халықтың тұрмыстық әлауқатының деңгейіне тікелей байланысты болып табылады.



7-сурет. Дүние жүзі халқының табиғи өсуі.

Дүние жүзінің халқы аумақтық тұрғыдан біркелкі орналаспаған. Бұған табиғи, тарихи, әлеуметтік-экономикалық себепшарттардың ықпалы үлкен. Ойпатты жерлерде, өзен және теңіз жағалауларындағы аумақтарда халықтың орналасу тығыздығының жоғары болуы табиғи себепшарттарға (мәселен, Ганг өзені аңғары, Канто ойпаты), ал Жерорта теңізінің бойы, Месопотамия тақылеттес аумақтарда бұндай жағдайдың

калыптасуы олардың игерілу кезеңіне байланысты. Экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттер мен түрлі өндіріс орталықтарында халық санының көбеюінде әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесінің маңызы үлкен. Халық саны көп аймақтарда тығыздық деңгейі де жоғары болады.

Дүние жүзі халқының орналасу тығыздығы орта есеппен 1 шаршы км-ге 50 адамнан артық тура келеді. Азия – халқының тығыздық дәрежесі ең жоғары құрлық болып саналады, ал оның шығыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктеріндегі халықтың тығыздығы өте жоғары. Америка, Аустралия және Океания құрлықтарының еуропалықтар тарапынан алғаш игерілген бөліктерінде халықтың тығыздығы анағұрлым жоғары. Монғолия, Намибия, Аустралия, Канада, Қазақстан рәуіштес мемлекеттер халқының орналасу тығыздығы ең төмен елдер қатарына жатады. Бұл жағдай қолайсыз табиғат жағдайына тікелей байланысты.



1. Тарихи ұзақ уақыт бойы Жер бетіндегі халық санының дерлік өзгермеуіне не себеп болды?
2. Ұлы географиялық ашулар дүние жүзі халқының аймақтар бойлап бөлінуіне қалай әсер етті?
3. Қосымшадағы кестенің мәліметтері негізінде Еуропа, Азия, Африка, Америка, Аустралия және Океания халықтарының саны бойынша бес озат мемлекетті анықта және дәптеріңе олардың тізімін жаз.
4. Дүние жүзі халқының аумақтық орналасуына қандай себепшарттар елеулі әсерін тигізеді?

## § 9. Дүние жүзі халқының жыныстық, жастық және нәсілдік құрамы




*Ерлер, әйелдер, балалар, ересектер, қарттар, нәсіл, еуропеоид, монголоид, негроид, аустралоид, метис, самбо.*

Халықтың табиғи өсу қарқындары халықтың жасы мен жыныстық құрамына да әсерін тигізеді. Халық жас ерекшеліктеріне қарай балалар (0–14 жас), еңбек жасындағылар (15–64 жас) және қарттар (65 жас және одан жоғары) топтарына бөлінеді. Жас топтары арасындағы қатынас өткен тарихи кезеңдер барысында өзгеріп отырған. Дүние жүзі халқының жас құрамындағы қарттардың үлес салмағы ұзақ кезеңдер бойы өте төмен болып келген, тек XX ғасырға қарай ғана бұл топ өкілдерінің ара салмағы біртіндеп арта бастады. Бұған бірінші кезекте медициналық қызметтің дамуы, халықтың тұрмыстық әл-ауқатының

жақсаруы себеп болды. Бүгінгі таңда дүние жүзі аймақтарындағы халықтың жас құрамы әр түрлі болып келеді (8-сурет).

Табиғи өсу қарқыны жоғары болған Африка және Азия халықтарының жас құрамында балалардың үлесі қарттарға қарағанда анағұрлым жоғары екендігі байқалады. Ал демографиялық дағдарысқа ұшыраған Еуропа мемлекеттерінде бұл жағдайдың керісін көреміз. Әлемде балалардың үлес салмағы бойынша Нигер (50%), Мали (48%), Уганда (48%) тақылеттес Африка елдері өзгелерден оқ бойы озық тұрады. Бұл саладағы ең төмен көрсеткіштер Жапония (12%), Германия (13%), Италия (13%) және Греция (14%) елдерінде тіркелген.




**8-сурет.** Дүние жүзі аймақтарындағы халықтың жас құрамы (% , 2018 ж.).

Халықтың жыныстық құрамына назар аударсақ, әлемде әйелдер мен ер адамдардың ара салмағы теңдей деуге болады, дегенмен әйелдер мен ер адамдардың үлес салмағы бір-бірінен едәуір жоғары тұратын мемлекеттер де баршылық. Әлем халықтарының жыныстық құрамында ер адамдардың үлес салмағы 50,5%-ға, ал әйелдердікі 49,5%-ға тең (2018 ж.) Африка, Оңтүстік Америка, Аустралия және Океания құрлықтарында жыныстардың ара салмағы бір-біріне дерлік тең болса, Еуропа және Солтүстік Америка мемлекеттерінде әйелдер үлесі анағұрлым артық. Азия құрлығы мемлекеттерінің басым көпшілігінде, әсіресе Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-батыс Азияда ер адамдардың

ара салмағы әйелдерге қарағанда айтарлықтай жоғары. Бұған негізінен аталмыш аймақтарда әйелдердің әлеуметтік беделінің төмендігі себеп болып отыр. Ал Парсы шығанағы аймағындағы араб мемлекеттерінде ер адамдардың басым болуы жұмысшы күшінің сыртқы миграциясы да өз әсерін тигізуде.

Халықтың жасы мен жыныстық құрамын талдау ісінде *жас-жыныс пирамидасы* пайдаланылады. Онда белгілі бір аумақ халқының саны жас топтарының қимасы мен жыныстық үлес салмағын салыстыру арқылы анықталады. Дамыған елдердегі халық арасында табиғи өсу дәрежесінің жылдан-жылға төмендеуі салдарынан балалардың үлес салмағы азайып, орта және қарттық жасындағылардың үлес салмағы артып барады. Ал дамып келе жатқан мемлекеттердің басым көпшілігінде табиғи өсудің жоғарылығы себепті жас-жыныс пирамидасының төменгі бөлігінің үлес салмағы жоғары күйінде қалып отыр. Бұл мемлекеттерде ер адамдар үлес салмағының артықтығы да айқын байқалады (9-сурет).



**9-сурет.** Әлемнің түрлі (I – дамыған, II – дамып келе жатқан) мемлекеттеріндегі халықтың жас-жыныс пирамидасы.

*Адамзаттың нәсілдері* адам ағзасының ерте замандарда табиғи органың, әсіресе климат жағдайына бейімделуі себепті пайда болып, сыртқы келбеті бойынша бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Әлем халқының үлкен бөлігі төрт негізгі нәсілге (еуропеоид, монголоид, негроид және аустралоид), ал қалған бөлігі аралық және аралас нәсілдерге тән.

Терісінің түсі ақшыл, толқынды яки тегіс те жұмсақ шашты, негізінен мөлдір көк көзді, қыр мұрынды, жұқа және орта ерінді болып

келетін *еурпеоид* нәсілінің өкілдері Еуропа, Америка және Океания халықтарының негізгі бөлігін құрайды. Сондай-ақ Азияның оңтүстік, оңтүстік-батыс, орталық, ал Африканың солтүстік бөліктерінде де көп санды еурпеоидтар өмір сүреді. Жоғарыда тілге алынған нәсілдік белгілер негізінен солтүстік аумақтарда жасайтын еурпеоидтарға тән, ал оңтүстікке қарай барған сайын өмір сүру ортасына байланысты түрде дене, шаш және көз түстерінің қара көріністері айқындала бастайды. Адамзаттың 40%-дан астамы осы нәсілдің өкілдері үлесіне тура келеді.

*Монголоид* нәсілі өкілдерінің терісі қоңырқай түсті, жылтыр қара шашты, қара қоңыр көзді, қыр мұрынды немесе орташалау жалпақ танаулы, қалың қабақты, самай сүйектері шығыңқы болып келеді. Монголоидтар негізінен Азия құрлығында кең тараған. Американың байырғы тұрғындары болып саналатын Америка индустары мен эскимостар да осы нәсілге жатады (10-сурет).



*Еурпеоид нәсілі*



*Монголоид нәсілі*



*Негроид нәсілі*

### 10-сурет. Негізгі нәсілдердің өкілдері.

*Негроид* нәсілінің өкілдері негізінен Африка және Америка құрлықтарындағы мемлекеттерде жасайды. Қара қошқыл түсті тері, қатты әрі бұйра қара шаш, қара қой көз, шықшыт сүйектерінің шығыңқылығы, жалпақ әрі таңқы танау, қалың дүрдік ерін – осы нәсілге тән белгілер болып саналады. Африка – бұл нәсіл өкілдерінің түпкі Отаны, олардың үлкен бөлігі Ұлы географиялық ашулар заманында Американың түрлі аймақтарына зорлықпен әкетіліп, құлдыққа салынған.

*Аустралоид* нәсілі ұзақ уақыт бойы негроид нәсілінің бір көрінісі ретінде сипатталып келген. Бірақ соңғы жылдардағы зерттеулер олардың келіп шығуы бір-біріне ешқандай байланысты емес екендігін дәлелдеп



отыр. Қара қошқыл тері, жалпақ таңқы мұрын, дүрдік ерін иелері болып табылатын бұл нәсілдің өкілдері негізінен Аустралия және Океания аумақтарында жасайды. Аустралия аборигендері, папуастар мен меланезиялықтар осы нәсілдің өкілдеріне жатады.

Негізгі нәсілдер негізінде бірнеше аралық және аралас нәсілдер де қалыптасқан. Аралық нәсілдерге эфиоп, урал, памир-ферғана (Орталық Азия мемлекеттерінде, әсіресе Өзбекстанда кең тараған) сияқтылар бұған мысал бола алады. Америка құрлығы халқының нәсілдік құрамында метис, мулат, самбо секілді аралас нәсіл өкілдерінің ара салмағы айтарлықтай жоғары.



1. Халықтың жас құрамына табиғи өсу дәрежесі қалай әсер етеді?
2. Неліктен дамыған мемлекеттерде балалардың үлес салмағы қарттарға қарағанда анағұрлым төмен?
3. Еуропеод нәсілі өкілдерінің дүние жүзін бойлап кең таралуының себептері неде?
4. Америка құрлығында аралас нәсілдердің қалыптасуы қандай себепшарттарға байланысты?

## § 10. Дүние жүзі халқының этникалық және діни құрамы



*Этнос, тайпа, ұлыс, ұлт, тіл семьялары мен топтары, халықаралық сөйлесу тілдері, дін, қарапайым дін, жергілікті дін, буддизм, христиандық, ислам діні.*

Халықтың ұлттық құрамы аумақтарда жасайтын этностарға (грекше *этнос* – халық) байланысты. *Этностар* адамдардың тарихи қалыптасқан өмір сүру аумағы, мәдениеті, тұрмыс салты бір-бірінен ерекшеленіп тұратын әлеуметтік топтар болып саналады. Олардың тайпалық, ұлыстық және ұлттық көріністері де бар.

*Тайпа* адамдардың ең ертедегі замандардағы қарапайым әлеуметтік бірлестіктері болып саналады. Бүгінгі таңда олар негізінен Амазонияда, Океания мен Африканың орталық аумақтарында сақталып қалған. Ал *ұлыс* – тайпа мен ұлт аралығындағы этникалық бірлік, ол аз санды этностардан құралады. Ұлыстар негізінен Азия мен Африкадағы мемлекеттерде бар.

Бірыңғай тілі, аумағы, мәдениеті, менталитеті және ұлттық өздігін тану ерекшеліктері жоғары дәрежеде қалыптасқан, көп жағдайларда өзінің саяси мемлекеттілік дәстүрлері бар ірі этностар *ұлт* деп аталады. Әлемдегі



ұлттар арасында өкілдерінің саны 100 млн. адамнан асатын 12 ұлт (5-кесте), 50–100 млн. адам болған 12 ұлт, 25–50 млн. адамға жеткен 17 ұлт бар.

Дүние жүзіндегі мемлекеттер ұлттық құрамының ерекшеліктеріне қарай бір ұлтты (мәселен, Жапония, Исландия, Норвегия), бір ұлттың басқа ұлттарға қарағанда үлес салмағы үлкен болған (мәселен, АҚШ, Франция, Түркия), қос ұлтты (мәселен, Канада, Бельгия), келіп шығуы бір-біріне жақын ұлттардан құралған (мәселен, Ауғанстан, Пакистан), көп ұлтты (мәселен, Үндістан, Индонезия) мемлекеттер топтарына жіктеледі.

Этнос мәдениетінің өзегі тіл болып саналады. Әлемдегі этностар тілдерінің ұқсастығы мен туысқандығынан туындай отырып, 20-дан артық *тіл жанұяларына* бірігеді. Олардың арасында үнді-еуропа тіл жанұясына жататын халықтар санына қарай жетекшілік етеді. Әлем халқының дерлік 1/2 бөлігі осы жанұяның құрамына енетін тілдерде сөйлеседі. Өзбектер алтай тілдері жанұясының түркі тобына жататын ұлт болып саналады.

5-кесте

**Өкілдерінің саны 100 млн. адамнан асатын ұлттар (2018 ж.)**

№	Ұлттар	Жалпы саны, адам
1	Хандар (қытайлықтар)	1 млрд. 310 млн.
2	Үнділер	280 млн.
3	Бенгалдар	235 млн.
4	Американдар	200 млн.
5	Бразильдер	175 млн.
6	Орыстар	150 млн.
7	Жапондар	130 млн.
8	Мексикандар	147 млн.
9	Немістер	140 млн.
10	Пенжабтықтар	110-120 млн.
11	Бихарлар	115 млн.
12	Явалықтар	105 млн.

Әлемде өзара сөйлесушілерінің саны 100 млн. адамнан асқан 11 тіл бар, олардың арасында қытай тілі (1 млрд. 310 млн. адам), ағылшын тілі (420 млн. адам), үнді тілі (350 млн. адам), испан тілі (335 млн. адам), орыс тілі (250 млн. адам) жетекшілік етеді. Қытай, ағылшын, испан, француз, араб және орыс тілдері БҰҰ қызметінде қолданылатын ресми тілдер болып саналады.

*Халықтың діни құрамы.* Діндер қарапайым (примитивті), жергілікті және дүниелік діндер болып бөлінеді. Дінге табынудың ең қарапайым көрінісі болған примитивті діндер қазіргі уақытта негізінен тайпалар арасында сақталып қалған. Олардың тотемизм, анимизм, фетишизм сияқты көріністері бар.

Жергілікті діндер (*бір немесе бірнеше туысқан ұлттар арасында тараған діндер*) негізінен бір мемлекет яки аймақ шеңберінде тарайды. Жергілікті діндер арасында индуизм діні өзінің табынушыларының саны бойынша көш бастайды. Сикхизм, конфуцийлік, иудаизм (яхудилік) және синтоизм діндері де жергілікті діндер қатарына жатады (6-кесте).

6-кесте

### Жергілікті діндердің таралу аймақтары

№	Жергілікті діндер	Табынушылардың негізгі бөлігі тараған аймақтар
1	Индуизм	Үндістан, Непал, Шри-Ланка
2	Сикхизм	Үндістан (Пенжаб штаты)
3	Конфуцийлік	Қытай
4	Синтоизм	Жапония
5	Иудаизм	Израиль, АҚШ

7-кесте

### Дүниелік діндердің таралу аймақтары

№	Дүниелік діндер	Табынушыларының негізгі бөлігі тараған аймақтар
1	Буддизм	Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азия
2	Христиандық	Еуропа, Солтүстік Азия, Америка, Аустралия, Тропиктік Африка
3	Соның ішінде: католиктік	Батыс және Оңтүстік Еуропа, Оңтүстік Америка, Тропиктік Африка
4	протестанттық	Солтүстік Еуропа, Солтүстік Америка, Аустралия
5	православие	Шығыс және Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Азия
6	Ислам	Оңтүстік-батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс және Орталық Азия, Солтүстік Африка
7	Соның ішінде: суннилер	Басым көпшілігі мұсылман мемлекеттер
8	шиалар	Иран, Әзербайжан, Ирак, Бахрейн

Дүние жүзінің бірқатар мемлекеттерінде тараған, табынушылар саны айтарлықтай көп үш дүниелік дін бар. Олар: буддизм, христиан және ислам діні. Табынушыларының санына қарағанда (2 млрд. 400 млн.-нан астам адам) католиктік, протестанттық және православиялық бағыттарға бөлінетін христиан діні жалпы діндер көшін бастайды. Бұл діннің өкілдері дүниенің барлық аймақтарына тараған.

Пайда болу кезеңіне қарай дүниелік діндер арасында ең жасы болып саналатын ислам дінінің 1 млрд. 600 млн.-нан астам табынушысы бар. Әлемдегі 50 елдің мемлекеттік діні болып қабылданған ислам діні негізінен Солтүстік Африка, Оңтүстік-батыс, Орталық, Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс Азия аумақтарында кеңінен тараған. Оның суннийлік және шиалық мазхабтары бар.

Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азияда (Қытай, Жапония, Монғолия және басқалар) негізгі табыну көзі болып саналатын буддизм дінінің 700 млн.-нан астам табынушысы бар. Оның махаяна, хинаяна, ламаизм рәуіштес мазхабтары жұмыс істейді.



1. Жалпы саны 100 млн. адамнан асқан ұлттардың аумақтық таралу ерекшеліктерін анықта.
2. Діндердің географиялық таралуында аумақтық айырмашылықтардың туындауына қандай себепшарттар әсер еткен?
3. Бүгінгі таңда қарапайым діндер сақталып қалған аумақтарды картадан көрсет.



## § 11. Дүние жүзі мемлекеттерінің урбанизациясы

*Қала, урбанизация үдерісі, миллионер қалалар, агломерация, мегалополис.*

Ауылдар мен қалалар халық қоныстанған елді мекендердің екі негізгі көрінісі болып саналады. Қала деп тұрғындарының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығынан басқа салалармен шұғылданатын елді мекендер айтылады. Қазіргі уақытта қалалар әрбір мемлекеттің негізгі өндірістік, басқару және көлік орталықтарына айналып қалғандығы белгілі. Нақ сол қалалар тұрғындардың мәдени демалысын қамтамасыз ететін мекен-жайлар болып табылады.


Өндіріс салаларының дамуы, әсіресе өнеркәсіп төңкерісінің орын алуы, сонау шалғайдағы аумақтарға дейін жетіп бару мүмкіндігін беретін көлік жолдарының салынуы әлемдегі қалалар санының шұғыл артуына

себеп болды. Ал қалаларға тән өмір салты көптеген адамдарды өзіне тартып, оларды ірі қалаларға көшіп келуге ұмтылдыруда. Соның нәтижесінде дүние жүзінде *урбанизация* үдерісі шапшаң қарқынмен дамып келеді.

**Урбанизация** (латынша *урб – қала*) – қалалардың, қалалық тұрғындар саны мен үлес салмағының өсуі, қалалық өмір салтының таралу үдерісі.

Қалыпты жағдайда урбанизацияның деңгейі халықтың жалпы құрамындағы қала тұрғындарының үлес салмағымен өлшенеді. Егер 1800 жылы Жер жүзіндегі халықтың 3%-ы қалаларда жасайтын болса, арадан жүз жыл өткен соң бұл көрсеткіш 14%-ға жетті. Ал 2000 жылы әлемдік урбанизация деңгейі 47%-ды құрады. Ең соңғы – 2018 жылғы жағдай бойынша әлемдік урбанизацияның орташа көрсеткіші 55%-ға тең болды.

Урбанизация дәрежесінің көрсеткіштері бойынша дүние жүзіндегі мемлекеттерді үш топқа жіктеуге болады:



**11-сурет.** Әлемнің аймақтарында урбанизация деңгейінің өзгеруі (% есебімен).

Аймақтар арасында ең жоғары урбанизация дәрежесі Солтүстік Америкаға тиесілі (82%). Бұл көрсеткіш Латын Америкасында 81%-ды, Еуропада 74%-ды, Аустралия мен Океанияда 68%-ды, Азияда 50%-ды және Африкада 43%-ды құрайды. Әлемнің барлық аймақтарында урбанизациялану дәрежесі кезеңді түрде өзгеріп барады. Еуропа, Солтүстік Америка, Аустралия және Океания аумақтарында бұл көрсеткіштің

өзгеруі өзгелерге қарағанда баяу жүріп жатыр. Ал Азия мен Африкада халықтың табиғи өсімі жоғары болғандықтан, ауылдық жерлерден қалаларға қарай ағылған миграцияның әсерімен урбанизация дәрежесі де жедел артып барады.

Бірақ дамып келе жатқан мемлекеттерде қала халқы санының көбеюі *жалған урбанизация* сипатында жүріп жатыр. Жалған урбанизация нәтижесінде ірі қалалардың айналасында қажетті инфрақұрылым элементтері болмаған, ауылдық жерлерден көшіп келген халықтың қолымен бей-берекет салынған мекен-жайлар қалыптасады (12-сурет). Бұндай мекен-жайлардың иелеген аумағы әсіресе Бразилия мен Үндістандағы ірі қалаларда өте ауқымды.



12-сурет. Жалған урбанизация көріністері..

Урбанизация үдерісі нәтижесінде тек қалалар мен қала тұрғындарының саны көбейіп қана қоймай, сонымен қатар қала іргесіндегі мекен-жайлар алаңы да ұлғая береді. Осының нәтижесінде қала агломерациясы мен мегалополистер пайда болады.

**Қала агломерациясы** – түрлі іріліктегі қалалардың әкімшілік, өндірістік, әлеуметтік байланыстар нәтижесінде бірігуі болып табылады. Агломерациялар бір орталықты немесе көп орталықты болуы мүмкін.

**Мегалополис** (грекше *мегалу* – үлкен, *полис* – қала) деп ірі қалалар мен қала агломерациясының бір-біріне қосылып кетуі айтылады. Мегалополистерді бірнеше қала агломерациясының жиынтығы деп атауға да болады. Бүгінгі таңда дүние жүзінде толық қалыптасқан 6 мегалополис бар (8-кесте).

**Әлемдегі толық қалыптасқан мегалополистер туралы мәлімет**

№	Мегалополис	Орналасқан мемлекеті	Агломерациялар саны	Ең ірі агломерациясы	Жалпы ұзындығы, км
1	Солтүстік-шығыс (Босваш)	АҚШ	40	Нью-Йорк	800
2	Көлбойы (Чипитс)	АҚШ	35	Чикаго	900
3	Тынық мұхит жағалауы (Сансан)	АҚШ	15	Лос-Анжелес	800
4	Ағылшын	Ұлыбритания	30	Лондон	400
5	Рейн	Нидерландтар, Германия, Бельгия, Франция	30	Рейн-Рур	500
6	Жапон (Токайдо)	Жапония	20	Токио-Йокогама	700



1. Урбанизация дәрежесінің ХХ ғасырда жедел қарқынмен өрістеуіне қандай себепшарттар әсер еткен?
2. Урбанизация дәрежесінің көрсеткіштеріне қарай отырып төмендегі мемлекеттерді топтастырындар:  
Марокко (62%), Кения (32%), Канада (81%), Бразилия (86%), Куба (77%), Швеция (87%), Франция (80%), Болгария (73%), Өзбекстан (51%), Түркия (75%), Индонезия (54%), Аустралия Одағы (86%), Фиджи (56%), Тувалу (62%).
3. Дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттердің урбанизация үдерісі бір-бірінен несімен ерекшеленеді?



## § 12. Практикалық сабақ

1. Төмендегі мемлекеттердің халқының тығыздығын анықтаңдар:

а) Италия – жер көлемі 301,2 мың шаршы км, халқының жалпы саны 60,6 млн. адам;

ә) Никарагуа – жер көлемі 129,4 мың шаршы км, халқының жалпы саны 6,3 млн. адам;

б) Монғолия – жер көлемі 1566,6 млн. шаршы км, халқының жалпы саны 3,2 млн. адам;

в) Камерун – жер көлемі 475,4 мың шаршы км, халқының жалпы саны 25,6 млн. адам.

2. Төмендегі кестені толтыр:

Мемлекеттер	Халқының жалпы саны (млн. адам)	Қала халқы (млн.адам)	Ауыл тұрғындары (млн. адам)	Урбанизация дәрежесі (%)
Түркия	81,3	61	...	...
Уганда	...	10,6	...	24
Швеция	...	8,8	1,4	...
Панама	...	...	1,3	69

3.Төмендегі ғибадатханалардың рәміздері қайсы дінге тиесілі екенін анықтаңдар:



I



II



III



## 4-ТАРАУ. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ

### § 13. Дүниежүзілік шаруашылық және халықаралық еңбек бөлінісі



*Дүниежүзілік шаруашылық, халықаралық еңбек бөлінісі, мамандану, әлемдік экономика тармақтары, материалдық өндіріс салалары, материалдық емес өндіріс салалары.*

**Дүниежүзілік шаруашылық (экономика)** түрлі сипаттағы сауда-экономикалық байланыстар арқылы өзара байланысқан барлық мемлекеттердің ұлттық экономикалары кешені болып саналады.

Ұлттық шаруашылықтар жалпылама түрде әлемдік шаруашылық ретінде қызмет көрсете бастаған кезең XV – XVI ғасырлармен, яғни Ұлы географиялық ашулар кезеңімен тығыз байланысты. Нақ осы кезеңде қымбат бағалы металдар мен асыл тастар, дәмдеуіштер және гүлдер секілді сұранысы жоғары заттардың халықаралық саудасы жедел қарқынмен дамыды.

Әлемдік шаруашылықтың өркендеуі өндірістік тармақтардың дамуына байланысты болып табылады. Әлемдік экономика үшін XVIII ғасырға дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы жетекші сала болып келген. Сонымен қатар қолөнершілік саласы да белгілі деңгейде дамыған еді.

Еуропада орын алған өнеркәсіп төңкерісі өнеркәсіп өндірісінің қарыштап алға басуына негіз қалады. XVIII ғасырдың соңында Дж.Уатт есімді өнертапқыштың бу машинасын ойлап табуы сан түрлі өнімдер өндіретін ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының іске қосылуына түрткі болды.

1960 жылдарға қарай өндірістік салаларда автоматтандыру үдерісі басталды. Бұл жағдай өз кезегінде материалдық емес өндіріс салаларының дамуын жеделдетті. Осының нәтижесінде әлемдік экономикада қызмет көрсету салаларының маңызы жоғарылай бастады.

Әлемдік шаруашылықтың дамуында оның негізгі салалары аса маңызды рөл атқарады. Қалыпты жағдайда олар үш секторға жіктеледі. Ауыл және орман шаруашылығы, балықшылық, аңшылық, сонымен қатар тау-кен өнеркәсібі *бірінші сектордың* құрамына енеді. Бұл

сектордың тармақтары негізінен өнеркәсіп тармақтарына арналған қажет шикізатты дайындап беруге маманданған. *Екінші сектордың* тармақтары дайын өнім шығаруға бағытталса, арнайы қызмет көрсету үшін *үшінші сектордың* негізгі міндеті болып саналады (13-сурет).



13-сурет. Әлемдік экономиканың құрамдық құрылысы.

Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларының экономикада иелейтін орнына қарай мемлекеттерді бірнеше топтарға бөлуге болады. Бүгінгі таңда дүние жүзіндегі мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына орай *аграрлы* (экономикасының тармақ құрамында ауыл шаруашылығының үлес салмағы жоғары), *индустриялы* (экономикасының тармақ құрамында өнеркәсіп және құрылыс салаларының үлес салмағы жоғары) және *постиндустриялы* (экономикасының тармақ құрамында қызмет көрсету, әсіресе интеллектуалдық сала тармақтарының үлес салмағы жоғары) топтарға бөлінеді. Сонымен қатар экономикасында ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің иелейтін үлес салмағына қарай *аграрлы-индустриялы* немесе *индустриялы-аграрлы* мемлекеттер де болады. Мәселен, Сенегал – аграрлы, ГФР – постиндустриялы, Өзбекстан – индустриялы-аграрлы, Камбоджа – аграрлы-индустриялы мемлекеттер.

Дүниежүзілік шаруашылықтың бірыңғай жүйе ретінде өркендеуі халықаралық еңбек бөлінісіне тәуелді. Кейбір мемлекеттер шаруашылығының белгілі бір өнімдерді өндіруге мамандандырылуы және

бұл өнімдерді басқа мемлекеттермен айырбастауы **халықаралық еңбек бөлінісі** деп аталады. Мемлекеттердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнына олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, экономикалық-демографиялық ерекшеліктері (әсіресе теңіз жолдарына жақын не алыс орналасуы), табиғи ресурстары секілді себепшарттар өз ықпалын тигізеді.

Әрбір мемлекетте халықаралық мамандану тармақтары, яғни экспортқа шығарылатын өнімдер өндіретін тармақтар қалыптасады. Мысалы, Жапония әлемдегі радиоэлектроника, робототехника өнімдерінің, автомобиль және теңіз кемелерінің экспорты бойынша көш бастаса, Сауд Арабиясы, БАӘ, Кувейт тақылеттес мемлекеттер жанармай шикізатының негізгі экспорттаушылары болып саналады. Перу, Замбия және Конго Демократиялық Республикасы мыс рудасы мен тазартылған мысты, ал Бурунди мен Уганда кофе шикізатын әлемдік базарға өте көп мөлшерде шығарады. Нақ осындай халықаралық мамандану кез келген мемлекеттің әлемдік экономикадағы орнын белгілейді.



1. Дүниежүзілік шаруашылық дегенде нені түсінеміз?
2. Халықаралық еңбек бөлінісі деген не?
3. Әлемдік шаруашылық қандай секторларға бөлінеді?
4. Халықаралық мамандану тармағы дегенде нені түсінуге болады?

## § 14. Әлемдік экономика орталықтары және халықаралық интеграция үдерістері




*Әлемдік экономика орталықтары, көп орталықтылық, жаһандану, халықаралық экономикалық интеграция, трансұлттық компаниялар.*

Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы ондағы маңызды экономикалық орталықтардың қызметіне тікелей байланысты. Өндірістік, ғылыми-техникалық және қаржылық ресурстары үлкен, әлемдік шаруашылық пен саясатта ерекше орын иелеген мемлекеттер *әлемдік экономиканың негізгі орталықтары* ретінде тілге алынады. Бұндай орталықтар дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуы мен дамуына елеулі ықпал жасаған.

XXI ғасырдағы әлемдік экономика өзінің шеңберіне орай шын мәнінде жаһандық болып табылады, ол толығымен нарықтық экономиканың қағидаттарына, өндірістің интернационалдануына негізделеді. Ал бұл жағдай әлемдік экономикада *полицентрлік* – көп орталықтылық күйдің қалыптасуына әкелді. Бүгінгі таңда Батыс Еуропа, Солтүстік Америка

елдерімен қатар ТМД мемлекеттері, Қытай, Жапония, Азияның жаңа өнеркәсіптенген елдері, Парсы шығанағы елдері, Үндістан, Бразилия, Мексика секілді экономикалық орталықтар да әлемдік экономикадан өзіндік орынға ие болды. 2017 жылғы жағдай бойынша Халықаралық валюта қорының мәліметтері әлемдік жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) 28%-ы Солтүстік Американың (25,8%-ы АҚШ-қа тиесілі), дерлік 15%-ы Батыс Еуропаның, ал 16%-ы Қытайдың үлесіне тура келгенін көрсетеді (14-сурет).



**14-сурет.** Әлемдік жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) құрамындағы ірі экономикалық орталықтардың ара салмағы (2017 ж., % есебімен).

Дүние жүзі мемлекеттерінің экономикалық, саяси және мәдени байланыстар арқылы өзара жақындасуын, бірыңғай ақпарат әлемінде дамуын аңғартатын *жаһандану* үдерісі барлық аймақтар мен мемлекеттердің шаруашылық дамуына өз ықпалын тигізеді. Жаһандану үдерісі экономикалық интеграцияның туындауына алып келді. **Халықаралық экономикалық интеграция** – мемлекеттердің өзара берік байланыстарға және ұлттық шаруашылықаралық еңбек бөлінісіне негізделген экономикалық бірлесу үдерісі болып табылады.

Интеграциялық бірлестіктердің аймақтық (мысалы, Еуропа Одағы), тармақтық (мысалы, мұнайды экспорттайтын мемлекеттер ұйымы – ОПЕК) және халықаралық монополиялар көрінісіндегі түрлері бар. Әрбір интеграциялық бірлестік дүниежүзілік шаруашылықтың дамуында маңызды рөл атқарады. Олардың арасында халықаралық монополиялардың басты

көрінісі болған трансұлттық компаниялар экономикалық мүмкіндіктерінің жоғары болуымен ерекшеленіп тұрады. Екі және одан артық мемлекеттерде қызмет жүргізетін кәсіпорындар мен көлемді мөлшердегі шетелдік активтерге иелік ететін халықаралық компания *трансұлттық компания* болып саналады. Бүгінгі таңда әлемдік экономикада көптеген ТҰК-лар өндірістің түрлі салалары бойынша жұмыс жүргізуде.

Корпорациялардың базар құны, жылдық табысы секілді көрсеткіштері олардың әлемдік рейтингтегі орнын анықтап береді. Осыған орай, АҚШ-тың көп тармақты «Wal-Mart Stores» компаниясы, Нидерландтар мен Ұлыбританияның «Royal Dutch Shell», Қытайдың «China Petroleum & Chemical Corp. (Sinopec)» және «China National Petroleum (PetroChina)» компаниялары әлемдегі ең әйгілі ТҰК-лар деп танылған. Дүние жүзінің жетекші 500 ТҰК-ларының үлкен бөлігі АҚШ (128-і), Қытай (106-сы) және Жапония (53-і) аумақтарында тіркеуден өткен.



1. Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуы мен дамуында экономикалық орталықтардың маңызы қандай болған?
2. XX ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы ненің есебінен жүзеге асты?
3. Заманалық әлем экономикасының өзіндік ерекшеліктері қандай?

## § 15. Ғылыми-техникалық төңкеріс пен өндірістің дамуына инновациялық технологиялардың әсері



*Ғылыми-техникалық төңкеріс, ғылым, техника және технология, өндіріс, басқару, биотехнология, ғарышты игеру, нанотехнологиялар.*

Дүниежүзілік шаруашылық тармақтарының жедел қарқынмен дамуына, олардың құрамдық тұрғыдан жетілуіне ғылыми-техникалық төңкеріс үлкен әсерін тигізген. **Ғылыми-техникалық төңкеріс (ҒТТ)** дегеніміз – қоғамда ғылымның өндіргіш күшке айналуы нәтижесінде өндірісте түбірлі өзгерістерге қол жеткізу. 1950–1960 жылдарда дүние жүзінің жетекші мемлекеттерінде ғылымға деген назардың күшеюі және ғылыми жаңалықтардың қолданысқа жедел енгізілуі нәтижесінде өндірісте құрамдық өзгерістер орын алды, жаңа салалар пайда болды.

Адамзаттың ғарышты игеруге ұмтылысы, ядролық энергияны бейбіт мақсаттар үшін игеру (АЭС-тердің құрылысы), электронды есептеу машиналары – ЭЕМ-дердің пайда болуы адамзаттың даму тарихындағы



аса маңызды жаңалықтар болды, олар ғылымның өндіріспен мызғымас байланыс орнатуға кіріскенін көрсетті. Өзіндік ерекшеліктеріне орай, ҒТТ – көп қырлы, ол өзінің құрамдас бөліктері болып саналатын ғылым, техника, технология, өндіріс және басқару салаларында да ауқымды өзгерістердің орын алуына себеп болды.

ҒТТ-ның ықпалымен ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін жұмсалатын мемлекеттік қаржылар көбейтілді, білім беру саласында сапалық өзгерістер жүзеге асырылды. Ғылым салаларының құрамында жаңа бағыттар дамыды (мысалы, биотехнология, нанотехнология). Өндіріспен ғылым ортасындағы байланыстардың күшеюі дамыған мемлекеттер тарапынан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға көлемді қаржылардың бөлінуіне себеп болды. Бүкіл дүние жүзінде атқарылып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының 4/5 бөлігі Жапония, АҚШ, ГФР және басқа 10 шақты дамыған елдерге тура келеді. Аталмыш мемлекеттерде ЖҰӨ-нің 2–3%-ы ғылымға жұмсалады. Ал барлық дамып келе жатқан мемлекеттерде әлем бойынша ғылымның дамуына бағытталған қаржылардың 4–5%-ы ғана тура келеді.

Техника және технологиялар саласында жаңа технологиялық үдерістердің енгізілуі, ЭЕМ-дер мен роботтардың өндірісте кеңінен қолданылуы, кванттық техниканың дамуы (лазерлер) рәуіштен өзгерістердің нәтижесінде өндірістің тиімділігі мен еңбектің өнімділігі айтарлықтай артты. Өндірісті автоматтандыру және роботтандыру үдерістері адам еңбегін анағұрлым жеңілдетті. Бүгінгі таңда техника және технологиялар саласында орын алған жаңалықтардың арқасында қол еңбегімен қатар өзге ресурстарды да үнемдеуге үлкен назар аударылып келеді. Сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсарту бойынша бірқатар игі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, Ұлыбритания мен Италияда болаттың 2/3 бөлігі темір-терсектен, Ұлыбритания мен Жапонияда қағаздың 1/2 бөлігі қағаз шығындыларынан алынады.

Ғылымдағы жаңалықтар өндіріс тармақтары құрамында жаңа салалардың пайда болуына да септігін тигізеді (мысалы, химия өнеркәсібінің полимерлер бағыты). Бұдан тыс ҒТТ өнеркәсіп тармақтары арасында бүтіндей жаңа және заманалық өнеркәсіп тармақтарының қалыптасуына да негіз қалады (мысалы, микробиология өнеркәсібі). Өзіндік құны қымбат табиғи шикізаттардың орнын жасанды, арзан өнімдер (мысалы, жасанды каучук) иелей бастады.

Экономиканың тиімді дамуы басқару үдерісін қалай қалыптастыру мен ұйымдастыруға тікелей байланысты. ҒТТ бүгінгі таңдағы жұмыс үдерісін ұйымдастыруды қажетті білімдерге ие болған іс басқарушылардың (менеджерлер) жүзеге асыруын қамтамасыз етіп берді.

Ғылыми-техникалық төңкерістің мемлекеттер экономикасының дамуына тигізген әсерін бағалау кезінде ғылымға мұқтаж салалар өндірген өнеркәсіп өнімдерінің көлемі есепке алынады. Электротехника машиналарын жасау, микроэлектроника, авиағарыштық өнеркәсіп сияқтылар осы топтағы өнімдерді өндірумен шұғылданады. Ғылымға мұқтаж өнеркәсіп тармақтарында өнім өндіру бойынша әлемде АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания және Корея Республикасы тәрізді мемлекеттер көш бастап келеді.

Ғылыми-техникалық төңкеріс өмірдің барлық салаларында өз ықпалын көрсетіп отыр. Оның әсерімін материалдық өндіріспен қатар, халыққа қызмет көрсететін материалдық емес сала да дүниежүзілік шаруашылықта өзіне лайықты орынға ие бола бастады. Бұл жағдай өз кезегінде постиндустриалдық кезеңнің басталуына түрткі болды.



1. Ғылыми-техникалық төңкерістің маңызын түсіндіріп бер.
2. Ғылыми-техникалық төңкеріс дүниежүзілік шаруашылыққа қандай әсер көрсетті?
3. Әлемдік экономиканың ғылымға мұқтаж тармақтарын ата.
4. Ядролық энергияны бейбіт мақсаттар үшін игеру дегенде нені түсінуге болады?

## § 16. Дүниежүзілік энергетика географиясы




*Отын-энергетика балансы, көмір өнеркәсібі, газ өнеркәсібі, мұнай өнеркәсібі, электр энергетикасы, жылу энергетикасы, гидроэнергетика, атом энергетикасы, дәстүрлі емес энергия ресурстары.*

Өнеркәсіп тармақтары арасында энергетика айрықша орын иелейді. Ол түрлі отын ресурстарын (көмір, мұнай, табиғи газ, торф, жанғыш сланец) қазып алатын және қайта өңдейтін, электр энергиясын өндіретін тармақтар кешені болып саналады. Энергетика өнеркәсіптің ең маңызды тармағы болғандықтан, басқа салалардың дамып-өркендеуіне негіз қалап береді.

Мұнай, көмір, газ және электр энергетикасы өнеркәсіптері отын-энергетика кешенінің басты тармақтары болып табылады.

*Мұнай өнеркәсібі.* 2016 жылғы мәліметтерге қарағанда, дүние жүзі бойынша 4,3 млрд. тонна мұнай қазып алынған. Оның негізгі бөлігі Мұнайды экспорттайтын мемлекеттер ұйымына (ОПЕК) мүше елдердің үлесіне тиесілі. ОПЕК мемлекеттері (Біріккен Араб Әмірліктері, Иран, Ирак, Кувейт, Сауд Арабиясы, Ангола, Габон, Алжир, Экваториалдық Гвинея, Конго, Ливия, Нигерия, Венесуэла, Эквадор) аумағында әлемдік мұнай қорларының 2/3 бөлігі шоғырланған. Жылдық мұнай өндірудің 1/3 бөлігі аталмыш мемлекеттердің еншісіне тура келеді (15-сурет).



**15-сурет.** ОПЕК ұйымына мүше мемлекеттер (2018 ж.).

2016 жылдың қорытындыларына орай, әлемдегі мемлекеттер арасында мұнай өндіру бойынша Сауд Арабиясы (583 млн.т), Ресей (548 млн.т), АҚШ (537 млн.т), Канада (220 млн.т) және Иран (200 млн.т) көш бастап келеді. Жалпы қазып алынған мұнайдың 48,3%-ы аталмыш мемлекеттердің үлесіне тиесілі. Сауд Арабиясы, Ресей, БАӘ, Кувейт және Ирак сынды елдер мұнайдың ірі экспорттаушылары болып саналса, АҚШ, Қытай, Жапония және Еуропа мемлекеттері негізгі мұнай сатып алушы мемлекеттер қатарына жатады.

*Газ өнеркәсібі* табиғи газ өндіруді, қатты және сұйылтылған отындардан жасанды газ өндіруді және газдан химиялық өнімдерді айырып алуды қамтиды. Табиғи газдың жағар отын ретінде өзге отын түрлерінен бірқатар қолайлы жақтары бар. Басқа отын түрлерімен салыстырғанда, табиғи газ қазып алудың оңайлығы мен арзандығы тұрғысынан, жылу беру қуатының жоғарылығы мен тасымалдауға қолайлылығы



**16-сурет.** Сұйылтылған табиғи газды сақтайтын резервуарлар.

тұрғысынан, сонымен қатар мұнай мен көмірге қарағанда экологиялық тұрғыдан тазалығы жағынан анағұрлым тиімді. Осындай артықшылықтары газ кендерін барлау және оны өндіру жұмыстарына зор маңыз берілуіне себеп болып отыр.

Мәліметтерге қарағанда, газдың жалпы геологиялық қоры шамамен 180 триллион текше метрді құрайды. Жылдық қазып өндіру көлемі 3,6 трлн. текше метрге тең (2016 ж.). Әлемде газ өндіру бойынша Азия, Солтүстік Америка, Еуропа аймақтары жетекшілік етсе, мемлекеттер арасында АҚШ (749 млрд. текше метр), Ресей (641 млрд. текше метр),

Иран (190 млрд. текше метр), Катар (182,8 млрд. текше метр) және Канада (174 млрд. текше метр) сияқтылар алдыңғы қатарда тұр.

Соңғы жылдарда газ экспортында сұйылтылған газбен сауда жасауға айрықша мән беріліп отыр (16-сурет). Табиғи газды сұйық күйге өткізу үдерісінде ол орта есеппен 600 есеге дейін сығылады. Ал бұл өте үлкен мөлшердегі газды тасымалдау мүмкіндігін туғызады. Осының нәтижесінде арнайы газ тасымалдайтын танкерлердің көмегімен оны құрлықтар арасында экспорттау мүмкіндігі туындады. Әлемнің 30-ға жуық елдерінде сұйылтылған газ өндіріледі. Бұл салада Катар, Аустралия, Малайзия сынды мемлекеттер жетекшілік етіп келеді. Ал Жапония, Корея Республикасы және Қытай секілді елдер сұйылтылған газдың негізгі тұтынушылары болып табылады.

*Көмір өнеркәсібі* – отын-энергетика тармақтары арасында ең алдымен қалыптасқан тармақ болып саналады. Бұл тармақ көп қаржы мен жұмыс күшін талап ететін сала болғанымен, оның өнімдері отын, қара металлургия және химия өнеркәсіптерінде ұтымды пайдаланылады. Қазіргі уақытта қазып алынып жатқан көмірдің негізгі тұтынушылары – жылу электр станциялары. Қазып алынып жатқан көмір негізінен сол мемлекеттердің өзінде тұтынылады. Қазып алынып жатқан көмірдің 10%-ы ғана экспортқа шығарылуда.


Дүние жүзі бойынша 7,3 млрд.т-ға жуық көмір қазып алынады (2016 ж.). Қазылып жатқан көмірдің 75%-дан астамы Қытай (3242 млн.т),

Үндістан (708 млн.т), АҚШ (672 млн.т), Аустралия (503 млн.т) және Индонезия (460 млн.т) елдерінің үлесіне тура келеді.

*Электр энергетикасы өнеркәсібі* электр энергиясын өндіру мен тұтынушыларға жеткізіп беруді қамтиды.

Бүгінгі таңда дүние жүзі бойынша шамамен 25 трлн. кВт·h электр энергиясы өндірілуде (2016 ж.). Қытай (6,17 трлн. кВт·h), АҚШ (4,4 трлн. кВт·h), Үндістан (1,4 трлн. кВт·h), Ресей (1,1 трлн. кВт·h) және Жапония (1,0 трлн. кВт·h) электр энергиясын ең көп өндіретін мемлекеттер болып саналады.

Электр энергиясын өндіру ісінде дәстүрлі (жылу, су және атом электр энергетикасы тармақтары) және дәстүрлі емес (күн, жел, судың қайтуы, гейзерлерден алынатын энергия және т.б.) энергия көздері пайдаланылады. Жоғарыда атап өтілген үш түрдегі дәстүрлі электр энергетикасы тармақтарында электр энергиясының шамамен 99%-ы өндіріледі. Ал баламалы энергия көздерінің үлес салмағы қазірше едәуір төмен (17-сурет).



**17-сурет.** Әлемдік электр энергетикасы өнеркәсібінің тармақтар құрамы (2017 ж.).

*Жылу электр энергетикасы* электр энергетикасының жетекші тармағы болып санлады да, отын жағу есебінен ыстық бу мен электр энергиясын өндіреді. Нидерландия, ОАР, Польша, Румыния, Мексика және басқа бірқатар елдерде өндіріліп жатқан электр энергиясының негізгі бөлігі ЖЭС-терге тура келеді. Туокетую (Қытай) мен Сургут ГРЭС-2 (Ресей) әлемдегі ең ірі ЖЭС-тер болып саналады.

*Су электр энергетикасы* – су ағымының энергиясы негізінде электр энергиясын өндіретін өнеркәсіп тармағы. ГЭС-тер негізінен мол сулы және жылдам ағатын тау өзендері аңғарларына салынады. Норвегия, Бразилия, Албания, Колумбия рәуіштес мемлекеттерде

электр энергиясының негізгі бөлігі ГЭС-терде өндіріледі. Әсіресе таулы мемлекеттердің электр энергетикасында ГЭС-тердің маңыздылығы айрықша. Қытайдың Янцзы өзенінде құрылған «Үш аңғар» ГЭС-і әлемдегі ең ірі ГЭС болып саналады.

*Атом электр энергетикасын* өнеркәсібі электр энергетикасының ғылыми-техникалық төңкерісі кезеңінде пайда болған, күрделі технологиялық үдерістерді өз бойына жинақтаған тармақ деуге болады. Әлемдегі ең бірінші АЭС Ресей Федерациясының Обнинск қаласында іске түсірілген болатын. Бүгінде дүние жүзінің 30-дан астам мемлекетінде АЭС-тер тиімді жұмыс істеп тұр. Ең ірі АЭС-тер Жапония, АҚШ, ГФР, Ресей елдері аумғанда орналасқан. Франция, Бельгия, Корея Республикасы секілді мемлекеттер АЭС-тер негізінде алынатын энергия мөлшері жоғары болған елдер ретінде көш бастап келеді.

Соңғы жылдарда дүние жүзі мемлекеттерінде экологиялық тұрғыдан зиянсыз энергия өндіретін баламалы көздерге талап күшейе түсті. Күн, жел, судың көтерілуі мен қайтуы, геотермалдық энергия сияқтылар – солардың қатарынан. Геотермалды энергияны пайдалану АҚШ, Ресей, Филиппин, Италия, Исландия тәрізді елдерде тиімді жүріп жатқан болса, Франция, Канада, Ресей және Қытай теңіздің көтерілуінен, ал Қытай, Дания, Нидерландия, Германия және АҚШ желдің күшінен электр энергиясын өндіру бойынша озаттық танытуда.



1. Төменде көрсетілген мемлекеттер арасынан ОПЕК-ке мүше емес үш мемлекетті анықта:  
а) Қытай; ә) Нигерия; б) Индонезия; в) Кувейт; г) БАӘ; ғ) Бахрейн.
2. Мәтінде көрсетілген табиғи газ өндіретін негізгі мемлекеттердің әлемдік жалпы газ өндіру саласындағы үлес салмағын анықта.
3. Келешекте дүние жүзінің отын-энергетика балансында қандай өзгерістер орын алуы мүмкін?

## § 17. Дүние жүзінің металлургия және химия өнеркәсібі географиясы



*Металлургия, қара металлургия, түсті металлургия, шойын, болат, химия өнеркәсібі.*

**Металлургия кешені** – өнеркәсіптің тірек тармақтарының бірі, ол рудаларды қазып алатын, оларды байытатын, металды және металл балқымаларын өңдейтін сала болып саналады. Бұл кешен пайдалана-



тын шикізаты мен өндіріп шығаратын өнім ерекшеліктеріне қарай екі дербес тармаққа – қара және түсті металлургияға бөлінеді.

**1. Қара металлургияның негізгі өнімі** болып саналатын шойын мен болат өнеркәсіптің түрлі тармақтарында және құрылыс саласында көп пайдаланылады.

Өнеркәсіптің бұл тармағында өте үлкен көлемдегі темір рудасы мен кокстелетін көмір пайдаланылады. Сол себепті бастапқы кезеңдерде тармақтың кәсіпорындары негізінен ірі темір рудасы мен көмір кендеріне жақын орналастырылған. ҒТТ дәуірінде саланың жаңа өндірістік технологияға өтуі арқасында темір рудасын және кокстелетін көмірді шалғай қашықтықтардан әкелу мүмкіндігі едәуір кеңейді. Осының нәтижесінде Батыс Еуропаның, Жапонияның және АҚШ-тың қара металлургия кәсіпорындары біртіндеп теңіз порттары төңірегіне орналаса бастады.

Дүние жүзінің қара металлургия өнеркәсібінде қазіргі уақытта шикізат ресурстарын жеткізіп беретін, дайын металл өнімдерін өндіретін және оларды пайдаланатын елдер топтары қалыптасты. Әлемде қазып алынатын темір рудасының негізгі бөлігі Қытай, Аустралия, Бразилия, Үндістан және Ресей елдерінің үлесіне тура келеді (80%-дан астамы). Ал Азия құрлығының елдері қазып алынатын темір рудасының дерлік 50%-ын өндіреді. Темір рудасын үлкен мөлшерде импорттайтын мемлекеттер қатарына АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Жапония, ГФР және Корея Республикасы жатады.

Дайын металл өнімдерін өндіру үдерісінде Азия елдерінің үстемдігі айқын сезіліп тұрады. Әсіресе Шығыс Азия аймағындағы мемлекеттер бұл салада көш бастап келеді. Бұл мемлекеттердің үлесіне дүние жүзі бойынша өндірілген шойынның 71%-ы, ал болаттың 60,3%-ы тура келеді.

9-кесте

**Қара металлургия өнеркәсібінің жетекші мемлекеттері  
(2016 жылғы мәліметтер)**

№	Шойын өндіруден жетекші мемлекеттер	Мөлшері, млн. т	Болат балқытудан жетекші мемлекеттер	Мөлшері, млн. т
1	Қытай	701	Қытай	808
2	Жапония	80,2	Жапония	105
3	Үндістан	63,7	Үндістан	95,5
4	Ресей	51,9	АҚШ	78,5
5	Корея Республикасы	46,3	Ресей	69,8
	Әлем бойынша	1165	Әлем бойынша	1628

**2. Түсті металлургия** тармақ ретінде күрделі ішкі құрылымға ие. Ол өзінің құрамына түсті металл рудаларын қазып алу мен байыту, таза металдар мен түрлі балқымалар алу, екінші шикізатты қайта өңдеу секілді үдерістерді қамтиды. Бұл тармақ 70-ке жуық түсті металды қайта өңдесе де, олардың арасында алюминий, мыс, қорғасын, мырыш өндіретін салалары маңызды орын иелейді. Түсті металлургия тармағының өнімдері түрлі салаларда қолданылады. Мысалы, алюминий – машинажасауда (ұшақжасау, электротехника), құрылыс, көлік және күнделікті тұрмыс қажетін өтеу заттарын өндіруде қолданылса, мыс – электр энергетикасы, машинажасау секілді салаларда пайдаланылады.

Дүние жүзі түсті металлургиясы дамуының бірінші сатысында шикізат себепшарты мен жеңіл металдар өндіруге деген сұраныстың күшеюіне байланысты (екінші саты) энергия себепшарты шешуші ықпалға ие бола бастады. Сонымен қатар көлік және тұтыну себепшарттары да тармақтың қарыштап алға басуында елеулі рөл атқарып отыр.

Дамып келе жатқан мемлекеттер түсті металлургияда шикізат ресурстарын жеткізіп беруге, ал дамыған мемлекеттер тұтынуға дайын түсті металдар өндіруге маманданған. Мысалы, түсті металлургияның маңызды тармағы болып саналатын алюминий өнеркәсібінде Аустралия, Қытай, Бразилия, Индонезия және Үндістан сияқты мемлекеттер негізгі шикізат – боксит өндіретін елдер қатарына жатады. Ал Қытай, Ресей, Канада, АҚШ, БАӘ тазартылған алюминий өндіру бойынша алдарына жан салмай келеді.

**Химия өнеркәсібі** – дүние жүзі экономикасының аса маңызды тармақтарының бірі. Бұл өнеркәсіп саласының өнімдері экономиканың барлық тармақтарында және халықтың күнделікті тұрмысында кеңінен пайдаланылады.

Химия өнеркәсібі тармақтарының аумақтық орналасуында шикізат (химия өнеркәсібінің барлық тармақтары), су (химия өнеркәсібінің барлық тармақтары) және энергия (мұнай-газ химиясы) себепшарттарының маңызы орасан зор.

Әлемдік химия өнеркәсібінде төрт негізгі аймақ ерекшеленіп тұрады: *Шығыс Азия, АҚШ, Батыс Еуропа және ТМД* мемлекеттері. Химиялық өнімдер өндіру бойынша көп жағдайларда аталмыш аумақтардың мемлекеттері көш бастайды. Мысалы, сульфат қышқылының негізгі өндірушілері болып АҚШ, Қытай және Ресей саналса, минерал

тыңайтқыштар өндіруден Қытай, АҚШ, Үндістан елдері алдарына жан салмай келеді. Ал фармацевтика өнеркәсібінің дамуы тұрғысынан АҚШ, Германия, Франция, Польша, Қытай және Үндістан ешкімге дес бермейді.



1. Металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарының аумақтық орналасуына қандай себепшарттар өз әсерін тигізеді?
2. Төменде көрсетілген мемлекеттердің қайсысы үшін қара металлургия халықаралық маманданған сала болып табылады?  
1) Қытай; 2) Үндістан; 3) Ресей; 4) Замбия; 5) Аргентина; 6) Германия.
3. Қайсы аймақтар әлемдік химия өнеркәсібінің негізгі орталықтары болып саналады?

## § 18. Әлемдік машинажасау және жеңіл өнеркәсіп географиясы



*Машинажасау өнеркәсібі, кемежасау, автомобильжасау, жеңіл өнеркәсіп, тоқыма өнеркәсібі.*

**Машинажасау** өнеркәсібінің негізгі міндеті экономиканың барлық салаларын машина-тракторлармен және аспап-құралдармен қамтасыз ету болып табылады.

Машинажасау кешені кәсіпорындарының аумақтық орналасуында бірқатар себепшарттардың әсері бар. Көптеген тармақтарда орын алғаны сияқты еңбек ресурсы себепшарты кәсіпорындардың орналасуында маңызды рөл атқарады. Бұдан тыс ғылыми-техникалық даму себепшартының да күшті ықпалы бар, соның нәтижесінде тармақ ішіндегі өнім өндіру үдерістері жеделдеп, тиімділіктің жоғарылауына және ғылыми орталықтармен интеграцияның күшеюіне әкеледі.

ҒТТ кезеңінде әлемдік машинажасау ғылымға мұқтаж тармақтардың біріне айналды. Осының арқасында тармақтың заманалық салалары жедел дами бастады. Сонымен қатар көлік (инфрақұрылымның дамығандығы), тұтыну (сұраныс пен тұтыну базарының ерекшеліктері), шикізат (ауыр машинажасау кәсіпорындарының қара металлургия орталықтарына жақындығы) себепшарттарының ықпалы да машинажасау кәсіпорындарының аумақтық орналасуында міндетті түрде ескеріледі.

Аталмыш өнеркәсіп тармағы металл өңдеу саласымен бірге өзінің құрамына 200-ден астам өндірістік тармақтарды шоғырландырады. Олардың арасында кемежасау, автомобильжасау, авиағарыш, электроника және электротехника өнеркәсібінің тармақтары айрықша орын иелейді. Кемежасау тармағының өнімдері теңіз көлігімен халықаралық жүктерді тасымалдауда ерекше маңызды, әлемдегі мемлекеттер арасында Жапония, Корея Республикасы және Қытай бұл саланың көш бастаушылары болып саналады.

Автомобильжасау – машинажасау өнеркәсібінің ең маңызды тармағы. Дүние жүзінің 30-ға жуық елдерінде автомобиль өндірісі бар, олардың арасында Қытай, Жапония, Германия, АҚШ, Корея Республикасы секілді мемлекеттер жетекшілік етеді. Ал Ресей, АҚШ, Франция, ҚХР, Жапония елдері авиазымыран-ғарыш өнеркәсібі қарыштап дамыған мемлекеттер қатарынан орын алады.

Дамыған мемлекеттерде қаржылық, ғылыми-техникалық мүмкіндіктердің жоғары болуы себепті машинажасау өнеркәсібінің ірі өндірістік кәсіпорындары нақ осы мемлекеттердің аумағына орын тепкен. Сонымен қатар дүние жүзінің ең ірі 4 машинажасау орталығы да осы аумақтарда қалыптасқан. Олардың арасында **Солтүстік Америка** аймағы машинажасау тармақтарының барлық түрі дамығандығымен ерекшеленеді. **Батыс Еуропа** мемлекеттері бұқаралық машинажасау өнімдерін өндіруге маманданған болса, **Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттері** дәстүрлі машинажасау өнімдерімен қатар жоғары технологияға негізделген ғылымға мұқтаж өнімдерді де өндіреді (радиотелемеханика, тұрмыстық қызмет техникасы). **ТМД мемлекеттерінің** машинажасау өнеркәсібінде ауыр және орта машинажасау үлкен орын иелейді.

**Жеңіл өнеркәсіп** халықты тұрмыс қажетін өтеу өнімдерімен (кездеме, киім, аяқкиім және басқалар) қамтамасыз ететін өнеркәсіп тармағы болып саналады. Бұл тармақ шикізат ретінде негізінен ауылшаруашылық өнімдерін пайдаланады. Шикізат, тұтыну, еңбек ресурстары сияқты себепшарттар тармақтың дамуында маңызды рөл атқарады. Жеңіл өнеркәсіпте тоқымашылық, тігіншілік және былғары-аяқкиім тармақтары ең жетекші тармақтар болып саналады.

Тоқыма өнеркәсібі өте көп еңбекті талап ететін тармақ болғандықтан, бүгінгі таңда арзан жұмыс күшіне бай дамып келе жатқан елдерде же-

дел қарқынмен алға басып барады. Тоқыма өнеркәсібінде негізінен мақта мен жүннен, жібек пен зығырдан және химиялық (жасанды) талшықтардан кездеме маталар тоқылады. Соңғы жылдарда аталмыш өнеркәсіп тармақтарының құрамында синтетика талшықты маталар өндірудің көлемі артып барады.

Әлемдік тоқыма өнеркәсібінде бес аймақ қалыптасқан: *Шығыс Азия, Оңтүстік Азия, ТМД мемлекеттері, Еуропа және АҚШ*. Егер Азия аймағында мақта мен жібек талшықты маталар жоғары сұранысқа ие болса, Еуропа мен АҚШ-та негізгі орынды синтетика талшықты және трикотаж маталар иелейді.

Тігін өнеркәсібі бүгінгі таңда жеңіл өнеркәсіптің ең қымбат өнімдер өндіретін тармақтарының бірі болып саналады. Бұл тармақта өзіне тән «сән орталықтары» қалыптасқан, олар – Париж, Лондон, Берлин және Нью-Йорк қалалары. Арзан жұмыс күшін пайдаланудың мүмкіндігі бар болғандықтан, тігіншілік саласының кәсіпорындары бірте-бірте дамып келе жатқан мемлекеттерге көшіп өтуде.

Былғары-аяқкиім тармағы теріні өңдеуге және одан түрлі өнімдер жасап шығаруға маманданған. Қытай, Италия, Үндістан, Испания, АҚШ және Франция тәрізді мемлекеттер аталмыш тармақтың жетекші елдері болып саналады.



1. Машинажасау өнеркәсібінің қандай тармақтары ғылыми-техникалық төңкеріс кезеңінде дамыды?
2. Қайсы мемлекеттер автомобиль өндірісінде жетекшілік етіп келеді?
3. Жеңіл өнеркәсіптің дамуында шикізат себепшартының қандай маңызы бар?
4. Дамыған мемлекеттер мен дамып келе жатқан мемлекеттердің жеңіл өнеркәсібі бір-бірінен несімен ерекшеленеді?

## § 19. Дүние жүзі егіншілігінің географиясы



*Ауыл шаруашылығы, тауар және тұтыну ауыл шаруашылығы, дәнді дақылдар, майлы дақылдар, тамыржемісті дақылдар, техникалық дақылдар.*

Ауыл шаруашылығы адамзаттың тарихында өте маңызды орын иелеген өндіріс саласы болып табылады. Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық дамуда ауыл шаруашылығының маңызы едәуір төмендеген

болуына карамастан, дүние жүзінің көп санды дамып келе жатқан мемлекеттері үшін ол негізгі халықаралық маманданған сала ретінде қызмет ете береді. Дүние жүзі бойынша бүгінде шамамен 1,4 млн. адам ауыл шаруашылығы саласына қамтылған.

Ауыл шаруашылығының басты ерекшеліктерінің бірі – оның табиғи климат жағдайымен тығыз байланыстылығы. Нақ осы табиғи климат жағдайы көбінесе әлем мемлекеттерінің ауыл шаруашылығы тармақтарына мамандануын белгілейді. Сол себептен ауыл шаруашылығының құрамы мен тармақтарының аумақтық орналасу бағыты әр түрлі болады. Бұл саланың дамуына табиғи климат жағдайынан тыс, әлеуметтік-экономикалық жағдай (ауыл шаруашылығына күрделі қаржылар тарту, техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілгендік) мен халықтың ұлттық-діни құрамы да үлкен әсерін тигізеді.

10-кесте

Әлем елдерінің ЖІӨ-інде ауыл шаруашылығының үлес салмағы (2017 ж., %)

ЖІӨ-де ауыл шаруашылығының салмағы жоғары елдер	Ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі салмағы, %	ЖІӨ-де ауыл шаруашылығының салмағы төмен елдер	Ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі салмағы, %
Либерия	77	Монако	0
Сомали	65	Катар	0,1
Гвинея-Бисау	62	Сан-Марино	0,1
Конго ДР	55	Кувейт	0,3
ОАР	55	Люксембург	0,4

Өндіріп шығаратын өнімдерінің ерекшеліктеріне орай ауыл шаруашылық тармақтары екі топқа: *егіншілік (диқаншылық)* пен *мал шаруашылығына* бөлінеді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығында өнім өндіру ерекшеліктері бойынша да екі түрге жіктеледі. **Біріншісі, дамыған тауарлық ауыл шаруашылығы**, онда өндірілетін өнімдер базарға, алғашқы кезекте сыртқы базарға шығаруға арналады. Бұндай шаруашылықтар жалпы жұмысы **интенсивті** түрде ұйымдастырылған заманалық егіншілік және мал шаруашылығы салалары болуы мүмкін. Тауарлық ауыл шаруашылығы негізінен экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттерде кеңінен дамыған. Бүгінгі таңда оларда ҒТТ жетістіктерін ұтымды түрде пайдалануға қол жеткізіліп келеді.



**Екіншісі, ішкі тұтыну** үшін ғана өнім шығаратын, тиімділігі төмен ауыл шаруашылығы. Бұндай шаруашылықтар ежелден-ақ кең тарағандықтан, **дәстүрлі ауыл шаруашылығы** деп те аталады. Олардағы жұмыс көбінесе **экстенсивті** жолмен ұйымдастырылады. Қазіргі кезде бұндай артта қалған диқан шаруашылықтары дүние жүзінің көптеген дамып келе жатқан мемлекеттерінде кең тараған. Орталық және Шығыс Африка, Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азия елдерінде әлі де жерағаш секілді қарапайым жұмыс құралдары пайдаланылып келеді (18-сурет).

Дәнді дақылдар жетілдіру – диқаншылықтың ең ірі тармағы болып табылады. Дәнді дақылдардың түрлері өте көп, олар дүние жүзі егін алқаптарының тең жартысына (0,7 млрд. га) егіледі. Дәнді дақылдардың құрамында бидай, салы және жүгері өсіру салаларының үлес салмағы үлкен. Әлемдік жалпы дән өнімдерінің 80%-ы аталмыш егін түрлеріне тура келеді. Бұдан тыс арпа, сұлы, қара бидай секілді түрлердегі дән өнімдері де бар.



**Интенсивті ауыл шаруашылығы**



**Экстенсивті ауыл шаруашылығы**

**18-сурет.** Әлемдегі мемлекеттерде ауыл шаруашылығының дамуындағы айырмашылықтар.

Бидай – дәнді дақылдар арасында ең көп егілетін егін түрі. 2016 жылғы мәліметтерге қарағанда, дүние жүзінде 800 млн. тонна бидай өндірілген. Бидай өндіру бойынша әлемде Қытай (131,7 млн.т), Үндістан (86,9 млн.т), Ресей (73,3 млн.т), АҚШ (62,9 млн.т) және Канада (30,5 млн.т) жетекшілік етеді. Дүние жүзілік бидай өнімінің дерлік тең жартысы аталмыш мемлекеттердің үлесіне тура келеді. Әлемдегі бидай егілетін негізгі аумақтар ретінде Солтүстік жартышардың орта ендіктері (АҚШ, Канада, Ресей, Украина, Қазақстан, Қытай) мен

Оңтүстік жартышардың орта ендіктерін (Аустралия, Аргентина, Бразилия) атап өтуге болады.

Әлемдік дәнді дақылдар арасында жалпы өнімділігі мен маңыздылығы тұрғысынан екінші орынды күріш (салы) иелейді. Егер бидай көптеген жағдайларда ойпатты аймақтардың егіні болып саналса, күріш негізінен муссонды климат аумақтарында өндіріледі. Қол еңбегіне негізделген бұл саланың дамуы тек агроклиматтық жағдайға ғана емес, сонымен қатар көп санды жұмыс күшіне де тәуелді. Осындай себепшарттар жинақталған Шығыс, Оңтүстік-шығыс және Оңтүстік Азия дүние жүзіндегі күріш жетілдірілетін негізгі аймақтар болып саналады. Қытай, Үндістан, Индонезия, Бангладеш, Вьетнам рәуішті мемлекеттер жалпы күріш өнімі бойынша әлемде алдыңғы қатарда келеді.

Жүгері – дүние жүзіндегі жалпы астық өнімінің 1/4 бөлігін беретін егін түрі ретінде танымал. Оның таралу аймақтары дерлік бидай егілетін алқаптармен бірдей аумақтарға тура келеді. АҚШ, Бразилия, Мексика, Аргентина және Қытай әлемдегі ең көп жүгері өндіретін елдерге жатады. АҚШ бұл егіннің дүние жүзілік жалпы өнімінің 25%-ынан астамын қамтамасыз етеді.

Тұрғындар тұтынатын майдың негізгі бөлігі соя, күнбағыс, жержаңғақ, мақта шиті, зәйтүн секілді егіндерден алынады. Соя өсіру бойынша – АҚШ (әлемдік соя өнімінің тең жартысы), Бразилия, Қытай; жержаңғақ өндіру бойынша – Үндістан, Батыс Африка мемлекеттері; күнбағыс өндіруден – Украина, Ресей, Аргентина; зәйтүн өсіруден Италия, Испания тақылеттес Жерорта теңізі бойындағы мемлекеттер айрықша орын иелейді.

Тамыржемісті картоп өндіруден Қытай, Үндістан, Ресей, Украина және АҚШ алдыңғы қатарда тұрады. Қантты егіндер: қант қызылшасын өндіру бойынша Ресей, Франция, АҚШ; қант қамысын егу бойынша Бразилия, Үндістан және Қытай көш бастауда.

Шай, кофе, какао – адамға қуат беретін егін түрлері болып саналатыны белгілі. Жалпы шай өнімі бойынша Қытай, Үндістан және Кения; кофе өнімі бойынша – Бразилия, Индонезия және Вьетнам; какао өнімі бойынша – Кот-Дивуар, Гана және Индонезия көш бастайды. Техникалық егіндер арасында мақтаның иелейтін орны ерекше. Қытай, АҚШ, Үндістан, Пакистан, Бразилия және Өзбекстан ең көп мақта өндіретін елдер болып саналады. Табиғи каучук (гевея) өндіруден Таиланд, Индонезия, Малайзия, Үндістан және Қытай мемлекеттері салмақты орын иелейді.



1. Айтыңдаршы, ауыл шаруашылығы саласының дамуында ұлттық-діни себепшарт қандай маңызға ие болуы мүмкін?
2. Экваториалдық климат аймағына тән егіншілік тармақтарын атаңдар.
3. Тақырыптың мәтінін пайдалана отырып, төмендегі кестені толтырыңдар:

№	Егін түрі	Егін түрін жетілдіру бойынша озат мемлекеттер
1	Күріш	
2	Күнбағыс	
3	Шай	
4	Мақта	
5	Қант қамысы	

## § 20. Дүние жүзі мал шаруашылығы мен балық шаруашылығы географиясы



*Мал шаруашылығы, ірі қара шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, қой шаруашылығы, балық шаруашылығы, құс шаруашылығы, аңшылық шаруашылығы, түйе шаруашылығы.*

Мал шаруашылығы дүние жүзілік ауыл шаруашылығының мал басын көбейтумен шұғылданатын тармағы болып саналады. Мал шаруашылығы ірі қара шаруашылығы, қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, құс шаруашылығы, аңшылық шаруашылығы, омарта шаруашылығы, жібекшілік сияқты тармақтарға бөлінеді. Ірі қара шаруашылығы, қой шаруашылығы, шошқа шаруашылығы және құс шаруашылығы – мал шаруашылығының ең маңызды әрі ең табысты салалары.

Халық тұтынатын жалпы ет көлемінің шамамен 30%-ын, ал сүттің негізгі бөлігін ірі қара шаруашылығы береді. Қоңыржай климатты аймақтың орман және дала зоналарында – интенсивті, ал құрғақ климатты аумақтарда – көшпелі экстенсивті ірі қара шаруашылығы дамыған. Әлемдегі ірі қаралардың жалпы саны 1,3 млрд. бастан артық болса, олардың саны бойынша Үндістан (298 млн. бас), Бразилия (220 млн. бас), Қытай (108 млн. бас), АҚШ (92 млн. бас) және Пакистан (79,4 млн. бас) мемлекеттері көш бастап келеді (2016 ж.).

Қой шаруашылығы негізінен әлемнің құрғақ таулы жайлауларында, далалы және шөлейтті аймақтарында дамыған мал шаруашылығының бір тармағы болып табылады. Жұмсақ жүнді және жартылай жұмсақ жүнді

кой шаруашылығы климаты жайлы, ылғалы көбірек далалы, шөлейтті аймақтарда; тері мен ет беретін кой шаруашылығы, соның ішінде қаракөл кой шаруашылығы климаты құрғақтау шөлейт және шөл аймақтарында жақсы дамыған. Мәліметтерге қарағанда, дүние жүзі бойынша 1,1 млрд. бастан артық кой бар, бұл салада Қытай (162 млн. бас), Аустралия (67,5 млн. бас), Үндістан (63 млн. бас), Иран (42,5 млн. бас) және Нигерия (42 млн. бас) тәрізді мемлекеттер қойларының жалпы саны бойынша алдыңғы орындарда тұр (2016 ж.). Ал Аустралия мен Жаңа Зеландия интенсивті кой шаруашылығы жоғары деңгейде дамыған елдер ретінде әлемдік базарға үлкен мөлшерде жүн мен тері шығарып отыр.

Шошқа шаруашылығы дүние жүзіндегі ет өнімдерінің 40%-ынан астамын дайындап беретін тармақ болып саналады. Аталмыш тармақ астық өндіру мен картоп өндіру жақсы дамыған аудандарда және ірі қалалар мен тамақ өнеркәсібі орталықтары маңында өркендеген. Бұл тармақтың гүлденіп-дамуына ұлттық-діни себепшарттың әсері үлкен. Сол себепті ислам мемлекеттерінің мал шаруашылығында бұндай тармақ жоқ. Әлемдік мал шаруашылығында шошқалардың жалпы саны 1 млрд. басқа жуық болса, олардың дерлік тең жартысы Қытайдың үлесіне тура келеді (457 млн. бас). Ал АҚШ (71,5 млн. бас), Бразилия (40 млн. бас), Испания (29,2 млн. бас) және Германия (27,4 млн. бас) сынды мемлекеттер де шошқа шаруашылығы тармағының озаттары болып саналады.

Құс шаруашылығы халықтың тұтынуы үшін емдәмдік (диеталық) ет (тұтытудағы барлық ет көлемінің 20%-ға жуығы), жұмыртқа мен жұмсақ қауырсын дайындап беретін тармақ болып саналады, ол негізінен астық өндіретін аумақтарда кең тараған. Бұл салада Қытай (6,2 млрд. бас), АҚШ (2,2 млрд. бас), Индонезия (2,1 млрд. бас), Бразилия (1,4 млрд. бас) және Иран (1 млрд. бас) сияқты елдер дүние жүзі бойынша жетекші орындарда тұр.

Сонымен қатар мал шаруашылығының негізінен қоңыржай климатты аймақтарда орналасқан мемлекеттеріне тән жібекшілік (Қытай, Жапония, Өзбекстан, Испания, Италия және т.б.), шөл жағдайындағы мемлекеттер үшін дәстүрлі болып саналатын түйешілік (Сомали, Судан, Мавритания және т.б.), әлемдегі көптеген мемлекеттерде дамыған жылқышылық (Қытай, Бразилия, Мексика), солтүстік аймақтардағы бұғышылық (Ресей, Канада, АҚШ), солтүстік ендіктерде және өзен қайраңдарында қалыптасқан аңшылық (Ресей, Канада, Скандинавия елдері) сықылды салалары да әлемдік экономикадан өзіндік орнын иелеген.

Балықшылық – шаруашылықтың ең ежелгі тармақтарының бірі. Бұл тармақ бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Өйткені нақ осы сала адамзатты денсаулық үшін өте-мөте қажетті ақуызбен және басқа да биологиялық белсенді қоспалармен қамтамасыз етеді. Іс жүзінде балық аулаумен су алаптарына таяу орналасқан әлемнің барлық мемлекеттері айналысады. Балықтардың негізгі бөлігі тұзды (теңіздер мен мұхиттар), ал қалған бөлігі тұщы су алаптарынан ауланады. Балықшылық бойынша жалпы мұхиттар ортасында Тынық мұхиттың (мұхиттардан ауланатын балықтың 66%-ы), ал теңіздер ортасында Норвег, Беринг, Охот және Жапон теңіздерінің үлес салмағы бәрінен жоғары тұрады. Ал мемлекеттер арасында Қытай (әлемдік балық аулау көлемінің 1/3 бөлігі), Индонезия және Үндістан елдері алда келеді.



1. Мал шаруашылығы саласының дамуына қандай себепшарттар әсер етеді?
2. Берілген білімдер негізінде дүние жүзі аймақтары мал шаруашылығының маманданған тармақтарын анықта және төмендегі кестені толтыр:

№	Аймақтар	Мал шаруашылығының маманданған тармақтары
1	Еуропа	
2	Азия	
3	Африка	
4	Солтүстік Америка	
5	Оңтүстік Америка	
6	Аустралия мен Океания	

3. Төмендегі мемлекеттер арасынан қой шаруашылығы дамыған мемлекеттерді тауып көрсет:  
 а) Үндістан; ә) АҚШ; б) Аустралия; в) Қытай; г) Бразилия; ғ) Ресей.

## § 21. Дүние жүзінің көлік географиясы



*Көлік, құрлық көлігі, автомобиль көлігі, құбыр көлігі, теміржол көлігі, әуе көлігі, теңіз көлігі, өзен көлігі.*

Көлік (транспорт) экономиканың аса маңызды саласы ретінде өндіріс пен халықтың жүктерге деген сұранысын дер кезінде әрі үздіксіз қамтамасыз етіп тұрады. Сонымен қатар ол мемлекетаралық өнімдер мен қызметтер алмасуын да қамтамасыз етіп, халықаралық экономикалық



байланыстардың жүзеге асырылуына негіз болады. Көлік жүйесін заңды түрде әлемдік экономиканың «қан тамыры» деп те атайды. ҒТТ көліктің одан әрі дамуына, оның жаңа түрлерінің дүниеге келуіне себеп болды. Көлік тармақтарының дамуы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамығандық дәрежесі, көлемі, аумағының игерілгендігі секілді себепшарттарға тікелей байланысты.

Жедел қарқынмен дамып бара жатқан әлемдік көлік күрделі де өзіндік көліктер жүйесін құрайды. Олар құрлық (теміржол, автомобиль және құбыр), су (теңіз бен өзен) және әуе көлігі тармақтарына бөлінеді. Автомобиль көлігі ең кең тараған көлік түрі болып саналады, ол әсіресе ХХ ғасырда қарыштап алға басты. Көліктің бұл түрінде «есіктен-есікке» дейін жеткізу мүмкіндігінің болуы бұл саланың ең бұқаралық көлік түріне айналуын қамтамасыз етті. Дүние жүзі бойынша автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 28 млн.км-ден асты. Бұл көрсеткіш бойынша АҚШ, Үндістан, Қытай, Бразилия және Ресей сынды мемлекеттер алдарына жан салмай келеді. Мәліметтерге қарағанда, әлем мемлекеттеріндегі автомобильдердің жалпы саны 1 млрд-тан асқан, олардың көлемді бөлігі дамыған мемлекеттердің үлесіне тура келеді.

Теміржол көлігі өнеркәсіп төңкерісі кезеңінде пайда болған, ол ҒТТ жетістіктері нәтижесінде заманалық көрініске ие болып, аса маңызды құрлық көлігі саласына айналды. Бұл сала үлкен мөлшердегі өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы жүктерін алыс қашықтықтарға жеткізе алатын ерекшелігімен тиімді. Теміржолдың әлем бойынша жалпы ұзындығы 1,2 млн. км. Дүниенің АҚШ, Қытай, Ресей, Үндістан және Канада тақылеттес ірі елдері бұл салада алдыңғы орындарды иелейді.



Дамып келе жатқан мемлекет (Үндістан)



Дамыған мемлекет (Жапония)

**19-сурет.** Дүние жүзі мемлекеттерінің теміржол көлігіндегі айырмашылықтар.



Кұбыр көлігі сұйық және газтәрізді көріністегі жүктерді ұзақ қашықтықтарға жеткізуге арналған көлік тармағы болып саналады. Онда негізінен табиғи газ, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау үдерісі жүзеге асырылады. Ол өзіндік құнының арзандығымен, жүктерді межелі жеріне бірқалыпты жеткізу мүмкіндігіне ие екендігімен және қоршаған ортаға тигізетін кері әсерінің төмендігімен ерекшеленеді. Әлемдегі газ және мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 2 млн.км-ге жуық, олардың негізгі бөлігі мұнай-газ қазып өндіретін мемлекеттер аумағына тура келеді. Мұнай құбырларының ұзындығы бойынша АҚШ, Ресей, Канада, Қытай және Сауд Арабиясы, ал газ құбырларының ұзындығы бойынша АҚШ, Ресей, Канада, Германия және Франция сынды мемлекеттер жетекшілік етеді.

Су көлігі – көліктің табиғи (өзендер, көлдер, теңіздер және мұхиттар) және жасанды су жолдары (каналдар, су қоймалары) арқылы жүктер мен жолаушылар таситын түрі болып саналады. Ол теңіз және өзен көлігі түрлерін өз құрамына біріктіреді.

Теңіз көлігі халықаралық сауданың дерлік 80%-ын жүзеге асырады. Теңіз жолдары арқылы негізінен үлкен мөлшердегі сұйық, құрғақ, бытыраңқы көріністегі жүктер тасымалданады. Теңіз көлігімен жүк тасымалдау жұмыстары теңіз сауда флоты арқылы жүзеге асырылады. Дүние жүзінде жүк тасымалдау көлемі бойынша Панама, Либерия, Маршалл аралдары және Греция тәрізді елдердің теңіз флоттары алда келеді.

Негізгі теңіз жолдары түрлі өнімдерді өндіретін және оларды тұтынатын мемлекеттер ортасында ұйымдастырылған. Қалыпты жағдайда Африка, Латын Америкасы, Азия және Аустралия елдерінде өндірілген өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдері Еуропа, Жапония, Корея Республикасы және Солтүстік Америка мемлекеттеріне, ал олардан халық және шаруашылық үшін түрлі тұтыну өнімдері әлемнің барлық аумақтарына тасымалданып жатады. Теңіз көлігімен жалпы жүк тасымалдау көлемінің 60%-ы Атлант мұхитының үлесіне тура келеді. Теңіз көлігі құралдарына қызмет көрсететін 2 мыңнан астам кемежай (порт) бар, олардың арасында Шанхай, Сингапур, Роттердам кемежайлары жүк қабылдау көлемі бойынша озаттық танытуда.

Теңіз көлігінің дамуына халықаралық каналдар мен теңіз бұғаздары үлкен әсерін тигізеді. Халықаралық каналдар арасын-

да Сувайш және Панама каналдарының маңызы айрықша. Олар құрлықтар ортасындағы қашықтықтардың қысқаруына мүмкіндік туғызады. Теңіз бұғаздары ішінде кемелерді ең көп өткізетін Ла-Манш, Эресунн (Зонд), Гибралтар, Хормуз, Малакка және Босфор бұғаздарының орны үлкен.

Ішкі су көлігі өзендер, көлдер және каналдар көмегімен мемлекеттердің ішкі аумақтарына жүктер мен жолаушылар тасымалын жүзеге асырады. Өзен және көл көлігі жолдарының ұзындығы бойынша әлемде Ресей, Қытай, АҚШ, Бразилия және Канада алда тұрады. Ішкі су көлігін пайдалануда ірі өзендердің, көлдер мен каналдардың маңызы зор. Бұндай өзендер қатарына Амазонка, Миссисипи, Дунай, Волга, Янцзы, Конго және басқалар жатады. Олармен қатар кемелердің қатынауы бойынша Құрлықбойы (АҚШ), Ұлы (Қытай), Волга-Балтық (Ресей), Рейн-Майн-Дунай (Германия) каналдары да ұтымды пайдаланылады.

Әуе көлігі жолаушыларды, поштаны және басқа да түрлі жүктерді жедел тасымалдайтын әлемдегі ең жылдам және ең қымбат көлік тармағы болып саналады. Дүние жүзі бойынша әуе көлігімен жолаушы тасымалдау мөлшері жылдан-жылға артып келеді. Бүгінгі таңда әлемдік жолаушы тасымалдау көлемінің 20%-ға жуығы әуе көлігінің үлесіне тура келіп отыр. Соңғы кездерде Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттері ортасындағы халықаралық байланыстар белсенді жүріп жатыр. Есеп-қисаптарға қарағанда, Атлант мұхиты үстінде бір мезгілдің өзінде 100-ден астам әуе лайнері екі жақты қозғалыста болады. Аталмыш көлік тармағының дамуында әуежайлардың ерекше орны бар. Жолаушыларды қабылдау мөлшеріне орай Атланта (АҚШ), Пекин (Қытай), Дубай (БАӘ) әуежайлары алда келеді.



1. Қайсы көлік саласы әлемдік шаруашылықтың қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарады?
2. Ғылыми-техникалық төңкерістің көлік салаларының дамуында қандай маңызы бар?
3. Теңіз көлігінің жедел қарқынмен дамуына нелер себеп болды?

## § 22. Халықаралық экономикалық байланыстар географиясы



*Халықаралық экономикалық байланыстар, экспорт, импорт, сауда балансы, валюта, халықаралық сауда, халықаралық туризм.*

Мемлекеттер ортасындағы, халықаралық ұйымдар мен корпорациялардың қатысуындағы шаруашылық байланыстар *халықаралық экономикалық байланыстар* деп аталады. Оған ғылыми-техникалық даму, мемлекетаралық әлеуметтік-экономикалық айырмашылық, дүние жүзінің аймақтарындағы саяси жағдай, халықаралық экономикалық интеграция секілді себепшарттар ықпал жасайды.

Халықаралық экономикалық байланыстардың халықаралық сауда, несие-қаржы қатынастары, халықаралық туризм, еңбек ресурстарының халықаралық миграциясы және халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық рәуіштес көріністері бар. Олардың арасында халықаралық сауданың маңызы айрықша. Ол мемлекеттер ортасында шикізаттарды, өнімдер мен қызметтерді өзара айырбастауға негізделген халықаралық сауда қарым-қатынастары жүйесі болып табылады. Мемлекеттердің сыртқы сауда көлемі сыртқы сауда айналымы арқылы анықталады. АҚШ, Қытай, Германия, Жапония және Франция мемлекеттері сыртқы сауда айналымының көлемі бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұрады.

Халықаралық сауданың 3/4 бөлігін өнімдер саудасы құрайды. Машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, химиялық өнімдер сияқтылар халықаралық саудада жоғары сұранысқа ие дайын өнімдер болып саналады. Әлемнің дамыған мемлекеттері халықаралық сауданың 60%-дан астамын қамтамасыз етеді.

Сыртқы саудада жаһандану үдерісі жедел қарқынмен өсіп бара жатқанына қарамай, мемлекеттер мен аймақтар арасындағы үлкен аумақтық айырмашылықтар әлі де сақталып отыр. Сыртқы сауданың дерлік 90%-ы Батыс Еуропа, Солтүстік Америка және Азия-Тынық мұхит аймағының үлесіне тура келеді. Бұл аймақтар негізінен дайын өнімдер және жоғары сапалы қызметтер бойынша сауда байланыстарын орнатса, Африканың, Латын Америкасының және Азияның дамып келе жатқан мемлекеттері әлемдік базарға негізінен минерал ресурстарды, орман және ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарады.

Соңғы жылдарда шетелде өзіндік өндіріс салаларын дамыту мақсатында капитал қаржылар енгізу және пайда алу үдерісі – капитал экспорты күшейіп барады. Үлкен мөлшердегі капитал дамып келе жатқан мемлекеттердің экономикасына бағытталып жатыр. АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия және Қытай сияқты елдер әлемдегі ең ірі капитал экспорттаушылары болып саналады.

Халықаралық туризм де сыртқы экономикалық байланыстардың негізгі көріністерінің бірі болып табылады. Туризм әлемдік ЖҰӨ-нің дерлік 10%-ын, ал қызметтер экспортының 1/3 бөлігін береді. Испания, Греция, Италия, Кипр тақылеттес елдер бұл саланы өз ұлттық экономикасының маманданған тармағына айналдырған. Дүние жүзінің аймақтары арасында Еуропа туристік ағымдардың ең үлкен бөлігін өзіне бағыттай алғандығымен ерекшеленіп тұрады. Бұл құрлықтың мемлекеттері арасында Франция, Испания, Италия, Германия және Ұлыбритания жылдық туристер ағымының санына орай әлемнің алғашқы ондығынан орын алған. Соңғы жылдарда Азияның халықаралық туризмдегі маңызы артып келеді. Әсіресе Шығыс Азия, Оңтүстік-шығыс Азия және Оңтүстік-батыс Азия мемлекеттері көп санды саяхатшылар қауымының назарын өзіне аударып отыр.

Африка құрлығының мемлекеттері арасында туризм саласы бойынша Солтүстік Африка мемлекеттері ерекше орын иелейді. Құрлықбойы саяхатшыларын негізінен Марокко, Тунис немесе Египет, ал тарихи туризм әуесқойларын Египет пирамидалары мен ежелгі Карфаген көріністері қызықтырып, өзіне баурап алады. Америка құрлығының туризмінде АҚШ, Мексика және Кариб алқабының мемлекеттері озаттықты қолдан бермейді. Аустралия мен Океания аймағы туризмінде жағалаубойы аумақтарындағы демалыс орындарының маңызы зор.

Бүгінгі таңда туризмнің дәстүрлі көріністерімен (табиғи, діни, тарихи) қатар экотуризм, агротуризм, кәсіпкерлік, спорт, шопинг және экстремалды туризм секілді көріністері де дамып келеді.



1. Халықаралық экономикалық байланыстардың қандай бағыттары бар?
2. Неліктен сыртқы сауда сыртқы экономикалық байланыстардың негізгі көрінісі болып саналады?
3. Халықаралық туризмде Еуропа құрлығының үлес салмағы жоғары болуының себебі неде?

## II БӨЛІМ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ АЙМАҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ



### 5-ТАРАУ. ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

#### § 23. Еуропаның географиялық орны, шекаралары және саяси картасы



*Еуропа, құрлық, жаңа тәуелсіз мемлекеттер, арал-мемлекеттер, түбек-мемлекеттер, республика, монархия, федеративтік мемлекеттер.*

Еуразия материгі екі құрлыққа – Еуропа мен Азияға бөлінеді. Еуропа құрлығы Еуразия материгінің батыс бөлігін алып жатыр. «Еуропа» сөзі ежелгі ассириялықтардың тілінде «Күннің батысы», яғни «батыс» деген мағынаны білдіреді.

Еуропаның көлемі 10 млн. км<sup>2</sup>-ді құрайды. Соның 4,1 млн. км<sup>2</sup>-ге тең бөлігі Ресейдің Еуропадағы бөлігіне тура келеді. Құрлық халқының саны, 2018 жылғы мәліметтерге қарағанда, 746 млн. адамға, яғни дүние жүзі халқының дерлік 10%-ына тең.

Еуропа құрлығының жағалаулары солтүстікте – Солтүстік Мұзды мұхиттың, батыста – Атлант мұхитының, оңтүстікте Атлант мұхитының айдынына тиесілі Жерорта теңізі мен Қара теңіздің суларымен шайылады. Жерорта теңізі мен Гибралтар бұғазы Еуропаны Африкадан бөліп тұрады (20-сурет). Еуропа шығысында негізінен құрлық арқылы Азия құрлығымен шектеседі. Еуропа мен Азияның шекарасы көптеген географиялық әдебиеттерде Орал таулары, Қазақстандағы Ембі өзені, Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалаулары, Ресейдің оңтүстігіндегі Кума-Маниш ойпаты, Азов және Қара теңіздер, Босфор бұғазы (21-сурет), Мәрмәр теңізі, Дарданэлл бұғазы мен Эгей



**20-сурет.** Еуропаның географиялық орны.



21-сурет. Босфор бұғазы.

теңізі арқылы өтеді. Кейбір дереккөздерде екі құрлық шекарасының Каспий және Қара теңіздер ортасындағы бөлігі Үлкен Кавказ таулар тізбегі арқылы өткізілген.

Еуропаның қазіргі саяси картасында? бір бөлігі Азияда орналасқан Ресей Федерациясын қосқанда, 44 тәуелсіз мемлекет бар.

Еуропаның саяси картасы құрлықтың көп ғасырлық тарихы барысында бірнеше рет шұғыл өзгерген. Оның заманалық саяси картасы ХХ ғасыр барысында, негізінен

үш тарихи үдеріс – Бірінші Дүниежүзілік соғыс (1914–1918), Екінші Дүниежүзілік соғыс (1939–1945) және халықаралық социалистік жүйенің ыдырауы (1990 жылдардың бас кезі) нәтижесінде қалыптасқан.

Еуропа – шағын мемлекеттер құрлығы. Еуропада Андорра, Сан-Марино, Мальта, Монако, Ватикан, Лихтенштейн тәріздес «ергежейлі» мемлекеттер орналасқан. Аталмыш мемлекеттерден тыс, Еуропадағы 11 мемлекеттің жер көлемі 50 мың шаршы км-ден кішілеу. Құрлықтағы 10 мемлекеттің аумағы 50 мың шаршы км-ден 100 мың шаршы км-ге дейін барады. 12 мемлекеттің алаңы өз кезегінде 100 мыңнан 500 мың шаршы км-ге дейінгі көлемді алып жатыр. Тек Франция, Украина және Испания елдерінің ғана аумағы 500 мың шаршы км-ден асады. Ал Ресей Федерациясы алаңының үлкендігі себепті тек Еуропада ғана емес, бүкіл әлемдегі ең үлкен мемлекет болып саналады.

Еуропа арал-мемлекеттердің, әсіресе түбек-мемлекеттердің көптігі бойынша ерекшеленіп тұрады. Толығымен аралдарға орналасқан мемлекеттер қатарына Ұлыбритания, Ирландия, Исландия және Мальта жатады. Түбек-мемлекеттерге Норвегия, Швеция, Дания, Испания, Португалия, Италия, Греция, Албания, Болгария және тағы басқаларды мысал етіп көрсетуге болады.

Еуропадағы 15 мемлекетте теңізге шығу мүмкіндігі жоқ. Олардың қатарынан Беларусь, Венгрия, Австрия, Чехия сынды ірілеу мемлекеттермен қоса, Андорра, Лихтенштейн, Люксембург, Сан-Марино, Ватикан секілді ергежейлі мемлекеттер де орын алған.

Еуропадағы 44 мемлекеттің 32-сі республика, 12-сі монархия болып саналады. Андорра, Бельгия, Ұлыбритания, Дания, Испания,



Лихтенштейн, Люксембург, Монако, Нидерландия, Норвегия және Швеция мемлекеттерінде конституциялық монархия, ал Ватиканда абсолютті теократтық монархиялық басқару қалыптасқан. Еуропадағы республикалардың үлкен бөлігі парламенттік республикалар болып саналады.

Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Еуропадағы 6 мемлекет – Австрия, Бельгия, Босния мен Герцеговина, Германия, Ресей және Швейцария федеративтік елдерге жатады.

Еуропа құрлығы 4 субаймаққа: Солтүстік Еуропа, Батыс (Орта) Еуропа, Оңтүстік Еуропа және Шығыс Еуропа болып бөлінеді.



1. Еуропа мен Азияның шекарасы қандай географиялық нысандар арқылы өткен?
2. Еуропаның қазіргі саяси картасының қалыптасуына XX ғасырдағы қандай тарихи үдерістер елеулі әсерін тигізген?
3. Еуропа мемлекеттерінің аумақтық үлкендігі тұрғысынан қандай ерекшеліктері бар?
4. Атластағы дүние жүзі саяси картасының көмегімен Еуропадағы жас тәуелсіз мемлекеттер арасынан құрлық ішкерісіне бойлай орналасқандарын анықтандар.

## § 24. Еуропаның табиғи жағдайы, ресурстары және халқы



*Отын-энергетика, агроклиматтық, орман ресурстары, туылу, халықтың табиғи азаюы, халықтың қартаюуы, миграция, халықтың тығыздығы, мегаполис, католиктер, протестанттар, православтар.*

**Табиғи жағдайы мен ресурстары.** Еуропа мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына табиғи жағдайдың белгілі бір ерекшеліктері өз ықпалын тигізген. Бұндай табиғи географиялық себепшарттар қатарына салыстырмалы түрде жылы да ылғалды климат, көлік жағдайы күрделі биік тау жоталарының аздығы, су және орман ресурстарының жеткіліктілігі, теңіз кемежайларын салуға қолайлы жағалаубойы аумақтарының көптігі сияқтыларды атап көрсетуге болады.

Еуропада отын-энергетика ресурстарынан: таскөмір, қоңыр көмір, мұнай, табиғи газ, жанғыш сланец секілділердің ірі кендері бар. Таскөмірдің ірі кендері Германияда, Ресей мен Украинада табылған. Қоңыр көмірдің ірі кендері Германияда, Чехия мен Польшада орналасқан. Жанғыш сланецтің көлемді қорлары Эстонияда бар. Еуропада мұнай

мен табиғи газдың негізгі қорлары Ресейдің түрлі аумақтарында және Солтүстік теңіз бен Норвегия теңізінің қайраңдарында ашылған. Бұл жердегі мұнай мен газ кендерінің негізгі бөлігі Ұлыбританияға, Норвегия мен Нидерландияға тиесілі.

Темір рудаларының ірі кендері Ресейде, Украинада, Швецияда, Франция мен Германияда орналасқан. Польша, Болгария және Румыния елдерінде мыс-молибден кендері, Франция мен Грецияда – боксит, Италия, Испания және Украина елдерінде сынап рудаларының ірі қорлары бар.

Еуропада жер мен жер ресурстары интенсивті түрде пайдаланылып келеді. Құрлықтың табиғи жағдайы ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы болып саналады. Бұл тұрғыдан алғанда, Батыс және Оңтүстік Еуропа Солтүстік Еуропадан шұғыл ерекшеленіп тұратынын айтып өткен жөн. Оңтүстік Еуропа мемлекеттерінде климаттық жағдайдың біршама құрғақтығы себепті жасанды, яғни қолдан суару айтарлықтай кең тараған.

Еуропа орман ресурстарымен де жақсы қамтамасыз етілген. Бұл салада Ресей, Финляндия, Швеция, Норвегия және Ұлыбритания айрықша орын иелейді.

**Халқы.** 2018 жылғы мәліметтерге қарағанда, Еуропада 746 млн. адам жасайды (Ресейдің Азиядағы бөлігін де қосқанда). Бұл дүние жүзі халқының 9,8%-ын құрайды. Еуропаның дүние жүзінің халқы құрамындағы үлесі халықтың табиғи көбеюі өте нашар болғандықтан, күннен-күнге төмендеп барады. Жалпы есеппен алғанда, Еуропа мемлекеттерінде туылу мен өлім көрсеткіштері дерлік бірдей, ал табиғи өсім мүлде жоқ. Туылу дәрежесі өлім көрсеткішінен төмен болғандықтан, халықтың табиғи азаюы орын алған Еуропа мемлекеттерінің саны жылдан-жылға көбейіп барады. Германия, Швеция, Португалия, Болгария, Сербия, Латвия, Литва, Эстония, Украина, Румыния, Венгрия және басқа мемлекеттерде бұндай жағдай көп уақыттан бері байқалып келеді.

Туылудың төмендігі себепті Еуропа мемлекеттерінде халықтың қартаюу үдерісі байқалып отыр. 2018 жылғы жағдай бойынша құрлық халқының 16%-ын 14 жасқа дейінгі балалар құраған болса, 65 жастан асқан қарттардың жалпы халық санындағы үлесі 18%-ға тең болған.

Еуропа халықаралық миграцияның ірі орталығы болып табылады. Әсіресе Батыс Еуропаның ең дамыған мемлекеттері дүние жүзі бойынша ірі миграция орталықтарына айналған. Батыс Еуропаға Азия мен Аф-

рикадан мигранттардың көшіп келу себептері негізінен экономикалық тапшылыққа байланысты, яғни Батыс Еуропа мемлекеттерінің еңбек базарында жұмыс орындарының көптігімен және тұрмыс дәрежесінің жоғары болуымен сипатталады. Батыс Еуропаға құрлықтың экономикалық тұрғыдан біраз баяу дамыған оңтүстік және шығыс бөлігіндегі мемлекеттердің тұрғындары да белсенді түрде көшіп баруда.

Еуропа мемлекеттерінде әлемнің басқа мемлекеттерімен салыстырғанда урбанизация үдерісі анағұрлым ерте басталған болатын. Бүгінгі таңда Еуропа құрлығының урбанизациялану дәрежесі 75%-ға жуық. Қалаланудың деңгейі әсіресе Батыс және Солтүстік Еуропадағы дамыған мемлекеттерде айрықша жоғары, кей жағдайларда ол 90%-дан да асып кеткен. Оңтүстік және Шығыс Еуропа мемлекеттерінде қала тұрғындарының саны аздап төмендеу, дегенмен барлық елдерде 50%-дан жоғары. Құрлықта урбанизация көрсеткіші тек Молдовада және Босния мен Герцеговинада ғана 50%-дан төмендеу.

Еуропа мемлекеттері арасында халықтың тығыздығы бойынша айтарлықтай айырмалар бар. Бұған табиғи жағдай, әсіресе климат пен жер бедері үлкен әсерін тигізген. Батыс және Оңтүстік Еуропаның өзен аңғарлары мен теңізбойы жазықтарында халықтың тығыздығы өте жоғары. Солтүстік Еуропа елдерінде халық тығыздығы едәуір төмен. Бұл мемлекеттерде халықтың үлкен бөлігі оңтүстіктегі теңіздерге тұтасқан бөліктеріне шоғырланған.

Еуропада ең кең тараған дін – христиан діні. Солтүстік Еуропада протестанттар, ал Оңтүстік Еуропа мемлекеттерінде (Грециядан тыс) католиктер алда тұрады. Батыс Еуропа мемлекеттерінде христиандықтың осынау екі мазхабы аралас түрде тараған. Шығыс Еуропа елдерінде католиктік және православиелік христиандық негізгі діндер болып саналады. Православтар сан жағынан Ресей, Украина, Румыния, Болгария, Беларусь, Сербия секілді мемлекеттерде басым. Сонымен қатар құрлықтағы 2 мемлекетте жергілікті халықтың құрамындағы мұсылмандардың үлесі 50%-дан асады. Олар – Балкан түбегінде орналасқан Албания және Босния мен Герцеговина мемлекеттері.



1. Еуропа табиғатының қандай ерекшеліктері мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ұнамды әсерін тигізді?
2. Еуропаның қайсы мемлекеттері отын-энергетика ресурстарына бай?
3. Еуропа мемлекеттері халқының табиғи өсімі мен жас құрамын сипаттаңдар.

## § 25. Еуропа мемлекеттерінің экономикасы



*Дамыған мемлекеттер, өтпелі экономикадағы мемлекеттер, Еуропа Одағы, халықаралық еңбек бөлінісі, мамандану, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм.*

Еуропа экономикалық және технологиялық әлеуетінің үлкендігі мен сан қырлылығы, өнеркәсібінің жоғары дәрежеде дамығандығы бойынша әлемде айрықша орын иелейді. Солтүстік, Батыс және Оңтүстік Еуропа мемлекеттері дамыған мемлекеттер тобына енсе, 1990-жылдардың бас кезінде социалистік жүйе мен жоспарлы экономикадан бас тартып, нарықтық экономиканы қалыптастыруға кіріскен мемлекеттері, яғни Еуропада орналасқан бұрынғы Одақ республикалары, өтпелі экономикадағы мемлекеттер қатарына жатады.

Еуропаның экономикасы үшін жоғары деңгейде дамыған интеграциялық үдерістердің маңызы үлкен. Бұл жағдай әсіресе бірыңғай сауда-кеден аймағына ие болған әлемдегі ең ірі интеграциялық бірлестік болып саналатын Еуропа Одағының (ЕО) қызметінен көрініп тұр. 2018 жылғы жағдай бойынша Еуропа Одағына 28 мемлекет, соның ішінде Азияда орналасқан Кипр және ЕО құрамынан сатылы түрде шығып бара жатқан Ұлыбритания мүше болып табылады. Бастапқыда, яғни 1950-жылдарда 6 мемлекетті (ГФР, Франция, Италия, Бельгия, Нидерландия және Люксембург) біріктіріп, қалыптаса бастаған Еуропа Одағы бірнеше кеңею толқынын бастан өткізді. ЕО құрамы әсіресе ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығы барысында бірқатар бұрынғы социалистік мемлекеттердің (Чехия, Словакия, Венгрия, Латвия, Литва, Эстония және басқалар) қосылуы есебінен әжептәуір ұлғайды.

Еуропа дүние жүзі шаруашылығында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің, өнімдер мен қызметтер экспортының, халықаралық туризмнің дамығандығы бойынша жетекші орындарды иелейді. Аймақтың экономикалық әлеуетін, бірінші кезекте, «Үлкен жетілікке» енетін төрт мемлекет – Германия, Ұлыбритания, Франция және Италия белгілейді.

Еуропа өнеркәсібінің жетекші саласы машинажасау болып саналады. Аталмыш сала бүкіл өнеркәсіп өнімдерінің 1/2 бөлігін, ал экспорттың 2/3 бөлігін құрайды. Әсіресе автомобильжасау жоғары дәрежеде дамыған. «Рено» (Франция), «Фольксваген», «Мерседес-Бенц» (ГФР),

«Фиат» (Италия), «Вольво» (Швеция), «Татра» (Чехия) секілді автомобиль концерндері бүкіл әлемге әйгілі.

Еуропаның өнеркәсіп тармақтары арасында машинажасаудан кейінгі екінші орында химия және мұнай-химия өнеркәсібі тұрады. Екінші Дүниежүзілік соғысқа дейін химия өнеркәсібі негізінен кен-химия шикізатына негізделген жағдайда дамыған болатын. Оған калий және ас тұздары, күкірт және басқа да осындай шикізаттар пайдаланылатын еді. Құрлықта мұнай мен табиғи газ кендерінің ашылуы мұнай-химия тармағының дамуына негіз қалады. Темза, Сена, Рейн, Эльба, Рона сынды өзендердің атырауларында орналасқан кемежай-қалаларда мұнайды қайта өңдейтін ірі орталықтар салынды. Бұндай ең ірі мұнай-химия кешені Нидерландияның Роттердам қаласында қалыптасқан.

Еуропа мемлекеттерінің басым көпшілігіндегі отын-энергетика балансында мұнай мен табиғи газ маңызды орын иелейді. Ресейді есепке алмағанда, Еуропаның ең ірі мұнай-газ өнеркәсібі дамыған ауданы Солтүстік теңіз болып саналады. Көптеген Еуропа мемлекеттері мұнай мен газды Ресейден, Солтүстік Африкадан және Парсы шығанағындағы мемлекеттерден импорттайды. Германия, Ресей, Украина, Польша және Чехия мемлекеттерінде таскөмір мен қоңыр көмір қазып алынады. Германия 2018 жылдан бастап көмірдің негізгі бөлігін Аустралиядан импорттауға өтті. Ірі ЖЭС-тердің негізгі бөлігі теңіз кемежайлары мен үлкен қалаларда салынған. Дунай өзені мен оның салаларында, Рона, Рейн, Днепр, Волга және басқа өзендерде ірі ГЭС-тер жұмыс істейді.

Қара металлургия, ең алдымен, темір рудасы мен таскөмір қорлары мол Германия, Ұлыбритания, Франция, Испания, Бельгия, Люксембург, Польша, Чехия мемлекеттерінде жақсы дамыған. Түсті металлургияның негізгі тармақтары – алюминий және мыс өнеркәсібі болып саналады. Алюминий өнеркәсібі шикізатпен және электр энергиясымен жақсы қамтамасыз етілген Норвегия, Исландия, Франция, Венгрия және Румыния мемлекеттерінде дамыған. Соңғы кездерде алюминий кәсіпорындары негізінен дамып келе жатқан мемлекеттерден әкелінетін шикізатқа тәуелді болып қалды. Мыс өнеркәсібі Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Бельгия, Польша және Босния мен Герцеговина елдерінде ойдағыдай дамыған.

Еуропада жеңіл өнеркәсіп өзінің бұрынғы маңызынан біршама айырылды. Ескі тоқыма өнеркәсібі аудандары болып саналатын Ұлы-

британиядағы Ланкашир және Йоркшир, Польшадағы Лодзь бүгінгі таңда да жұмыс істеп тұр. Бірақ соңғы жылдарда жеңіл өнеркәсіп Оңтүстік Еуропаға ауысып бара жатқанын айтып өткен абзал.

Көп тармақты мал шаруашылығы Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде, әсіресе Солтүстік және Батыс Еуропа елдерінде жоғары деңгейде дамыған, ол халықаралық мамандану тармағына айналды. Оңтүстік Еуропада егіншілік мал шаруашылығынан гөрі маңыздырақ орында тұрады. Италия, Португалия және Греция майлы (зәйтүн, күнбағыс) егіндер мен субтропиктік жемістер өндіру бойынша әлемде жетекші орындарды иелеп отыр.

Еуропа туризм саласы жоғары деңгейде дамыған аймақ болып табылады. Францияға жылына 50 млн-нан астам, Италия мен Испанияға 30–40 млн. адам туристік саяхат жасайды. Швейцария, Португалия, Германия, Австрия, Ұлыбритания, Греция және басқа мемлекеттер дүние жүзінің ең ірі туристік орталықтары болып саналады.



1. Еуропадағы қайсы мемлекеттер «Үлкен жетілік» тобына енеді?
2. Еуропа Одағына неше мемлекет мүше болған?
3. Еуропа мемлекеттерінде отын-энергетика кешенінің дамуы жөнінде мәлімет беріңдер.
4. Еуропадағы қайсы мемлекеттер халықаралық туризмнің ірі орталықтары болып саналады?

## § 26. Германия Федеративтік Республикасы



*Солтүстік теңіз, Балтық теңізі, Киль каналы, парламенттік республика, федералдық канцлер, федералдық жерлер, сыртқы миграция, лютеран шіркеуі.*



Еуропаның экономикалық тұрғыдан ең күдіретті мемлекеті – Германия Федеративтік Республикасы құрлықтың қақ ортасына орналасқан. Германия жер алаңы бойынша құрлық мемлекеттері арасында 6-орында тұрады. Жағалаулары солтүстік-батыста Солтүстік теңізбен, ал солтүстік-шығыста Балтық теңізінің суларымен шекараланған. Германия аумағы арқылы ең маңызды халықаралық каналдардың бірі – Солтүстік және Балтық



теңіздеріне байланыстыратын Киль каналы өтеді. Құрлықта 9 мемлекет бір-бірімен шекаралас. Экономикалық-географиялық орнының қолайлылығы Еуропаның түрлі бөліктеріндегі мемлекеттерді бір-бірімен тұтастыратын ірі автомобиль, темір және су (өзендер мен каналдар) жолдарының өткендігімен белгіленеді.

Басқару пішіні – парламенттік республика. Мемлекет басшысы – президент, бірақ атқару билігінің басшысы әрі ең үлкен саяси өкілеттіктер иесі болып үкімет төрағасы, яғни федералдық канцлер саналады. Саяси-аумақтық құрылымы тұрғысынан Германия – федеративтік мемлекет, ол 16 федералдық иелікке бөлінеді. Мемлекеттің астанасы – Берлин қаласы, ол ГФР-дің шығыс бөлігіне орналасқан.



22-сурет. Германияның жер бедері.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Германия аумағының жер бедері солтүстіктен оңтүстікке қарай биіктей береді (22-сурет). Елдің солтүстік бөлігін Солтүстік Германия ойпаты алып жатыр, орталық аумақтары аласа және орта таулардан тұрады, ал оңтүстігінде биіктігі 3000 м-ге дейін баратын Альпі таулары орын тепкен. ГФР-де таскөмір мен қоңыр көмір, темір рудасы, ас тұзы мен калий тұздарының кендері бар.

Мемлекет аумағы қоңыржай климат белдеуіне орналасқан. Ауа райы жиі өзгереді, жауын-шашын көп жауады. Қысы жұмсақтау, қатты аяздар аз кездеседі. Теңізбойы аумақтарында күшті желдер тұрақты еседі, бұл жағдай елдің энергетика саласына қолайлы мүмкіндіктер береді.

Германияда өзендер торы тығыз. Ең ірі өзендері Рейн, Дунай, Эльба, Везер және Одер болып саналады. ГФР-дегі барлық ірі өзендер каналдар арқылы өзара байланысқандықтан, оның ішкі су көлігі жолдары Дунай арқылы Солтүстік және Балтық теңіздері порттарын Қара теңіз порттарымен байланыстырып тұрады.

**Халқы.** Германия 83 млн. адамға жуық халқымен (2018 жылғы мәліметтер бойынша) Еуропада Ресейден кейінгі екінші орында тұрады. Елде туылудың төмендігі салдарынан халықтың табиғи өсімі 1972 жылдан бері кері қарай құлдырап барады. Қазіргі таңда Германия халқы санының көбеюі сыртқы миграцияға байланысты болып қалды.

Германия шетелдік мигранттар саны бойынша (7 миллион адамға жуық) дүние жүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иелейді. Шетелдік мигранттар құрамында Түркия, Италия, Греция, бұрынғы Югославия мемлекеттерінен, Польшадан және кейбір араб мемлекеттерінен келгендердің саны басым. Шетелдік мигранттар батыс және солтүстік федералдық иеліктердегі ірі қалаларға көбірек шоғырланған.

Германиялықтардың 75%-дан астам бөлігі қалаларда жасайды. ГФР-дің ең ірі қалалары – Берлин, Гамбург, Мюнхен, Кельн, Франкфурт-Майн және Бремен. Мемлекет халқының ұлттық құрамының 90%-дан астам бөлігі неміс ұлтына тура келеді. ГФР-дің солтүстік, орталық және шығыс аумақтарында жасайтын немістер арасында протестанттар (лютерандар) көпшілікті құраса, мемлекеттің оңтүстігінде жасайтындар арасында католиктердің саны басымырақ.

Германияның халқы ірі өзендердің аңғарларында өте тығыз орналасқан. Бұл салада Рейн аңғары өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Халық ең жоғары дәрежеде шоғырланған аумақ – Рур өнеркәсіптік ауданы нақ осы өзеннің бойында. Ал таулы аумақтар мен мемлекеттің солтүстік-шығысында халықтың қоныстануы анағұрлым сиректеу.

**Экономикасы.** Германия экономикалық әлеуеті мен халқының тұрмыстық әл-ауқаты тұрғысынан әлемдегі жетекші мемлекеттердің бірі болып саналады. Ол – «Үлкен жетілік» тобына мүше ел. Еуропада Германия ЖІӨ және өнеркәсіп өндірісінің көлемі бойынша 1-орында тұрады.

ГФР – түрлі өнеркәсіп өнімдерінің жоғары сапалылығымен әлемге әйгілі болған ел. Германия өнеркәсібінің жетекші тармақтарына машинажасау, химия, фармацевтика, көмір, қара металлургия және тамақ өнеркәсібі енеді. Ал машинажасау тармағының ішінде станокжасау, автомобильжасау, электротехника, микроэлектроника, кемежасау, авиағарыштық машинажасау секілді салалар өте-мөте жоғары деңгейде дамыған.

ГФР – түрлі өнеркәсіп өнімдерінің жоғары сапалылығымен әлемге әйгілі болған ел. Германия өнеркәсібінің жетекші тармақтары қатарына машинажасау, химия, фармацевтика, көмір, қара



23-сурет. Франкфурт-Майн қаласы.

металлургия және тамақ өнеркәсібі енеді. Ал машинажасау тармағының ішінде станокжасау, автомобильжасау, электротехника, микроэлектроника, кемежасау, авиағарыштық машинажасау секілді салалар өте-мөте жоғары деңгейде дамыған.

Германия ауыл шаруашылығының тірек тармақтары – сүт-ет мал шаруашылығы мен шошқа шаруашылығы. Мемлекеттің солтүстік және орталық бөліктерінде негізгі ауыл шаруашылық дақылдары ретінде бидай, арпа, жүгері, картоп және қант қызылшасы маңызды орын иелейді. Оңтүстіктегі тау бөктерлері мен тау аралығындағы аңғарларда жүзім, темекі және сыра өндіруде қолданылатын хмель өсіру жақсы дамыған.

Германия экономикасында көлік, банк-қаржы секторы, туризм және басқа қызмет көрсету салалары да маңызды рөл атқарады. Еуропадағы ең ірі әуежай орналасқан Франкфурт-Майн қаласы құрлықтағы негізгі банк-қаржы орталықтарының бірі болып саналады (23-сурет).

Германияның шығыс жерлері (бұрынғы ГДР) мемлекеттің өзге аумақтарына қарағанда әлеуметтік-экономикалық дамудың төмен көрсеткіштерімен ерекшеленіп тұрады.



1. Германияның экономикалық географиялық орнының қолайлылығын сипатта.
2. Германия халқының табиғи және миграциялық қозғалысына қандай ерекшеліктер тән?
3. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы қайсы салаларға маманданған?
4. Майндағы Франкфурт қаласының экономикалық географиялық әлеуеті қандай себепшарттармен белгіленеді?

## § 27. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі



*Біріккен Корольдік, Англия, Шотландия, Уэльс, Солтүстік Ирландия, конституциялық монархия, Ла-Манш бұғазы, қоңыржай теңіздік климат.*

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі Еуропаның солтүстік-батысындағы Британия аралдарына орналасқан. Біріккен Корольдік аумағының негізгі бөлігін Ұлыбритания аралы және Ирландия аралының солтүстік-шығысы құрайды. Сондай-ақ мемлекет құрамына бірнеше шағын аралдар да енеді. Біріккен



Жер алаңы – 244,5 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 66,4 млн. адам. Астанасы – Лондон.



**24-сурет.** Біріккен Корольдіктің құрамдас бөліктері.

Корольдіктің жағалаулары Солтүстік теңіздің, Ирландия теңізінің және Атлант мұхитының суларымен шайылады. Ла-Манш бұғазы Ұлыбританияны Францияның солтүстік-батыс жағалауларынан бөліп тұрады. Мемлекет құрылыста тек Ирландия Республикасымен ғана шектеседі.

Қазіргі уақытта Ұлыбританияның 15-ке жуық теңізарты аумақтары, яғни отарлары бар. Олардың үлкен бөлігі Кариб теңізіндегі аралдарда орын тепкен. Еуропа құрлығындағы бірден-бір отарланған аумақ – Гибралтар да Біріккен Корольдіктің теңізарты аумағы болып саналады. Бірақ ресми тұрғыдан теңізарты аумақтарының ешқайсысы Біріккен Корольдіктің құрамына енбейді.

Басқару пішіні – конституциялық монархия. Ұлыбритания билеушісі сонымен қатар ресми түрде Британия Достастығы Корольдіктері деп аталатын 15 тәуелсіз мемлекеттің, соның ішінде Канада, Аустралия және Жаңа Зеландия мемлекеттерінің де басшысы болып саналады.

Біріккен Корольдік саяси-аумақтық тұрғыдан унитар мемлекет болып саналады, ол 4 бөліктен (мемлекеттен) Англия, Шотландия, Уэльс және Солтүстік Ирландиядан тұрады (24-сурет). Англиядан басқа 3 мемлекет ішінара автономия болып табылады.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Ұлыбританияның оңтүстік-шығыс бөлігін көбірек жазықтықтар, ал солтүстік-батыс аумақтарын негізінен орта таулар алып жатыр. Әсіресе Шотландия мен Уэльсте ежелгі үгітілген таулар кең тараған (25-сурет). Мемлекеттің ең биік нүктесі – Бен-Невис тауы (1343 м) Шотландияда орналасқан.

Біріккен Корольдікте пайдалы қазбалардан мұнай, табиғи газ және көмір өндіріледі. Мұнай мен газдың ірі кен орындары Солтүстік теңіз қайраңдарында орын тепкен. Дегенмен соңғы жылдарда Ұлыбритания минерал отынның барлық түрлерінің импорттаушысына айналған.



**24-сурет.** Шотландиядағы тау көріністері.

Өйткені қазып өндірілетін ресурстар ұлттық экономиканың энергия көздеріне сұранысын қанағаттандыра алмай отыр.

Атлант мұхитынан жыл бойы есіп тұратын ылғалды жел мен Гольфстрим ағысының ықпалымен Ұлыбританияда қоңыржай теңіздік климат қалыптасқан.

Бұл елде жыл бойы жауын-шашын жиі жауады, әсіресе мемлекеттің батысында жаңбырсыз күндер тым сирек болады. Қысы анағұрлым жылы, қаңтардағы орташа ауа температурасы 0°C-дің айналасында.

**Халқы.** Біріккен Корольдік Еуропа елдері ішінде халқының саны бойынша 3-орында тұрады (2018 жылғы мәліметтерге орай, 66 млн-нан астам адам). Халықтың табиғи өсімі жылға шаққанда 0,3%-ға тең. Халықтың саны көбінесе сыртқы миграцияның есебінен көбейіп отыр. Әсіресе Оңтүстік Азиядан, Африкадан, Кариб теңізі аралдарынан көшіп келгендер көп.


Ұлыбританияда урбанизация деңгейі 80%-дан жоғары. Мемлекеттің ең ірі қалалары қатарына Лондоннан тыс, Бирмингэм, Манчестер, Ливерпуль, Глазго және Эдинбург енеді.

Мемлекет халқының этникалық құрамында ең ірі ұлт ағылшындар болып табылады. Шотландиялықтар, уэльстіктер, ирландықтар да – байырғы ұлттар қатарынан. Бұнда екі кең тараған дін – протестант христиандығы.

Халықтың орналасу тығыздығы Орталық және Оңтүстік Англияда, Оңтүстік Уэльсте және Орта Шотландия ойпатында ең жоғары дәрежеде болса, Шотландияның солтүстік-батыс таулы аумақтарында бұл көрсеткіш анағұрлым төмен (26-сурет). Біріккен Корольдік халқының дерлік 85%-ы Англияда жасайды.

**Экономикасы.** Ұлыбритания – Еуропа және дүние жүзі шеңберінде экономикалық тұрғыдан ең құдіретті мемлекеттердің бірі, «Үлкен жетіліктің» мүшесі. Біріккен Корольдік ЖІӨ бойынша Еуропада Германиядан кейінгі 2-орында тұрады.

Ұлыбритания – өнеркәсіп төңкерісінің бесігі, ол XIX–XX ғасырдың басында әлемдегі өнеркәсіптенген жетекші мемлекет болып саналатын еді. Ол кезеңде Біріккен Корольдіктің өнеркәсібі әсіресе тоқымашылық,



**26-сурет.** Ұлыбритания халқының орналасу тығыздығы (шаршы км/адам).




көмір, қара металлургия, кемежасау тармақтарының жоғары қарқынмен дамуы тұрғысынан дүние жүзі мемлекеттерінің көшін бастаған. Ал бүгінгі таңда Ұлыбритания өнеркәсібінің жетекші тармақтары қатарында автомобильжасау, ұшақжасау, ауыл шаруашылық машиналарын жасау, химия және фармацевтика өнеркәсіптері тұрады. Электр энергиясы негізінен ЖЭС-тер арқылы өндіріліп келеді. Сүт-ет ірі қара шаруашылығы, қой шаруашылығы және шошқа шаруашылығы ауыл шаруашылығының жетекші тармақтары болып саналады. Негізгі ауыл шаруашылық егіндері: бидай, арпа, картоп және қант қызылшасы.

Ұлыбритания экономикасында қызмет көрсету саласы да айрықша маңызды. Олардың арасынан банк-қаржы саласы, туризм, ақпарат және телекоммуникация технологиялары, медицина және жоғары білім өзінің халықаралық экономикалық маңыздылығымен ерекшеленіп тұрады. Лондон қаласы Нью-Йорк және Токио қалаларымен бірге дүние жүзінің ең ірі қаржы орталығы болып саналады. Ұлыбританиядағы аты әлемге әйгілі көптеген тарихи-мәдени ескерткіштерді көру үшін жыл сайын бірнеше миллион саяхатшы келіп-кетеді. Біріккен Корольдік саяхатшыларды ең көп қабылдайтын әлемдегі 10 жетекші мемлекеттің бірі болып табылады.



1. Біріккен Корольдіктің саяси-аумақтық құрылымын сипатта. Неліктен ол ішінара федеративтік ел болып саналуы мүмкін?
2. Ұлыбритания климатының маңызды ерекшеліктерін және оларды туындататын себепшарттарды сипаттап бер.
3. Біріккен Корольдік халқының орналасуына қандай себепшарт үлкен әсерін тигізген? Халқының тығыздығы ең жоғары аумақтары қайсы?
4. Ұлыбританияның заманалық өнеркәсібінің қайсы тармақтары жетекші маңызға ие? Мемлекет өнеркәсібінің тармақтық құрамы қалай өзгерген?

## § 28. Франция Республикасы



Жер алаңы – 551,6 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 65,1 млн. адам. Астанасы – Париж.



*Ла-Мани бұғазы, Атлант мұхиты, Корсика аралы, теңізарты аумақтары, Париж агломерациясы, сыртқы миграция, аймақтық тілдер, туризм.*

Еуропадағы ең ірі мемлекеттердің бірі болып табылатын Франция Республикасы құрлықтың батысына орын тепкен. Оның жағалаулары батысы мен солтүстік-батысынан Атлант мұхитының, ал оңтүстік-шығысынан Жерорта теңізінің су-



ларымен шайылып жатады. Ол құрлықта 8 мемлекетпен шектеседі, Германия, Италия және Испания мемлекеттерімен шекарасы ең ұзыны болып саналады. Жерорта теңізіндегі Корсика аралы Францияға тиесілі. Сондай-ақ Францияның 10-нан астам теңізарты аумақтары, яғни отарлары да бар. Олар негізінен Тынық мұхитпен Кариб теңізінде орналасқан.



27-сурет. Луара өзені.

Елді басқару пішіні – президенттік республика. Саяси-аумақтық тұрғыдан Франция унитар мемлекеттер қатарына жатады, өйткені ол 18 аумаққа (аймаққа) бөлінеді. Олардың 12-сі Францияның негізгі континенттік бөлігінде, 1-і Жерорта теңізіндегі Корсика аралында, қалған 5-і теңізарты аумақтарынан тұрады.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Франция аумағының 2/3 бөлігін жазықтықтар алып жатыр. Сонымен қатар мемлекеттің шығыс, орталық және оңтүстік аумақтарында Альпі, Пиреней, Арденна, Вогеца, Орталық массив және Юра секілді биіктіктері әр түрлі таулар бар.

Францияда қазба байлықтар баршылық, онда негізінен темір, уран және боксит рудаларының кендері маңызды өнеркәсіптік рөл атқарады.

Елдің Атлант мұхитына таяу бөлігінде қоңыржай теңіздік климат, шығыс аумақтарында қоңыржай континенттік, ал оңтүстігінде Жерорта теңізі типіндегі субтропиктік климат қалыптасқан. Жазы ыстық, ал қысы жылы әрі жаңбырлы болып келеді. Жауын-шашын ең көп жауатын мезгіл – қаңтар мен сәуірдің арасы. Францияда өзендер торы айтарлықтай тығыз. Ең ұзын өзені – Луара (27-сурет), ал ең мол сулысы – Рона. Сондай-ақ Сена мен Гаронна да ірі өзендер қатарына енеді.

**Халқы.** Франция Еуропа мемлекеттері ортасында халқының саны бойынша 4-орында тұрады. 2018 жылғы мәліметтерге сүйенсек, Францияның халқы 65 млн. адамнан асқан. Халықтың табиғи өсімі өте төмен, бұл көрсеткіш жылдық есеппен 0,2%-ға тең. Халық саны көбеюінің маңызды көзі сыртқы миграция болып саналады. Мигранттар арасында бұрындары Францияның отары болған Африканың түрлі елдерінен көшіп келгендердің саны көп.

Бүгінгі таңда Францияның қалалану дәрежесі 80%-ға жеткен. Париж қаласының айналасында құрлықтағы ең ірі қала агломерацияларының



**28-сурет.** Францияның жүзім алқаптары.

бірі қалыптасқан. Оның халқы 10 млн. адамнан артық. Ірі аймақтық орталықтар ретінде Лион, Марсель, Лилл, Тулуза, және Бордо қалаларын атауға болады.

Мемлекеттің байырғы ұлттары қатарына француздардан тыс, баскілер, бретондар, эльзастықтар, лотарингілер, каталондар, окситандар және корсикалықтар енеді. Францияның Конституциясына орай, осынау 7 ұлттың тілдері аймақтық тілдер мәртебесін алған. Ел

халқының діни құрамында католиктер басым.

Мемлекет халқы Париж агломерациясында, Бельгия мен Германияға шекаралас аумақтарда және Жерорта теңізі жағалауларында тығыз орналасқан. Ал таулы аумақтарда халықтың тығыздығы біршама төмен.

**Экономикасы.** Франция Республикасы Еуропа және дүние жүзі бойынша ең ірі экономикалық әлеуетке ие мемлекеттердің бірі болып саналады. Франция да «Үлкен жетіліктің» мүшесі.

Францияның өнеркәсібі құрамында машинажасау, химия және мұнай-химия, қара және түсті металлургия, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі жетекші орындарды иелейді. Мемлекет автомобиль, кеме, станоктар, минерал тыңайтқыштар, сода, полимерлер, парфюмерия мен косметика, шарап, ірімшік және басқа көптеген өнімдерді өндіру және әлемдік базарға шығару бойынша ерекшеленіп тұрады.

Францияның электр энергетикасында АЭС-тердің маңыздылығы бірінші дәрежеде тұрады. Мемлекетте өндіріліп жатқан электр энергиясының 80%-ға жуығы атом электр станцияларының үлесіне тура келеді. Бұл тұрғыдан алғанда Франция дүние жүзі бойынша бірінші орында тұрады.



**29-сурет.** Париждегі Лувр мұражайы.

Ауыл шаруашылығының жетекші саласы – ет-сүт мал шаруашылығы. Негізгі ауыл шаруашылық егіндері: бидай, қант қызылшасы, картоп, жүгері, жүзім және зығыр. Әсіресе жүзім өсіру мен шарап өндіру салалары бойынша Франция

өндірісінің көлемі және өнімдерінің дәстүрлі сапалылығымен бүкіл әлемге танылған (28-сурет). Теңіз қайраңдарында түрлі марикультура, яғни сан алуан теңіз ағзаларын жасанды жолмен көбейту жақсы дамыған.

Франция дүние жүзі мемлекеттері ішінде туристер ең көп баратын ел болып саналады. Кей жылдарда шетелдік саяхатшылардың саны 75 миллион адамнан да асады. Туризмнің бұндай дәрежеде дамуына табиғи климат жағдайы, бүкіл әлемге әйгілі теңізбойы курорттары (Ницца, Сен-Тропе, Канн және басқалар), Францияның қалаларында, әсіресе Парижде атақты мәдени нысандардың көптігі себеп болып отыр. Мәселен, Париждегі Лувр мұражайы дүние жүзі бойынша келушілерінің саны бойынша бірінші орында тұрады (29-сурет).



1. Картаның көмегімен Францияның экономикалық географиялық орнына баға бер.
2. Франция халқының құрамында қайсы ұлттар байырғы ұлттар болып саналады?
3. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы қайсы салаларға маманданған?
4. Францияда туризмнің дамуын және оған әсер ететін себепшарттарды сипатта.

## § 29. Италия Республикасы



*Апеннин түбегі, Жерорта теңізі, Сицилия, Сардиния, Альпі, анклав, жанартаулар, Жерорта теңізі типіндегі климат, мәдени мұра, әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар.*

Италия Республикасы – Еуропаның оңтүстігінде, Жерорта теңізінің бойына орналасқан, Еуропа мәдениеті бесіктерінің бірі болып саналатын мемлекет. Мемлекет аумағының үлкен бөлігін Аппеннин түбегі алып жатыр. Италияға Жерорта теңізіндегі екі ірі арал – Сицилия мен Сардиния тиесілі. Италия солтүстігінде Франциямен, Австриямен, Швейцариямен және Словениямен шектеседі. Италияның көршілері арасында Сан-Марино және Ватикан «ергежейлі» мемлекеттері ерекше орын иелейді. Өйткені бұл мемлекеттер жан-жағынан Италияның аумағымен оралып жатыр әрі басқа елдермен немесе теңіз суларымен ортақ шекаралары жоқ. Бұндай географиялық орналасуға ие болған елдер **анклав мемлекеттер** деп аталады.



Жер алаңы – 301,3 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 60,6 млн. адам.  
Астанасы – Рим.



**30-сурет.** Стромболи жанартауы.

Альпі таулары орналасқан. Апеннин түбегін солтүстіктен оңтүстікке қарай орташа биіктіктегі Апеннин таулары қиып өткен (ең биік нүктесі – Корно-Гранде шыңы, 2914 м). Альпі және Апеннин тауларының ортасында Падан жазықтығы орын тепкен. Бұл жазықтық арқылы батыстан шығысқа қарай Италиядағы ең ірі өзен – По өзені ағып өтеді.

Италия – сейсмикалық және жанартаулық тұрғыдан белсенді аумақтардың бірі. ХХІ ғасырдың өзінде бұл елде 4 күшті зілзала орын алды. Мемлекетте бірнеше белсенді жанартау, атап айтқанда, Этна (Еуропадағы ең биік белсенді жанартау), Везувий және Стромболи (30-сурет) бар.

Италияның аумағында алуан түрлі пайдалы қазбалар (мұнай, табиғи газ, көмір, марганец, калий және ас тұзы) кендері бар, бірақ көптеген минерал ресурстарды қазып алу көлемі мемлекет экономикасының сұранысын қанағаттандыра алмай отыр.

Италияда негізінен Жерорта теңізі типіндегі субтропиктік климат үстемдік етеді. Жазы ыстық, қысы жылы, жауын-шашын көбінесе қыс айларына тура келеді. Альпі таулары Италия аумағын суық ауа массасының кіріп келуінен сақтайды және теңізден есетін желдердің жолын бөгеп, жауын-шашынның көбеюіне мүмкіндік туғызады.

**Халқы.** Италия – Еуропадағы халқы ең көп 5 мемлекеттің бірі. 2018 жылғы мәліметтер бойынша Италияда 60,6 млн. адам жасайды. Халықтың табиғи өсімі кері кеткен, бұл көрсеткіш жылдық есеппен -0,2%-ға тең. Бірақ ел халқының саны сыртқы миграцияның есебінен өсіп келеді. Мигранттар арасында румындар, албандар және Солтүстік Африка елдерінен көшіп барған арабтар саны басым.

Италияда қала халқының саны жалпы халық санына шаққанда 70%-ды құрайды. Мемлекеттегі ең ірі қала агломерациялары Милан, Рим,



Турин және Неаполь қалаларының айналасында пайда болған.

Мемлекеттік тіл – итальян тілі. Халықтың діни құрамында католиктер үстемдік етеді. Италия католиктер саны бойынша Еуропада бірінші орында тұрады.

Мемлекет халқы біртегіс орналаспаған. Халықтың ең тығыз орналасқан аумағы – По өзені ағып өтетін Падан жазықтығы болып саналады. Сондай-ақ мемлекеттің оңтүстігіндегі теңізбойы аумақтарында да халық айтарлықтай тығыз жасайды. Таулы аумақтар мен Сардинияда халықтың тығыздығы сиректеу.

**Экономикасы.** Италия – Еуропадағы «Үлкен жетілік» тобына енген 4 мемлекеттің бірі. Дегенмен Италияның түрлі бөліктерінің экономикалық дамуында үлкен айырмашылықтар байқалады. Елдің ең ірі әрі дамыған экономикалық орталықтары солтүстік жақта орналасқан (Милан және Турин агломерациялары). Ал оңтүстік аумақтары артта қалған аграрлы экономикасымен ерекшеленеді. Бұндай аумақаралық шұғыл әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар Италияның экономикалық географиялық ерекшеліктерінің бірі болып саналады.

Италия өнеркәсібінің жетекші тармақтары ретінде машинажасау (әсіресе автомобильжасау және тұрмыстық техника өндіру), химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері елеулі орын иелейді. Мемлекет жеңіл автомобиль, мотоцикл, тоңазытқыш, велосипед, жүннен тоқылған маталар, киім-кешек, аяқкиім, зәйтүн майы, ірімшік, шарап, жеміс және томат консервілер тәрізді өнімдерді экспорттау бойынша әлемде алдыңғы орындардың бірін иелейді.

Ауыл шаруашылығы көбірек субтропиктік егіншілікке маманданған. Италия Еуропа және әлем шеңберінде цитрус жемістерін, жүзім, қызанақ және зәйтүн өндіруден әйгілі болып отыр (31-сурет).

Ұлттық экономиканың ең табысты салаларының бірі – туризм, өйткені Италияға жыл сайын орта есеппен 50 мил-



31-сурет. Италиядағы зәйтүн плантациялары.



32-сурет. Римдегі Колизей.

лион шетелдік туристер келіп-кетеді. Туризмнің нақ бұлайша кең шеңберде дамуына Италияның табиғи климат жағдайы, табиғатының әсемдігі және мәдени мұраларының байлығы қызмет етіп келеді. Елдің Рим, Милан, Неаполь, Венеция, Флоренция, Генуя, Парма, Пиза, Верона және басқа қалалары шын мәнінде «аспан астындағы мұражайлар» ретінде бүкіл әлемге танымал. ЮНЕСКО-ның бастамасымен жасалған Бүкіләлемдік мәдени мұра нысандары тізіміне Италиядағы нақ осы табиғи және тарихи-мәдени жәдігерліктер ең көп енгізілген.




1. Италиямен шекаралас мемлекеттер арасында Ватикан мен Сан-Марино қандай географиялық артықшылықтарымен ерекшеленіп тұрады?
2. Италия халқының тығыздығына әсер ететін аумақтық айырмашылықтардың себептерін сипатта.
3. Италияның солтүстік және оңтүстік аумақтары экономикалық дамуы тұрғысынан қалай ерекшеленеді?

## § 30. Ресей Федерациясы



*Шығыс Еуропа, Солтүстік Азия, Орал таулары, Кума-Мани ойпаты, агроклиматтық ресурстар, табиғат зоналары, Байкал көлі, көп конфессиялы мемлекет.*



Ресей Федерациясы алып жатқан аумағы тұрғысынан әлемдегі ең ірі мемлекет болып табылады. Ол Шығыс Еуропа мен Солтүстік Азияда орналасқан. Ресейдің Еуропа мен Азиядағы бөліктерін Орал таулары, Каспий және Азов теңіздері ортасындағы Кума-Манш ойпаты бөліп тұрады

Ресей аумағы Солтүстік Мұзды мұхит, Тынық және Атлант мұхиттарының су алабына тиесілі 12 теңіздің суларымен шайылады.

Әлемде тек 3 мемлекеттің ғана бірден үш мұхитқа шығуға мүмкіндігі бар, олар – Ресей, АҚШ және Канада.

Ресей Федерациясы барлығы 16 мемлекетпен шекаралас. Солардың ішінде Жапониямен және АҚШ-пен шекаралары тек су арқылы өтеді. Шекаралас мемлекеттердің жалпы саны бойынша Ресей дүние жүзінде бірінші орында тұрады. Оның ең ұзын шекара сызықтары Қазақстан, Монғолия және Қытай арқылы өткен.




Ресей аралас типтегі мемлекет болып саналады, өйткені үкіметті президент пен парламент бірігіп қалыптастырады. Конституция бойынша Ресей түрлі мәртебедегі 85 аумақтың федерациясы болып саналады. Ресей Федерациясының аймақтары арасында республика, облыс, өлке, автономиялық округ және федералдық маңызы бар қалалар кездеседі. Балтық теңізі бойындағы Калининград облысы Ресейдің негізгі аумақтарынан бөлініп орналасқан, оның *экславтық* географиялық орны бар.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Ресей Федерациясы аумағының солтүстіктен оңтүстікке қарай 4000 км-ден артық, ал батыстан шығысқа қарай 10000 км қашықтыққа созылып жатқандығы себепті мемлекеттің табиғи жағдайы алуан түрлі. Ел аумағының 70%-дан астамын жазықтықтар алып жатыр. Ең көлемді жер алқаптары Шығыс Еуропа және Батыс Сібір ойпаттарының еншісінде. Биік таулар (Кавказ, Алтай, Саян, Сихотэ-Алин және басқалар) Ресейдің шығыс және оңтүстік бөліктеріне орналасқан.

Ресей минерал ресурстарға өте бай мемлекеттердің бірі болып саналады. Елде мұнай, табиғи газ, көмір, уран, темір рудасы, алтын, алмаз және басқа қазба байлықтардың ірі қорлары бар. Ресейдің экономикасы үшін әсіресе мұнай мен табиғи газдың ресурстары маңызды рөл атқарады. Мұнай мен газдың ірі кендері негізінен Батыс Сібір ойпатында жатыр.

Ресей негізінен қоңыржай, субарктика және арктика климат белдеулеріне орын тепкен. Тек Қара теңіздің бойындағы аумақта ғана субтропиктік климат қалыптасқан. Ел аумағының 70%-дан артық бөлігі агроклиматтық ресурстармен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген, бұл жағдай ауыл шаруашылығына кері әсерін



*Мәскеудегі Христос Азат етуші шіркеуі.*



*Грозныйдағы «Шешенстанның жүрегі» мешіті.*



*Элистадағы будда ғибадатханасы.*

**33-сурет.** Ресей – көп конфессиялы мемлекет.

тигізеді. Негізгі табиғат зоналары – тундра, тайга, аралас және жалпақ жапырақты ормандар, дала және орманды-дала. Ресей – орман және жер ресурстарымен ең жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттердің бірі.

Ресей, әсіресе оның Азиядағы бөлігі су және гидроэнергетика ресурстарына өте бай. Ресейдің ең ірі өзендері – Енисей, Лена, Обь, Амур және Волга, ал Сібірде орналасқан Байкал көлі – Жер жүзіндегі ең терең және ең мол тұщы сулы көл болып саналады.

**Халқы.** Ресей Федерациясы халқының саны жағынан әлемде 9-орында тұрады. Ресейде 1992-2012 жылдарда халықтың табиғи азаюы байқалған болса, 2013 жылдан бастап елде өте төмен деңгейдегі табиғи өсу тіркеліп отыр. Бірақ Ресейде демографиялық жағдай тұрақты емес. Халық санының өсуіне сыртқы миграция айтарлықтай дәрежеде әсер етіп жатқаны байқалады.

Ресейде қала халқының үлесі 75%-ға жуық. Ең ірі қалалары – Мәскеу (12 млн. адамнан артық) және Санкт-Петербург (5 млн. адамнан артық). Бүгінгі таңда мемлекетте 15 «миллионер» қала бар.

Ресей Федерациясы көп ұлтты мемлекеттер қатарына жатады. Оның аумағында 100-ден астам байырғы ұлттар мен ұлыстардың өкілдері жасайды. Халықтың ұлттық құрамының 80%-ы орыстарға тура келеді. Өзге ұлттар арасында татар, украин, башқұрт, чуваш, шешен сияқтылардың саны 1 млн. адамнан асады.

Ресей – көп конфессиялы мемлекет (33-сурет). Мемлекеттегі көп санды табынушылары бар дін – православие христиандығы болып саналады. Бұл дінге орыстардан тыс украиндар, чуваштар, мордвалар, осетиндер және басқа да бірнеше ұлттың өкілдері табынады. Ал татарлар, башқұрттар, Солтүстік Кавказдағы көптеген халықтар ислам дініне тән. Буряттар, қалмақтар және тувалықтар будда дініне сыйынады.

Ресейде халық тығыздығының орташа көрсеткіші едәуір төмен (1 шаршы км-ге 8 адам), ал халықтың аумақтық орналасуы біркелкі емес. Бұған негізінен климаттық жағдай үлкен әсерін тигізіп отыр. Халық көбінесе Ресейдің батыс және оңтүстік бөлігіне – шартты түрде бөлінген «Санкт-Петербург – Сочи – Иркутск» үшбұрышына шоғырланған.



1. Ресей Федерациясы географиялық орнының ұнамды және ұнамсыз жақтарын анықта.
2. Ресейде қандай табиғат зоналары кең тараған?
3. Ресейдегі қайсы ұлттар өкілдерінің саны 1 млн. адамнан асады?
4. Ресейдегі қайсы ұлттар православие, ислам және будда діндеріне табынады?

## § 31. Ресей Федерациясының шаруашылығы



*Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), өнеркәсіп, отын-энергетика өнеркәсібі, металлургия, машинажасау, астық өндіру, теміржол көлігі, экономикалық аудандар.*

Ресей Федерациясы ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзінде 6-орында тұрады (2017 ж.). Ал бұрынғы Одақ мемлекеттері арасында Ресей ЖІӨ-нің көлемі ең жоғары болып саналады. Ресейдің экономикасы индустриялы экономикаға жатады.

**Өнеркәсібі.** Ресейде өнеркәсіптің көптеген салалары жақсы дамыған, экономикасының басты тірегі – отын-энергетика өнеркәсібі. Ресей мұнай қорлары бойынша әлемде 3-орында, көмір қорлары бойынша 2-орында, ал табиғи газ қорлары бойынша 1-орында тұрады. Бірнеше жылдан бері Ресей мұнай және табиғи газ қазып алу көлемі бойынша дүниедегі 3 жетекші мемлекеттің қатарынан орын алып келеді. Отынның жалпы экспорты бойынша Ресей әлемдегі ең үздік мемлекет болып саналады. Ресейдегі отын өнеркәсібінің басты ауданы – Батыс Сібір.

Электр энергиясын өндіру бойынша Ресей дүние жүзінде Қытай, АҚШ және Үндістан мемлекеттерінен кейінгі төртінші орынды иелейді. Электр энергиясының ең үлкен бөлігі жылу электр станцияларында өндіріледі (65%-дан астам), ГЭС-тер үлесі 16%-ға, АЭС-тер үлесі 18%-ға тең.

Қара металлургия да Ресей өнеркәсібінің тірек салаларының бірі болып табылады. Ресей дүние жүзінде темір рудасын қазып алу бойынша 4-орынды, болат балқыту бойынша 5-орынды, болат экспорты бойынша 4-орынды иелейді (2019 ж.). Жыл сайын 70 млн. тоннадан астам болат балқытылып, 30 миллион тоннаға жуығы экспортқа шығарылады. Ресейде қара металл өндіру негізінен үш ірі темір рудасы алабына – Кузнецк, Магнитогорск және Курск магнит аномалиясына сүйенеді.

Ресей жоғары дәрежеде дамыған түсті металлургия өнеркәсібіне де ие. Оның негізгі өнімдері – алюминий, никель, мыс, алтын, күміс, мырыш және қорғасын. Атап айтқанда, Ресей алюминий мен никельді қазып алу бойынша әлемде 2-орында, ал оларды экспорттау бойынша 1-орында тұрады (2016 ж.). Мемлекет алтын өндіру бойынша дүниеде 3-орынды иелейді. Түсті металлургияның ең ірі кәсіпорындары Шығыс Сібірде орналасқан (34-сурет). Бұл салада Енисей және Ангара



**34-сурет.** «Норильск никель» кәсіпорны.

өзендерінде салынған алып ГЭС-тердің маңызы айрықша.

Ресейдің машинажасау өнеркәсібі көп-тармақты құрамымен және кең ауқымды географиясымен ерекшеленіп тұрады. Мемлекеттің машинажасау саласы авиағарыш техникасын, энергетика құрылғыларын, вагондар, жеңіл және жүк автомобильдерін, ауыл шаруашылық машиналарын, сан түрлі станоктарды өндіруге

мамандандырылған. Тольятти қаласындағы «АвтоВАЗ» кәсіпорны – мемлекеттің ең үлкен автомобиль зауыты болып табылады.

Химия өнеркәсібінің ең маңызды өнімі – минерал тыңайтқыштар. Барлық түрлердегі минерал тыңайтқыштарды өндіру бойынша Ресей дүние жүзінде Қытайдан кейінгі 2-орында тұрады (2016 ж.).

**Ауыл шаруашылығы.** Әлемдегі мемлекеттер арасында Ресей ең үлкен жер қорына ие, бірақ ауыл шаруашылығына пайдаланылатын өнімді жерлер сол қордың 10%-ынан астам бөлігін ғана құрайды.

Ресейдің түрлі аумақтары ауыл шаруашылығының белгілі бір саласына мамандануымен өзара ерекшеленіп тұрады. Бұндай айырмашылықтар көбінесе климат жағдайына байланысты болып келеді.

Диқаншылықтың ең маңызды тармағы – астық өндіру. Ол негізінен мемлекеттің оңтүстігі мен оңтүстік-батысын алып жатқан дала және орман-дала зоналарында жақсы дамыған. Астық егіндерінің жалпы өнімі бойынша Ресей әлемдегі жетекші 5 елдің қатарына енеді және ол бидай экспорты бойынша әлем шеңберінде ерекшеленіп тұрады (35-сурет). Ресейде астық егіндерінен тыс қант қызылшасы, картоп, күнбағыс, зығыр секілді маңызды ауыл шаруашылық егіндері көп егіледі.


Мал шаруашылығының басты тармақтары – ірі қара шаруашылығы, шошқа және құс шаруашылықтары болып саналады. Солтүстік аумақтарда бұғы шаруашылығы өркендеген. Ал Беринг, Охот, Жапон, Баренц, Балтық және Каспий теңіздерінде балықшылық саласы жақсы дамыған.

**Көлігі.** Көлік жолдарының тығыздығы мемлекеттің түрлі өңірлерінде бір-бірінен шұғыл ерекшеленіп тұрады. Бұл жағдай табиғи-климаттық ерекшелікке және халықтың орналасу тығыздығына байланысты. Ресей теміржолдарының ұзындығы бойынша әлемде АҚШ-тан кейінгі 2-орын-

ды, ал электрленген теміржолдарының ұзындығы бойынша 1-орынды иелейді. Дүние жүзіндегі ең ұзын теміржол Мәскеуді Владивостокпен байланыстыратын Трансiбiр магистралi болып саналады.

Мемлекеттің кейбiр аумақтарында, әсiресе солтүстік өлкелерде өзен көлігiнiң маңызы өте жоғары. Ресейдiң еуропалық бөлiгiндегi Волга өзенi өзен көлігi тармақтарының өзегi ретiнде қызмет етiп келедi. Ол түрлi салалар мен каналдар арқылы Балтық, Ақ және Азов теңiздерiмен байланысады.

Ресейдiң 7 қаласында (Мәскеу, Санкт-Петербург, Нижний Новгород, Самара, Екатеринбург, Новосибирск және Қазан) метрополитен жұмыс iстейдi.



**35-сурет.** Ресей астық экспортының динамикасы (1992–2017 жж., млн.тонна).

**Экономикалық аудандары.** Ресей Федерациясы ресми 11 экономикалық ауданға бөлінеді. Олардың ең ірілері: Орталық, Солтүстік-батыс, Орал, Волгабойы, Батыс Сібір, Шығыс Сібір және Қиыр Шығыс аудандары. Мемлекеттің экономикалық аудандары арасындағы айырмашылықтар негізінен табиғи жағдайға, ресурстарға және тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.



1. Ресейдің өнеркәсібі мен бүкіл экономикасының негізін қайсы тармақ құрайды?
2. Ресейдегі негізгі ауыл шаруашылық егіндері қатарына нелер жатады?
3. Жазусыз картаға Ресейдегі метрополитені бар қалаларды түсіріп, белгіле.
4. Ресейдің экономикалық аудандары арасындағы айырмашылықтар қандай себепшарттарға байланысты белгіленеді?





## 6-ТАРАУ. АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### § 32. Азия құрлығының географиялық орны, шекаралары және саяси картасы



*Азия, құрлық, жаңа тәуелсіз мемлекеттер, арал-мемлекеттер, ішкі континенттік мемлекеттер, республика, монархия, федеративтік мемлекеттер.*



**36-сурет.** Азияның географиялық орналасуы.

Дүние жүзіндегі ең үлкен құрлықтың Азия деп аталуы оның географиялық орнымен тығыз байланысты. Ежелгі ассириялықтардың тілінде ол «Күннің шығуы», яғни «шығыс» деген мағынаны білдіреді.

Азияның аралдарды қосқандағы жалпы алаңы 43,4 млн. шаршы км (Ресейдің Азиядағы бөлігімен бірге). Халқының саны 4,5 млрд адамнан асады, яғни Азияда Жер бетіндегі адамзаттың 60%-ға жуығы жасайды (2018 ж.).

Азия экваторға сәйкес алғанда, негізінен Солтүстік жарты шарда, ал бас меридианға сәйкес алғанда, негізінен Шығыс жарты шарда орналасқан (36-сурет).

Азия – жағалауларын төрт бірдей мұхит сулары шайып жататын бірден-бір құрлық. Оны солтүстігінен (Ресейдің аумағы) Солтүстік Мұзды мұхит, оңтүстігінен – Үнді мұхиты, шығысынан – Тынық мұхит, батысынан Атлант мұхитына тиесілі Жерорта және Қара теңіздер қоршап жатыр.

Азияның саяси картасында, Ресейді қоспағанда, 47 тәуелсіз мемлекет бар. Бұл мемлекеттердің дені Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде саяси тәуелсіздікке ие болған. Құрлықтың ең жас мемлекеттері қатарына 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Грузия, Армения және 2002 жылы тәуелсіз мемлекетке айналған Шығыс Тимор енеді.



Азия мемлекеттері аумақтарына қарай бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленіп тұрады. Ресей, Қытай, Үндістан және Қазақстан әлемдегі ең ірі 10 мемлекеттің қатарына жатады. Тағы 4 мемлекеттің – Сауд Арабиясының, Индонезияның, Иран мен Монғолияның жалпы алаңы 1 млн. шаршы км-ден асады. Сондай-ақ аумағы 500 мың шаршы км-ден артық Пакистан, Түркия, Ауғанстан, Мьянма, Йемен және Таиланд та үлкен мемлекеттер санатына қосылады. Бұдан тыс Азияда алаңы 1 мың шаршы км-ден төмен болған 3 мемлекет бар: Бахрейн, Сингапур және Мальдив Республикасы. Жалпы алғанда Азияда Еуропамен салыстырғанда аумағы үлкен мемлекеттер көп.

Азия мемлекеттерінің басым көпшілігінде теңізге тікелей шығу мүмкіндігі бар. Олардың кейбіреулері (мәселен, Түркия, Малайзия, Сингапур, Корея Республикасы) қатынауы мол теңіз жолдары мен бұғаздар бойына орын тепкен. Құрлық мемлекеттерінің 9-ы аралдарға жайғасқан, олар: Индонезия, Филиппин, Шығыс Тимор, Сингапур, Жапония, Шри-Ланка, Мальдив Республикасы, Кипр және Бахрейн.

Сонымен қатар Азияда 13 мемлекет құрлықтың ішкерісіне сұғына орналасқан. Олардың жетеуі – бұрынғы Одақ құрамынан бөлініп шыққан жас тәуелсіз мемлекеттер. Әлемнің ішкі континенттік мемлекеттерінің ең ірі екеуі (Қазақстан мен Монғолия) нақ осы Азияда орналасқан.

Құрлықтағы 47 мемлекеттің 34-і республикалық, 13-і монархиялық басқару пішініне ие. Дүние жүзінің 5 абсолютті монархиясының 4-і (Сауд Арабиясы, Оман, Катар және Бруней) осы Азияда.

Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Азиядағы 7 мемлекет федеративтік болып саналады (Үндістан, Пакистан, Мьянма, Ирак, Малайзия, Непал және Біріккен Араб Әмірліктері).

Азия мемлекеттері 5 субаймаққа бөлінеді, олар: Орталық, Оңтүстік-батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс және Шығыс Азия. Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан Республикалары Орталық Азия субаймағын құрайды.



1. Азияның саяси картасындағы ең жас мемлекеттер қайсы?
2. Картадан Азиядағы арал-мемлекеттердің қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін анықта.
3. Атластағы дүние жүзінің саяси картасы көмегімен құрлықтың ішкерісіне сұғына орналасқан Азия мемлекеттерін анықта.

### § 33. Азия мемлекеттерінің табиғи ресурстары және халқы



*Минерал, су, агроклиматтық, орман ресурстары, суармалы егіншілік, өңделетін жерлер, халықтың орналасуы, табиғи өсім, урбанизация, оңтүстік еуропеоидтар, монголоидтар, дін.*

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Азиядағы мемлекеттердің көпшілігі минерал байлықтармен жақсы қамтамасыз етілген. Әлемдік мұнай қорларының 70%-ы, газдың 80%-дан астамы, көмірдің 50%-дан көбірегі Азияның үлесіне тура келеді. Мұнай мен табиғи газға Парсы шығанағы мен оның жағалаулары, Каспий теңізі, Тұран ойпаты, Оңтүстік-шығыс Азияның теңіз қайраңдары бай. Қытайдағы, Үндістан мен Қазақстандағы ежелгі платформалар аумағында ірі таскөмір, темір, марганец, хром және түрлі түсті металл кендері орналасқан. Оңтүстік-шығыс Азия елдерінде табылған дүние жүзіндегі ең ірі қалайы кендері «қалайы белбеуін» құрайды.

Азияда басқа түрдегі табиғи ресурстардың (су, жер, агроклимат) аумақтық таралуында үлкен айырмашылықтар бар. Су ресурстарымен жақсы қамтамасыз етілген аумақтармен (мәселен, Оңтүстік-шығыс Азия елдері) қатар, ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін құрғақ шөлдер де кездеседі.

Үлкен айырмашылықтар табиғи ылғал, өңделетін жер алқаптары сықылды ресурстардың бөлінісінде де айқын көрінеді. Азиядағы көптеген елдерде жер ресурстары (ең алдымен егін алқаптары) жетіспейді, ірі тау массивтерінің, қуаң шөлдер мен шөлейттердің кең тарағандығы және халықтың тығыздығы жоғары болғандығы себепті өңделетін алқаптардың көлемі айтарлықтай шектелген. Азия аумағының үлкен бөлігінде күн нұры, оның жылу беретін мүмкіндіктері өсімдіктердің вегетативтік кезеңінің ұзақ, тіпті жыл бойы созылуына қолайлылық туғызады. Дегенмен құрлықтағы табиғи ылғал бөлінісі біркелкі емес.

Бұндай жағдай сонау ерте замандардан-ақ Азия мемлекеттерін суды үнемді пайдалануға ұмтылдырған және бұл құрлықты жасанды суару егіншілігінің бесігіне айналдырған. Тарихи мәліметтер Орталық Азия, Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азия аумақтарында суармалы егіншілік мәдениеті осыдан 4–5 мың жыл бұрын-ақ қалыптасқанын дәлелдейді. Жер жүзіндегі барлық суармалы алқаптардың 3/4 бөлігі Азия елдерінің үлесіне тура келеді. Жалпы алғанда, суармалы алқаптардың көлемі бойынша Қытай бірінші, ал Үндістан екінші орында тұрады.

**Халқы.** Азия халқының саны ең көп құрлық болып саналады. Бұл аймақта 4,5 млрд-тан астам адам, яғни әлем халқының дерлік 60 % -ы жасайды (2018 ж.).

Азияда, тіпті әлемде халқының саны жағынан ерекшеленіп тұратын елдер – Қытай мен Үндістан. Олардың халқы, 2018 жылғы мәліметтер бойынша тиісінше 1 млрд. 394 млн. және 1 млрд. 371 млн. адамға жеткен. Демек, Қытай мен Үндістанда Азия халқының 61%-ы, немесе бүкіл адамзаттың 36%-ы өмір сүреді.

2018 жылғы жағдай бойынша Қытай мен Үндістаннан кейінгі жетекші орындарды Индонезия (265 млн. адам), Пакистан (201 млн. адам), Бангладеш (166 млн. адам), Жапония (126 млн.адам), Филиппин (107 млн.адам), Вьетнам (95 млн.адам), Иран (82 млн.адам) және Түркия (81 млн.адам) секілді мемлекеттер иелейді.

Қазіргі сатыда Азияның халқы, жалпы есеппен алғанда, жылына 1–1,1% өсіп келеді. Десек те, халықтың өсу қарқыны әр мемлекетте әр түрлі. Жапония, Солтүстік және Оңтүстік Корея республикалары мен Қытай, Сингапур, Таиланд, Грузия, Армения, Кипр секілді мемлекеттерде халықтың табиғи өсуі едәуір төмен (жылдық есеппен 0,5%-дан аспайды). Сонымен қатар Ирак, Йемен, Тәжікстан, Ауғанстан, Шығыс Тимор мемлекеттерінде табиғи өсу қарқындары өте жоғары (жылына 2,5 – 3%).

Азияның жалпы урбанизация көрсеткіші ХХІ ғасырдың бастапқы жылдарына дейін Африканың көрсеткішінен де төмен, яғни 30%-ға да жетпейтін еді. Бірақ 2018 жылға келіп, бұл көрсеткіш аймақ бойынша 50%-ға жетті. Бұндай шұғыл өзгеріс, көп тұрғыдан алғанда, соңғы жылдарда Қытайдағы қалалану үдерісінің жеделдеуіне тікелей байланысты. Соңғы 15–20 жылда бұл мемлекеттің урбанизация дәрежесі 2 есеге артып, дүние жүзінің орташа көрсеткішінен асып кетті. Жалпы қалалану дәрежесі әсіресе Сингапур, Жапония, Корея Республикасы, Израиль сықылды өнеркәсіптенген мемлекеттерде және Оңтүстік-батыс Азияның мұнай өндіруші мемлекеттерінде өте жоғары (85–100%). Ал Ауғанстан, Тәжікстан, Шри-Ланка, Непал, Камбоджа, Мьянма және Шығыс Тимор елдеріндегі урбанизация көрсеткіші 20–30% аралығында.

Азияның халқы аумақтық тұрғыдан біркелкі орналаспаған. Бұл ретте де табиғи жағдай, әсіресе климат және су ресурстары себепшарттары үлкен ықпалын тигізген. Азияның халық ең тығыз орналасқан бөліктері – Ұлы Қытай жазығы, Үнді-Ганг ойпаты, Үндіқытай түбегі,

Жапон және Филиппин аралдары, Корея түбегінің оңтүстігі мен Ява аралы. Сонымен қатар Арабия түбегінде, Гоби және Такла-Макан шөлдерінде, биік таулы өлкелерде халықтың тығыздығы өте төмен.

Азия барлық діндердің – буддизм, христиандық, ислам, индуизм, конфуцийлік, иудаизм, синтоизм діндерінің бесігі болып саналады. Бұл құрлықта діндердің өзіне тән тарихи географиясы қалыптасқан. Оңтүстік-батыс және Орталық Азияда, Пакистан, Бангладеш, Мальдив Республикасы сынды Оңтүстік Азия елдерінде, сондай-ақ Индонезия, Малайзия, Бруней секілді Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерінде ислам дінінің маңызы зор. Үндіқытай түбегіндегі мемлекеттерде, Монғолия, Шри-Ланка және Бутан елдерінде буддаға табынушылар көпшілікті құрайды. Армения, Грузия, Кипр, Филиппин, Шығыс Тимор мемлекеттерінде христиан дінінің әр түрлі мазхабтары жетекшілік етеді. Жергілікті діндер арасынан Үндістан мен Непалда – индуизм, Қытайда – конфуцийлік пен даосизм, Жапонияда – синтоизм, ал Израильде иудаизм кең тараған.



1. Азияның көптеген мемлекеттеріндегі жер ресурстары тапшылығының себептерін түсіндір.
2. Неліктен Азиядағы егіншілік негізінен суармалы түрде дамыған?
3. Халықтың табиғи өсуі өте жоғары және анағұрлым төмен болған Азия мемлекеттеріне мысал келтір. Бұндай географиялық айырмашылықтар қандай себепшарттарға байланысты?
4. Азияның түрлі аймақтары мен мемлекеттерінде қандай діндер тараған? Неліктен Азия құрлығы әлемдік діндер тарихында ерекше орын иелейді?

### § 34. Азия мемлекеттерінің экономикалық дамуы



*Әлеуметтік-экономикалық даму, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), «Үлкен жетілік» тобы, «көшірілген капитализм мемлекеттері», жаңа индустриялы мемлекеттер, индустриялы-аграрлы мемлекеттер, аграрлы-индустриялы мемлекеттер, аграрлы мемлекеттер.*

Азия мемлекеттері бір-бірінен тек табиғи жағдайы мен ресурстары, халқының көбеюі мен құрамы жағынан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық дамығандығы тұрғысынан да ерекшеленіп тұрады. Олар экономикалық дамығандығы және шаруашылығының мандануы бойынша бірнеше топқа бөлінеді:

1. Жапония – «Үлкен жетілік» тобына енетін Азиядағы бірден-бір мемлекет. Жапония ЖІӨ көлемі бойынша әлемдегі төртінші мемлекет болып саналады (2017 ж.). Экономикасы инновациялық технологияларға

негізделген өндіріс тармақтарына маманданған. Халқының тұрмыстық дәрежесі бойынша Жапония – дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі.

2. Израиль – «көшірілген капитализм» типіндегі дамыған мемлекет. Халқының жан басына шаққанда ЖІӨ көлемі бойынша Азиядағы озат мемлекеттер қатарына жатады. Израильдің экономикасы, бірінші кезекте, жоғары технологияларға сүйенетін машинажасаудың түрлі салаларына маманданған.

3. Қытай мен Үндістан – табиғи ресурстары, халқының саны және ЖІӨ көлемі бойынша жоғары әлеуетке ие дамып келе жатқан тірек мемлекеттер. Олар соңғы 15-20 жылдың ішінде экономикасы қарыштап алға басқан мемлекеттерге айналды. Бүгінгі таңда Қытай ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзінде бірінші орынды, ал Үндістан екінші орынды иелейді. Бірақ халқының жан басына шаққандағы экономикалық көрсеткіштері, әсіресе Үндістанда әлі дамып келе жатқан мемлекеттердің дәрежесінен біршама төмен. Әлеуметтік даму тұрғысынан да бұл екі мемлекеттің өздеріне тән көкейкесті ділгірліктері баршылық.

4. Азияның жаңа индустриялы мемлекеттері – Корея Республикасы, Сингапур, Малайзия және Таиланд. 1980 жылдардан бері жүзеге асырылған терең экономикалық реформалардың нәтижесінде бұл мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық дамуда шұғыл жетістіктерге жетті. Соңғы кездерде көптеген халықаралық ұйымдар Корея Республикасы мен Сингапурды дамыған мемлекеттер қатарына енгізіп келеді. Жаңа индустриалды мемлекеттердің экономикасы микроэлектроника мен электротехникаға, машинажасаудың автомобильжасау, кемежасау тақылеттес тармақтарына маманданған. Бұл топтағы мемлекеттер жаңа өндірістік және ақпарат-коммуникация технологияларын жасау мен экспорттау бойынша да елеулі жетістіктерге қол жеткізген.

5. Ірі индустриал-аграрлы мемлекеттер – Индонезия, Пакистан, Филиппин, Түркия және Иран. Бұл мемлекеттер көлемі мен халқының саны бойынша ірі болып табылады, әрі олар үлкен табиғи және еңбек ресурсы әлеуетіне ие. Бұл мемлекеттердің экономикасы жеңіл, тамақ, тау-кен өнеркәсіптеріне, машинажасаудың кейбір тармақтарына және көп тармақты ауыл шаруашылығына маманданған. ЖІӨ-нің көлемі бойынша да олар әлемнің жетекші 30 мемлекетінің қатарына енеді, әйтсе де халықтың жан басына шаққандағы көрсеткіштері анағұрлым төмен (әсіресе Пакистанда, Филиппинде және Индонезияда).

6. Мұнайды экспорттайтын мемлекеттер – Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері және Бруней. Бұл мемлекеттер қазіргі кезде халқының жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің дәрежесіне орай тек Азияда ғана емес, тіпті әлем шеңберінде жетекші орындарда тұрады. Бұның негізгі себебі – мұнайды экспорттау есебінен түсетін үлкен табыс және халық санының салыстырмалы түрде аздығы (Сауд Арабиясын қоспағанда). Соңғы жылдарда Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінде химия, металлургия сынды өнеркәсіп тармақтары, туризм, транзит сауда және банк-қаржы секторы да жедел қарқынмен дамып барады.

7. Өтпелі экономикадағы мемлекеттер – Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттері, Монғолия. Аталмыш мемлекеттердің экономикасы индустриялы-аграрлы сипатқа ие болғандықтан, негізінен шикізат жеткізіп беретін тармақтарға (мұнай-газ өнеркәсібі, тау-кен өнеркәсібі, көп салалы ауыл шаруашылығы) маманданған. Мұнай мен газды ірі көлемде экспорттайтын Қазақстан, Түрікменстан және Әзербайжан мемлекеттерінің экономикалық көрсеткіштері бұл топтағы басқа мемлекеттермен салыстырғанда анағұрлым жоғары.

8. Туризм мен қызмет көрсету саласына маманданған мемлекеттер – Кипр, Ливан және Мальдив Республикасы. Осынау аумақтық тұрғыдан шағын, рекреациялық ресурстарға бай елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бүгінгі жағдайда туризммен және қызмет көрсету саласымен, әсіресе банк-қаржы секторымен тығыз байланысты.

9. Баяу дамып келе жатқан аграрлы-индустриялы мемлекеттер – Вьетнам, Камбоджа, Бангладеш, Шри-Ланка, Ирак, КХДР және басқалар. Олар негізінен ауыл шаруашылығына, тау-кен, жеңіл және тамақ өнеркәсіптеріне маманданған.

10. Экономикалық тұрғыдан тұралап қалған ең мешеу мемлекеттер – Ауғанстан, Непал, Йемен, Мьянма, Шығыс Тимор, Лаос және Бутан. Бұл елдерде өнеркәсіп өте нашар дамыған, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі де анағұрлым төмен.



1. Әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан алғанда, Жапонияның өзіне тән қандай жақтары бар?
2. Азия мемлекеттерін әлеуметтік-экономикалық дамығандық тұрғысынан сипаттағанда Қытай мен Үндістанның дербес топ ретінде бөліп көрсетілуінің себебін түсіндір.
3. Өзбекстан Азия мемлекеттерінің қандай экономикалық тобына жатады? Бұл мемлекеттер тобының құрамын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттап бер.
4. Азияның қайсы мемлекеттері ең артта қалған аграрлы экономикаға ие?



## § 35. Қазақстан Республикасы



*Экономикалық географиялық орын, шұғыл континенттік құрғақ климат, минерал ресурстар, ұлттық құрам, көп тармақты өнеркәсіп, тәлімі және суармалы егіншілік, астық өндіру.*

Қазақстан – Орталық Азиядағы аумақтық тұрғыдан ең ірі мемлекет, жер алаңы бойынша әлемде 9-орынды иелейді. Ол бес мемлекетпен – Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан елдерімен шекаралас. Қазақстанның Ресеймен мемлекеттік шекарасы (7 548 км) ұзындығы бойынша дүние жүзінде АҚШ пен Канада ортасындағы шекарадан кейінгі 2-орында тұрады. Мемлекет оңтүстік-батысында Каспий теңізімен шектеседі.



Қазақстанның экономикалық географиялық орнының негізгі ерекшеліктері Азия және Еуропа мемлекеттерін байланыстыратын темір-жол және автомобиль магистральдарының өткендігімен, Ресей мен Қытай секілді ірі мемлекеттермен шектесетіндігімен белгіленеді.

Басқару пішіні – президенттік республика. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан унитар мемлекет, 14 облыстан және 3 республикалық маңызы бар қаладан (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) тұрады.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Қазақстанның жер бедерінде жазықтықтар үстемдік етеді, тау тізбектері тек республиканың оңтүстік-шығыс бөлігінде ғана орналасқан. Ал орталық аумақтарының жер бедері қатты үгітілген жалпақ таулардан тұрады. Қазақстан – пайдалы қазбаларға ең бай мемлекеттердің бірі, елде отын, руда және руда емес ресурстардың үлкен қорлары бар. Мұнай мен табиғи газдың ірі кендері Каспий теңізіне таяу аумақтарда, ал таскөмірдің қорлары (Қарағанды, Екібастұз алаптары) орталық бөлігінде орын тепкен. Қазақстанның орталық және шығыс аумақтарында темір, марганец, хром, уран, мыс, вольфрам, мырыш, қорғасын және басқа металдардың ірі қорлары табылған. Руда емес минерал байлықтардан фосфорит пен күкірт айрықша назар аударуға тұрады.

Қазақстанның климаты қоңыржай шұғыл континенттік әрі құрғақ, қыста солтүстік аумақтарда ауаның температурасы  $-50^{\circ}\text{C}$ -ден де төмен



**37-сурет.** Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.

болады. Климаттың құрғақтығы себебінен Қазақстанның ұлан-байтақ жазықтарында дала, шөлейт және шөл белдеулері қалыптасқан.

Жауын-шашынның аздығы, аумағының басым бөлігін шөл далалар иелеп жатқандығы мемлекеттің үлкен бөлігінде су ресурстарының тапшылығын туындатқан. Негізгі өзендері болып саналатын Ертіс, Іле, Сырдария және

Орал өзендері республиканың шеткі бөліктерінен ағып өтеді, ал олардың тойыну қайнарлары көрші мемлекеттердің аумақтарында орналасқан.

**Халқы.** Қазақстан халқының саны 18,4 млн. адамға тең (2018 ж.). Халықтың табиғи өсуі Орталық Азиядағы басқа мемлекеттерге қарағанда төменірек, орта есеппен жылына 1,5%-дан асады.

Урбанизация дәрежесі 57%-ға тең (2018 ж.). Қазіргі таңда 3 «миллионер» қала бар: Алматы (мемлекеттің ең ірі қаласы), Нұр-Сұлтан (37-сурет) және Шымкент.

Халықтың орналасу тығыздығының орташа көрсеткіші Қазақстанда өте төмен, 7 шаршы км<sup>2</sup>/адам айналасында. Халық республика аумағындағы суармалы егіншілік дамыған өзен аңғарлары мен тау бөктерлері жазықтарында және мемлекеттің солтүстігіндегі өнеркәсіпті аумақтарда айтарлықтай тығыз орналасқан.

Ел халқының ұлттық құрамы едәуір күрделі. Тұрғындарының 67,5%-ын құрайтын қазақтардан тыс, мемлекетте орыстар (20%), өзбектер (3%), украиндар (1,5%), ұйғырлар (1,5%) және басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бар (2018 ж.). Орыстар мен украиндар солтүстік және шығыс аумақтарда кең тараған болса, өзбектер негізінен республиканың оңтүстігіндегі Түркістан облысында жасайды.

**Экономикасы.** Қазақстан Орталық Азиядағы 5 мемлекеттің ішінде экономикалық әлеуеті тұрғысынан жетекші ел болып саналады, әсіресе өнеркәсіп саласындағы көрсеткіштері едәуір жоғары. Өнеркәсіптің негізгі тармақтары қатарына мұнай-газ, көмір, қара және түсті металлургия, химия және машинажасау енеді (38-сурет). Қазақстан мұнай өндіру көлемі бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы 20 мемлекеттің бірі болып саналады, ал көмір, мыс, мырыш өндіру бойынша алғашқы

ондықтан орын алады. Қазақстан 2009 жылдан бері уран өндіру бойынша дүние жүзінде бірінші орынды иелеп келеді, ол әлем бойынша өндіріліп жатқан уранның 40%-дан астамын береді. Елдегі электр энергиясының 90%-дан астам бөлігі ЖЭС-терде өндіріліп жатыр.



**38-сурет.** Балқаш қаласындағы кен-металлургия комбинаты.

Егіншіліктің басты тармағы – астық өндіру. Бұл сала әсіресе солтүстік облыстардағы тәлімі алқаптарда жақсы дамыған. Оңтүстік облыстарда егіншілік суармалы әдіспен дамытылған, бұл жерде көкөніс, күріш, бақшалық дақылдар өсіру егіншіліктің негізгі салалары болып саналады. Мал шаруашылығының жетекші салалары: қой, ірі қара, жылқы және түйе шаруашылықтары.



1. Қазақстанның экономикалық географиялық орнының қолайлы жақтары нелерден тұрады?
2. Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының мамандануына мемлекеттің табиғи жағдайы мен ресурстары қандай ықпал жасайды?
3. Республика халқының ұлттық құрамының ерекшеліктерін сипатта.
4. Неліктен Қазақстанның орталық аумақтарында халықтың орналасу тығыздығы өте төмен?

## § 36. Қырғызстан Республикасы



*Тяньшань таулары, тау аралығындағы аңғарлар, тау-кен өнеркәсібі, Құмтор кені, гидроэнергетика, тау-жайлау мал шаруашылығы, туризм, Ыстықкөл.*

Қырғызстан Еуразия материгінің орта бөлігінде, негізінен Тяньшань таулы өлкесі аумағына орын тепкен, Дүниежүзілік мұхитқа шығуға мүмкіндігі жоқ. Ол солтүстікте Қазақстанмен, батыста – Өзбекстанмен, оңтүстікте Тәжікстанмен, ал шығыста Қытаймен шектеседі.

Мемлекеттің экономикалық географиялық орны едәуір қолайсыз болып саналады, өйткені халықаралық маңызы бар көлік магис-



**Жер алаңы – 199,9 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 6,2 млн. адам. Астанасы – Бішкек.**

тральдары оның аумағынан дерлік өтпейді. Бұл жағдай Қырғызстанның күрделі жер бедеріне де байланысты.

Қырғызстан – парламенттік республика. Әкімшілік-аумақтық құрылымы 7 облыстан және 2 республикалық маңызы бар қаладан (Бішкек пен Ош) тұрады. Астанасы – Бішкек қаласы, ол мемлекеттің солтүстігінде, Шу өзені аңғарында орналасқан.



**39-сурет.** Қырғызстан Республикасы аумағының ғарыштан түсірілген фотосуреті.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Қырғызстан табиғатының негізгі ерекшелігі оның таулылығы болып саналады. Мемлекет аумағының дерлік 90%-ын тау жоталары алып жатыр (39-сурет). Қырғызстанның Қытаймен шекарасында Тяньшань тавларының ең биік нүктесі – Жеңіс шыңы (7439 м) орналасқан (40-сурет).

Қырғызстанның негізгі жерасты байлықтары алтын, сурьма, сынап, вольфрам, уран және қалайыдан құралады. Отын ресурстары, негізінен мемлекеттің оңтүстігіндегі көмір кендерімен шектелген. Жалпылай алғанда, Қырғызстан отын қорларымен төмен деңгейде қамтамасыз етілген, сондықтан ол тиісті сұраныстарын импорттың есебінен қанағаттандырады.

Тяньшань тауларындағы ірі мұздықтардың арқасында Қырғызстан өзендер мен көлдерге бай, сол себепті су-энергетика ресурстарымен жақсы қамтамасыз етілген. Республика үшін бұл жағдайдың үлкен экономикалық маңызы бар. Елдің ең ірі өзендері – Нарын, Шу және Талас, ал ең үлкен көлі – Ыстықкөл (41-сурет).

**Халқы.** Қырғызстанның халқы таулы жер бедері жағдайында әрқелкі орналасқан, басым көпшілігі тау аралығындағы көгалдарда жасайды. Ферғана және Шу аңғарларында халықтың тығыздығы жоғары. Бұл аумақтардағы диқаншылық қолайлы табиғи жағдайға байланысты.



**40-сурет.** Жеңіс шыңы (7439 м.)

Халқының 30%-дан астам бөлігі қалаларда тұрады, ал қалған бөлігі ауыл тұрғындарының үлесіне тура келеді. Мемлекеттің ең ірі қаласы – Бішкек тұрғындарының саны 2017 жылы 1 млн. адамнан



**41-сурет.** Ыстықкөл.

асты. Ірілігі тұрғысынан мемлекеттің екінші қаласы болып саналатын Оштың 260 мыңнан астам тұрғыны бар (2018 ж.).

Халқының ұлттық құрамында қырғыздардың үлесі 75%-ға жуық болса, 15%-ға жуық бөлігін өзбектер құрайды. Өзбектер негізінен Қырғызстанның біздің елімізбен көршілес оңтүстік аумақтарында тұрады. Сонымен қатар

орыстар, дүңгендер, ұйғырлар және тәжіктер де республика халқының этникалық құрамында өзіндік орын иелейді.


**Экономикасы.** Қырғызстан экономикасында өнеркәсіпке қарағанда, ауыл шаруашылығы маңыздырақ. Сондықтан да ел аграрлы-индустриялы мемлекет болып саналады.

Елдің өнеркәсібі негізінен тау-кен саласына маманданған. Ең маңызды өнеркәсіп өнімі – алтын, ол мемлекет экспортының ең үлкен бөлігін құрайды. Қырғызстан бұрынғы одақтас республикалар арасында алтын өндіру бойынша Ресей мен Өзбекстаннан кейінгі 3-орында тұрады. Алтын негізінен Орталық Тяньшанның заңғар биік тауларында орналасқан Құмтор кенінен қазып өндіріледі. Ол – әлемдегі ең ірі 10 алтын кенінің бірі.

Өнеркәсіптің басқа тармақтары арасында жеңіл, тамақ, машинажасау және көмір өнеркәсіптерінің маңыздылығы жоғары. Қырғызстанның электр энергетикасы негізінен ГЭС-терге сүйенеді. Ең ірі ГЭС-тер Нарын өзенінің бойында орналасқан.

Негізгі ауыл шаруашылық егіндері қатарына бидай, мақта, картоп, көкөніс, күнбағыс және темекі жатады. Диқаншылық негізінен аңғарларда жақсы дамыған. Қырғызстан таулары мол өнімді жайылымдарға бай болғандықтан (42-сурет), республикада мал шаруашылығының қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, ірі қара және жылқы өсіру секілді салалары жақсы дамыған.

Мемлекеттің экономикасында туризм де маңызды орын иелейді. Республикаға жыл сайын 3 миллионнан астам шетелдік туристер келеді. Олардың негізгі бөлігі Ыстықкөл маңында демалуды ұнатады.



**42-сурет.** Қырғызстанның тау жайлаулары.





1. Кыргызстанның экономикалық географиялық орнына баға бер.
2. Кыргызстан мен Қазақстанның табиғи жағдайы мен ресурстарын салыстырып, олардың табиғи географиялық айырмашылықтары экономиканың дамуы мен мамандануына қандай әсер көрсететінін сипатта.
3. Кыргызстанның қайсы аумақтарында өзбектер кең тараған?
4. Кыргызстандағы ең маңызды өнеркәсіптік және туристік нысандарды ата.

### § 37. Түрікменстан Республикасы



*Каспий теңізі, Қарақұм шөлі, Копетдаг, отын ресурстары, Қарақұм каналы, ахалтеке жылқылары, «Аваза» туристік аймағы.*



Жер алаңы – 491,2 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 5,9 млн. адам.  
Астанасы – Ашхабад.

Түрікменстан Орталық Азияның оңтүстік-батыс бөлігіне орын тепкен. Солтүстікте Қазақстанмен, солтүстік-батыста Өзбекстанмен, оңтүстік-шығыста Ауғанстанмен, оңтүстікте Иранмен шекаралас, ал батысында Каспий теңізіне тұтасқан.

Түрікменстанның экономикалық географиялық орны қолайлы, өйткені оның аумағы арқылы Орталық және Оңтүстік-батыс Азия мемлекеттерін байланыстыратын теміржол және автомобиль магистральдары өткен. Мемлекет Каспий теңізі арқылы Ресеймен және Кавказ елдерімен де байланысады.

Түрікменстан – президенттік республика. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан 5 облыстан және 1 республикалық маңызы бар қаладан тұрады. Астанасы – Ашхабад Копетдаг тау жоталарының етегіне орналасқан (43-сурет).

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Түрікменстанның аумағын негізінен ұлан-байтақ жазық дала алып жатыр, оның 80%-дан астамы Қарақұм шөлінің үлесіне тура келеді. Таулар елдің тек оңтүстігі мен шығысындағы шекара бойы аумақтарында орналасқан. Ең биік нүктесі – Өзбекстанмен шектесетін тұстағы Кохитаңтау тізбегінің Ұлы Түркіменбасы (Өзбекстанда Айырбаба деп аталады) шыңы (3 197 м). Оңтүстіктегі таулы және тау бөктері аумақтары сейсмикалық белсенділігімен ерекшеленеді. 1948 жылы 9 қазан күні Ашхабадта болған жер сілкіну бұл аймақтағы XX ғасырда орын алған ең апатты зілзалалардың бірі болды.

Түрікменстанның ең маңызды минерал байлықтары – табиғи газ, мұнай және түрлі химиялық тұздар. Әсіресе табиғи газ қорларының



Түрікменстан үшін өте үлкен экономикалық маңызы бар. Республика газ қорлары бойынша дүние жүзі мемлекеттері арасында 4-орында тұрады. Каспий теңізі бойында мұнай және газ кендерінен тыс ірі тұз кендері де бар.

Түрікменстанда шөл далалар аса көлемді аумақтарды алып жатқандықтан, мемлекет су ресурстарына бай емес. Республиканың ең ірі су көзі – Әмудария өзені. Әмудариядан тойынатын Қарақұм каналы (Қарақұмдария) әлемдегі ең ұзын суару каналы болып табылады.

**Халқы.** Түрікменстан халқының саны тұрғысынан Орталық Азияда ең соңғы орында тұрады. Халық саны және оның аумақтық орналасуы мемлекеттің табиғи географиялық ерекшеліктерімен белгіленеді. Халық негізінен Әмудария, Мұрғаб және Тежен өзендерінің аңғарларында, Копетдаг етегіндегі ойпаттарда және Каспий теңізінің жағалауында жасайды.

Түрікменстан халқының жартысы қалалы жерлерде тұрады. Ашхабад қаласы тұрғындарының саны 900 мың адамнан асады. Астанадан тыс, Түрікменабад, Ташауз, Мары және Түркіменбасы қалалары республикадағы ең ірі қалалар болып саналады.

Халқының ұлттық құрамында түркімендердің үлесі 85%-дан жоғары, жалпы тұрғындарының 10%-ға жуық бөлігін өзбектер құрайды. Өзбектер негізінен Ташауз және Лебап облыстарында жасайды.

**Экономикасы.** Түрікменстан Республикасы экономикасының негізін көптармақты отын-энергетика және химия өнеркәсібі құрайды. Түрікменстан табиғи газ өндіру және оны экспорттау бойынша әлемдегі жетекші 10 мемлекеттің құрамына енеді. Мұнай және мұнайды қайта өңдеу өнеркәсібі де Түрікменстанда жақсы дамыған. Республикада электр энергиясы тек ЖЭС-терде ғана өндіріледі.

Түрікменстанның химия өнеркәсібі минерал тыңайтқыштар, мирабилит, күкірт, йод және басқа өнімдерді үлкен көлемде өндіреді. Сонымен қатар Түрікменстанда тоқымашылық, тігіншілік, кілем тоқу өнеркәсібі де анағұрлым жақсы дамыған, бұл сала мемлекеттің халықаралық мамандануында елеулі рөл атқарады.

Ауыл шаруашылығының негізгі салалары: астық, мақта (негізінен жіңішке талшықты сұрыптар өсіріледі), жүзім, қаракөл және жылқы шаруашылықтары. Ахалтеке тұқымды жылқылар бүкіл әлемге әйгілі



43-сурет. Ашхабад қаласы.



**44-сурет.** Ахалтеке жылқысы.



**45-сурет.** Каспий бойындағы «Аваза» туристік аймағы.

болған, ол түрікмен халқының ұлттық мақтанышы болып саналады (44-сурет). Тіпті мемлекеттің елтаңбасында да ахалтеке жылқысы бейнеленген. Каспий теңізінде балықшылық жақсы дамыған.

Түрікменстанда туризмді дамытуға да айрықша назар аударылып отыр. Анығырақ айтатын болсақ, соңғы жылдарда Каспий теңізінің жағалауында «Абаза» ірі туристік аймағы құрылды (45-сурет).



1. Түрікменстанның экономикалық географиялық орны мен шаруашылығына Каспий теңізінің тигізетін әсері қандай?
2. Неліктен Түрікменстан Орталық Азиядағы мемлекеттер ортасында жер алаңы жағынан екінші орында, ал халқының саны жағынан соңғы орында тұрады? Ел халқының негізгі бөлігі қайсы аумақтарға шоғырланған?
3. Түрікменстан өнеркәсібінің мамандануын қайсы тармақтар белгілейді?
4. Түрікменстан мен Қырғызстанның географиялық орнын, табиғи жағдайын және ресурстарын салыстыр.

## § 38. Тәжікстан Республикасы



*Памир таулары, су және гидроэнергетика ресурстары, Сарез көлі, тау аралығындағы аңғарлар, жер ресурстары, түсті металлургия.*



Жер алаңы – 142 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 9,1 млн. адам.  
Астанасы – Душанбе.

Тәжікстан Республикасы Орталық Азияның оңтүстік-шығысында, Гиссар-Алай және Памир таулары аумағына орналасқан. Солтүстікте Қырғызстанмен, солтүстік-батыс пен батыста Өзбекстанмен, оңтүстікте Ауғанстанмен және шығыста Қытаймен шекаралас.

Экономикалық географиялық орны Дүниежүзілік мұхитқа шығу мүмкіндігінің жоқтығы

және биік таулар жағдайында құрлық көлігін дамытудың күрделілігі есебінен айтарлықтай қолайсыз болып саналады.



**46-сурет.** Тәжікстандағы Памир таулары.

Басқару түрі тұрғысынан Тәжікстан президенттік республикалар қатарына жатады. Әкімшілік-аумақтық құрылысы едәуір күрделі, 2 облыстан, 1 автономиялы облыстан (Таулы Бадахшан), республикаға мойынсұнатын 1 қаладан (Душанбе) және 13 ауданнан тұрады. Астанасы – Душанбе қаласы, ол мемлекеттің оңтүстік-батысындағы Гиссар көгалында орналасқан.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Тәжікстан да көршісі Қырғызстан секілді таулы мемлекет болып табылады. Аумағының 90%-дан астам бөлігін биік тау жоталары алып жатыр. Тәжікстанның шығыс бөлігін орташа биіктігі 4 000 метрден асатын Памир таулары иелеген (46-сурет). Республиканың ең биік нүктесі – Исмайыл Самани шыңы (7 495 м). Тәжікстан сейсмикалық тұрғыдан белсенді аймақта орналасқандықтан, республикада күшті жер сілкінулер жиі болып тұрады.

Тәжікстан топырағы алуан түрлі минералдар қорына бай. Атап айтқанда, оның аумағында уран, алтын, күміс, полиметалл рудаларының ірі қорлары бар. Бірақ Тәжікстан отын-энергетика ресурстарына бай емес.

Тәжікстан әлемдегі су және гидроэнергетика ресурстарымен ең жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттердің бірі болып саналады. Ел аумағынан Пяндж, Вахш, Әмудария, Сырдария, Зарафшан сынды Орталық Азияның ең мол сулы өзендері ағып өтеді. Қаракөл, Сарез және Исқандаркөл – республиканың ең ірі көлдері. Бұл көлдердің, әсіресе 1911 жылғы күшті жер сілкінуі нәтижесінде Памир тауынан бастау алатын Мұрғаб өзенінің арнасында пайда болған ірі тұйық көл – Сарездің аты әлемге әйгілі (48-сурет).

**Халқы.** Тәжікстан халқының саны 9,1 млн. адамға тең (2018 ж.). Тәжікстан Орталық Азия мемлекеттері арасында халқының табиғи өсімінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ Тәжікстан аймақтағы қала тұрғындарының үлесі ең төмен мемлекет болып табылады (27%, 2018 ж.). Астаналық қаласының тұрғындары 800 мың адамнан асады. Үлкен қалалар санатына Ходжент, Бохтар (бұрынғы Қорғантөбе) және Кулаб қалаларын қосуға болады.

Таулы жер бедері жағдайындағы диқаншылық үшін қолайлы жерлердің жетіспеушілігі салдарынан халықтың негізгі бөлігі тау аралығындағы ойпаттарға орналасуға мәжбүр болған. Халқының орналасу тығыздығы бойынша мемлекеттің солтүстіктегі Ферғана аңғары, оңтүстік-батысында орналасқан Гиссар және Вахш аңғарлары ерекшеленіп тұрады. Ал Памир тауларында тұрғындар өзен аңғарлары мен тау бөктерлеріндегі шағын қыстақтарда шашырай қоныстанған. Халықтың 85%-ына жуық бөлігін тәжіктер құрайды. Халқының ұлттық құрамында екінші орынды иелейтін өзбектердің жалпы саны 1 млн. адамнан асады. Олар негізінен Өзбекстанмен шекаралас аумақтарда жасайды. Таулы Бадахшан автономиялы облысында тәжіктермен бірге оларға туыс болып келетін бір топ жергілікті ұлыстардың (вахандар, рушандар, ишкәшимдер, язғұламдар және басқалар) өкілдері мен қырғыздар тұрады.

**Экономикасы.** Тәжікстанға Орталық Азия мемлекеттері арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың салыстырмалы түрде төмендеу көрсеткіштері тән, экономикасы аграрлы-индустриялы бағытқа ие.

Тәжікстан экономикасының жетекші тармақтары түсті металлургия, тау-кен, химия, құрылыс материалдары және жеңіл өнеркәсіп болып табылады. Тәжікстанның ең үлкен өнеркәсіп кәсіпорны – Тұрсынзада қаласындағы Тәжікстан алюминий зауыты (47-сурет). Бұл кәсіпорын Ресейден әкелінетін шикізат негізінде ірі ГЭС-тер өндіретін электр энергиясын пайдалану нәтижесінде жұмыс істейді. Алюминий Тәжікстан экспортының құрамында жетекші орын иелейді. Республикадағы электр энергетикасы ГЭС-терге сүйенеді. ГЭС-тер арасында Вахш өзеніндегі Нурек ГЭС-інің айрықша экономикалық маңызы бар (47-сурет). Жеңіл өнеркәсіп тармақтары арасында тоқыма өнеркәсібінің иелейтін орны ерекше.



**47-сурет.** Тәжікстанның маңызды экономикалық нысандары – Вахш өзеніндегі Нурек ГЭС-і (сол жақта) және Тұрсынзада қаласындағы Тәжікстан алюминий зауыты (оң жақта)



Тәжікстанда егіншіліктің негізгі салалары – астық өндіру, мақташылық, бағбаншылық және жүзімшілік. Мақта және түрлі жемістер республиканың маңызды экспорттық өнімдері. Суармалы егіншілігі тау аралығындағы аңғарларда жақсы дамыған, дегенмен аумағының басым бөлігін таулар алып жатқандығы және халықтың орналасу тығыздығының жоғарылығы жыртылатын алқаптардың тапшылығын туындатып отыр. Тау-жайлау шаруашылығы ірі қара мен қой шаруашылығына маманданған. Ауыл шаруашылығының салалары қатарында жібекшілік те маңызды рөл атқарады.



48-сурет. Сarez көлі.



1. Тәжікстан экономикалық географиялық орнының ерекшеліктерімен Орталық Азиядағы қайсы мемлекетке ұқсайды? Бұның себептерін түсіндір.
2. Тәжікстанның энергетикасы қайсы табиғи ресурстарға сүйенеді?
3. Тәжікстанда халықтың аумақтық орналасуына қандай себепшарттар үлкен әсерін тигізіп отыр? Мемлекетте жер ресурстары тапшылығының себептері нелерден тұрады?
4. Алюминий рудалары өндірілмейтін Тәжікстанда ірі алюминий зауыты салынуының негізгі экономикалық географиялық себепшартын түсіндір.

### § 39. Практикалық сабақ (Орталық Азия мемлекеттеріне салыстырмалы географиялық сипаттама)

1. Оқулық пен атластағы Орталық Азия мемлекеттері туралы мәліметтерді пайдаланып, дәптеріңе төмендегі кестені толтырып жаз:

#### Орталық Азия мемлекеттеріне салыстырмалы географиялық сипаттама

Мемлекеттердің негізгі ерекшеліктері	Қазақстан	Қырғызстан	Түрікменстан	Тәжікстан
Географиялық орны: қолайлы яки қолайсыз				
Жер алаңы (мың кв.км)				
Халық саны (млн. адам)				
Халықтың тығыздығы (кв.км.адам)				



жалғасы

Халықтың орналасу ерекшеліктері				
Жер бедері				
Негізгі пайдалы қазбалары				
Су ресурстарымен қамтамасыз етілгендік дәрежесі және негізгі қайнаркөздері				
Электр станцияларының негізгі түрі				
Ауыл шаруашылығының негізгі салалары				
Өнеркәсібінің негізгі салалары				

2. Қырғызстан мен Тәжікстанның географиялық жағдайының жалпы ерекшеліктерін анықта және оларды түсіндір.

3. Қазақстан мен Түрікменстанның ұқсас жақтарын анықта және сипаттап бер.

4. Орталық Азия мемлекеттерін табиғи және шаруашылық жағдайларындағы айырмашылықтар бойынша қандай екі топқа бөлуге болады? Пікірінді негізде.

5. Орталық Азия мемлекеттері географиялық жағдайларының бірін-бірі толықтыратын жақтарын бөліп көрсет.

## § 40. Түркия Республикасы



*Кіші Азия, Шығыс Фракия, таулы жер бедері, субтропиктік климат, индустриялы-аграрлы экономика, халықаралық туризм.*



Жер алаңы – 780,6 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 81,3 млн. адам. Астанасы – Анкара.

Түркия Республикасының өзіне тән ең үлкен ерекшеліктерінің бірі – оның географиялық орны болып саналады. Түркия аумағының 97%-ы Оңтүстік Азияда, ал 3%-ы Шығыс Еуропада орналасқан. Азиядағы аумағы негізінен Кіші Азия түбегіне тура келеді, ал еуропалық бөлігі Балкан түбегіне орын тепкен, ол жағы Шығыс Фракия деп аталады. Түркия Республикасының қос құрлыққа орналасқан бөліктерін Қара және Жерорта

теңіздерін өзара байланыстыратын Мәрмәр теңізі, Босфор және Дарданелл бұғаздары бөліп тұрады. Түркияның жағалауларын солтүстіктен Қара теңіз, батыстан Эгей теңізі, оңтүстіктен Жерорта теңізі сулары шайып тұрады.

Мемлекеттің экономикалық географиялық орнының қолайлылығы оның бірнеше теңізбен тұтасып жатқан аумағы арқылы Еуропа мен Азияны, Жерорта теңізі мен Қара теңіз алаптарын байланыстыратын халықаралық маңызы бар су және құрлық көлік жолдарының өткендігімен белгіленеді.

Түркия – унитар мемлекет. 2017 жылы Түркия республиканың парламенттік түрінен президенттік түріне өтті.

Астанасы – Анкара қаласы, ал ең үлкен қаласы – Босфор бұғазы жағалауларына орын тепкен Ыстанбұл. Оның тұрғындарының саны 13 млн. адамнан асқан, Еуразия қалалары ортасында жетекші орындардың бірінде тұрады.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Түркия аумағының жер бедері негізінен таулы болып келеді, үлкен бөлігін Кіші Азия және Армения таулы қыраттары, Тавр және Понти таулары алып жатыр. Жазықтықтар негізінен теңіздер бойында кездеседі. Түркияның аумағы жоғары дәрежеде сейсмикалықтығымен сипатталады, бұл жерде күшті жер сілкінулер болып тұрады. Түркия минерал ресурстарға, әсіресе түрлі металл рудаларына бай. Ол әлем шеңберінде хром, сынап, вольфрам рудаларының мол қорларымен ерекшеленеді.


Мемлекеттің климаты субтропиктік, теңізге тұтасқан аумақтарында ылғал көбірек әрі жылы, ал орталық және шығыс аумақтарында анағұрлым құрғақ әрі шұғыл, яғни жазы ыстық, қысы суық болып келеді. Жер бедері таулы болғандықтан Түркия гидроэнергетикалық ресурстарға бай. Ең ірі өзендері Фрот, Дажла, Қызылтармақ, ал ең ірі көлдері – Ван және Тұз көлдері болып табылады.

**Халқы.** Халқының саны жағынан Түркия әлем мемлекеттерінің бірінші жиырмалығына енеді. 2018 жылғы жағдай бойынша ел халқының саны 81 млн. адамнан асады. Халықтың жылдық өсімі 1,5%-дың айналасында, бірақ туылуы әлемдік және азиялық орташа көрсеткіштерден едәуір төмен.

Урбанизация деңгейі 75%-ға тең (2018 ж.). Ірі қалаларының қатарына Ыстанбұл мен Анкарадан тыс, Измир, Бурса, Адана, Анталия

және басқалар енеді. Ірі қалаларының көпшілігі батыс және оңтүстік теңізбойы аумақтарына орналасқан.

Түркияның халқы аумақтар бойынша біркелкі орналаспаған (49-сурет). Мемлекеттің Мәрмәр теңізіне тұтасып жатқан солтүстік-батыс бөлігінде халық өте тығыз орналасқан. Атап айтатын болсақ, мемлекет халқының 1/5 бөлігі Шығыс Фракияда жасайды. Орталық және шығыс таулы аумақтардағы халықтың тығыздығы айтарлықтай сирек.



**49-сурет.** Түркия халқының орналасу тығыздығы (кв.км/адам).

Халқының этникалық құрамында түріктер көпшілікті құрайды (75%-дан астам). Мемлекеттің оңтүстік-шығысында жалпы халықтың 15%-дан астам бөлігін құрайтын курдтар жасайды. Елдің негізгі діні ислам діні болып саналады.

**Экономикасы.** Түркия ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзінің жетекші 20 мемлекетінің қатарынан орын алған, ірі өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісі бар. Өнеркәсіптің халықаралық мамандануын тоқымашылық, тігіншілік, былғары-аяккиім, автомобильжасау, электротехника, кен-металлургия, құрылыс материалдары, тамақ және фармацевтика тақылеттес салалар белгілейді. Бұндай мамандану еңбек ресурстары, шикізат, сыртқы сауда байланыстары және көлік себепшарттарының ықпалымен қалыптасқан. Өнеркәсіп негізінен мемлекеттің батысында жақсы дамыған, ал ішкі аумақтар аграрлы экономикаға бейімделген.

Агротехникалық және су ресурстарына бай Түркия түрлі ауыл шаруашылық өнімдерін (жеміс, жаңғақ, жүзім, көкөніс, шай, қант қамысы, зәйтүн, темекі және мақта) өндіру бойынша әлемдік шеңберде ерекшеленіп тұрады. Түркия – дүние жүзіндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің ең ірі экспорттаушыларының бірі.

Түркияның аумағы табиғи және тарихи-мәдени рекреациялық ресурстарға, құнды ескерткіштерге бай (50-сурет), сондықтан да оның экономикасында туризмнің айрықша маңызы бар. Түркия шетелдік туристерді ең көп қабылдайтын әлемдегі 10 мемлекеттің бірі болып саналады.



**50-сурет.** Түркияның әйгілі тарихи ескерткіштері: Ыстанбұлдағы Айя-София кешені (сол жақта) және Измирге таяу жердегі ежелгі Эфес қаласының қирандысы (оң жақта).



1. Түркияның экономикалық географиялық орнының қандай ерекшеліктері бар және оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері қандай?
2. Түркия өнеркәсібінің жетекші салалары қайсы?
3. Түркияда туризмнің дамуы үшін қандай жағдайлар мен ресурстар бар?
4. Мемлекет халқының орналасуындағы аумақтық айырмашылықтарды сипатта.

## §. 41. Иран, Ауғанстан, Пакистан Ислам Республикалары



*Теократиялық мемлекет, саяси-географиялық жағдай, аумақтық келіспеушілік, күрделі жер бедері, сейсмикалық белсенділік, көпұлтты халық, Каспий теңізі, Парсы шығанағы, Үнді аңғары.*

### ИРАН

Иран Ислам Республикасы – Оңтүстік-батыс Азияның аумағы, халқы және экономикалық әлеуеті жағынан ең ірі мемлекеттерінің бірі. Жағалаулары оңтүстікте Арабия теңізімен және Парсы шығанағымен, солтүстік-батыста Каспий теңізінің суларымен қоршалған. Экономикалық географиялық орны Оңтүстік-





51-сурет. Тегеран қаласы.

батыс, Оңтүстік және Орталық Азия мемлекеттерін байланыстыратын көлік жолдары өткендігі есебінен қолайлы.

Басқару түрі – теократиялық (діни) республика. Мемлекет басшысы – Жоғарғы жетекші, шиа мұсылмандарының жоғары мәртебелі дінбасысы (Аятолла). Ал президент Иран мемлекетінде екінші тұлға болып саналады. Астанасы – Тегеран

қаласы елдің солтүстік-батыс бөлігінде, Эльбрус тау жоталарының етегінде орналасқан (51-сурет).

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Иран аумағының жер бедері бірнеше тау жоталарынан және олар арасындағы ойпаттардан тұрады. Климаты солтүстік-батыс аумақтарында ылғалды субтропиктік, орталық және шығыс аумақтарында құрғақ субтропиктік, ал Парсы шығанағы бойында ыстық және құрғақ тропиктік типке тән. Тау аралығындағы ойпаттарда климат шұғыл континенттік және өте құрғақ болғандықтан, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне өте-мөте кедей тастақ жерлер мен тұзды қуаң шөлдер қалыптасқан. Каспий теңізіне таяу аумақтарда ылғалды климат жағдайындағы ормандар кең тараған.

Ең үлкен экономикалық маңызы бар минерал байлықтары – ірі мұнай және табиғи газ қорлары. Мұнай мен табиғи газ кендері негізінен Парсы шығанағы мен Каспий теңізіне таяу аумақтарда орын тепкен. Иранда мыс, темір, марганец және полиметалл рудаларының кендері де бар.

**Халқы.** Иран халқының саны бойынша дүние жүзіндегі жетекші 20 мемлекеттің қатарына енеді. Соңғы жылдарда туылудың төмендеуі себебінен халықтың табиғи өсу қарқыны баяулап барады. Елдегі урбанизация дәрежесі 70%-дан жоғары. Тұрғындарының саны 9 млн. адамға жуық Тегеранды қоспағанда, Мешхед, Караж, Исфакан, Табриз және басқа «миллионер» қалалар бар. Елде халық біркелкі орналаспаған, негізінен батыс бөлігінде халық тығыз жасайды, ал шөлді аумақтарда тұрғылықты халық жоқтың қасы.

Иран – көпұлтты мемлекет. Халқының 60%-дан астамын құрайтын парсылармен қатар әзербайжандар, курдтар, арабтар, түрікмендер, армяндар және басқа ұлттардың өкілдері де жасайды. Халықтың діни құрамында шиа мұсылмандары басым.



**Экономикасы.** Иран Оңтүстік-батыс Азия елдері арасында Түркия мен Сауд Арабиясы секілді өзіндік экономикасымен ерекшеленіп тұрады. Өнеркәсібінің жетекші салалары: мұнай және мұнайды қайта өңдеу, газ, металлургия, машинажасау, тоқыма және тамақ.

Ауыл шаруашылығының негізгі салалары: астық, бағбаншылық, қой-ешкі және ірі қара шаруашылығы. Каспий теңізінде балықшылық жақсы дамыған. Балық шаруашылығының қымбат бағалы өнімдерінің бірі болып саналатын қара уылдырық экспорты бойынша Иран дүние жүзінде жетекші орында тұрады. Сонымен қатар Иран кілем тоқу бойынша да әлемге әйгілі.

## АУҒАНСТАН

Ауғанстан Ислам Республикасы Оңтүстік-батыс, Орталық және Оңтүстік Азия тұтасқан аумаққа орналасқан. Дүниежүзілік мұхитқа шығу мүмкіндігі жоқ. Экономикалық географиялық орны Азия құрлығының түрлі бөліктерін байланыстыратын көлік магистральдары салынса, айтарлықтай жақсаратын болады.

Басқару түрі – президенттік республика.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.**

Ауғанстан аумағының көлемді бөлігі, әсіресе орталығы мен шығысы биік таулардың еншісінде, ал солтүстігі мен оңтүстік-батыс аумақтарын тауалды жазықтары алып жатыр. Ауғанстанда жер сілкінулер жиі-жиі болып тұрады. Ауғанстан түрлі минерал ресурстарға (көмір, мұнай, темір, мыс, марганец және т.б.) бай, бірақ оларды қазып алу өте нашар. Ауғанстанға субтропиктік құрғақ континенттік климат тән. Биік таулардағы мұздықтардан көптеген өзендер бастау алады, кейбіреулері толығымен суаруға жұмсалады.

**Халқы.** Ауғанстан халқының саны жедел қарқынмен өсіп бара жатқан елдер қатарына жатады (жылдық табиғи өсу дәрежесі 2,5%-дан жоғары). Халқы негізінен тауалды ойпаттарында және тау аралығындағы аңғарларда жасайды. Қалалық жерлерде жалпы халықтың 1/4 бөлігі ғана өмір сүреді. Ең үлкен қаласы – мемлекет астанасы Кабулдың тұрғындары 3 млн. айналасында. Герат пен Мазари-Шариф та ірі қалалар болып саналады (52-сурет).



Жер алаңы – 652,8 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 36,5 млн. адам. Астанасы – Кабул.




**52-сурет.** Мазари-Шариф  
каласындағы Көкмешит.

Ел халқының этникалық құрамы айтарлықтай күрделі, ол пуштундерден, тәжіктерден, өзбектерден, хазарлықтардан, балуждар мен түрікмендерден тұрады. Өзбекстанмен шекаралас солтүстік аумақтарда 2 млн.-дай өзбектер жасайды.

**Экономикасы.** Ауғанстан экономикалық тұрғыдан едәуір нашар дамыған аграрлы мемлекеттер қатарына жатады. Елдің экономикалық дамуында шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар тарапынан көрсетіліп жатқан қаржылық көмектің елеулі маңызы бар.

Ауыл шаруашылығының негізін суармалы егіншілік құрайды. Жалпы алғанда, мемлекетте масақты егіндер, мақта, жеміс пен жүзім өндіру маңызды рөл атқарады. Мал шаруашылығының салалары: қой шаруашылығы (соның ішінде қаракөл шаруашылығы) мен ешкі шаруашылығы жетекші орында тұрады. Қаракөл елтірісін дайындау бойынша Ауғанстан дүние жүзінде 1-орынды иелейді. Өнеркәсіп өндірісі нашар дамыған. Өнеркәсіп кәсіпорындары дүниежүзілік қауымдастық тарапынан көрсетіліп жатқан қаржылық көмек негізінде салынып жатыр.

## ПАКИСТАН



Жер алаңы – 803,9 мың  
шаршы км. Халқы  
(2018 ж.) – 200,6 млн. адам.  
Астанасы – Исламабад.

Пакистан Ислам Республикасы Оңтүстік Азияда орналасқан. Аумағы оңтүстігінде Арабия теңізімен шайылады. Географиялық орнының ұнамды ерекшеліктері – халықаралық маңызы бар теңіз және құрлық көлігі жолдарының өткендігі, ұнамсыз жақтары – саяси жағдайы тұрақсыз аймақта орналасқандығы. Саяси географиялық жағдайы Үндістан мен Кашмир бойынша көпжылдық аумақтық келіспеушілік және Ауғанстанмен шекаралас аумақтарының көрші мемлекеттен өткен «Талибан» топтарының бақылауы астында қалғанымен сипатталады.

Пакистан басқару түрі – парламенттік республика, ал әкімшілік-саяси құрылымы тұрғысынан бойынша – федеративтік мемлекет болып саналады. Пакистан федерациясы 4 провинция мен 2 федералдық аумақты қамтиды.

### Табиғи жағдайы және ресурстары.

Пакистанның солтүстік және батыс бөліктерін биік таулар алып жатса, шығыс және оңтүстік бөліктерінің жер бедерін жазық алқаптар иелеген. Мемлекеттің ауқымды бөлігін көрші Үндістаннан бастау алып, Арабия теңізіне құйылатын Үнді өзенінің алабы алып жатыр. Жазық аумақтарында мұнай, табиғи газ, көмір және тұз қорлары бар, ал таулы бөлігі түрлі металл кендеріне бай. Пакистанның негізгі аумағында ыстық тропиктік климат үстемдік етеді, сондықтан да ойпатты бөлігінде шөл және шөлейт ландшафтары көлемді аумақтарға тараған.



**53-сурет.** Карачи – Пакистандағы ең ірі қала.

**Халқы.** Пакистан халқының саны бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің бірінші ондығына енеді. Жылдық табиғи өсу қарқыны 2%-дан жоғары, яғни жылына 4–4,5 млн. адамға тең. Ал урбанизация дәрежесі 40%-дың айналасында. Мемлекеттегі ең ірі қала – Арабия теңізінің жағалауына орналасқан Карачидің халқы 15 млн. адамнан артық (53-сурет). Одан басқа ірі қалалары: Лахор, Фейсалабад және Равальпинди.

Халқының 45%-ға жақын бөлігі пенжабдықтарға тура келеді. Тұрғындарының ұлттық құрамында пуштундардың, синдтер мен балуждардың үлестері де салмақты.

**Экономикасы.** Пакистан – экономикасы жедел дамып бара жатқан индустриялы-аграрлы мемлекет. Өнеркәсібінің жетекші тармағы – жеңіл өнеркәсіп. Әсіресе тоқыма өнеркәсібі экспортбап өнімдерді үлкен көлемде өндіреді. Бұдан тыс елде металлургия, машинажасау, химия, тамақ, былғары өнеркәсібі де даму үстінде.

Ауыл шаруашылығының негізгі тармағы – егіншілік, ол бидай, күріш, қант қамысы және мақта өндіруге маманданған. Мемлекет экспортының құрамында кездеме маталар, күріш, мақта, былғары өнімдері және кілемдер жетекші орындарды иелейді.



1. Иран, Ауғанстан және Пакистан мемлекеттерінің экономикалық географиялық орындарын салыстыр. Қай мемлекеттің экономикалық географиялық орны салыстырмалы түрде қолайсыз болып саналады?
2. Үш мемлекеттің табиғи жағдайы мен ресурстарында ұқсастық бар ма?
3. Үш мемлекет халқының орналасуына табиғи жағдай қалай әсер еткен?
4. Ауғанстан өз экономикасын дамытуда қандай себепшарттарға сүйене алады және оларды ұтымды пайдалану үшін қандай жағдайлар жаратылуы керек?

## § 42. Қытай Халық Республикасы



*Шығыс Азия, Тынық мұхит, социалистік мемлекет, Ұлы Қытай ойпаты, Тибет таулары, гидроэнергетика ресурстары, көпұлтты мемлекет, урбанизация.*



Жер алаңы – 9599 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 1394 млн. адам. Астанасы – Пекин.

Қытай Халық Республикасы Шығыс Азияда орын тепкен. Жағалаулары шығыстан Тынық мұхит теңіздерінің суларымен шайылады. Қытай құрлықта 15 мемлекетпен шекаралас. ҚХР дүние жүзінде аумағының үлкендігі бойынша 3-орынды, ал өндірісінің көлемі бойынша 1-орынды иелейді.

Қытайдың экономикалық географиялық орнының қолайлылығы Тынық мұхиттың жағалауларына емін-еркін шығу мүмкіндігіне

ие екендігімен белгіленеді.

ҚХР – бүгінгі таңда дүние жүзінің саяси картасынан орын алған санаулы ғана социалистік елдердің бірі. Оның басқару құрылымы мен саяси өмірінде шешуші рөл Қытай Коммунистік партиясына тиесілі. Партияның жетекшісі бір мезгілдің өзінде мемлекет басшысы – Қытай Халық Республикасының төрағасы болып та саналады. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Қытай 23 провинцияға, 5 мұхтар (автономиялы) ауданға, орталыққа мойынсұнатын 4 қалаға және 2 арнайы әкімшілік ауданға (Гонконг пен Макао) бөлінеді. Ұлыбританияның бұрынғы отары Гонконг (Сянган) 1997 жылы, ал Португалияның отары мәртебесіндегі Макао (Аомин) 1999 жылы Қытайдың құрамына енген.


**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Қытай үлкен аумақты алып жатқандығы себепті табиғи жағдайының, атап айтқанда, жер бедері мен климатының алуан түрлілігімен ерекшеленіп тұрады. Шығыс бөлігінде ойпаттар мен таулы қыраттар кең тараған болса, батыс аумақтарын биік таулар мен шөлдік ерекшелігі бар тау аралығы ойыстары алып жатыр (54-, 55-суреттер). Мемлекет аумағының солтүстіктен оңтүстікке қарай 4 мың км-ге, ал батыстан шығысқа қарай 4,5 мың км-ге созылып жатқандығы себепті климатында да айтарлықтай аумақтық айырмашылықтар бар.

Қытай – алуан түрлі табиғи ресурстарға бай мемлекет. Отын-энергетика ресурстарынан көмір, мұнай, газ және жанғыш сланец қорлары мол. Әсіресе таскөмірдің қорлары үлкен. Түрлі қара және түсті ме-

талл рудаларымен де Қытай жақсы қамтамасыз етілген. Металды қазып алу және қорыту бойынша Қытай дүние жүзінде жетекші орындарды иелеген. Қытайдан Янцзы, Хуанхэ, Амур рәуіштес Еуразияның ең ірі өзендері ағып өтеді. Гидроэнергетика ресурстарының көлемі бойынша Қытай әлемде бірінші орында тұрады.



**54-сурет.** Ұлы Қытай ойпаты.



**55-сурет.** Батыс Қытайдағы шөл ландшафты.

**Халқы.** 2018 жылғы есептеулер бойынша Қытай халқының саны жағынан (1 млрд. 394 млн. адам) дүние жүзінде бірінші орынды иелейді. Бүгінгі таңда мемлекетте әлем халқының 18%-дан астамы жасайды.

Қытайда ондаған жылдар бойы (2016 жылға дейін) халықтың көбеюін шектеуге бағытталған «бір отбасыға – бір бала» қағидатына негізделген мемлекеттік саясат жүзеге асырылып келген еді. Осының әсерінен 2018 жылға қарай халықтың табиғи өсуі 0,5%-ға түсті, бірақ, сондай болса да, Қытай халқы жыл сайын 7–8 млн. адамға көбейіп барады.

Халқының этникалық құрамы бойынша Қытай көпұлтты мемлекет болып саналады. Тұрғындарының 90%-дан астамын қытайлар – хандар құрайды. Бірақ, ресми мәліметтерге сәйкес, елде хандардан тыс 55 жергілікті ұлт пен ұлыс өкілдері жасайды. Олардың арасындағы ең ірілері – ұйғырлар, моғолдар, тибеттіктер, дүңгендер, манчжурлар және басқалар (56-сурет).



*Қытайлықтар (хандар)*



*Ұйғырлар*



*Тибеттіктер*

**56-сурет.** Қытай – көпұлтты мемлекет.



Қытайда ең кең тараған дін – конфуцийлік. Сонымен қатар елде даоизм, буддизм, ислам, христиан діндеріне табынатындар саны да едәуір көп. Мұсылмандар негізінен Шыңжан-Ұйғыр автономиялы ауданында жасайды.

Мемлекеттің халқы аумақтық тұрғыдан біркелкі орналаспаған. Халықтың орташа тығыздығы бір шаршы км<sup>2</sup>-ге 145 адамнан тура келеді. Дегенмен бұл көрсеткіш Хуанхэ және Янцзы өзендері аралығындағы жазықтықта 800–1000 шаршы км<sup>2</sup>/адамды, ал Тибет таулы ауданында 1 шаршы км<sup>2</sup>/адамды құрайды. Тұрғындардың 90%-ы мемлекет аумағының 1/3 бөлігінде жасайды.

Қытайда 2011 жылы қала халқының үлесі 50%-дан асты, ал бүгінгі таңда елдегі урбанизация дәрежесі 60%-дың айналасында. Бұл көрсеткіш те жедел қарқынмен өсіп барады. Мемлекеттегі ең ірі қалалар қатарына Шанхай, Пекин, Гонконг, Ченду, Гуанчжоу, Тяньцзинь, Ухан және басқалар енеді.



1. Қытайдың мемлекеттік құрылымының ерекшеліктері нелерден тұрады?
2. Қытайдың шығыс және батыс бөліктерінің табиғи жағдайындағы айырмашылықтарды сипатта.
3. Қытайда халықтың табиғи өсуін реттеу бойынша қандай мемлекеттік саясат жүргізілген және ол қаншаға созылған еді?
4. Қытай халқының орналасуына табиғи жағдайдың әсері қандай болған?

### § 43. Қытайдың экономикасы және экономикалық аудандары



*Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), өнеркәсіп, отын-энергетика кешені, металлургия, машинажасау, «Үш қойнау» ГЭС-і, егіншілік, экономикалық зоналар.*

Қытай жалпы ішкі өнім көлемі бойынша дүние жүзі мемлекеттері ортасында бірінші орында тұрады. Әйтсе де ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы көрсеткіші дамып келе жатқан мемлекеттер деңгейінде тұр. Атап өтетін жері сол, соңғы жылдарда Қытай экономикасы жедел қарқынмен дамып келеді.

**Өнеркәсібі.** Қытайда өнеркәсіптің барлық салалары жоғары деңгейде дамыған, ол өнеркәсіп өнімдерінің көптеген түрлерін өндіру бойынша дүние жүзінде бірінші яки екінші орында тұрады. Соның ішінде көмір

казып алу, электр энергиясын өндіру, болат, шойын, алюминий, мырыш, кобальт, алтын, басқа да қара және түсті металдарды қорыту, ағаш дайындау, автомобильжасау, кемежасау, түрлі электроника өнімдерін, минерал тынайтқыштар, цемент, қағаз, мата, киім-кешек, аяқкиім өнімдерін өндіру бойынша да ҚХР әлемде бірінші орынды иелейді.

Өнеркәсіп географиясында үлкен өзгерістер жүріп жатыр. Егер Қытайда ХХ ғасырдың 70–80-жылдарында өнеркәсіп кәсіпорындарының 2/3 бөлігінен астамы теңізбойы аудандарында орналасқан болса, бүгінгі таңда мемлекеттің аз игерілген ішкі аумақтарында да өнеркәсіптену қызу қарқынмен жүріп жатыр.

Өнеркәсіптің тірек саласы – отын-энергетика кешені болып табылады. Қытайда жыл сайын 3,5 млрд. тоннадан астам көмір қазып алынууда. Оның негізгі кендері мемлекеттің солтүстік-шығыс және шығыс аудандарында орналасқан. Қытай 2012 жылдан бері электр энергиясын өндіру көлемі бойынша әлемде бірінші орынды бермей келеді, ол бүгінгі таңда жылына 6 трлн. кВт • h -қа жуық электр энергиясын өндіруде. Бұл салада ЖЭС-тердің үлес салмағы 85%-дан жоғары, оларда пайдаланылып жатқан отынның дерлік 2/3 бөлігін көмір құрайды. Энергетиканың жедел қарқынмен дамуы Қытайдың ірі қалаларындағы экологиялық жағдайды шиеленістіріп жіберді (57-сурет). Соңғы жылдарда ГЭС, АЭС-тер мен қайта тіктелетін ресурстарға негізделген электр станцияларын көбейтуге үлкен назар аударылып отыр. Янцзы өзеніне құрылған әлемдегі ең үлкен «Үш қойнау» (Сансия) ГЭС-і – осының жарқын дәлелі (58-сурет).

Қытайда машинажасау өнеркәсібі қарыштап алға басып келеді. Мемлекетте теледидар, тұрмыс қажетін өтеу техникасынан бастап автомобиль, компьютер, түрлі өлшеу және электротехника өнімдері де өндіріліп жатыр.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі Қытайда жетекші өнеркәсіп тармақтары қатарына



**57-сурет.** Пекин қаласында ауаның ластануы.



**58-сурет.** Янцзы өзеніндегі Үш қойнау» (Сансия) ГЭС-і.



**59-сурет.** Қытайдағы күріш алқаптары.

жатады. Әсіресе тоқыма өнеркәсібі мен былғары-аяккиім өнеркәсібі өте үлкен көлемдегі өнімдерді шығарып жатыр.

**Ауыл шаруашылығы.** Қытай ауыл шаруашылығының негізі – диқаншылық. Жалпы егін алқаптарының негізгі бөлігін дәнді дақылдар, әсіресе күріш алқаптары иелейді (59-сурет). Қытай дүние жүзі мемлекеттері ортасында бидай, күріш, картоп, көкөніс, жеміс, бақша өнімдері, жүзім, шай, темекінің жалпы өнімі, қой, ешкі,

шошқа және құс саны, ет, жүн, жұмыртқа мен бал дайындау және балық аулау көлемі бойынша бірінші орынды иелейді.

Қытай негізгі азық-түлік өнімдеріне сұранысын өз күшімен қанағаттандырады. Әлемдегі барлық егіс алқаптарының 9%-ын иелейтін Қытай мемлекеті адамзаттың 18%-ынан астамын құрайтын халқын өз ресурстары есебінен азық-түлік өнімдерімен ойдағыдай қамтамасыз етіп отыр. Бұл жағдай елдің ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің жоғары екенін дәлелдейді.

Қытай Халық Республикасы 2018 жылдың көрсеткіштері бойынша Өзбекстанның ең ірі сауда серіктесі болып саналады, өйткені ол Өзбекстанның әрі экспорт, әрі импорт бойынша серіктестері арасындағы сауда айналымына орай жетекші орынға шықты.

**Экономикалық аудандары.** Қытай мемлекеті Шығыс, Орталық және Батыс экономикалық аудандарға (зоналарға) бөлінеді. Солардың арасынан Шығыс экономикалық ауданы өзінің табиғи, әлеуметтік, демографиялық және экономикалық әлеуеті тұрғысынан жан-жақты озаттық танытады. Бұл орайда, әсіресе теңізбойы аумақтары, Шанхай, Пекин, Тяньцзинь, Гуанчжоу қалалары айрықша маңызды рөл атқарады. Мемлекетте жүзеге асырылып жатқан аймақтық саясат табиғи ресурстарға бай Орталық және Батыс экономикалық аудандарын дамытуға және бұл аумақтардың ұлттық экономикадағы үлестерін молайтуға бағытталған.



1. Қытайдың әлемдік шаруашылықтағы орнын сипатта.
2. Қытайда өнеркәсіптің қайсы тармақтары жақсы дамыған?
3. Неліктен егіншілік негізінен Шығыс Қытайда ғана интенсивті дамыған?
4. Қытайдың Шығыс, Орталық, Батыс экономикалық аудандары арасындағы айырмашылықтарға қандай географиялық себепшарттар әсер етеді?

## § 44. Корея Республикасы



*Түбек мемлекеті, ежелгі платформа, таулы жер бедері, жер ресурстарының тапшылығы, халықтың тығыздығы, бір ұлтты мемлекет, жаңа индустриялы мемлекет, экономикалық даму.*



Корея Республикасы Шығыс Азияда, Корея түбегінің оңтүстік бөлігінде орналасқан. Жағалаулары шығысынан Жапон теңізінің (Кореяда Шығыс теңіз деп аталады), батысында Сары теңіздің (Кореяда Батыс теңіз деп аталады), оңтүстігінде Корея бұғазы мен Шығыс Қытай теңізінің (Кореяда Оңтүстік теңіз деп аталады) суларымен шайылып жатады. Корея Республикасы солтүстікте Корея Халық Демократиялық Республикасымен (КХДР) шекаралас. Корея Республикасына 3 000-ға жуық

аралдар тиесілі, олардың ең ірісі – Чеджудо аралы.

Басқару түрі – президенттік республика. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан 9 провинцияға, провинцияға теңестірілген 6 қалаға және дербес мәртебе берілген 1 қалаға бөлінген унитар мемлекет болып саналады. Астанасы Сеул – мемлекеттің солтүстік-батысында орналасқан (60-сурет).

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Корея Республикасы ежелгі платформаға орналасқан, жер бедері негізінен күшті эрозияға ұшыраған орташа биіктіктегі таулардан тұрады (61-сурет). Жер бедерінің таулы болуына байланысты Корея Республикасында егіншілікке жарамды жер алқаптары көп емес, бұл жағдай корейлықтарды жерді өнімді пайдалануға ұмтылдырады.

Елде пайдалы қазбалардан көмір, вольфрам, темір, мырыш, қорғасын, алтын кендері бар, бірақ қорлары аз болғандықтан, Корея Республикасы түрлі шикізаттарға сұранысын көбінесе импорттың есебінен қанағаттандырады.

Кореяның климаты негізінен қоңыржай, ол муссон желдерінің ықпалымен



60-сурет. Сеул қаласы.





**61-сурет.** Корея Республикасындағы таулар.


қалыптасады. Жазы ыстық әрі ылғалды, ұзаққа созылады, ал қысы оншалықты суық емес, дегенмен құрғақ. Өзендері мол сулы, энергетикалық мүмкіндіктерге бай. Ең ірі өзендері – Нактонган мен Ханган. Аумағының үлкен бөлігін қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты аралас ормандар алып жатыр.

**Халқы.** Корея Республикасында жалпы саны 51 млн. адамнан асатын халық жасайды (2018 ж.). Корея Республикасы Азия мемлекеттерінің басым көпшілігінен халқының табиғи өсуінің төмендігімен ерекшеленіп тұрады (жылына 0,1 – 0,2%). Ел халқының динамикасына ұнамды тепе-теңдікке ие болған сыртқы миграция да елеулі әсерін тигізіп отыр.

Корея Республикасы – жоғары деңгейде урбанизацияланған мемлекет, халқының 80%-дан астамы қалаларда тұрады. Ең ірі қалалары қатарына Сеулден тыс Пусан, Тегу, Иншхан, Кванчжу және Теджен енеді.

Корея Республикасы халқының этникалық құрамы тұрғысынан бір ұлтты мемлекет болып саналады. Бүкіл халқының дерлік 99%-ын корейлер құрайды. Елде кең тараған діндер – буддизм мен христиандық.

Корея Республикасында халық тығыздығының орташа көрсеткіші едәуір жоғары, 1 шаршы км<sup>2</sup> жерге 500 адамнан артық халық тура келеді. Мемлекеттің жер бедері салыстырмалы түрде тегістеу болып келетін батыс және оңтүстік теңізбойы аумақтарында халықтың орналасу тығыздығы өте жоғары.



**62-сурет.** Корея Республикасы – кемежасау және атом энергетикасы салалары бойынша әлемдегі жетекші мемлекеттердің бірі.



**Экономикасы.** Корея Республикасы 1980-жылдардан бастап әлеуметтік-экономикалық даму бойынша үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Бұл өсу әсіресе өнеркәсіп саласында айқын байқалады, сондықтан да Корея Республикасы жаңа индустриялы (өнеркәсіптенген) мемлекеттер тобына жатады. Бүгінгі таңда мемлекет ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің алғашқы ондығына енеді.

Өнеркәсіптің ең маңызды тармақтары ретінде автомобильжасау, кемежасау, электр техникасы, электроника, атом энергетикасы, металлургия, химия, мұнай-газ және жеңіл өнеркәсіп салаларын атап өтуге болады (62-сурет). Атап айтатын болсақ, кемежасау өнеркәсібі бойынша бұл мемлекет дүние жүзінде бірінші орында тұрады. Сондай-ақ болат, шойын, мырыш және қорғасын қорыту, автомобильдер және олардың қосалқы бөлшектерін, полимер өнімдерін өндіру бойынша Корея Республикасы әлемнің алғашқы бестігінен орын алған. Корея Республикасы «Самсунг-Электроникс», «Поско» және басқа да әлемге танымал трансұлттық корпорациялардың отаны екендігімен де ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығында күріш, көкөніс, жеміс және жүзім шаруашылықтары маңызды орын иелейді. Мал шаруашылығында сүтет шаруашылығы, ірі қара өсіру және шошқа шаруашылығы жақсы дамыған.

Корея Республикасы экспорт көлемі бойынша әлемнің 10 жетекші мемлекеті қатарынан лайықты орын алған. Корея Республикасы Өзбекстан үшін де маңызды сауда серіктесі болып саналады. 2018 жылғы мәліметтерге қарағанда, сыртқы сауда айналымы бойынша Корея Республикасы Өзбекстанның сауда серіктестері арасында Қытай, Ресей, Қазақстан және Түркия мемлекеттерінен кейінгі 5-орында, ал импорт көлемі бойынша Қытай мен Ресейден кейінгі 3-орында тұрады.




1. Корея Республикасының географиялық орны елдің табиғи-климаттық жағдайына қандай әсерін тигізеді?
2. Мемлекет халқының табиғи әрекетіне қандай ерекшелік тән?
3. Корея Республикасының әлемдік өнеркәсіпте иелейтін орнын сипатта.
4. Корея Республикасы мен Өзбекстан ортасындағы сыртқы экономикалық байланыстарға шолу жаса.

## § 45. Жапония



*Арал-мемлекет, император, Тынық мұхит сейсмикалық аймағы, Фудзияма жанартауы, Канто ойпаты, бір ұлтты мемлекет, синтоизм, буддизм, Токайдо мегаполисі.*



Жер алаңы – 377,9 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 126,5 млн. адам. Астанасы – Токио.

Жапония – Шығыс Азияда орын тепкен арал-мемлекет. Жапониядағы аралдардың жалпы саны 6852 болса да, аумағының 97%-ын 4 ірі арал – Хонсю, Хоккайдо, Кюсю және Сикоку аралдары иелеген. Жағалаулары солтүстікте Охот теңізінің, батыста – Жапон теңізінің, оңтүстік-батыста – Шығыс Қытай теңізінің, ал шығысы мен оңтүстігінде Тынық мұхиттың суларымен шайылып жатыр. Жапонияның аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 2800 км-ге созылған.

Жапония – конституциялық монархия, мемлекет басшысы император мәртебесіне ие болған бүгінгі дүниенің саяси картасындағы бірден-бір мемлекет. Жапонияның конституциясына сәйкес, император «мемлекет және ұлт бірлігінің рәмізі» болып саналады. Қолданыстағы саяси басқару құрылымында жетекшілік рөл премьер-министрге тиесілі. Жапония – 47 префектураға бөлінетін унитар мемлекет. Астанасы Токио қаласы – елдің ең ірі аралы Хонсюдің шығысындағы Канто жазығына орналасқан.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Тынық мұхит сейсмикалық аймағына орналасқандығы себепті Жапонияда жер сілкінулер мен цунами жиі-жиі қайталанып тұрады. Осынау табиғи ерекшелік Жапония халқының



63-сурет. Фудзияма жанартауы.

тұрмысына елеулі ықпалын тигізеді, сондықтан да жапондарға балалық кездерінен-ақ төтенше жағдайларда өздерін дұрыс ұстай білу ережелері үйретіледі.

Мемлекет аумағының 3/4 бөлігін таулар мен қыраттар алып жатыр. Жапонияның ең биік тау шыңы – Фудзияма жанартауы жапон халқы үшін

кастерлі зиярат орны болып саналады (63-сурет). Жер бедерінің таулылығы ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің тапшылығына соқтырған.

Жапония пайдалы қазбаларға бай емес. Мемлекетте негізінен йод (қорлары бойынша әлемде 1-орында тұрады), күкірт, сондай-ақ аз мөлшерде мұнай, табиғи газ, алтын, күміс және басқа минерал ресурстар өндіріледі. Қазба байлықтардың аздығы Жапонияны отын мен металдарды ең көп импорттайтын мемлекеттердің біріне айналдырған.

Жапония негізінен қоңыржай және субтропиктік климат белдеулеріне орналасқан. Климаты, жалпы алғанда, муссондық желдер ықпалымен қалыптасқан, оған жоғары дәрежедегі ылғалдылық тән. Жауыншашынның жылдық мөлшері 1700–4000 мм-ге тең. Сонымен қатар Жапонияның климатына тайфундардың жиі-жиі қайталанып тұруы тән.

Ылғалды климаттың себебінен Жапонияның аумағы мол сулы өзендерге бай, олар суармалы егіншілік пен гидроэнергетикада кең пайдаланылады.

**Халқы.** Жапонияның халқы 126,5 млн. адамға тең (2018 ж.). Елде туылудың өте төмендігіне байланысты халықтың табиғи азаюы байқалып отыр. Мексика халық санының азаюы бойынша Жапониядан озып кеткендіктен, Жапония дүние жүзі мемлекеттерінің алғашқы ондығынан шықты.

Жапонияда қала халқының үлесі 90%-дан жоғары. Токио әлемдегі ең ірі қалалардың бірі болып саналады, оның агломерациясында 30 млн. адамнан астам халық жасайды (64-сурет). Астанадан тыс, Иокогама, Осака, Нагойя, Саппоро, Кобе және Киото – мемлекеттің ең ірі қалалары қатарына жатады. Хоккайдо аралына орын тепкен Саппородан басқа барлық ірі қалалар Хонсю аралының оңтүстік-шығысында орналасқан. Мемлекеттің бұл бөлігінде бірнеше ірі қала агломерацияларының тұтасып кеткендігі есебінен әлемдегі ең үлкен мегаполистердің бірі – Токайдо қалыптасты.

Жапония халқының 98%-дан астамын жапондар құрайды. Олардың негізгі діндері – синтоизм мен буддизм. Бір қызығарлық жері,



**64-сурет.** Токиодағы көше қиылыстарының бірі.

жапондардың басым көпшілігі әрі синтоизмнің, әрі буддизмнің дәстүрлеріне мойынсұнады.

Халықтың орналасуына мемлекеттің жер бедері үлкен әсерін тигізген. Жапония халқының негізгі бөлігі аумағының 10%-ында жасайды. Халықтың ең тығыз орналасқан жері – Канто ойпаты болып саналады.

**Экономикасы.** Жапония – экономикасы жоғары дәрежеде дамыған мемлекет. Ол ЖІӨ-нің жалпы көлемі бойынша әлемде АҚШ, Қытай және Үндістан елдерінен кейінгі төртінші орынды иелейді.

Жапонияның өнеркәсібі ең заманалық технологияларға негізделген тармақтар: электроника, электротехника, станокжасау, кемежасау, автомобильжасау, аспапжасау, химия және мұнай-химия өнеркәсіптеріне маманданған. «Тойото», «Хонда», «Сони», «Мицубиши» және басқалар Жапонияның ең әйгілі трансұлттық компаниялары қатарына жатады.

Жапония егіншілігінің жетекші саласы – күріш өсіру. Күріш елдегі жалпы егін алқаптарының тең жартысына егіледі. Сондай-ақ мемлекетте бидай, арпа, соя, түрлі көкөністер мен жемістер де өндіріледі.

Жапонияда көліктің барша түрлері жоғары дәрежеде дамыған. Әсіресе мемлекеттің ірі қалаларын байланыстыратын «Синкансен» жүрдек пойыздары айрықша назар аударуға тұрарлық (65-сурет). Жапонияда кейбір аралдар арасында суасты туннельдері де бар. Олардың ішіндегі ең ұзыны – Хонсю мен Хоккайдо аралдарын байланыстырып тұратын Сейкан туннелі болып табылады (54 км).

Жапонияда туризм де жақсы дамыған. Жыл сайын Жапонияға 30 млн.-дай шетелдік саяхатшы келіп-кетеді. Жапонияның ең маңызды туристік ресурсы оның бай әрі қайталанбас тарихи-мәдени мұрасы болып саналады (66-сурет).



**65-сурет.** «Синкансен» жүрдек пойызы.



**66-сурет.** Киото қаласындағы әйгілі будда ғибадатханасы.

Хонсю аралының шығыс жағында ұзындығы 600 км-ге созылып жатқан Тынық мұхит өнеркәсіп аймағы – экономикалық тұрғыдан Жапонияның ең дамыған аудан болып табылады. Кюсю аралының оңтүстігі, Сикоку және Хоккайдо аралы экономикалық тұрғыдан нашарлау дамыған.



1. Жапонияның экономикалық географиялық орнына баға бер.
2. Жапонияның табиғи жағдайының ұнамды, ұнамсыз жақтарын салыстыр.
3. Жапония мен Корея Республикасы халқының табиғи іс-әрекеті, құрамы, орналасуы бойынша қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?
4. Жапонияның экономикалық әлеуетіне қандай себепшарттар әсер етеді?

## § 46. Үндістан Республикасы



*Оңтүстік Азия, Гималай таулары, Ганга өзені, агроклиматтық ресурстар, этникалық алуан түрлілік, индуизм, дамып келе жатқан мемлекет.*

Үндістан Республикасы – Оңтүстік Азиядағы ең ірі мемлекет, дүние жүзі мемлекеттері ортасында жер алаңы бойынша 7-орында, халқының саны бойынша 2-орында тұрады (2018 ж.). Аумағы негізінен Үндістан түбегінде орналасқан, солтүстіктен оңтүстікке қарай 3,2 мың км-ге, батыстан шығысқа қарай 2,9 мың км-ге созылып жатыр. Үндістанға Лаккадив, Андаман және Никобар аралдары да қарайды. Үндістанның Еуропа мен Азия мемлекеттерін байланыстыратын мол қатынасты теңіз жолдарының бойына орналасқандығы оның экономикалық географиялық орнының қолайлылығын білдіреді.



Жер алаңы – 3287,2 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 1371 млн. адам.  
Астанасы – Дели.

Үндістанда мемлекетті басқару түрі – парламенттік республика. Саяси-аумақтық құрылымына қарай ол федеративтік мемлекет болып саналады. Елдің құрамында 29 штат және 7 одақтас аумақ бар. Федеративтік бірліктері негізінен этникалық қағидат бойынша бөлінген.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Үндістанның табиғи жағдайы әр түрлі, табиғи ресурстарға едәуір бай. Оның аумағынан ғаламшарымыздағы ең биік таулар мен ну ормандарды, саванналар-



мен қапталған үгітілген жалпақ қыраттар мен ұшы-қиыры көрінбейтін құмды шөлдерді кездестіруге болады (67-сурет).

Елдің жерасты қазба байлықтары да сан қилы. Темір, марганец, хром, титан, уран, торий рудалары, көмір, алмаз, түрлі асыл тастар қорлары үлкен. Үндістанның көптеген аумақтары мен теңіз қайраңдарынан мұнай табылған.



*Гималай таулары*



*Декан қыраттарындағы саванна*



*Тар шөлі*

**67-сурет.** Үндістан табиғатының алуан түрлілігі.

Мемлекеттің солтүстік жақтан заңғар биік Гималай тауларымен қоршалғандығы климат жағдайына үлкен әсерін тигізеді. Үндістан аумағында қыс дерлік болмайды (Гималай тауларын есепке алмағанда). Сол себепті үнді диқандары ауыл шаруашылық егіндерінен жылына 2-3 рет өнім өндіре алады. Жауын-шашын маусымдық сипатқа ие, негізінен маусым-қазан айларында көбірек жауады.

Үндістан аумағында мол сулы өзендер көп. Олардың арасындағы ең ірілері – Гималай тауларынан бастау алып, Бенгал шығанағына құятын Ганга және Брахмапутра өзендері. Сонымен қатар Годавари, Маханади, Кавери, Кришна, Нармада және Тапти де ірі өзендер санатына жатады.

**Халқы.** Үндістан халқының саны жағынан әлемде Қытайдан кейінгі екінші орынды иелейді (2018 ж.). Дегенмен Үндістан халқының табиғи өсу қарқыны Қытаймен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болғандықтан, екі мемлекет арасындағы халық санының айырмасы барған сайын қысқара түсуде. Сондықтан да, мамандардың пікірінше, таяу жылдарда Үндістан дүние жүзіндегі ең халқы көп мемлекетке айналады.

Үндістан – дүние жүзіндегі ең көпұлтты мемлекет. Елдің этникалық құрамы өте күрделі. Онда өмір сүріп жатқан ұлттар, ұлыстар мен тай-

палар алуан түрлі тіл жанұяларына жатады. Үнділер, бенгалдар, телуғулар, пенжабтықтар, тамильдер ең көпсанды ұлттар болып саналады. Үнділердің жалпы халық санындағы үлесі 40%-дан асады.

Халықтың діни құрамы да айтарлықтай күрделі. Тұрғындардың 80%-ы индуизмге табынады. Екінші орында мұсылмандар тұрады. Олар мемлекет халқының 13%-ын құрайды. Сонымен қатар Үндістанда христиандар, сикхтар, буддистер және басқа дін өкілдері де бар.


Мемлекеттің урбанизациялану дәрежесі оншалықты жоғары емес. Қазір мемлекет халқының 1/3 бөлігі қалаларда жасайды. Елдің қалалары арасында Мумбай (Бомбей), Кольката (Калькутта), Дели, Бангалор, Ченнай (Мадрас), Хайдарабад және Ахмадабад қалалары ең ірілері болып саналады.

Үндістанның халқы біркелкі орналаспаған. Халықтың тығыздығы Ганг ойпаты мен теңізбойы жазықтарында өте жоғары дәрежеде болса, Гималай тауларының баурайлары, мемлекеттің солтүстік-батыс және орталық құрғақ климатты аумақтарында тұрғындар анағұрлым сирек қоныстанған (68-сурет).

**Экономикасы.** Үндістан дүние жүзінде жалпы ішкі өнім көлемі бойынша АҚШ пен Қытайдан кейінгі 3-орында тұрады (2017 ж.) және дамып келе жатқан тірек мемлекеттердің бірі болып саналады.

Үндістанды көбінесе «айырмашылықтар елі» деп атайды. Өйткені бұл елде шалқыған байлық пен сіңірі шыққан кедейлік, ең заманалық өндіріс кәсіпорындары мен натуралды өндіріске негізделген қарапайым шаруашылықтар астасып кеткен.

Үндістан жеңіл және тамақ өнеркәсібіне маманданған мемлекеттен бірте-бірте заманалық ауыр өнеркәсіп салалары дамыған мемлекетке айналып барады. Үндістан экономикасының негізін металлургия, машинажасау және химия өнеркәсібі құрайды. Үндістан көмір және темір рудаларын, ас тұзын өндіруде, болат, шойын, мыс, алюминий, цемент, жіп-мата және аяқкиім өндіру бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің



**68-сурет.** Үндістан халқының орналасу тығыздығы (шаршы км/адам).

алғашқы ондығына енеді. Бангалор қаласы бүкіл дүние жүзіне әйгілі заманалық ақпарат технологияларының орталығы болып табылады.

Ауыл шаруашылығында да бүкіл жұмыспен қамтылған халықтың 40%-ға жуығы еңбек етеді. Табиғи жағдайдың ауыл шаруашылығын дамытуға айтарлықтай қолайлылығы себепті ел аумағының жартысынан көбі егіс алқаптарына айналдырылған. Егін алқаптары көлемінің үлкендігі бойынша Үндістан әлемде АҚШ-тан кейінгі 2-орынды иелейді. Ал суармалы алқаптарының көлемі бойынша Үндістан тек Қытайдан ғана кейін тұрады. Үндістан күріш, бидай, картоп, қант қамысы, жержаңғақ, көкөніс, жеміс, мақта, шай, бұрыш және түрлі шипалы өсімдіктер өсіру бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің алғашқы үштігінен орын алған.




1. Үндістанның экономикалық географиялық орнының қолайлылығы немен белгіленеді?
2. Үндістан мен Қытай халқының табиғи іс-әрекетін, ұлттық және діни құрамын салыстыр.
3. Үндістанда өнеркәсібінің қайсы салалары әлемдік деңгейде жақсы дамыған?
4. Үндістанның ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін бағала.

## § 47. Парсы шығанағы араб елдері



*Парсы шығанағы, Арабия түбегі, монархия, тропиктік шөлдер, теңіз суын тұщыландыру, мұнай өнеркәсібі, зиярат туризмі.*



**69-сурет.** Арабия түбегіндегі шөл ландшафты.

Дүние жүзінің энергетика шаруашылығында Парсы шығанағы аймағы ерекше орын иелейтіні белгілі. Парсы шығанағы айналасында 8 мемлекет орналасқан, олардың 6-ы – Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Оман, Катар, Кувейт және Бахрейн – табиғи географиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, демографиялық және ұлттық-мәдени тұрғыдан бір-біріне біршама ұқсайды. Бұл мемлекеттер тобы Парсы шығанағы араб елдері деп аталады.

Парсы шығанағындағы шағын аралға орналасқан Бахрейнді есепке алмағанда, бұл топтағы барлық мемлекеттер Арабия түбегінде орын тепкен. Аймақтың экономикалық географиялық орнының қолайлылығы оның үш құрлық – Азия, Африка және Еуропа тұтасқан аумақта, халықаралық маңызы бар теңіз жолдары бойына орналасқандығымен белгіленеді.

Парсы шығанағы араб елдерінің жер алаңы мен халқының саны бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленіп тұрады (11-кесте). Аймақтағы аумақтық және демографиялық әлеуеті бойынша ең ірі мемлекет – Сауд Арабиясы. Ал Катар, Кувейт және Бахрейн шағын мемлекеттер болып саналады

11-кесте

### Парсы шығанағы араб мемлекеттері туралы жалпы мәліметтер


Мемлекет	Астанасы	Жер алаңы (мың шаршы км)	Халқы (млн. адам, 2018 ж.)
Бахрейн	Манама	0,7	1,5
Біріккен Араб Әмірліктері	Абу-Даби	83,6	9,5
Кувейт	Аль-Кувейт	17,8	4,2
Катар	Доха	11,4	2,7
Сауд Арабиясы	Ар-Рияд	2150	33,4
Оман	Маскат	309,5	4,7

Парсы шығанағы мемлекеттерінің негізгі табиғи байлығы көлемді мұнай және газ қорлары болып саналады. Мұнай қорлары бойынша – Сауд Арабиясы, Кувейт және БАӘ, ал табиғи газ қорлары бойынша – Катар, Сауд Арабиясы және БАӘ алда тұрады.

Климаттың құрғақтығы себепті су ресурстарының тапшылығы сезіледі. Арабия түбегінде тұрақты ағын сулардың жоқтығынан жерасты сулары негізгі су көзі ретінде пайдаланылып келеді. Бүгінгі жағдайда сумен қамтамасыз етуді жақсарту үшін теңіз суын тұщыландыруға үлкен мән беріліп отыр (70-сурет).



**70-сурет.** Теңіз суын тұщыландыратын кәсіпорын.



**71-сурет.** Мекке қаласындағы қасиетті Қағба зиярат орны.

Өзендер тек жаңбыр жауғанда ғана суға толатын арна-аңғарлар сипатына ие болып қалған.

**Халқы.** Парсы шығанағы араб мемлекеттері халқының маңызды ерекшелігі – шетелдік мигранттардың үлкен үлесі. Оманда шетелдік жұмысшылар халықтың 25%-ын, Сауд Арабиясында 30%-ын құраса, өзге мемлекеттерде бұл көрсеткіш 50%-дан жоғары, ал БАӘ-де 90%-ға жуық. Шетелдік мигранттардың

негізгі бөлігін Оңтүстік Азия және Солтүстік Африка елдерінің азаматтары құрайды.

Халықтың табиғи өсуі Сауд Арабиясы мен Оманда жылына 1,6 – 1,8%-ға, ал қалған мемлекеттерде 0,8 – 1,3%-ға тең.

Аймақ мемлекеттерінде қала халқының үлес салмағы өте жоғары. Оманда урбанизация дәрежесі 75%, Сауд Арабиясы мен БАӘ-де 80%-дан жоғары, ал Кувейтте, Катар мен Бахрейнде дерлік 100%-ға тең.

Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар және Кувейт елдерінде – сунна, Бахрейнде – шиа, ал Оманда ибади мұсылмандарының саны басым. Сауд Арабиясындағы Мекке мен Мәдине бүкіл дүние жүзі мұсылмандарының қасиетті қалалары болып саналады, жыл сайын бұл жерге 2 млн. адам келіп, қажылық сапарын жүзеге асырады (71-сурет).

**Экономикасы.** Парсы шығанағы араб мемлекеттері экономикалық дамуының жоғары дәрежесімен ерекшеленеді. Халықтың жан басына шаққанда тура келетін ЖІӨ көлемі бойынша бұл аймақтың мемлекеттері дүние жүзінде алдыңғы орындарда тұрады.

Экономиканың тірек саласы – мұнай және газ өнеркәсібі. Мұнай мен газ экспорты аймақ мемлекеттері үшін ең маңызды табыс көзі болып саналады. Энергия көздерімен жақсы қамтамасыз етілгендіктері себепті аймақ мемлекеттерінде химия және мұнай-химия, қара және түсті металлургия өнеркәсібі қарыштап дамып келеді.

Бұл аймақта егіншіліктің дамуы су ресурстарының жетіспеушілігіне байланысты шектеліп қалған. Соңғы жылдарда егіс алқаптарында тамшылатып суару әдісін қолдануға баса маңыз беріліп отыр. Аймақта



негізгі ауыл шаруашылық егіні ретінде дәстүрлі құрма пальмасы басты орында тұрады.

Мал шаруашылығының басты салалары – қой, ешкі және түйе шаруашылықтары.

Аймақтағы мемлекеттерде банк-қаржы секторы, транзиттік сауда және туризм де өркендеу үстінде.



1. Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің саяси құрылымында қандай ортақтық бар?
2. Арабия түбегінің табиғи жағдайы мен ресурстарының мықты және әлсіз жақтарын салыстыр.
3. Парсы шығанағы араб мемлекеттеріндегі урбанизацияның жоғары дәрежесіне қандай себепшарттар әсер еткен?
4. Аймақ мемлекеттерінде мұнай-газ өнеркәсібінен тыс, экономиканың тағы қандай салалары дамып келеді?

## § 48. Индонезия, Малайзия және Сингапур мемлекеттері



*Оңтүстік-шығыс Азия, арал-мемлекет, қолайлы экономикалық географиялық орын, сейсмикалық белсенділік, экваторлық климат, жаңа индустриялы мемлекеттер.*

### ИНДОНЕЗИЯ

Индонезия – Оңтүстік-шығыс Азияда, Тынық және Үнді мұхиттары арасына орын тепкен бірнеше мың аралдан тұратын мемлекет. Дүние жүзіндегі арал-мемлекеттердің ең ірісі. Индонезиядағы ең ірі аралдар: Жаңа Гвинея (батыс бөлігі), Калимантан (орталық және оңтүстік бөлігі), Суматра, Ява және Сулавеси. Халқының 60%-ға жуығы Ява аралында жасайды. Бұл арал ғаламшарымыздағы халық ең тығыз қоныстанған аумақтардың бірі болып саналады. Индонезияның астанасы Джакарта да Явада орналасқан.



Экономикалық географиялық орнының қолайлылығы екі мұхит (Тынық және Үнді) пен екі құрлықтың (Азия және Аустралия мен Океания) арасына орын тепкендігімен белгіленеді.



72-сурет. Явалықтар.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Индонезияның аумағы «Тынық мұхит отты сақинасының» бір бөлігі болып табылады, оған таулы жер бедері және жоғары сейсмикалық белсенділік тән. Индонезияда 150-ге жуық белсенді жанартаулар бар, олардың ішіндегі ең ірілері – Бромо, Кракатау, Селак және Тамборо. Индонезия мұнай, газ, көмір, қалайы, темір, марганец, никель және басқа пайдалы қазбаларға бай.

Климаты негізінен экваторлық, жыл бойы ыстық, жыл мезгілдері арасындағы айырмашылықтар мүлде сезілмейді деуге де болады. Ылғалды климат пен таулы жер

бедеріне байланысты Индонезия су және гидроэнергетика ресурстарымен жақсы қамтамасыз етілген. Сондай-ақ бұл ел әлемдегі орман ресурстарына ең бай мемлекеттердің бірі болып саналады.

**Халқы.** Индонезия халқының саны бойынша дүние жүзінде Қытай, Үндістан және АҚШ мемлекеттерінен кейінгі 4-орынды иелейді. Ел халқының жартысынан астамы қалаларда жасайды. Мемлекетте 10-нан астам «миллионер» қала бар, олардың ішіндегі ең ірісі – Джакартада 10 млн. адам тұрады.

Индонезияда 300-ге жуық ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүреді. Мемлекет халқының 40%-дан астамын явалықтар құрайды (72-сурет). Негізгі діні – ислам діні, Индонезия мұсылмандарының саны бойынша дүние жүзінде бірінші орында тұрады.

**Экономикасы.** Индонезия ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзіндегі 10 озат мемлекеттің қатарына енеді. Өнеркәсібінің жетекші салалары – отын (көмір қазып алу бойынша әлемде 5-орын, табиғи газ өндіру бойынша 10-орын), химия, тамақ, жеңіл, автомобильжасау, орман және металлургия (қалайы өндіру бойынша дүние жүзінде 1-орын).

Елдің негізгі ауыл шаруашылық егіндері қатарына күріш, жүгері, кокос пальмасы, табиғи каучук, шай, кофе, қант қамысы, какао, темекі және түрлі дәмдеуіштер енеді. Индонезия көптеген егіндердің жалпы өнімі бойынша дүние жүзінде жетекші орындарды иелейді. Ал балық аулау бойынша әлемде 3-орында тұрады.

## МАЛАЙЗИЯ

Малайзияның аумағы Оңтүстік Қытай теңізі арқылы бөлініп тұратын екі бөліктен құралған. Бір бөлігі Малакка түбегінің оңтүстігін алып жатса, екіншісі Калимантан аралының солтүстік жағына орналасқан. Малайзияның түбек бөлігінің жанынан Үнді және Тынық мұхиттарды тұтастыратын теңіз жолдары өтеді.

Мемлекетті басқару түрі – конституциялық монархия. Малайзия – 13 штат пен 3 федералдық аумақты біріктіретін федеративтік мемлекет. Оның 9 штаты жергілікті монархтар арқылы басқарылады, олар әр 5 жыл сайын өз араларынан бір билеушіні мемлекет басшысы – король лауазымына сайлайды.


**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Малайзия жер бедерінің ерекшеліктеріне орай таулы мемлекет болып табылады. Негізгі пайдалы қазбалары – мұнай, қалайы, вольфрам, боксит, алтын және мыс. Мұнай негізінен мемлекеттің арал бөлігіндегі теңіз қайраңдарынан өндіріледі.

Климаты – экваторлық, жыл бойы ыстық және жауын-шашынды. Осындай климаттың себебінен Малайзияда мол сулы өзендер көп. Су тасқындары мемлекет халқына үлкен зиян келтіреді. Мемлекет аумағының 60%-ға жуығын өсімдіктер мен жануарлар әлеміне өте бай экваториалдық ормандар алып жатыр (73-сурет).

**Халқы.** Малайзия халқының саны табиғи және миграциялық көбеюдің есебінен жедел қарқынмен өсіп барады. Елдегі урбанизация дәрежесі 75%, ең ірі қала – мемлекеттің астанасы Куала-Лумпур.

Мемлекеттің халқы аумақтық тұрғыдан біркелкі орналаспаған. Аумағының 40%-ын алып жатқан түбек бөлімінде ел халқының 80%-ы жасайды. Әсіресе теңіз жағалауларында халықтың орналасу тығыздығы өте жоғары. Мемлекеттің ішкі бөлігіндегі таулы аумақтарда халық біршама сирек қоныстанған.

Малайзиядағы ең ірі ұлт – мемлекет халқының 50%-дан астамын құрайтын малайлар болып табылады. Сондай-ақ Малай-



Жер алаңы 329,7 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 32,5 млн. адам. Астанасы – Куала-Лумпур.



**73-сурет.** Малайзия ормандары.


зияда қытайлар, үнділер, Калимантан аралының байырғы ұлыстарының өкілдері де айтарлықтай көп.

Елде ең кең тараған дін – ислам, мемлекеттің конституциясына орай бұл дін мемлекеттік дін болып саналады. Бірақ Малайзияда буддизм, индуизм және христиандық діндер де белгілі дәрежеде кездеседі.

**Экономикасы.** Малайзия – экономикасы жоғары қарқынмен дамып келе жатқан жаңа индустриялы мемлекеттердің бірі. Малайзияның өнеркәсібі негізінен көп тармақты машинажасауға маманданған (электроника, тұрмыстық техника, автомобильдер жасап шығару). Сонымен қатар бұнда мұнай, мұнай-химия және металлургия өнеркәсіптері де жақсы дамыған. Ауыл шаруашылығы күріш, табиғи каучук, майлы пальма, кокос пальмасы, банан, темекі, бұрыш және басқа егін түрлерін өсіруге маманданған.

Малайзияның табиғаты мен бай тарихи-мәдени мұрасы елде туризмді дамытуға ерекше жағдай туғызады. Соңғы жылдарда Малайзия шетелдік саяхатшылар санының көптігі бойынша жетекші 10 мемлекетінің қатарына қосылып келеді.

## СИНГАПУР



Жер алаңы – 0,7 мың шаршы км<sup>2</sup>.  
Халқы (2018 ж.) – 5,8 млн.  
Астанасы – Сингапур.

Сингапур Оңтүстік-шығыс Азияда, Малакка түбегінің оңтүстік шалғайынан тар бұғаз арқылы бөлініп тұрған шағын аралдарды иелеп жатыр. Сингапур – тек Азиядағы ғана емес, бүкіл әлемдегі ең шағын мемлекеттердің бірі, ол толығымен жалғыз қаладан тұрады. Сингапурдың мол қатынасты теңіз жолдарының бойында орналасқандығы оның әлеуметтік-экономикалық дамуына өте үлкен қолайлылық туғызады.

Елді басқару түрі – парламенттік республика. Мемлекеттің саяси басқару құрылымында басты рөлді премьер-министр ойнайды.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Сингапурдың жер бедері ойпат көрінісінде, мемлекеттің ең биік нүктесі теңіз деңгейінен бар-жоғы 166 метр жоғарыда орналасқан. Сингапурдың ешқандай пайдалы қазбалары жоқ. Мемлекет экватор сызығына өте жақын орналасқандықтан, оның климаты экваторлық сипатқа ие. Шілде және қаңтар айларының орташа температурасы 2°C-ге ғана ерекшеленеді.

Аумағының шағындығынан Сингапур ауыз сумен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген, сол себепті ол ауыз суды негізінен Малайзиядан импорттауға мәжбүр болады.

**Халқы.** Сингапур халқының тығыздығы бойынша әлемде Монакодан кейінгі екінші орында тұрады. Бұл ел толығымен жалғыз қаладан ғана тұратындықтан, мемлекеттің урбанизациялану дәрежесі 100%-ға тең. Сингапур – Азиядағы халқының табиғи өсуі ең төмен мемлекеттердің бірі, дегенмен халқы негізінен сыртқы миграцияның есебінен өсіп барады.



74-сурет. Сингапур кемежайы.

Сингапур халқының 75%-дан астамын қытайлар құрайды. Малай ұлтының үлесі 15%-дың айналасында, ал үнділерге халықтың 8%-ы тура келеді. Ресми тілі – ағылшын, қытай, малай және тамиль тілдері. Елде ең көп тараған діндер – буддизм мен конфуцийлік.

**Экономикасы.** Салыстырмалы өте қысқа тарихи кезеңде Сингапур әлемдегі технологиялық және экономикалық тұрғыдан күшті дамыған елдердің біріне айналды. Бүгінгі сатыда Сингапур халқының жан басына тура келетін ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің ішінде ең жоғары көрсеткіштерге жеткен елдердің бірі болып саналады. Елде өнеркәсіптің электроника, электротехника, кемежасау, мұнайды қайта өңдеу, химия және фармацевтика салалары жақсы дамыған және экспортқа бағытталған. Өнеркәсіпке қажетті шикізат ресурстары көрші елдерден импортталады. Ақпарат технологиялары және биотехнология салалары бойынша да Сингапур үлкен жетістіктерге жеткен. Халықаралық көлік және банк-қаржы қызметтерін көрсету, туризм салаларының да Сингапур үшін үлкен экономикалық маңызы бар. Сонымен қатар Сингапур қаласы әлемдегі ең ірі кемежайлардың бірі болып саналады (74-сурет).



1. Индонезия, Малайзия және Сингапур мемлекеттерінің экономикалық географиялық орындары қай тұрғыдан бір-біріне ұқсас болып келеді?
2. Индонезияның, Малайзия мен Сингапурдың климатына қандай ерекшеліктер тән?
3. Үш мемлекет халқының этникалық және діни құрамын салыстыр.
4. Үш мемлекеттің әрқайсысының экономикалық дамуы үшін қандай себепшарттардың маңызды екенін анықта.





## 7-ТАРАУ. АФРИКА, АУСТРАЛИЯ МЕН ОКЕАНИЯ ЖӘНЕ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### § 49. Африканың географиялық орны және саяси картасы



*Құрлық, материк, Гибралтар бұғазы, Сувайш каналы, отар, «Африка жылы», Сахара шөлі, шөлдену, Сахел.*



75-сурет. Африка құрлығы.

Африка құрлығы осылай аталатын материктен және оған тұтасып жатқан аралдардан тұрады. Ежелгі финикиялықтар «афарик» сөзімен Карфагеннің шығысында жасайтын тайпаларды атаған («афар» – финикиялықтардың тілінде «шаң» деген мағынаны білдіреді). Римдіктер Карфагенді және оның айнала төңірегін басып алған соң, бұл аумаққа Африка деген атау берген. Бертін келе бұл атау бүкіл материк пен құрлыққа да қолданыла бастаған.

Африканың аралдарды қосқандағы алаңы 30,3 млн. шаршы км-ді құрайды.

Африканың қақ ортасынан экватор сызығы, ал батысынан шығысына қарай бас меридиан өткен. Сол себепті Африка әрі Солтүстік, әрі Оңтүстік, әрі Шығыс, әрі Батыс жартышарларда орналасқан (75-сурет).

Африканың жағалаулары солтүстікте Жерорта теңізінің, солтүстік-батыста Қызыл теңіздің, шығыста Үнді мұхитының, ал батыста Атлант мұхитының суларымен шайылады. Қызыл теңіз, Суэц каналы және Бобал-Мандоб бұғазы Африканы Азиядан, ал Жерорта теңізі мен Гибралтар бұғазы Еуропа құрлығынан бөліп тұрады (76-сурет).

Африка құрлығы аралдары мен түбектерінің аздығымен ерекшеленеді. Оның құрамына Үнді мұхитындағы Мадагаскар (ғаламшарымыздағы аралдар арасында алаңының үлкендігі жағынан 4-орында тұрады), Маскарен, Комор, Сейшель аралдары, Атлант мұхитындағы

Жасыл мүйіс, Канар, Сан-Томе және Принципи, Әулие Елена және басқа аралдар енеді. Бірден-бір ірі түбегі – Сомали.

Африканың қазіргі саяси картасына 54 тәуелсіз мемлекет енген. Құрлық саяси картасының қалыптасу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Ұлы географиялық ашулар кезеңінен бастап Африканың көптеген аумақтары Еуропа мемлекеттерінің отарларына айналды. XX ғасырдың басына қарай Африкада 2-ақ тәуелсіз мемлекет қалған болатын,



**76-сурет.** Африка жағалауының Гибралтар бұғазының Еуропадағы жағалауынан көрінісі.

олар: бірнеше мың жылдық тарихы бар Эфиопия және 1847 жылы АҚШ-тың көмегімен құрылған Батыс Африкадағы Либерия мемлекеті. Ал құрлықтың қалған бөлігін Ұлыбритания, Франция, Португалия, Бельгия, Германия, Италия және Испания өзара бөлісіп алған болатын.

Африка мемлекеттері 1950-жылдарда тәуелсіздікке қол жеткізе бастады. БҰҰ 1960 жылды «Африка жылы» деп жариялап, сол жылы-ақ құрлықтағы 17 мемлекет өз тәуелсіздігіне ие болды және бұны әлемдік қауымдастық таныды. Тағы да көптеген мемлекеттері 1960–1980 жылдар аралығында мемлекеттік тәуелсіздігін алды. Құрлықтағы ең жас мемлекеттер – 1990 жылы тәуелсіздікке жеткен Намибия, 1993 жылы Эфиопиядан бөлініп шыққан Эритрея және 2011 жылы тәуелсіздігін жариялаған Оңтүстік Судан.

Африкадағы көптеген мемлекеттердің шекаралары отаршылдық кезеңінде қалыптасқан, көп жағдайларда табиғи және этникалық шекараларға сәйкес келмейтін жасанды сипатқа ие болып қалған. Соның салдарынан құрлықта осы күнге дейін алуан түрлі әскери қақтығыстар мен мемлекеттік төңкерістер жиі-жиі кездесіп тұрады.

Африка саяси картасының өзіне тән сипаттарының бірі – ірі жер алаңын иелейтін мемлекеттердің көптігі. Дүние жүзіндегі аумағы 1 млн. шаршы км<sup>2</sup>-ден асатын 29 мемлекеттің 12-сі Африка құрлығында орналасқан (Алжир, КДР, Судан, Ливия, Чад, Нигер, Ангола, Мали, ОАР, Эфиопия, Мавритания және Египет). Дүние жүзі бойынша жер алаңы 1 мың шаршы км<sup>2</sup>-ден аспайтын 24 мемлекет бар болса, соның тек 1-і – Сейшель аралдары – Африкаға ғана тиесілі.



**77-сурет.** Шөлейттенуі күшті дамып бара жатқан Сахел өлкесінің аумағы.

Африкада барлығы 6 арал-мемлекет бар. Олар: Мадагаскар, Кабо-Верде, Комор аралдары, Маврикий, Сан-Томе мен Принципи және Сейшель аралдары. Теңіздерге шығу мүмкіндігі жоқ мемлекеттер саны бойынша да Африка құрлықтар ортасында бірінші орында тұрады. Африкада құрлық ішіне бойлай орналасқан 16 мемлекет бар. Олардың қатарына Чад, Нигер, Мали, Эфиопия, Ботсвана, Оңтүстік Судан секілді ірі мемлекеттер де енген. Эфиопия дүние жүзіндегі құрлық ішіне бойлай орналасқан 44 мемлекеттің ортасында халқының саны бойынша бірінші орында тұр.

Африка мемлекеттерінің 51-і – республика, 3-і (Марокко, Свазиленд (Эсватини), Лесото) монархиялық басқару түріне ие. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Африкадағы 6 мемлекет: Нигерия, Эфиопия, Судан, Оңтүстік Судан, Сомали және Комор аралдары федеративтік құрылымды тандаған.

Африка мемлекеттері бай және алуан түрлі табиғи ресурстарымен, әсіресе минерал байлықтарымен ерекшеленіп тұрады. Мұнай және табиғи газ қорлары Нигерия, Алжир, Ливия, Ангола, Габон және Конго мемлекеттерінде аса мол. Құрлықтағы ең үлкен көмір қорлары ОАР-ға тиесілі. ОАР, Намибия, Ботсвана, Замбия, Конго (КДР), Нигер және басқа көптеген Африка мемлекеттері түсті, құнды және радиоактивті металдарымен, алмаздың ірі кендерімен әйгілі.

Африкада кең тараған табиғат белдеулері саванна, шөлейт, шөл және ылғалды экваторлық ормандар болып саналады. Солтүстік Африкада ғаламшарымыздағы ең ірі шөл – Сахара орналасқан. Оның оңтүстік шекарасы бойымен созылып жатқан Сахел деп аталатын шөлейтті табиғи географиялық өлке дүние жүзінде халқы мен ауыл шаруашылығы шөлейттену үдерісінен аса үлкен зардап шегіп отырған аумақ болып табылады. Сахел Судан, Чад, Нигер, Мали және Мавритания сынды мемлекеттердің аумақтарын қамтиды (77-сурет).



1. Африканың географиялық орны оның табиғи жағдайына қандай әсерін тигізген?

2. Африка саяси картасының тарихи қалыптасуы мен заманалық жағдайының ерекшеліктерін сипатта.
3. Африка мемлекеттерінің отарлық өткені олардың қазіргі дамуына қандай ықпалын тигізуде?
4. Сахел табиғи географиялық өлкесі қай жерде орналасқан және ол қандай ерекшеліктерімен көзге түседі?

## § 50. Африка мемлекеттерінің халқы және шаруашылығы




*Халықтың тығыздығы, табиғи өсу, урбанизация, оңтүстік еуропеоидтар, негроидтар, халықтың этникалық және діни құрамы, шикізат жеткізіп беретін шаруашылық салалары, дақыл дара билігі.*

Африка халқының саны бойынша Азиядан кейінгі құрлық саналады, 2018 жылғы жағдай бойынша бұл жерде 1,3 млрд.-қа жуық адам жасайды. Бұл – дүние жүзі халқының 17 пайызы.

Африка елдері ортасында халқының саны тұрғысынан Нигерия ерекше орында тұрады. Елде 196 млн.ға жуық (2018 ж.) адам бар, бұл – әлемдегі 7-орын деген сөз. Бір қызығы, Нигерия Африка елдері арасында жер алаңы бойынша 14-орында тұрады.

Халқының саны жағынан Нигериядан кейінгі жетекші орындарды Эфиопия (107,5 млн. адам), Египет (97 млн. адам), Конго Демократиялық Республикасы (84,3 млн. адам), Танзания (59,1 млн. адам) және Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР) (57,7 млн. адам) секілді мемлекеттер иелейді (2018 ж.).

Африканың халқы құрлық ойынша біркелкі орналаспаған (78-сурет). Бұған табиғи себепшарттар, әсіресе климат пен су ресурстары үлкен әсерін тигізген. Нил аңғары мен атырауы, Жерорта теңізі мен Гвинея шығанақбойы аумақтары, Шығыс Африканың тау аралығындағы ойыстары және ОАР-дың өнеркәсіптенген аумақтары сияқты жерлерде халықтың орналасу тығыздығы өте жоғары деңгейде. Сонымен қатар Сахара шөлі, Калахари, Намиб секілді тропиктік шөлді аудандарда халықтың тығыздығы өте төмен.



**78-сурет.** Африкадағы халықтың орналасу тығыздығы (шаршы км<sup>2</sup>/адам).

Африка – халқының саны өте жоғары қарқынмен өсіп келе жатқан құрлық. Дүние жүзінің халқы бүгінгі таңда жылына орта есеппен 1,2%-ға көбейіп бара жатқан болса, Африкада бұл көрсеткіш 2,6%-ға тура келеді. Африканың көптеген мемлекеттерінде туылу мен табиғи өсудің қарқыны жоғары болғанмен, орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіштері анағұрлым төмен (12-кесте). Бұндай жағдай тек Тунис, Марокко, Ливия, Ботсвана, ОАР, Маврикий және Сейшель аралдары тақылеттес элеуметтік-экономикалық дамуы біршама жоғары мемлекеттерде ғана құрлықтағы жалпы жағдайдан гөрі өзгешелеу.

12-кесте

**Африкадағы кейбір мемлекеттердің және Германия мен Жапонияның демографиялық көрсеткіштері (2018 жылғы жағдай бойынша)**

Көрсеткіштер	Африканың кейбір мемлекеттері		Дүние жүзінің дамыған мемлекеттері	
	Нигер	Чад	Германия	Жапония
1 әйелге тура келетін перзенттің орташа саны	7,2	6,4	1,6	1,4
Халықтың жылдық табиғи көбеюі, % есебінде	3,8	3,1	-0,2	-0,3
Ерлер мен әйелдердің орташа өмір сүру ұзақтығы, жас	Е. – 59 Ә. – 61	Е. – 52 Ә. – 54	Е. – 78 Ә. – 83	Е. – 81 Ә. – 87
Халықтың жас құрамында 15 ж.-қа дейінгі балалар үлесі, %	50	47	13	12
Халықтың жас құрамында 65 жастан аскандардың үлесі, %	3	2	21	28
Сәбилер өлімі, туылған әр 1000 сәбиге шаққанда	60	72	3	2

Африка құрлықтар арасында урбанизация дәрежесі бойынша (43%, 2018 ж.) соңғы орында тұрады. Қала халқының үлесі негізінен Жерорта теңізінің бойындағы мемлекеттерде, ОАР-да, шағын арал-мемлекеттерде және мұнай өнеркәсібі дамыған елдерде жоғары. Ал Нигер, Руанда, Бурунди және Малави рәуіштес мемлекеттердегі урбанизация дәрежесі 20%-ға да жетпейді.

Халқының нәсілдік, этникалық және діни құрамы тұрғысынан Африка құрлығы екі үлкен бөлікке бөлінеді. Біріншісі – Египет, Ливия, Судан, Алжир, Тунис, Марокко және Мавритания елдерінен құралған Солтүстік Африка аймағы. Бұл мемлекеттерде негізінен оңтүстік еуропеоид нәсіліне тән арабтар мен берберлер жасайды, негізгі діні ислам діні болып саналады, халқының этникалық және діни құрамының біртұтастығымен ерекшеленіп тұрады. Құрлықтағы басқа мемлекеттер



екінші – Тропиктік Африка аймағын құрайды. Бұл аймақ халқының этникалық құрамы алуан түрлі, негізінен негроид нәсіліне тән жүздеген ұлттардан, ұлыстар мен тайпалардан тұрады. Ал діндерден ислам, христиандық және басқа сан түрлі жергілікті діндер кең тараған, олардың қатынасы әр мемлекетте әр түрлі болып келеді.

Африка мемлекеттерінің дүние жүзі шаруашылығындағы орны негізінен тау-кен өнеркәсібімен және тропиктік егіншілікпен белгіленеді. Яғни құрлықтағы мемлекеттер экономикасында көбірек шикізат жеткізіп беретін салалар үстемдік етеді. Бұның негізгі себептері маманданудың отаршылдық кезеңде қалыптасқандығы, өндірістің техникалық және технологиялық тұрғыдан мешеулігі болып саналады.

Нигерия, Алжир, Ангола, Ливия, Габон, Конго, Экваторлық Гвинея – мұнай мен табиғи газ, Нигер мен Малави – уран, Гвинея – боксит, Замбия мен КДР – мыс, Марокко – фосфорит, Гана мен Танзания – алтын, Ботсвана, КДР, Ангола, Зимбабве және Намибия – алмаз, ал ОАР таскөмір, темір, марганец, алтын, платина, алмаз сияқты минерал ресурстарды қазып алу және экспорттау көлемі бойынша ерекшеленіп тұрады.

Африка мемлекеттерінің басым көпшілігінде ауыл шаруашылығының белгілі бір егін түрінің дара билігі тән. Мысалы, Судан, Мали, Чад және Буркина-Фасо елдерінде негізгі егін түрі – мақта, Кот-де-Ивуар, Гана, Камерун мемлекеттерінде – какао, Сенегал мен Замбияда – жержаңғақ, Эфиопия мен Угандада – кофе, ал Кенияда шай болып саналады. Көптармақты ауыл шаруашылығы ОАР мен Жерорта теңізі жағалауындағы мемлекеттерде қалыптасқан.

Әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі тұрғысынан алғанда, Африка 3 бөлікке бөлінеді. ОАР құрлықтағы мемлекеттер ортасында экономикалық жағынан ең қуаттысы болғандықтан, жеке қарастырылады. Египет, Ливия, Алжир, Тунис және Марокко секілді біршама жоғары дәрежеде дамып келе жатқан елдер Солтүстік (Жерорта теңізбойы) Африка экономикалық географиялық аймағын құрайды. Құрлықтағы өзге мемлекеттер Тропиктік Африка аймағы құрамына енеді. Тропиктік Африкадағы 34 мемлекет БҰҰ тарапынан әлемдегі ең нашар дамыған мемлекеттер тобына енгізілген.



1. Африка мемлекеттеріндегі халық санының көбеюі және жас құрамы бойынша өзіне тән ерекшеліктерді сипатта.
2. Халықтың нәсілдік және діни құрамы тұрғысынан Африка қандай екі аймаққа бөлінеді? Осынау екі аумақтың халқының қысқаша сипатта.

3. Африка мемлекеттерінің дүние жүзі шаруашылығындағы орнын қайсы салалар белгілейді?
4. Африка мемлекеттерінің ауыл шаруашылығына қандай ерекшелік тән? Бұл ерекшелікті кейбір мемлекеттер мысалында көрсетіп бер.

## § 51. Оңтүстік Африка Республикасы



*Дракон (Айдаһар) және Кап таулары, Вельд үстірті, тропиктік шөлдер, субтропиктік климат, африканерлер, африканс тілі, тау-кен өнеркәсібі.*

Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР) Африка құрлығының шеткі оңтүстік бөлігіне орын тепкен. Жағалауларын оңтүстік-батыста Атлант мұхитының, ал оңтүстік-шығыста Үнді мұхитының сулары шайып жатады. ОАР маңызды және мол қатынасты халықаралық теңіз жолдарының бойына орналасқан. ОАР-дағы Кейптаун қаласы Оңтүстік жартышардағы ең ірі кемежай-калалардың бірі болып табылады (79-сурет).

Елді басқару түрі – парламенттік республика. Астанасы – Претория қаласы. Ол жерде тек президент пен үкіметтің резиденциялары ғана орналасқан, парламент – Кейптаунда, ал Жоғарғы сот Блумфонтейн қаласында жұмыс жүргізеді.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** ОАР аумағының жер бедері алуан түрлі. Шығыс жағында Дракон (Айдаһар) таулары, оңтүстігінде Кап таулары орын тепкен. Мемлекеттің солтүстік және орталық бөліктерін Вельд үстірті алып жатыр, ал батыс аумақтары жер бедерінің жазықтығымен ерекшеленеді. ОАР – ірі минерал байлықтарға ие мемлекет. Бұл елде көмір, марганец, хром, уран, алтын, алмаз, платина, ванадий және басқа түрлі құнды металдардың үлкен қорлары бар.

ОАР-дың орталық және батыс аумақтарында ыстық және құрғақ тропиктік климат қалыптасқан. Мемлекеттің оңтүстігі мен шығысындағы теңізбойы аумақтарында ылғалды субтропиктік климат байқалады. Мемлекеттің құрғақтау



**79-сурет.** Кейптаун қаласы.

климатты бөлігінде су ресурстарының жетіспеушілігі бар.

**Халқы.** ОАР құрлық мемлекеттері арасында халқының саны жағынан 6-орында тұрады. Халықтың табиғи көбею қарқыны Африка мемлекеттерінің көпшілігімен салыстырғанда анағұрлым төмендеу, яғни жылдық есеппен 1–1,2%-ға тең. ОАР халқы көрші мемлекеттерден көшіп келіп жатқандардың есебінен де көбейіп отыр.



80-сурет. Түйекүс фермасы.

ОАР-да урбанизация дәрежесі 65%-ға тең, дегенмен бұл көрсеткіш Африкадағы көптеген мемлекеттермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Елдің ең үлкен қаласы әрі экономикалық астанасы болып Йоханнесбург саналады.

Оңтүстік Африка Республикасы халқының 80%-ға жуығын түрлі жергілікті ұлттар мен ұлыстар құрайды. ОАР Тропиктік Африка елдерінен халқының санындағы еуропалықтар үлесінің көптігімен (10%-ға жуық) ерекшеленеді. Еуропалықтардың үлкен бөлігін африканерлер – XVII–XIX ғасырларда көшіп келген голландықтардың ұрпақтары құрайды. Олар нидерланд тілі негізінде қалыптасқан африкаанс тілінде сөйлеседі.

Мемлекеттің солтүстік-шығысындағы өнеркәсіпті аудандарда, оңтүстік-шығыс және оңтүстік теңізбойы аумақтарында халықтың орналасу тығыздығы жоғары болса, батыс және солтүстік-батыс шөлді аумақтарда халық өте сирек қоныстанған.

**Экономикасы.** Оңтүстік Африка Республикасы құрлықтағы экономикалық тұрғыдан ең дамыған мемлекет болып саналады. Экономикасы тау-кен өнеркәсібіне, машинажасауға, көптармақты ауыл шаруашылығы мен туризмге маманданған.

Түрлі пайдалы қазбаларға бай қорларының есебінен ОАР-да тау-кен өнеркәсібі жоғары деңгейде дамыған. ОАР көмір, темір рудасы, марганец, алтын, платина, палладий, алмаз және басқа минерал ресурстарды қазып алу бойынша дүние жүзінде жетекші орындардың бірін иелейді. ОАР – әлемдегі ең ірі көмір экспорттаушылардың бірі.

Ауыл шаруашылығы мемлекет аумағының 15%-ында ғана интенсивті дамыған. Бұның негізгі себебі су ресурстарының жетіспеушілігінде жатыр. Бірақ, жоғарыда айтылғандарға қарамастан, ОАР-да егіншілік пен мал шаруашылығының түрлі салалары жоғары деңгейде дамыған. Диканшылықтың ең маңызды тармақтары бағбаншылық пен жүзімшілік

болып саналады. Мал шаруашылығының негізгі салалары – ірі қара, қой және ешкі шаруашылықтары. ОАР-да мал шаруашылығының дәстүрлі емес саласы – түйеқұстар (страус) өсіру де дамыған (80-сурет).

ОАР-дың оңтүстік теңізбойы бөлігінде және мемлекеттің ішкерісіндегі ірі қалаларда туризм жақсы дамыған.



1. Оңтүстік Африка Республикасының экономикалық географиялық орнының қолайлылығын бағала.
2. Мемлекеттің табиғи жағдайы мен ресурстарының күшті және әлсіз жақтарын анықта.
3. ОАР Тропиктік Африка мемлекеттерінен халқының көбеюі және құрамы тұрғысынан қалай ерекшеленеді?
4. ОАР экономикасы қандай тармақтарға маманданған?

## § 52. Нигерия Федеративтік Республикасы



*Батыс Африка, Тропиктік Африка, Гвинея шығанағы, Нигер атырауы, Лагос, хауса, йориба, игбо, мұнай және мұнайды қайта өңдеу өнеркәсібі.*



Нигерия Федеративтік Республикасы Батыс Африкада орналасқан. Жағалаулары Атлант мұхитының Гвинея шығанағы суларымен шайылып жатады.

Басқару түрі – президенттік республика. Нигерия федеративтік мемлекет болып саналады, ол 36 штат пен федералдық астана аумағынан тұрады. Нигерияның штаттары негізінен этникалық қағидат бойынша бөлінген. Астана-сы Абуджа қаласы – елдің орталығында орналасқан (81-сурет).

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Нигерияның аумағы Нигер және Бенуе өзендері арқылы жер бедері тұрғысынан ерекшеленіп тұратын екі бөлікке бөлінеді. Солтүстігінің жер бедері негізінен аласа таулардан құралған, ал мемлекеттің оңтүстік бөлігін ойпаттар алып жатыр.

Нигерияның ең үлкен табиғи байлығы – оның мұнай қорлары. Мұнай кендері мемлекеттің оңтүстік бөлігінде көбірек шоғырланған.

Мемлекет негізінен субэкваторлық және экваторлық климат белдеулеріне орын теп-



81-сурет. Абуджа қаласы.

кен. Ыстық температура жыл бойы сақталады. Жауын-шашын мөлшері оңтүстік теңізбойы аумақтарынан солтүстікке қарай азая береді. Экваторлық климатты бөлігінде жылдық жауын-шашын мөлшері 3 000 мм-дің айналасында. Тұрақты және маусымдық ылғалды ормандар мен саванналар Нигерияның негізгі табиғат зоналары болып табылады.



**82-сурет.** Лагос – Нигерияның және бүкіл Африканың ең ірі қаласы.

Нигериядағы өзендердің ең ірісі – Нигер өзені. Ол Гвинея шығанағына құяр сағасында үлкен атырауды құрайды. Нигер атырауы мемлекеттің маңызды экономикалық ауданы болып саналады.

**Халқы.** Нигерия халқының саны бойынша дүние жүзінде 7-орында тұрады. Ол әлемдегі 10 жетекші мемлекеттің ортасында табиғи өсімінің ең жоғары қарқынымен ерекшеленеді. Яғни Нигерияның халқы жыл сайын 4–4,5 млн. адамға көбейіп келеді.

Нигерия халқының дерлік тең жартысы қалаларда өмір сүреді. Елде 6 «миллионер» қала бар. Гвинея шығанағының жағалауына орын тепкен Лагос қаласы тек Нигерияда ғана емес, тіпті бүкіл Африкадағы ең ірі қала болып саналады (82-сурет). Лагос 1991 жылға дейін мемлекеттің астанасы болған, бірақ оның халқының саны шектен тыс көп болғандықтан, астана Абуджа қаласына көшірілген.

Нигерия да Тропиктік Африкадағы көптеген мемлекеттер сияқты көпұлтты мемлекет, халқының этникалық құрамы 250-ден астам жергілікті ұлттар мен ұлыстардан тұрады. Ең ірі ұлттары – хауса, йорриба және игбо (бұлардың әрқайсысы бүкіл халықтың шамамен 20%-ын құрайды). Мемлекеттік тілі – ағылшын тілі. Нигерияның солтүстік және батыс штаттарында ислам діні, ал шығыс және оңтүстік штаттарында христиан діні көбірек тараған.

Елде халықтың орналасу тығыздығы орта есеппен 1 шаршы км-ге 200 адамнан асады, ал жағалау бойындағы аумақтарда бұдан 3–4 есе жоғары.

**Экономикасы.** Нигерия ЖІӨ-нің жалпы көлемі бойынша Африкада 1-орында тұрады. Дегенмен ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы мөлшері бойынша оншалықты жоғары емес – 6 000 АҚШ доллары айналасында. Бірақ бұл Тропиктік Африкадағы басқа мемлекет-



терге қарағанда біршама жоғары көрсеткіш (аймақ бойынша орташа көрсеткіш 3 600 АҚШ долларына тең) болып саналады.

Мемлекет экономикасының негізі және мемлекеттік бюджет табысының басты көзі – мұнай экспорты. Мұнайды қазып алу және оны қайта өңдеу өнеркәсібі Нигерия өнеркәсібінің ең дамыған тармағы болып отыр. Елде орман, тоқыма, тамақ және тау-кен өнеркәсіптері де біраз өркендеген.

Ауыл шаруашылығы – халықтың жұмысбастылығының негізгі саласы. Нигерияда жержаңғақ, жүгері, күріш, сорго, табиғи каучук, мақта, түрлі көкөністер және жемістер өндіріледі. Ірі қара шаруашылығы, қой, ешкі және шошқа шаруашылықтары – Нигерия мал шаруашылығының негізгі салалары болып табылады.



1. Нигерияның әкімшілік-аумақтық құрылымының федеративтік түрі қандай себепшарттарға байланысты?
2. Нигерия астанасының Лагостан Абуджаға көшірілуінің себепін түсіндір.
3. Мемлекеттің оңтүстігінде халық тығыздығының солтүстік аудандарға қарағанда бірнеше есе жоғары болуының себептерін сипатта.
4. Нигерияның экономикалық дамуының Тропиктік Африкадағы көптеген мемлекеттермен салыстырғанда едәуір жоғары болуы өндірістің қандай тармағына байланысты?

### § 53. Египет Араб Республикасы



*Суэц каналы, Синай түбегі, Нил өзені, Асуан су қоймасы, тропиктік және субтропиктік климат, халықтың тығыздығы, суармалы егіншілік, тарихи-мәдени мұра.*



Жер алаңы – 1001,4 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 97 млн. адам. Астанасы – Каир.

Египет Араб Республикасы Африканың солтүстік-шығысына және шағындау бөлігі Азия құрлығындағы Синай түбегіне орын тепкен. Жағалаулары солтүстікте Жерорта теңізінің, шығыста Қызыл теңіздің суларымен шайылады. Суэц каналы бұл екі теңізді тұтастырып тұрады, сонымен қатар Африка және Азия құрлықтарының шекарасы болып саналады. Суэц каналының нақ осы ардан өткендігі және оның Азия мен Африка тұтасқан аумақта орналасқандығы Египеттің

экономикалық географиялық орнының қолайлылығын белгілейді.

Елді басқару түрі – президенттік республика. Египеттің астанасы – Каир қаласы Нил өзенінің атырауына орналасқан (83-сурет).

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Египеттің аумағы негізінен ойпаттардан тұрады. Тек Қызыл теңізге таяу жердегі бөлігі мен Синай түбегінде таулар бар. Пайдалы қазбалар жөнінде сөз қозғалғанда, Египетте негізінен мұнай, табиғи газ, темір рудасы, фосфорит кендері бар екенін айту керек. Египет аумағының үлкен бөлігі тропиктік, ал Жерорта теңізі жағалауы субтропиктік белдеуде орналасқан. Жазы өте ыстық, ал қысы жылы. Бұнда жауын-шашын өте аз жауады, көбінесе жылдық мөлшері 200 мм-ден аспайды. Сондықтан да мемлекет аумақтарын негізінен тропиктік шөлдер алып жатыр.



83-сурет. Каир қаласы.

Ыстық және құрғақ климат жағдайында Египет үшін су ресурстарының тапшылығы бірінші орында тұратыны рас. Мемлекеттің бірден-бір өзені – оның аумағын оңтүстіктен солтүстікке қарай қиып өтіп, Жерорта теңізіне құйылатын Нил – шөл далаларды қақ жарып өтетін транзит өзен болып саналады (84-сурет). Нил өзенінде әлемдегі ең үлкен су қоймаларының бірі – Асуан су қоймасы құрылған.

**Халқы.** Египет Африка мемлекеттері арасында халқының саны бойынша Нигерия мен Эфиопиядан кейінгі үшінші орында тұрады. Ел халқының табиғи өсуінің жоғары дәрежесі әлі сақталып келеді. Египеттің халқы жыл сайын дерлік 2,5%-ға, яғни 2 миллионнан астам адамға көбейіп отырады.

Египетте қала тұрғындарының үлесі 45%-дың айналасында. Бұл көрсеткіш Солтүстік Африканың басқа мемлекеттерімен салыстырғанда анағұрлым төмен. Ең үлкен қалалары қатарына Каир, Александрия және Гиза енеді. Египет бір ұлтты мемлекет болып саналады, өйткені оның халқының 99%-ы – арабтар. Мұнда кең тараған дін – ислам. Дегенмен египеттіктердің 10%-ға жуығы христиан дініне тән.

Египетте халық әркімкі орналасқан. Египеттіктердің 90%-дан астам бөлігі халықтың орналасу тығыздығы бойынша әлемдік шеңберде ерекшеленіп тұратын Нил өзенінің аңғары мен атырауында жасайды. Сондай-ақ Суэц каналы бойында, Жерорта және Қызыл теңіздердің жағалауларында да халықтың тығыздығы едәуір жоғары.



84-сурет. Нил өзені.



**85-сурет.** Египет пирамидаларының бірі және Үлкен Сфинкс ескерткіші.

**Экономикасы.** Египет – Африка құрлығындағы мемлекеттер арасында ең үлкен экономикалық әлеуетке ие елдердің бірі. Мемлекеттің экономикасы аграрлы-индустриялы сипатымен ерекшеленеді. Өнеркәсібі негізінен мұнай-газ, тоқыма, тамақ және химия салаларына маманданған. Сондай-ақ металлургия мен машинажасау өнеркәсібі де қарыштап даму үстінде.

Елдің ауыл шаруашылығы суармалы егіншілікке сүйенеді. Негізгі егін түрлері: мақта, күріш, көкөніс, жеміс және бақша егіндері. Мал шаруашылығының негізгі саласы мүйізді ірі қара болып табылады.

Египет Араб Республикасының мемлекеттік бюджеті үшін Суэц каналы арқылы кемелер транзитінен түсетін баж салығы маңызды табыс көзіне айналған. Египет экономикасының маңызды салаларының бірі – туризм. Туризмнің дамуына Египет теңізбойы аумақтарының табиғи жағдайы және мемлекеттің аса бай тарихи-мәдени мұралары үлкен ықпал жасайды (85-сурет).



1. Египет Араб Республикасы экономикалық географиялық орнының өзіне тән ерекшеліктері нелерге байланысты?
2. Египет пен Түркияның географиялық орналасуындағы ортақ ерекшеліктерді анықта.
3. Египет халқының орналасуына қандай себепшарттар ықпал еткен?
4. Египетте халықаралық туризмді дамыту үшін қандай ресурстар мен жағдайлар бар?

## § 54. Аустралия Одағы



Жер алаңы – 7692,0 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 24,5 млн. адам. Астанасы – Канберра.



*Материк, Британия Достастығы корольдігі, аустралиялық ағылшындар, австралиялық аборигендер, Сидней, тау-кен өнеркәсібі.*

Аустралия Одағы – бүкіл бір материкті толық иелеп алған әлемдегі бірден-бір мемлекет. Құрамына Аустралия материгінен тыс Тасмания және басқа аралдар да енеді. Жағалаулары солтүстіктен, батыс пен оңтүстік-

тен Үнді мұхитының, оның теңіздері мен шығанақтарының, ал шығыс жағынан Тынық мұхит теңіздерінің суларымен шайылып жатады. Жер алаңы тұрғысынан дүние жүзінде 6-орында тұрады.



**86-сурет.** Аустралия шөлдері.

Экономикалық-географиялық орны Оңтүстік жартышарда, басқа аймақтардан едәуір алыста орналасқандығымен сипатталады. Сонымен қатар заманалық теңіз және әуе көліктері мемлекеттің дүние жүзінің басқа аймақтарымен тұрақты байланыста болуын қамтамасыз етеді.

Аустралия Одағы Британия Достастығы корольдігі болып саналатындықтан, Ұлыбританияның билеушісі оның ресми мемлекет басшысы болып табылады. Іс жүзінде саяси басқару жүйесіндегі жетекшілік рөл премьер-министрге тиесілі. Аустралия – 6 штат пен 2 аумақтан тұратын федеративтік мемлекет.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Аустралияның жер бедері негізінен ойпаттар мен күшті тілімденген қыраттардан тұрады. Тек шығыс жақта ғана орташа биіктіктегі Үлкен Суайрық жоталары бар. Онда Аустралияның ең биік нүктесі – Костюшко шыңы (2228 м) орналасқан.

Аустралия алуан түрлі пайдалы қазбаларға бай. Мемлекет темір, мыс, никель, уран, боксит рудалары, көмір, алтын және алмаз қорларымен әлем шеңберінде айрықша ерекшеленіп тұрады.

Аустралия аумағы негізінен экваторлық, тропиктік және субтропиктік климат белдеулеріне орналасқан, климатының ең басты ерекшелігі оның құрғақтығы болып табылады. Мемлекет аумағының өте ауқымды бөлігін шөл, шөлейт және саванналар алып жатыр (86-сурет). Аустралия табиғатының ең үлкен кемшілігі – су ресурстарының тапшылығы. Негізгі өзені Муррей мен оның саласы Дарлингтің суы маусымдар бойынша шұғыл өзгеріп отырады.

**Халқы.** Аустралия – дүние жүзіндегі халқының орналасу тығыздығы ең төмен мемлекеттердің бірі. Бұл елде 1 шаршы км<sup>2</sup> жерге орта есеппен 3 адамнан тура келеді. Аустралияда тұрғындар негізінен оңтүстік-шығыс және шығыс аумақтарға шоғырланған, ал ішкі аумақтарда халықтың қоныстануы өте сирек.

Аустралияда халықтың табиғи көбеюі төмен, жылына 0,5 – 0,6%-ға тура келеді. Халық санының арта түсуіне сыртқы миграция көбірек әсерін



87-сурет. Сидней қаласы.

тигізіп отыр. Бұндай миграциялық көбею жылдық есеппен 0,8–1,0%-ды құрайды.

Жалпы алғанда, Аустралияның халқы миграцияның есебінен қалыптасқан. Материктің байырғы тұрғындары – аустралиялық аборигендер мемлекет халқының бар-жоғы 1%-ын ғана құрайды. Бұндағы негізгі ұлт–аустралиялық ағылшындар.

Аустралия Одағы жоғары деңгейде урбанизацияланған мемлекеттер қатарына тиесілі. Онда қала тұрғындарының үлесі 90%-ға тең. Ең ірі қалалары – Сидней (87-сурет), Мельбурн, Брисбен, Перт және Аделаида.

**Экономикасы.** Аустралия экономикасы жоғары дәрежеде дамыған мемлекет болып саналады. ЖІӨ-нің көлемі бойынша Аустралия дүние жүзінің жетекші 20 мемлекетінің құрамына енеді. Ал халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері бойынша ол Еуропа елдерінің басым көпшілігінен де жоғары тұрады.

Аустралияның әлем экономикасындағы орнын көп ретте оның тау-кен және отын өнеркәсібі белгілейді. Бұл мемлекет көмір, уран, темір, боксит, алтын, никель, мырыш өндіру бойынша дүние жүзіндегі жетекші 3 мемлекеттің қатарына енеді. Көмір, сұйылтылған газ, уран, кара және түсті металл сияқтылардың үлкен бөлігі Азия мемлекеттеріне, бірінші кезекте Қытайға экспортталады. Ауыл шаруашылығы да Аустралия экономикасының маңызды саласы болып саналады. Мал шаруашылығының негізгі тармақтары – қой және ірі қара шаруашылықтары. Аустралия қойлар саны және жүн өндіру бойынша әлемде 2-орында, жүн және мал етін экспорттау бойынша 1-орында тұрады. Елдің егіншілігі астық өндіруге, бағбаншылық пен жүзімшілікке маманданған.

Аустралияның негізгі экономикалық ауданы – оның оңтүстік-шығысы. Бұл жерде мемлекет халқының 70%-ы жасайды, олар елдің 2 ең ірі қаласы – Сидней мен Мельбурнға орналасқан.



1. Аустралия Одағының географиялық орналасуының қайталанбас ерекшелігі нелерден тұрады? Экономикалық географиялық орнының ұнамды және ұнамсыз жақтарын сипатта.
2. Аустралияның қазіргі халқы қалай қалыптасқан?
3. Неліктен Аустралияның оңтүстік-шығыс аумақтары халық тығыздығының жоғарылығымен ерекшеленіп тұрады?
4. Аустралияның экономикасы қандай салаларға маманданған және бұған қандай себепшарттар ықпал еткен?



## § 55. Американың саяси картасы



*Америка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Панама каналы, Кариб теңізі, Латын Америкасы, құрлық, материк, Британия Достастығы корольдігі.*

Америка Батыс жартышарда орналасқан екі материкті – Солтүстік және Оңтүстік Американы, сондай-ақ оларға таяу аралдарды қамтитын құрлық (88-сурет) болып табылады. Оның жалпы алаңы 42 млн. шаршы км-ге тең.

Оңтүстікте Америка Дрейк бұғазы арқылы Антарктидадан, ол солтүстік-батыста Беринг бұғазы арқылы Азиядан бөлініп тұрады. Солтүстік және Оңтүстік Америка материктерін Панама каналы бөліп тұрады (89-сурет).

Американың заманалық саяси картасында 35 тәуелсіз мемлекет бар. Олар өз аумақтарының үлкен-кішілігі бойынша бір-бірінен шұғыл ерекшеленеді. Құрлықтағы 4 мемлекет дүние жүзінің ең үлкен мемлекеттері қатарынан орын алған. Олар: Канада, АҚШ, Бразилия және Аргентина. Ал Боливия, Колумбия, Перу және Мексика мемлекеттерінің жер алаңы 1 млн. шаршы км-ден асады. Ал Венесуэла және Чили мемлекеттерінің аумағы 500 мың шаршы км-ден де үлкен. Сонымен қатар Америкадағы 7 мемлекеттің аумағы 1 мың шаршы км-ден төмен. Олардың барлығы да Кариб теңізіндегі аралдарға орналасқан.

Америкада тек 2-ақ мемлекет – Боливия мен Парагвай ғана тікелей теңізге шыға алмайды. Мексика, Гватемала, Гондурас, Никарагуа, Коста-Рика, Панама және Колумбия мемлекеттерінің жағалауларын екі мұхиттың, яғни Атлант және Тынық мұхиттың сулары шайып тұрады. Ал АҚШ пен Канада үш мұхитпен – Атлант, Тынық және Солтүстік Мұзды мұхиттармен шектеседі.

Америкадағы 35 мемлекеттің 25-і республика, 10-ы Британия Достастығының корольдіктері, яғни конституциялық монархиялар болып саналады. Конституциялық монархиялардың 2-і – Канада мен Белиз Солтүстік Америка материгіне орналасқан, ал қалған 8-і – Кариб теңізіндегі арал-мемлекеттер.



**88-сурет.** Америка құрлығының географиялық орны.



**89-сурет.** Панама каналы.

Америкада 7 федеративтік мемлекет бар: АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Мексика, Венесуэла және Сент-Китз бен Невис. Сент-Китз бен Невис әлемдегі ең шағын федеративтік мемлекет болып саналады.

Америка 2 ірі саяси-географиялық аймаққа – Солтүстік Америка мен Латын Америкасына бөлінеді. Солтүстік Америкада АҚШ пен Канада орналасқан. Америкада АҚШ-тан оңтүстікке қарай орын тепкен барлық мемлекеттер Латын Америкасын құрайды. Дүниедегі ең ірі аймақтың Латын Америкасы деп аталуы бұндағы көптеген мемлекеттердің халықтары ежелгі латын тілінен туындаған испан, португал және француз тілдерінде сөйлейтіндіктен туындаған.

Солтүстік Америка мен Латын Америкасы әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі және ұлттық-мәдени ерекшеліктері бойынша бір-бірінен дараланып тұрады. АҚШ пен Канада «Үлкен жетілік» тобына енетін дамыған мемлекеттер болса, Латын Америкасының елдері дамып келе жатқан мемлекеттер қатарына жатады.



1. Америка құрлығы қайсы аумақтарды бірлестіреді?
2. Американың саяси картасындағы қайсы мемлекеттер ірі елдер болып саналады?
3. Солтүстік Америка материгі мен Солтүстік Америка саяси-географиялық аймағы ортасындағы айырмашылықты сипатта.
4. Латын Америкасы аймағы неліктен бұлай аталған?

## § 56. Америка Құрама Штаттары



*Солтүстік Америка, континенттік штаттар, Аляска, Гавай аралдары, Кордильера, Денали, Ажал аңғары, торнадо, мегаполис.*



Америка Құрама Штаттары әлемде жер алаңы бойынша 4-орында, халқының саны бойынша 3-орында тұрады. Сондай-ақ АҚШ экономикалық, әскери-саяси және ғылыми-техникалық әлеуеті бойынша да бүгінгі әлемнің жетекші мемлекеттерінің бірі болып табылады.

АҚШ аумағы 3 бөліктен тұрады: Солтүстік Америка материгінің ортаңғы бөлігіндегі континенттік штаттар, Солтүстік Американың солтүстік-батысында орналасқан Аляска және Тынық мұхиттағы Гавай аралдары.

АҚШ 3 мұхитқа – Атлант, Тынық және Солтүстік Мұзды мұхиттарға шыға алады. Ол құрлықта тек Канадамен және Мексикамен ғана шектеседі. АҚШ пен Канаданың ортасындағы шекара – дүние жүзі бойынша екі мемлекет арасындағы ең ұзын шекара болып саналады. АҚШ Беринг бұғазы арқылы Ресеймен де шекаралас.



90-сурет. Ажал аңғары.

АҚШ – президенттік республика, президент мемлекеттің әрі үкіметтің басшысы болып саналады. Саяси-аумақтық құрылымы жағынан АҚШ – 50 штат пен Колумбия федералдық астаналық округінен тұратын федерация. 48 штат пен Колумбия округі (Вашингтон қаласы) континенттік штаттар аумағына орын тепкен. Ал 49-штат – Аляска, 50-штат – Гавай болып табылады.


**Табиғи жағдайы және ресурстары.** АҚШ-тың аумағы көлемді болғандықтан, табиғи жағдайы да алуан түрлі. Континенттік штаттардың шығыс және орталық бөліктері негізінен ойпатты жазықтардан тұрады, ал батыс бөлігінен Кордильера тауларының бірнеше жоталары өткен. Аляска және Гавай штаттарының жер бедері де негізінен таулы болып келеді. Аляска аумағында Солтүстік Америка материгінің ең биік нүктесі – теңіз деңгейінен биіктігі 6 194 м болған Денали (бұрынғы атауы – Мак-Кинли) шыңы орналасқан. Материктің ең төмен нүктесі – Ажал аңғары (-86 м) да АҚШ-та, Калифорния штатында орын тепкен (90-сурет).

АҚШ-та көмірдің, мұнай мен табиғи газдың, темірдің, алуан түрлі түсті металл рудалары мен минерал тұздардың ірі қорлары бар. Әсіресе мемлекеттің батыс жақтағы таулы аумақтары минерал ресурстарға бай. Бірақ АҚШ-та өнеркәсіп өндірісінің көлемі үлкен болғандықтан, мемлекет минерал шикізаттардың көбін импорттайды.

Континенттік штаттардың аумағы негізінен қоңыржай және субтропиктік, Алясканың үлкен бөлігі – субарктикалық және арктикалық, ал Флорида түбегі мен Гавай аралдары тропиктік климат белдеулеріне орналасқан. Мексика шығанағына тұтасқан аумақтарда тропиктік дауылдар (торнадо) жиі болып тұрады.

АҚШ су және гидроэнергетика ресурстарына бай. Мемлекеттің ең ірі өзендері – Миссисипи, Миссури, Рио-Гранде, Колорадо және Колумбия.

**Халқы.** АҚШ-тың байырғы халқы америкалық индустар болып саналады. Бірақ бүгінгі таңда индустар мемлекет халқының өте шағын



**91-сурет.** АҚШ халқының орналасу тығыздығы (штаттар қимасында, шаршы км<sup>2</sup>/адам).

бөлігін құрайды. Американың құрамында Еуропа мемлекеттерінен түрлі кезендерде көшіп келгендердің ұрпақтары көпшілікті құрайды. Сонымен қатар АҚШ халқының құрамында Латын Америкасы мемлекеттерінен (әсіресе Мексикадан) көшіп келгендердің, қара тәнділердің, мулаттар мен басқа да нәсілдік топтардың үлесі айтарлықтай жоғары және ол барған сайын өсіп барады.

АҚШ-та 1790 жылдан бастап әр 10 жыл сайын тұрақты түрде халық санағы жүзеге асырылады. Сол 1790 жылдан 2010 жылға дейінгі аралықта мемлекет халқының саны 80 есеге жуық көбейген және бұл көбею әлі тоқтаған жоқ. Бүгінгі таңда АҚШ халқының табиғи көбеюі жылдық есеппен 0,3 – 0,4%-ды құрайды. Бірақ бұл дүние жүзілік орташа көрсеткіштен (1,2%) едәуір төмен болса да, дамыған мемлекеттердің орташа көрсеткішімен (0,0%) салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Ал миграциялық өсу жылдық есеп бойынша 1 – 1,5%-ға тең.

АҚШ-та қала халқының үлесі 80%-дан жоғары. Ең ірі қалалары – Нью-Йорк, Лос-Анжелес, Чикаго, Хьюстон және Филадельфия. АҚШ аумағында 3 мегалополис қалыптасқан: солтүстік-шығыстағы «Бостон-Вашингтон» (Босваш), Ұлы көлдер бойындағы «Чикаго-Питсбург» (Чипитс) және Тынық мұхит бойындағы «Сан-Франциско – Сан-Диего» (Сансан).

АҚШ-тың ресми тілі – ағылшын тілі. Сондай-ақ халқының 50 млн-ға жуығы күнделікті өмірде испан тілінде сөйлеседі. Испантілді америкалықтардың үлесі Мексика шекарасына жақын орналасқан Нью-Мексико, Калифорния, Техас, Аризона және Невада штаттарында айрықша жоғары (20 – 45%).

АҚШ-та халықтың орналасу тығыздығы орта есеппен 1 шаршы км-ге 35 адамнан тура келеді, әйткенмен бұл көрсеткіш оның түрлі бөліктерінде түрліше болады (91-сурет). Бұған негізінен табиғи жағдай күшті әсер етеді. Солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс және батыс мұхитбойы штаттарында халықтың тығыздығы өте жоғары болса, таулы штаттарда және Аляскада халық айтарлықтай сирек қоныстанған.



1. АҚШ-тың географиялық орны мен аумақтық құрылымын сипатта.
2. АҚШ-тың саяси-аумақтық құрылымы қандай?
3. Мемлекеттің жер бедері қандай? Оның халықтың орналасуына әсерін түсіндір.
4. Мегалополис деген не? АҚШ-та қандай мегалополистер қалыптасқан?

## § 57. Америка Құрама Штаттарының шаруашылығы және экономикалық аудандары



*Өнеркәсіп аймақтары, аэроғарыштық өнеркәсіп, ауыл шаруашылық аймақтары, трансконтиненттік жолдар, Солтүстік-шығыс, Орта Батыс, Оңтүстік, Батыс.*

АҚШ ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзінде Қытайдан кейінгі екінші орында тұрады және экономикалық тұрғыдан ең дамыған мемлекеттердің бірі болып саналады. АҚШ-тың жүздеген трансұлттық корпорацияларының көптеген мемлекеттерде кең көлемді кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануы бұл мемлекеттің экономикалық құдіретін және әлемдік шаруашылықтағы орнын одан әрі кемелдендіреді. Сондай-ақ АҚШ-тың қаржылық жүйесінің үлкен әлеуеті және АҚШ долларының негізгі халықаралық валюта міндетін атқарып отырғаны да елдің әлемдік экономикаға күшті ықпалын қамтамасыз етеді.

**Өнеркәсібі.** Жалпы өнеркәсіп өнімдерінің көлемі бойынша АҚШ дүние жүзінде Қытайдан кейінгі екінші орында тұрады. АҚШ-та өнеркәсіптің барлық түрлері жақсы дамыған. Әсіресе аэроғарыштық өнеркәсіп, автомобильжасау, электротехника, электроника, медициналық құрал-қондырғылар өндіру, атомдық машинажасау, әскери-өнеркәсіп кешені, мұнай-химия өнеркәсібі секілді заманалық технологиялар негізінде дамыған өнеркәсіп тармақтары бойынша АҚШ әлемде жетекші орындардың бірін иелейді.

Сонғы жылдарда АҚШ дүние жүзінде табиғи газ өндіру бойынша 1-орынды (жылына 800 млрд. текше м-ден астам), көмір өндіру бойынша 2-орынды (жылына 800 млн. т-дан астам), мұнай өндіру бойынша 2 – 3-орындарды (жылына 500 млн. т-дан астам) иелеп келеді. Мұнай-газ



**92-сурет.** АҚШ-тағы ірі мақта плантацияларындағы мақта жиын-теріні.



өнеркәсібінің ең ірі аудандары Техас, Калифорния және Аляска штаттарында қалыптасқан. Мемлекеттің оңтүстік-шығысында орналасқан Аппалачи көмір бассейнінен мол көмір қазып алынады.

Машинажасау өнеркәсібі көптармақты болып саналатындықтан, әр түрлі штаттарда түрліше маманданған. Тынық мұхит бойындағы штаттарда (Калифорния, Вашингтон) аэроғарыштық өнеркәсіп пен электроника, Ұлы көлдерге тұтасқан штаттарда (Мичиган, Иллинойс) автомобильжасау, ал солтүстік-батыстағы Атлант мұхиты бойындағы штаттарда кемежасау өнеркәсібі дамыған.

АҚШ-та бірнеше ірі өнеркәсіп аймақтары қалыптасқан. Бұндай аумақтардың ең күдіреттісі – Атлант мұхиты мен Ұлы көлдерге тұтасқан штаттарды қамтитын Солтүстік өнеркәсіп аймағы. Оған мемлекеттегі өнеркәсіп өндірісінің дерлік жартысы тура келеді. Одан басқа ірі өнеркәсіп аймақтары қатарына Аппалачи тауларын бойлап орналасқан Оңтүстік-шығыс, мұнай мен мұнай-химия өнеркәсібіне маманданған Мексика шығанағы және мемлекеттің оңтүстік-батысындағы Калифорния өнеркәсіп аймақтары енеді.

**Ауыл шаруашылығы.** Негізгі ауыл шаруашылық егіндері – бидай, жүгері, соя, мақта, қант қамысы, қант қызылшасы, түрлі көкөністер мен жемістер. Жүгері, соя, темекі және мақта экспорты бойынша АҚШ әлемде бірінші орында тұрады. Мал шаруашылығының негізгі салалары – ірі қара, құс және шошқа шаруашылықтары. Ет және сүт өнімдерін экспорттау бойынша да АҚШ әлемде жетекші орындардың бірін иелеген. Мемлекетте түрлі салаларға маманданған ауыл шаруашылық аймақтары пайда болған. Кордильера тауларының етегін алып жатқан Ұлы жазықтағы бидай аймағы, Орталық жазықтардың солтүстігіндегі жүгері аймағы, Миссисипи алабының оңтүстігіндегі мақта аймағы (92-сурет), Ұлы көлдерге тұтас штаттардағы сүт аймағы – солардың қатарынан.



**93-сурет.** Ниагара сарқырамасы және Йеллоустон ұлттық бағындағы ыстық бұлақтардың бірі.

**Туризмi.** АҚШ елге келетiн шетелдiк туристердiң саны бойынша дүние жүзiнде жетекшiлiк етпесе де, туризмнiң есебiнен ең көп табыс табатын мемлекет болып саналады. АҚШ-қа келетiн туристердiң денi – Канада мен Еуропадан. Флорида, Калифорния және Гавай штаттарында теңiзбойы туризмi кең дамыған. Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анжелес және басқа қалаларға жыл сайын ондаған миллион туристер келедi. Мемлекетте туризмдi дамыту үшiн өте бай табиғи ресурстар да жеткiлiктi (93-сурет).

**Экономикалық аудандары.** АҚШ табиғи және әлеуметтiк-тарихи себептерге орай төмендегiдей экономикалық күдiретi мен мамандануы әр түрлi 4 iрi экономикалық ауданға (макроаудан) бөлiнедi: Атлант мұхиты бойында орын тепкен шағын, дегенмен халқының саны мен тығыздығы үлкен, жоғары деңгейде өнеркәсiптенген, ең iрi қаржылық орталықтары бар қалаларды қамтыған *Солтүстiк-Шығыс*; Ұлы көлдердiң оңтүстiк және батыс жақтарында орын тепкен, көптармақты өнеркәсiп, егiншiлiк және сүт шаруашылығына маманданған *Орта Батыс*; мақта, темекi, бағбаншылық, мұнай-химия және тоқыма өнеркәсiбiмен, теңiзбойы жүйесiнiң дамығандығымен ерекшеленiп тұратын, қара тәнди халықтың ара салмағы жоғары тұратын *Оңтүстiк*; көбiнесе таулы жер бедерiмен және құрғақ климатымен дараланатын, түстi металлургия, аэроғарыш, электроника өнеркәсiптерiне, бағбаншылық пен жайлау шаруашылығына маманданған, испантiлдi халықтың ара салмағы жоғары тұратын *Батыс*.



1. АҚШ-тың әлемдiк экономикаға ықпалы қандай себепшарттармен белгiленедi?
2. АҚШ-тың негiзгi өнеркәсiптi аймақтарын сипатта.
3. АҚШ-та қандай ауыл шаруашылық аймақтары қалыптасқан?
4. АҚШ-та қандай iрi экономикалық аудандар дараланып тұрады?

## § 58. Канада



*Британия Достастығы корольдiгi, орман ресурстары, сыртқы миграция, канадалық ағылшындар, канадалық француздар, Торонто, Монреаль.*

Аумағының үлкендiгi бойынша әлемде 2-орында тұратын Канада мемлекетi Солтүстiк Америка материгiнiң солтүстiк бөлiгi мен оған шектесетiн аралдарға орын тепкен. Канаданың жағалаулары солтүстiкте Солтүстiк Мұзды мұхиттың, шығыста Атлант мұхитының, оң-



Жер алаңы – 9976 мың шаршы км<sup>2</sup>. Халқы (2018 ж.) – 37,2 млн. Астанасы – Оттава.



**94-сурет.** Канаданың табиғаты.

түстік-батыста Тынық мұхиттың суларымен шайылып тұрады. Канада құрлықта тек АҚШ-пен ғана шекаралас.

Канада Британия Достастығы корольдігіне жатады, мемлекет басшысы ресми түрде Ұлыбритания билеушісі саналады. Іс жүзінде саяси басқаруды мемлекеттің премьер-министрі жүргізеді. Канада – 10 провинция мен 3 ау-

мақтан тұратын федеративтік мемлекет.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Канаданың шығыс бөлігі ежелгі платформаға орын тепкен, негізінен жазықтар мен үгітілген аласа таулардан тұрады, ал Тынық мұхитқа тұтасқан батыс бөлігін заңғар биік Кордилбера таулары алып жатыр. Канаданың аумағында уран, темір, никель, мыс, қорғасын, мырыш, алтын, мұнай және табиғи газдың ірі кендері бар.

Канада аумағының 75%-ы суық климат белдеуіне тура келеді. Негізгі табиғит зоналары – тайга, тундра және Арктика шөлдері. Оңтүстігінде дала ландшафты кең тараған. Мемлекет жер, су және орман ресурстарына өте бай (94-сурет). Солтүстік жартышардағы ормандардың дерлік 1/3 бөлігі Канаданың үлесіне тура келеді.

**Халқы.** Канада халқының табиғи өсу қарқыны жылдық есеппен 0,5%-тен төмен, ал механикалық көбеюі жылына 1%-ға дейін жетеді. Қала халқының үлесі 80%-дан артық. Ең ірі қалалары – Торонто (95-сурет), Монреаль, Ванкувер және Квебек.

Канададағы екі ең ірі ұлт – канадалық ағылшындар мен канадалық француздар. Сондықтан да Канадада ағылшын тілі де, француз тілі де ресми мәртебе алған. Француз тілінде сөйлесетін халықтың 85%-ы мемлекеттің шығысындағы Квебек провинциясында жасайды. Канададағы француз мәдениетінің орталығы болып Монреаль қаласы саналады. Елдің солтүстігінде байырғы халық – эскимостар мен америкалық индустар өмір сүреді.

Халықтың орналасу тығыздығы бойынша Канада дүние жүзіндегі ең соңғы орындардың бірін иелейді (1 шаршы км-ге 4 адам). Тұрғындардың 4/5 бөлігі мемлекеттің климат жағдайы анағұрлым қолайлы оңтүстік аумақтарына шоғырланған. Әсіресе оңтүстік-шығыс шекарабойы аумақтарында халықтың тығыздығы жоғары.

**Экономикасы.** Канада дүниедегі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жоғары деңгейде дамыған жетекші мемлекеттердің бірі, “Үлкен жетілік» тобының мүшесі.



**95-сурет.** Әлемдегі ең биік телемұнара орналасқан Торонто қаласы.

Канада уран, никель, мырыш, алтын, платина, молибден рудалары, алмас, калий тұздары, асбест, күкірт сияқтыларды қазып алу бойынша әлемде жетекші орындарда тұрады. Елде мұнай-газ өнеркәсібі де жоғары деңгейде өркендеген. Тау-кен өнеркәсібімен қатар Канадада электр энергетикасы, ағашты қайта өңдеу, целлюлоза-қағаз, машинажасау, түсті және қара металлургия, химия және тамақ өнеркәсібі де жоғары дәрежеде дамыған.

Екіншілік мемлекеттің оңтүстігіндегі өнімді қара топырақты алқаптарда жақсы дамыған. Канада – дүние жүзіндегі ең ірі бидай экспорттаушылардың бірі. Рапс, соя және күнбағыс секілді майлы егіндерді өсіру, оларды әлемдік базарға шығару бойынша да Канада әлемдегі ең озат мемлекеттердің қатарына жатады.



1. Канаданың табиғи жағдайының негізгі ерекшеліктерін сипатта және олардың мемлекет экономикасына көрсететін ықпалын түсіндір.
2. Неліктен Канада тұрғындарының басым көпшілігі мемлекеттің оңтүстігінде жасайды?
3. Канада халқының этникалық және тілдік құрамының өзіне тән ерекшеліктерін сипатта.
4. Канаданың ауыл шаруашылығы қандай салаларға маманданған?

## § 59. Бразилия



*Амазония, экваторлық және субэкваторлық климат, орман ресурстары, Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро, мулаттар, тауар ауыл шаруашылығы.*

Бразилия Федеративтік Республикасы – Оңтүстік Америкадағы ең ірі мемлекет. Жағалаулары шығыстан Атлант мұхитының суларымен шайылып тұрады. Бразилия Чили мен Эквадордан тыс Оңтүстік Америкадағы барлық мемлекеттермен шекаралас. Аумағының үлкендігі тұрғысынан



Жер алаңы – 8515,7 мың шаршы км. Халқы (2018 ж.) – 209,4 млн. адам.  
Астанасы – Бразилиа.

дүние жүзінде 5-орынды иелейді. Басқару түрі – президенттік республика. Бразилия 26 штат пен 1 федералдық астаналық округтен тұрады.

**Табиғи жағдайы және ресурстары.** Бразилияның аумағы ежелгі Оңтүстік Америка платформасына орналасқан. Сондықтан жер бедері ойпаттар мен қыраттардан құралады. Мемлекеттің солтүстігіндегі көлемді алқапты Амазонка ойпаты алып жатыр. Одан оңтүстікке қарай қатты үгітілген Бразилия аласа таулары орналасқан.

Бразилияда мұнай, көмір, темір рудасы, боксит, никель, уран, алмас және басқа пайдалы қазбалардың ірі кендері бар.

Бразилияның үлкен бөлігі экваторлық және субэкваторлық климат белдеулеріне орналасқандықтан, климат жағдайына жоғары деңгейдегі ылғалдылық пен қапырық ыстық тән.

Мол ылғалды климаттың себебінен Бразилияда гидрографиялық саяласалар жақсы дамыған. Елдің солтүстігінен әлемдегі ең мол сулы өзен – Амазонка ағып өтеді. Амазонка алабында дүние жүзіндегі ең ірі және ең қалың орман массивтерінің бірі қалыптасқан (96-сурет).

**Халқы.** Бразилияда 209 млн-нан астам халық жасайды (2018 ж.). Халқының табиғи өсімі жоғары емес, жылдық есеппен алғанда 0,7– 0,8 %-ға тең.

Бразилия – жоғары деңгейде урбанизацияланған мемлекет. Қала тұрғындарының үлесі 85 %-дан да жоғары. Бразилияда дүние жүзі шеңберінде ірілігімен ерекшеленетін екі қала – Сан-Паулу мен Рио-де-Жанейро орналасқан (97-сурет).

Бразилиялықтардың нәсілдік құрамында еуропалықтар мен мулаттар көпшілікті құрайды. Мемлекеттік тіл мен күнделікті өмірде жиі қолданылатын тіл – португал тілі. Халықтың діни құрамында католиктер басым.

Мемлекеттің Атлант мұхитына тұтасатын оңтүстік-шығыс бөлігі дүние жүзіндегі халық ең тығыз қоныстанған аумақтардың бірі болса, Амазония ормандарында бұған керісінше халық өте сирек қоныстанған.

**Экономикасы.** Бразилия – үлкен экономикалық әлеуетімен және жедел қарқынмен өсіп бара жатқан өндірісімен дараланып тұратын мемлекет. Бұл ел ЖІӨ көлемі бойынша дүние жүзінде 7-орынды иелейді (2018 ж.).

Бразилияның өнеркәсібі соңғы жылдарда тұрақты даму үстінде. Өнеркәсібінің ең маңызды тармақтарының бірі металлур-



96-сурет. Амазония ормандары.



гия болып саналады. Әлемдегі ең ірі темір рудасы кендері қатарына енетін Минас-Джерайс пен Караджастың экономикалық маңызы орасан зор.

Елде машинажасау тармақтарының автомобильжасау, ұшақжасау және кемежасау салалары жақсы дамыған. Мемлекетте микроэлектроника, радиотелемеханика, аспапжасау сияқты салалар үлкен жетістіктерге жетіп келеді.

Бразилия электр энергиясын өндіру бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің бірінші ондығына енеді. Елдің электр энергетикасында ГЭС-тердің орны үлкен. Итайпу, Тукурай, Ксиндо сияқтылар – әлемдегі ең ірі ГЭС-тер қатарынан.

Бразилия биоотын өндіру бойынша әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иелейді. Елде бұл өнім қант қамысын қайта өңдеу негізінде өндіріледі. Автокөлік құралдарының негізгі бөлігі нақ осы биоотынды (этанолды) пайдаланады.

Ауыл шаруашылығында егіншілік пен мал шаруашылығы тауарлық маңызға ие екендігімен ерекшеленеді. Егіншілікте астық, кофе, қант қамысы, мақта, соя, темекі және банан өндіру маңызды салалар болып саналады. Бразилия шекер, кофе, соя және темекі экспорты бойынша дүние жүзі мемлекеттері ортасында бірінші орынға шыққан. Мал шаруашылығында етті ірі қара және құс шаруашылықтары жоғары дәрежеде дамыған. Бразилия ет өндіру және экспорттау бойынша әлемдегі жетекші мемлекеттердің бірі болып табылады.



1. Бразилияның климаты мемлекеттің табиғи ресурс әлеуетіне қандай әсерін тигізеді?
2. Бразилияның қайсы бөліктерінде халық өте тығыз және өте сирек орналасқан?
3. Бразилияның электр энергетикасына қандай ерекшелік тән?
4. Мемлекеттің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының мамандануын және оған әсер еткен себепшарттарды сипатта.

## § 60. Қорытынды қайталау

Оқу жылы барысында өтілген тақырыптардың тірек мазмұнын нығайту және қорыту бойынша сұхбат пен сұрау-жауап өткізіледі.



97-сурет. Сан-Паулу қаласы.

## ҚОСЫМША

### Дүние жүзінің мемлекеттері туралы мәлімет (2018 ж.)

№	Мемлекет	Аумағы, мың кв.км	Халқы, млн. адам	Басқару түрі	Астанасы
<b>Еуропа</b>					
1	Австрия	83,2	8,8	Республика	Вена
2	Албания	28,7	2,9	Республика	Тирана
3	Андорра	0,45	0,08	Монархия	Андорра-ла-Велия
4	Беларусь	207,6	9,5	Республика	Минск
5	Бельгия	30,5	11,4	Монархия	Брюссель
6	Болгария	111	7	Республика	София
7	Босния мен Герцеговина	51,1	3,5	Республика	Сараево
8	Ұлыбритания	244,5	66,4	Монархия	Лондон
9	Дания	43	5,8	Монархия	Копенгаген
10	Эстония	45,1	1,3	Республика	Таллин
11	Финляндия	338	5,5	Республика	Хельсинки
12	Франция	551,6	65,1	Республика	Париж
13	Германия	357,4	82,8	Республика	Берлин
14	Греция	132	10,6	Республика	Афина
15	Ирландия	70,3	4,9	Республика	Дублин
16	Исландия	103	0,4	Республика	Рейкьявик
17	Испания	504,7	46,7	Монархия	Мадрид
18	Италия	301,3	60,6	Республика	Рим
19	Латвия	64,6	1,9	Республика	Рига
20	Литва	65,3	2,8	Республика	Вильнюс
21	Лихтенштейн	0,16	0,04	Монархия	Вадуц
22	Люксембург	2,6	0,6	Монархия	Люксембург
23	Мальта	0,32	0,5	Республика	Ла-Валетта
24	Молдова	33,8	3,5	Республика	Кишинев
25	Монако	0,002	0,04	Монархия	Монако
26	Нидерландия	41,2	17,2	Монархия	Амстердам
27	Норвегия	324,2	5,3	Монархия	Осло

28	Польша	312,7	38,4	Республика	Варшава
29	Португалия	92,3	10,3	Республика	Лиссабон
30	Ресей	17075	147,3	Республика	Мәскеу
31	Румыния	238,4	19,5	Республика	Бухарест
32	Сан-Марино	0,06	0,03	Республика	Сан-Марино
33	Сербия	88,3	7	Республика	Белград
34	Словакия	49	5,4	Республика	Братислава
35	Словения	20,3	2,1	Республика	Любляна
36	Украина	603,7	42,3	Республика	Киев
37	Ватикан	0, 0004	0, 001	Монархия	Ватикан
38	Венгрия	93	9,8	Республика	Будапешт
39	Хорватия	56,6	4,1	Республика	Загреб
40	Солтүстік Македония	25,7	2,1	Республика	Скопье
41	Швеция	450	10,2	Монархия	Стокгольм
42	Швейцария	41,3	8,5	Республика	Берн
43	Черногория	13,8	0,6	Республика	Подгорица
44	Чехия	78,9	10,6	Республика	Прага
<b>Азия</b>					
45	Ауғанстан	652,8	36,5	Республика	Кабул
46	Армения	29,7	3	Республика	Ереван
47	Бахрейн	0,7	1,5	Монархия	Манама
48	Бангладеш	144	166,4	Республика	Дакка
49	Біріккен Араб Әмірліктері	83,6	9,5	Монархия	Абу-Даби
50	Бруней	5,7	0,4	Монархия	Бандар-Сери-Бегаван
51	Бутан	38,4	0,8	Монархия	Тхимпху
52	Иран	1648	81,6	Республика	Тегеран
53	Филиппин	299,7	107	Республика	Манила
54	Грузия	69,7	3,9	Республика	Тбилиси
55	Үндістан	3287,2	1371	Республика	Дели
56	Индонезия	1919, 4	265	Республика	Джакарта
57	Йордания	98,3	10,2	Монархия	Амман

58	Ирак	435,1	40,2	Республика	Багдат
59	Израиль	22	8,5	Республика	Тель-Авив
60	Камбоджа	181	16	Монархия	Пномпень
61	Кипр	9,3	1,2	Республика	Никосия
62	Корея Республикасы	99,4	51,8	Республика	Сеул
63	Корея Халык Демократиялық Республикасы	120,5	25,6	Республика	Пхеньян
64	Кувейт	17,8	4,2	Монархия	Аль-Кувейт
65	Лаос	236,8	7	Республика	Вьентян
66	Ливан	10,8	6,1	Республика	Бейрут
67	Малайзия	329,7	32,5	Монархия	Куала-Лумпур
68	Мальдив Республикасы	0,3	0,4	Республика	Мале
69	Монғолия	1566,6	3,2	Республика	Улан-Батор
70	Мьянма	678,5	53,9	Республика	Нейпидо
71	Непал	140,8	29,7	Республика	Катманду
72	Әзербайжан	86,6	9,9	Республика	Баку
73	Пакистан	803,9	200,6	Республика	Исламабад
74	Катар	11,4	2,7	Монархия	Доха
75	Қырғызстан	199,9	6,2	Республика	Бішкек
76	Қазақстан	2724,9	18,4	Республика	Нұр-Сұлтан
77	Сауд Арабиясы	2150	33,4	Монархия	Ар-Рияд
78	Сингапур	0,7	5,8	Республика	Сингапур
79	Сирия	185,2	18,3	Республика	Дамаск
80	Таиланд	514	66,2	Монархия	Бангкок
81	Тәжікстан	142	9,1	Республика	Душанбе
82	Түркия	780,6	81,3	Республика	Анкара
83	Түрікменстан	491,2	5,9	Республика	Ашхабад
84	Оман	309,5	4,7	Монархия	Маскат
85	Вьетнам	329,5	94,7	Республика	Ханой
86	Қытай	9599	1394	Республика	Пекин
87	Йемен	528	28,9	Монархия	Сана
88	Жапония	377,9	126,5	Монархия	Токио

89	Өзбекстан	448,9	32,9	Республика	Ташкент
90	Шығыс Тимор	14,8	1,2	Республика	Дили
91	Шри-Ланка	65,6	21,7	Республика	Коломбо
<b>Африка</b>					
92	Ангола	1246,7	30,4	Республика	Луанда
93	Бенин	112,6	11,5	Республика	Порто-Ново
94	Ботсвана	581,7	2,2	Республика	Габороне
95	Буркина-Фасо	274,2	20,3	Республика	Уагадугу
96	Бурунди	27,8	11,8	Республика	Буджумбура
97	Эфиопия	1127,1	107,5	Республика	Аддис-Абеба
98	Экваторлық Гвинея	28	1,3	Республика	Малабо
99	Эритрея	121,3	6	Республика	Асмера
100	Габон	267,6	2,1	Республика	Либревиль
101	Гамбия	11,3	2,2	Республика	Банджул
102	Гана	238,5	29,5	Республика	Аккра
103	Гвинея	245,8	11,9	Республика	Конакри
104	Гвинея-Бисау	36,1	1,9	Республика	Бисау
105	Алжир	2381,7	42,7	Республика	Алжир
106	Оңтүстік Африка Республикасы	1219,9	57,7	Республика	Претория
107	Оңтүстік Судан	619,7	13	Республика	Джубба
108	Джибути	23,2	1	Республика	Джибути
109	Кабо-Верде	4	0,6	Республика	Прайя
110	Камерун	475,4	25,6	Республика	Яунде
111	Кения	582,6	51	Республика	Найроби
112	Комор аралдары	2,2	0,8	Республика	Морони
113	Конго	342	5,4	Республика	Браззавиль
114	Конго Демократиялық Республикасы	2345,4	84,3	Республика	Киншаса
115	Кот-Дивуар	322,4	24,9	Республика	Ямасукро
116	Лесото	30,3	2,3	Республика	Масеру
117	Либерия	111,3	4,9	Республика	Монровия



118	Ливия	1759,5	6,5	Республика	Триполи
119	Мадагаскар	587	26,3	Республика	Антанариву
120	Малави	118,4	19,1	Республика	Лилонгве
121	Мали	1240	19,4	Республика	Бамако
122	Оргалық Африка Республикасы	622,9	4,7	Республика	Банги
123	Марокко	446,5	35,2	Монархия	Рабат
124	Маврикий	2	1,3	Республика	Порт-Луи
125	Мавритания	1030,7	4,5	Республика	Нуакшот
126	Египет	1001,4	97	Республика	Каир
127	Мозамбик	801,6	30,5	Республика	Мапуту
128	Намибия	825,4	2,5	Республика	Виндхук
129	Нигер	1267	22,2	Республика	Ниамей
130	Нигерия	923,7	195,9	Республика	Абуджа
131	Руанда	26,3	12,6	Республика	Кигали
132	Сан-Томе және Принципи	1	0,2	Республика	Сан-Томе
133	Сенегал	196,2	16,3	Республика	Дакар
134	Сейшель аралдары	0,45	0,1	Республика	Виктория
135	Сомали	637,6	15,2	Республика	Могалишо
136	Судан	1886	41,7	Республика	Хартум
137	Свазилэнд (Эсватини)	17,3	1,4	Монархия	Мбабане
138	Сьерра-Леоне	71,7	7,7	Республика	Фритаун
139	Танзания	948	59,1	Республика	Додома
140	Того	56,7	8	Республика	Ломе
141	Тунис	163,6	11,6	Республика	Тунис
142	Уганда	236	44,1	Республика	Кампала
143	Замбия	752,6	17,7	Республика	Лусака
144	Зимбабве	390,5	16,6	Республика	Хараре
145	Чад	1284	15,4	Республика	Нжамена

Америка						
146	Америка Құрама Штаттары	9519,4	328	Республика	Вашингтон	
147	Антигуа мен Барбуда	0,44	0,1	Монархия	Сент-Джонс	
148	Аргентина	2780,4	44,5	Республика	Буэнос-Айрес	
149	Багам аралдары	13,9	0,4	Монархия	Нассау	
150	Барбадос	0,43	0,3	Монархия	Бриджтаун	
151	Белиз	22,9	0,4	Монархия	Белмопан	
152	Боливия	1098,5	11,3	Республика	Ла-Пас	
153	Бразилия	8515,7	209,4	Республика	Бразилиа	
154	Доминика	0,75	0,07	Республика	Розо	
155	Доминикан Республикасы	48,7	10,8	Республика	Санто-Доминго	
156	Эквадор	283,5	17	Республика	Кито	
157	Гаити	27,7	10,8	Республика	Порт-о-Пренс	
158	Гайана	214,9	0,8	Республика	Джоржтаун	
159	Гондурас	112,1	9	Республика	Тегусигальпа	
160	Гренада	0,34	0,1	Монархия	Сент-Джоржес	
161	Гватемала	108,9	17,2	Республика	Гватемала	
162	Канада	9976	37,2	Монархия	Оттава	
163	Колумбия	1138,9	49,8	Республика	Богота	
164	Коста-Рика	51,1	5	Республика	Сан-Хосе	
165	Куба	110,8	11,1	Республика	Гавана	
166	Мексика	1972,5	130,8	Республика	Мехико	
167	Никарагуа	129,5	6,3	Республика	Манагуа	
168	Панама	78,2	4,2	Республика	Панама	
169	Парагвай	406,7	6,9	Республика	Асунсон	
170	Перу	1285,2	32,2	Республика	Лима	
171	Сальвадор	21	6,5	Республика	Сан-Сальвадор	
172	Сент-Китз бен Невис	0,26	0,05	Монархия	Бастер	
173	Сент-Люсия	0,62	0,2	Монархия	Кастри	
174	Сент-Винсент және Гренадина	0,39	0,1	Монархия	Кингстаун	

175	Суринам	163,8	0,6	Республика	Парамарибо
176	Тринидад және Тобаго	5,1	1,4	Республика	Порт-оф-Спейн
177	Уругвай	176,2	3,5	Республика	Монтевидео
178	Венесуэла	921	31,8	Республика	Каракас
179	Ямайка	11	2,9	Монархия	Кингстон
180	Чили	756,9	18,6	Республика	Сантьяго
<b>Аустралия және Океания (Мұхиттық аралдар)</b>					
181	Аустралия	7692,0	24,5	Монархия	Канберра
182	Фиджи	18,3	0,9	Республика	Сува
183	Кирибати	0,71	0,1	Республика	Байрики
184	Маршалл аралдары	0,18	0,06	Республика	Маджуро
185	Микронезия Федеративтік Штаттары	0,7	0,1	Республика	Паликир
186	Науру	0,02	0,01	Республика	Йарен
187	Палау	0,45	0,02	Республика	Нгерулмуд
188	Папуа-Жаңа Гвинея	461,7	8,5	Монархия	Порт-Морсби
189	Самоа	2,8	0,2	Республика	Апия
190	Соломон аралдары	29,8	0,7	Монархия	Хониара
191	Тонга	0,74	0,1	Монархия	Нукуалофа
192	Тувалу	0,02	0,01	Монархия	Фунафути
193	Вануату	12,2	0,3	Республика	Порт-Вила
194	Жаңа Зеландия	268,6	4,9	Монархия	Веллингтон

**Ескерту:** Дүние жүзі мемлекеттері халқының саны 1. 07. 2018 жылғы жағдайға орай БҰҰ мәліметтері бойынша берілген. Кестеге тек 01.01.2019 жылғы жағдайға орай тәуелсіздігі БҰҰ тарапынан ресми танылған мемлекеттер туралы мәліметтер енгізілген.

**Дереккөз:** Population Reference Bureau. 2018 World Population Data Sheet.

## МАЗМУНЫ

Кіріспе .....	3
<b>I БӨЛІМ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ .....</b>	<b>4</b>
<b>1-ТАРАУ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ САЯСИ КАРТАСЫ.....</b>	<b>4</b>
§ 1. Дүние жүзінің саяси картасы.....	4
§ 2. Дүние жүзі мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық даму бойынша сипаттамасы .....	7
§ 3. Мемлекеттердің басқару түрлері және мемлекеттік құрылысы.....	9
<b>2-ТАРАУ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫ.....</b>	<b>12</b>
§ 4. Дүние жүзінің табиғи ресурстары .....	12
§ 5. Минерал ресурстар географиясы .....	14
§ 6. Таусылмайтын және қайта тіктелетін табиғи ресурстар географиясы .....	17
§ 7. Заманалық экологиялық проблемалар .....	20
<b>3-ТАРАУ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ХАЛҚЫ .....</b>	<b>24</b>
§ 8. Дүние жүзі халқының саны, көбеюі және орналасуы .....	24
§ 9. Дүние жүзі халқының жыныстық, жастық және нәсілдік құрамы .....	28
§ 10. Дүние жүзі халқының этникалық және діни құрамы.....	32
§ 11. Дүние жүзі мемлекеттерінің урбанизациясы.....	35
§ 12. Практикалық сабақ .....	39
<b>4-ТАРАУ. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ.....</b>	<b>40</b>
§ 13. Дүниежүзілік шаруашылық және халықаралық еңбек бөлінісі.....	40
§ 14. Әлемдік экономика орталықтары және халықаралық интеграция үдерістері .....	42
§ 15. Ғылыми-техникалық төңкеріс және өндірістің дамуына инновациялық технологиялардың әсері.....	44
§ 16. Әлемдік энергетика географиясы .....	46
§ 17. Әлемдік металлургия және химия өнеркәсібі географиясы.....	50
§ 18. Әлемдік машинажасау және жеңіл өнеркәсіп географиясы.....	53
§ 19. Дүние жүзі егіншілігінің географиясы .....	55
§ 20. Дүние жүзінің мал шаруашылығы мен балық шаруашылығының географиясы .....	59
§ 21. Дүние жүзілік көлік географиясы .....	61
§ 22. Халықаралық экономикалық байланыстар географиясы .....	64
<b>II БӨЛІМ. ӘЛЕМНІҢ АЙМАҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ .....</b>	<b>67</b>
<b>5-ТАРАУ. ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ .....</b>	<b>67</b>
§ 23. Еуропаның географиялық орны, шекаралары және саяси картасы.....	67
§ 24. Еуропаның табиғи жағдайы, ресурстары және халқы.....	69
§ 25. Еуропа елдерінің экономикасы.....	72
§ 26. Германия Федеративтік Республикасы .....	74

§ 27. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі .....	77
§ 28. Франция Республикасы.....	80
§ 29. Италия Республикасы .....	83
§ 30. Ресей Федерациясы.....	86
§ 31. Ресей Федерациясының шаруашылығы .....	89
<b>6-ТАРАУ. АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....</b>	<b>92</b>
§ 32. Азия құрлығының географиялық орны, шекаралары және саяси картасы.....	92
§ 33. Азия мемлекеттерінің табиғи ресурстары және халқы .....	94
§ 34. Азия мемлекеттерінің экономикалық дамығандығы .....	96
§ 35. Қазақстан Республикасы.....	99
§ 36. Қырғызстан Республикасы .....	101
§ 37. Түрікменстан Республикасы.....	104
§ 38. Тәжікстан Республикасы.....	106
§ 39. Практикалық сабақ (Орталық Азия мемлекеттеріне салыстырмалы географиялық сипаттама).....	109
§ 40. Түркия Республикасы .....	110
§ 41. Иран, Ауғанстан және Пакистан Республикалары.....	113
§ 42. Қытай Халық Республикасы .....	118
§ 43. Қытай экономикасы және экономикалық аудандары .....	120
§ 44. Корея Республикасы .....	123
§ 45. Жапония .....	126
§ 46. Үндістан Республикасы .....	129
§ 47. Парсы шығанағы араб мемлекеттері.....	132
§ 48. Индонезия, Малайзия және Сингапур мемлекеттері .....	135
<b>7-ТАРАУ. АФРИКА, АУСТРАЛИЯ МЕН ОКЕАНИЯ, АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....</b>	<b>140</b>
§ 49. Африканың географиялық орны және саяси картасы .....	140
§ 50. Африка мемлекеттерінің халқы мен шаруашылығы .....	143
§ 51. Оңтүстік Африка Республикасы .....	146
§ 52. Нигерия Федеративтік Республикасы.....	148
§ 53. Египет Араб Республикасы .....	150
§ 54. Аустралия Одағы .....	152
§ 55. Американың саяси картасы.....	155
§ 56. Америка Құрама Штаттары .....	156
§ 57. Америка Құрама Штаттарының шаруашылығы және экономикалық аудандары .....	159
§ 58. Канада .....	161
§ 59. Бразилия.....	163
§ 60. Қорытынды қайталау .....	165
<b>ҚОСЫМША .....</b>	<b>166</b>



*O'quv nashri*

ABDUHAKIM QAYUMOV,  
IRANQUL SAFAROV,  
MUHABBAT TILLABOYEVA,  
VIKTOR FEDORKO

**GEOGRAFIYA**  
**Jahon iqtisodiy-ijtimoiy geografiyasi**

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
9-sinf o'quvchilari uchun darslik*

*Qayta ishlangan va to'ldirilgan beshinchi nashri*

(qozoq tilida)

Аударған *А. Таиметов*  
Редакторы *Г. Нишанова*  
Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуқов*  
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*  
Корректоры *Қ. Рахманов*  
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АИ № 158.14.08.2009. Басуға 2019 жылы 12 июльде рұқсат етілді.

Қалыбы 70x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды.

Қаріп түрі «Таумс». Шартты баспа табағы 12,87. Есептік баспа табағы 14,76

Таралымы 5639. Тапсырыс № 19-220.

Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігі құзырындағы  
Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің  
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: [uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz](mailto:uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz)

[www.iptd-uzbekistan.uz](http://www.iptd-uzbekistan.uz)

### Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жаксы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттеріне жазылмаған және сызылмаған.
Орта	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері мүжілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызылып, шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жармайды.

*O'quv nashri*

ABDUHAKIM QAYUMOV,  
IRANQUL SAFAROV,  
MUNABBAT TILLABOYEVA,  
VIKTOR FEDORKO

**GEOGRAFIYA**  
**Jahon iqtisodiy-ijtimoiy geografiyasi**

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining*  
*9-sinf o'quvchilari uchun darslik*

*Qayta ishlangan va to'ldirilgan beshinchi nashri*

*(qozoq tilida)*

Аударған *А. Таиметов*  
Редакторы *Г. Нишанова*  
Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуқов*  
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*  
Корректоры *Қ. Рахманов*  
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ № 158.14.08.2009. Басуға 2019 жылы 12 июльде рұқсат етілді.

Қалыбы 70x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды.

Қаріп түрі «Таумс». Шартты баспа табағы 12,87. Есептік баспа табағы 14,76

Таралымы 615. Тапсырыс № 19-221.

Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігі құзырындағы  
Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің  
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

*e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz*

*www.iptd-uzbekistan.uz*